

ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ МЕН БІЛМІН ҚОЛДАУ ҚОРЫ



ИМАНИ ГҮЛ

ҚАЙРАТ ЖОЛДЫБАЙҰЛЫ

Алматы, 2011

**УДК 28
ББК 86.38
Ж 69**

**Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының
сараптау комиссиясы макұлдаған**

**Жолдыбайұлы Қ.
Ж 69 Имани гүл – Алматы; 2011 – 384 бет.**

ISBN

Исламтанушы Қайрат Жолдыбайұлының бұдан бұрын бірнеше рет басылған «Ақиқат шуағы» және «Күдікпен күрес» атты кітаптары біріктіріліп, қайта өндөліп, «Имани гүл» деген жаңа атпен жарыққа шығып отыр. Кітапта иман негіздері мен бүгінгі қоғамды мазалап жүрген түрлі курделі сауалдардың тұшымды жауаптары қамтылған. Еңбек көпшілік қауымға арналған.

Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қорының сыйыретінде тегін таратылады.

**УДК 28
ББК 86.38**

ISBN

© «Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры», 2011

KIPICPE

Күллі мадақ пен мақтаулар
Ұлы Раббымыз Аллаға ғана
тән. Адамзаттың ұлы ұстазы әз
Пайғамбарымызға (с.а.у.) сөлем
жолдап, сансыз салауат айтамыз.
Сондай-ақ Алла елшісінің пек отбасы
мен ардақты асхабына Жаратқанның
жақсылығын тілейміз.

Иман – ақыл мен жүректің келісіп түйген ортақ нәтижесі мен ар-ожданның құба-құптаған жемісі. Иман – адам баласын екі дүниеде де бақытты ететін ғажайып тылсым қазына. Ұлы Жаратушы әу баста адамды айналасына қарап Ұлы Иесін тапсын, танысын, иман етсін, Жаратушысының құдіретінің, ұлылығының, шеберлігінің алдында таң қалып бас исін деп мына дүниеге жіберген. Демек, Иман – адамның жаратылуының мән-мағынасы, мына дүниеге жіберілуіндегі асыл мақсұты. Міне, адамның жаратылуының негізгі мақсұты Ұлы Иесін табу болғандықтан, оған басқа жаратылыстардан ерекшелендіріп «*ақыл-ой, сана*» берілген. Ұлы Жаратушы айналамызды қоршаған мына жалпы ғаламды Өзін танытатын ғажайып алып кітап іспетті жаратқан. Ондағы әрбір жаратылыс оқи білген адам үшін өз болмысымен, бойында мөрленген ғажайып нақыштарымен Ұлы Үстасын мензеп түр. Адам осы ғалам деген кітаптың сырыйн түсініп оқи білсе, онда сөзсіз Ұлы Иесін тапқаны. Сондықтан Алла Тағала соңғы пайғамбар Мұхаммедке (с.а.у.) түсірген алғашқы аятта: «**Иқра...» яғни, «Оқы! жаратқан Раббыңың атымен», – деп көз алдымыздагы осы жаратылыс кітабын оқуды бұйырған.**

Ұлы Жаратушымыз бізге рақым етіп, мейірімділік жасап осы алып кітапты қатесіз түсінуіміз үшін жер бетіне пайғамбар жіберіп, кітап түсірген. Құран осы бір ғажайып «*ғалам*» атты кітаптың түсіндірмесі мен мән-мазмұны болса, Мұхаммед (с.а.у.) оны адамдарға түсіндіруші ұстазы болмақ.

Құрметті оқырман қауым! Осыдан бірнеше жыл бұрын ислам дініндегі иман негіздерін қамтыған «Ақиқат шуағы» мен түрлі шубәлі сұрақтарға жауап ретінде жазылған «*Күдікпен күрес*» аты кітаптарым жарыққа шығып, оқырманға жол тартқан еді. Күдіктен арылып,

имани гүлге қол жеткізу адамзаттың басты мақсаты болғандықтан, аталған екі кітап та оқырманның мол сұранысына ие болып, бірнеше қайтара басылды. Мұны кітаптың кемелдігінен емес, халқымыздың руханиятқа деген құштарлығынан деп түсіндік. Алайда жиырма бес мыңға жетпес азғана тарапымның ұзақ жылдар бойы ислам бұлағынан жырақ ғұмыр кешкен халқымыздың, рухани азығын іздең, шөл қыскан әрбір қазақ баласының қолына тимегені айтпаса да түсінікті. Міне бұл жолғы басылымда осы екі кітап біріктіріліп «*Имани гүл*» деген жаңа атпен Елбасының қолдауымен ашылған «Ислам білімі мен мәдениетін қолдау қоры» тарапынан қайта жарыққа шығып отыр. Кітаптың «*Имани гүл*» деп аталуы данышпан Абайдың мына бір өлең шумақтарымен байланысты:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаңнан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырим деп,
Және хақ жол осы деп әділледті.

Осы үш сую болады ИМАНИ ГҮЛ,
Иманның асылы үш деп сен таҳқиқ біл.
Ойлан дағы, үшеуін таратып бақ,
Басты байла жолына, малың түгіл.

Хәкім Абай мұнда пендениң әуелі жаратқан иесі Алланы, сосын барша адамзатты және әділледтікті сүюді, яғни осы үш ұлы сүюдің жиынтығын «*имани гүл*» деп атағанын көреміз. Шындығында, иман ақиқаты осы үш махаббаттан тарайды десек, артық айтқандық емес. Кейбір ғалымдардың Абай өлеңдерін қолжазбадан оқығанда бұл сөзді «*имани күл*» - «*толық иман*» деп транслитерациялаған дұрыс деген пікірі де осыны анғартса керек. Демек, «*Имани гүл*» бұл кемел

ИМАНИ ГУЛ

иманға айтылған сөз. Алла елшісінің (с.а.у.): «*Иман етпейінше жұмаққа кірмейсіңдер, ал бір-біріңді жақсы көрмейінше кемел иманга қол жеткізе алмайсыңдар*» деген хадисінен осы «Имани гүлдің» жұпар исі аңқып тұрғанын сезу қын емес. Кітапта қамтылған тақырыптар негізінен иман төнірегінде болғандықтан, оған осы атты беруді жөн көрдік.

Әсілінде, иман безбені – махаббат. Иман бұл тек тілдің ұшымен айтыла салатын жай сөз я болмаса діни рәсімдерді орындаумен ғана өлшенетін жеңіл дүние емес. Оны да кеменгер Абайдың өзі:

«Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз қол емес.
Ынталы жүрек, шын көніл,
Өзгесі хаққа жол емес.

Дененің барша қуаты
Өнерге салар бар күшін.
Жүректің акыл суаты,
Махаббат қылса тәнірі үшін»- деп түйген.

Рас, адамның жүргегіндегі Аллаға деген махаббаты, көкірегіндегі барша жаратылысқа деген мейірімділігі мен жанашырлығы қаншалық терең болса, иманы да соншалық кемел. Ол қаншалық таяз болса, иманы да сондай жұтанақ. Олай болса, адамзат осы «имани гүлге» қол жеткізгенде ғана жаһанды жайлаған жауыздық мен қатігездіктен арылып, шынайы бақытқа қол жеткізеді.

Алланы сую үшін Оны жақсы танымақ керек. Ойдағы түрлі шубә, құдіктен арылмақ ләзім. Алланың құдірет қаламынан шыққан «Галам» атты алып кітапты оқу арқылы Ұлы Жаратушының шеберлігі мен шексіздігін, құдіреті мен құзіретін, тендессіз өнері мен өлшеусіз білім иесі екенін мойындау қажет.

Адам баласы өзін жоқтан жаратып, айналасындағы барша жаратылысты қызметші етіп берген Ұлы Алланың пендесіне деген махаббатын сезінуге тиіс. Сонда «*Махаббатпен жаратқан адамзатты, сен де сүй ол Алланы жәннан тәтті*» деген байламға келеді. Ерікті түрде құлышылыққа жүгіреді.

Терең иманға қол жеткізген кісі Алланың жалпы жаратылысқа деген мейірімінен үлгі алып, мейлінше мейірбан болуға ұқсап бағады. Өзі қанша рет қунә жасаса да, дереу жазаламай, тәубе етуі үшін мұрсат беріп, кешірім жасаған рақым иесі Раббысын ойлағанда, пенде ретінде өзгелердің де жаза басып, жаңылыс кеткен қателіктерін кешіруге үмтүлады. Осылай жасау жоғарыда Абай айтқан «*әділдікті сүюдің*» нәтижесі. Себебі біз өзіміз қателескенде Жаратқанның кешіріміне ынтызар боламыз. Ал біреудің алдында ағаттық жасасақ, оның да кешкенін күтеміз. Ендеше, біздің де басқалардың қателіктері мен кемшіліктерін кешіре білуіміз бұл нағыз әділдік. Сондай-ақ, өзіміз үшін тілегенді айналамыздағыларға да тілей білу – бұл да әділдік. Біз өзіміз үшін көп жақсылықты тілейміз. Қынышылықтан тезірек құтылуды, жаманышылықтан аулақ жүруді де қалаймыз. Ендеше, басқаның, қиналғаның көріп сенің де жүргегің қиналса, ар-ожданың сыздаса бұл да әділдікті сую болмақ. Мұндай әділдіктің адам жүргегіндегі махаббаттан туындастыны айтпаса да түсінікті. Осы тұста Алла елшісінің (с.а.у.): «*Өзің үшін жақсы көрген нәрсені басқалар үшін де жақсы көрмейінше кемел иманга жете алмайсыңдар*» деген мұбәрак хадисі оралады. Олай болса, Абайдың әділдікті сүюді «имани гүл» деуі тегін емес.

Іә, «имани гүлге» жеткен жан Тәнірі үшін барша адамзатты гүл-тікеніне қарамастан жақсы көреді. Ең болмаса жанашырылған танытып, аяушылық білдіреді. Себебі

бәрі Алланың жаратқан туындысы болмақ. Тағы да Абайша айтсак: «*Жүректің ақыл суаты, Махаббат қылса тәңірі үшін*». Себебі раушан гұлдің жұпар исіне ынтық жан оның тікеніне де шыдайды. Жаратылыс суретіндегі әрбір көлеңкенің негізгі бейнені айқындалп тұрғанын көреді. Ақырында Алла үшін Оның жаратқан әрбір туындысына мейірім көзімен қарайды. Сондықтан ол адам түгіл жан-жануар, құрт-құмырсқа да мысқалдай да зияннын тигізбейді.

Иман шуағына шомған адам мына дүниеден кейін екінші бір дүниенің бар екеніне иланғандықтан Раббысының ризалығы үшін тек игі істерді атқаруға тырысады. Өмірін салиқалы өткізіп, бар ғұмырын ізгілік амалдармен кестелеп бағады. Ана дүниеде әрбір ісіне есеп беретінін ойлап ұрлық-қарлық, кісі ақысын жеу, ар-намысын аяқта таптау сияқты зұлымдықтардан аулақ жүреді. Жаратылыстың мәнін түсініп, иман нұрына шомған осындаі адамның көңілі әрдайым шаттанып, игілік атаулы мен барлық көркем міnez, тамаша қасиеттердің қайнар көзіне айналады. Мұндай жан әлемге бейбітшілік туын желбіретіп, айналасына тек мейірімділік нұрын шашады.

Ал, имансыз адам бұл дүниедегі барлық ақыл иесі адамды мазаламай қоймайтын «*Мен қайдан келдім? Өмір сүрудегі мақсатым не? Қайда барамын? Жан-жагымды қоршап жатқан мына алып, шексіз дүние қайдан, оның магынасы неде?*» деген орынды да құрделі сұрақтардың жауабын таба алмағандықтан үнемі мазасыз, бақытсыз. Өйткені мағынасыз, мақсатсыз өмірден шаршау, мазасыздану – ақыл иесі адам үшін табиғи нәрсе. Бақытсыздығы, шаршаганы соншалық – ішкі мазасыздықтан уақытша болса да арылу үшін зиянын біле тұра, казино сияқты тұнгі ойын-сауық орындарында уақыт өткізіп, миын, денесін улайтын наша, арақ сияқты есірткілерге салынады.

Дертінің шипасын осылай іздең, жүргегінің тыныштығын осылай тапқысы келеді.

Иманнан нәсібін ала алмаған жан ғаламға қарап, ондағы әр нәрсені мағынасыз, мақсатсыз деп түсінеді. Мысалы, «Күн өз-өзінен ешбір мақсатсыз, кездейсоқ жерге сәулесін шашып тұр. Жер өз-өзінен әйтеуір шыр көбелек айналып жатыр» деп пайымдайды. Галамдағы барлық нәрсені иесіз деп ойлағандықтан, өзін де иесізбін деп пайымдайды. Өмір сүруінде ешбір мағына, мақсат таба алмаған мұндай имансыз жан үнемі рухани шаршап жүреді. Екінші бір дүниенің бар екендігіне де иланбағандықтан, өлімді шіріп, жоқ бол кету деп ойлайды. Сөйтіп, мына қысқа, пәни өмірінде нәпсісін қанағаттандыруды, құрсағын тойдыруды мақсұт тұтады. Ақыры өлемін, олай болса, «осы қысқа өмірімде барлық нәрсенің дәмін татып, қызығын көрейін», – деп жақсыжаман, арам-адал деп ажыратып жатпай нәпсісінің құлына айналып, күнәға белшесінен батады.

Іә, нәпсісінің құлына айналған мұндай жан: «*Тек мен ішейін, мен жеійін, мен көрейін*» дегендіктен қара басын ғана ойлайтын өзімшіл келеді. Өзгелерді бір сәт болсын ойламайды. «*Өзім жақсы болайын, сені қайдам*» – дейді. Бұндай түсінікке ие болған адамнан көркем міnez, салиқалы іс, енегелі өмір күтудің өзі бекер.

Имансыз адам өмірде белгілі бір жетістікке жете қалса «*Мен істедім, мен жасадым*», – деп панданып шыға келеді. Өйткені оның сенімінде өзін қолдап, жәрдем беріп, сол жетістігіне жетуі үшін сәттілігін салып тұрған Ұлы Жаратушысы жоқ. Ал тәкаппарланып, панданған мұндай жан өзі жеткен жетістікке жете алмаған өзгелерді үнемі тәмен санап, корлайды да, жеткендерге қызғаныш көзімен қарап, үнемі бәсекелеседі де тұрады. Ішін қызғаныш өрті шалып, осындаи рухани дертке шалдыққан пенделерден құралған қоғам – ең бақытсыз қоғам.

ИМАНИ ГҮЛ

Қысқа айтсақ, имани гүл – барлық иғлік атаяның қайнар көзі, құллі көркем қасиеттердің кәусар бұлағы болса, имансызың – барлық рухани аштықтың, соракы іс әрекеттер мен жағымсыз қылықтардың ұясы.

Қадірлі оқырман! Қолыңыздағы кітаптың «Ақиқат шуагы» атты бірінші бөлімінде «Ұлы Жаратушы – Аллага, Ұлы Раббымыздың періштегеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақырет күніне және тағдырға иман» секілді иман негіздері жеке-жеке қарастырылып, мәселелерді ақыл һәм нақыл (аят пен хадис) жолдарымен ғылыми түрде дәлелдеуді қөздедік. Себебі, иман, сенім бар нәрсенің алдында тұрады.

Адам жүргегінде имани гүлі жайқалып өспесе, онда оның жасаған ғибадаттары да шикі болмақ. Абайша айтсак:

«Рұза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс,
Жақсы болсан, жақсы тұт бәрін тегіс.
Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті
Қылғанменен татымды бермес жеміс.

Бас жоғары жараган, мойын төмен,
Қараши, дене біткен ретімен.
Істің басы – ретін танымақтық,
Иман білмес тағатты қабыл демен».

Сондықтан сенімі мықты, иманы берік жан ғана нағыз мұсылманшылықтың өкілі болып, исламның өзіне жүктеген міндеттерін саналы түсініп, салиқалы орындауға ұмтылады. Ал, санасы әр түрлі құдікке толы, иманы әлсіз жанның мұсылманшылығы да соншалық әлсіз, шұбәлі келеді.

Кітаптың «Құдікпен курсес» атты екінші бөлімі түрлі діні, пәлсапалық күрделі сұрақтарға берілген жауаптардан тұрады.

Кешегі кеңестік зұлымат көптеген жандардың жандуниесін жарапалап, көңіліне түрлі шек, шұбәлі ой қалдырыды. Метафизикалық әлемді мойындаған бар нәрсені тек көзben көріп, құлақпен естуге негізделген материалистік көзқарастың әсерінен көптеген ақиқат күмәнға айналды. Дінге қарсы ашық дүшпандық – діннен бейхабар жандардың санасын улау мақсатында қасақана түрлі күмәнді сауалдар мен сұрақтарды тудырыды. Әйтпесе, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) толық өміrbаянын былай қойғанда, аты-жөнін де дұрыс білмейтін жандардың Оның (с.а.у.) көп әйел алғандығынан хабардар болуын әрі оның астарына үнілмей жатып, бірден нәпсікұмарлыққа жоруын басқаша түсіну әсте мүмкін емес?

Сондай-ақ, кітаптағы «Жаратушыны не үшін көзбен көре алмаймыз?», «Алла Тағала адамдарды не үшін байкедей ғып жаратқан. Оның сыры неде?», «Алла Тағала біздің гибадатымызга зәру ме? Неліктен біздің гибадат етуімізді талап етіп, орындағандаңдарды азаптайтынын ескертуде?», «Намаз, азан сияқты гибадаттар тек қана араб тілінде орындалады. Әр ұлт өз тілінде орындаса жеңіл болмас па еді?», «Доңыз еті неліктен харам?» секілді көптеген сұрақтар дінімізгө жаңа бет бұрып жатқан кісілердің ішкі ізденісі мен көкейлеріндегі табиғи сауалдары. Өйткені адам ақылы діни үкімдердің хикметі мен мәнісін түсінуге әрдайым ұмтылып, жан дүниесі жаратылыстың жасырын қатпарларын ұғуға құштар. Абайдың:

«Көңілге шек, шұбәлі ой алмаймын,
Сонда да оны ойламай қоя алмаймын.
Ақылдың жетпегені арман емес,
Құмарсыз құр мұлгуге тоя алмаймын» немесе,
«Адамды сүй, Алланың хикметін сез,

Не қызық бар өмірде онан басқа», – деуі де сондықтан.

Алайда, адам санасы Ұлы Иеміздің тұпкі мақсаты мен игі істеріндегі хикметті толық түсіне алмасы ақиқат. Өйткені, адам санасы шектеулі. Әрі не нәрсені де айналасындағы өзі көрген, білген дүниелермен ғана салыстырып пайымдай алады. Көбінесе мына дүниенің физикалық өлшемдерінен шыға алмай, ойын қысқа қайырады. Ал, Ұлы Жаратушының істеріндегі хикметтері мына дүниенің физикалық зандарымен, яки, адамның көрген, білген дүниелерімен шектелмесі анық. Сондықтан мұсылман баласы Ұлы Жаратушыға қатысты немесе діни мәселелерді түсіну барысында әрдайым байып сақтап, Құран мен сұннетті темірқазық еткен нұрлы ақылға жүгінуге тиіс. Ойна күдік салған сұрактардың дұрыс жауабының бар екенін әу бастан қабылдау қажет. Егер тапқан жауабы санасына сіңбей жатса, онда ол мәселені түсіндірудің кемшілдігінен, яки деңгейіміздің төмендігінен, не болмаса сезіміміз берін нәпсіміздің жетегінде кеткен түйсігіміз берін терең-тендік сақтап ойлаудан макұрым санамымыздың сарыны деп ұққан жөн. Я болмаса, адам ақылының шектеулігінен, Ұлы Жаратушының құпия сырларынан деп қабылдау қажет. Ал басқаша ойладап, Ұлы Жаратушы жайлы күдікке бару – аса қатерлі!

Бұрынғы қоғамның жарасы жеңіл болатын. Өйткені, ондағы сауалдар мен күдіктер білімсіздіктен туындастын. Ал қазір олай емес. Көбіне күдіктер мен жаңсақ пікірлер өзінше бір ғылым мен кейбір түсініксіз терминдердің тасасына тығызып, «әйел теңдігі», «мәдениет», «жаңандану», «адам құқығы» «сезім еркіндігі» «азаматтық неке» секілді ұрандармен безендірілген. Сондықтан мұның бәрінің ара-жігін ажыратып, дұрыс түсіну үшін Құран ақиқатымен нәрленген «нұрлы ақыл» мен жан-жақты

біліммен сусындаған парасат-пайым қажет екенін естен шығармауымыз ләзім.

Ізгі оқырман! Қолыңыздағы кітап кеңестік дәүірден кейін өз құндылығына қайта оралып, асыл дініне бет бұрып жатқан халқымызға, әрбір құштар жүрекке аңсаған «имани ғұлін» сыйлай алмайтыны анық. Алайда сол жолда аз-кем өз үлесін қосып жатса, бұл біз үшін баға жетпес бакыт, ғұмырымыздың шуакты сәті болмақ.

Алла Тағала баршамыздың жүргегін иман нұрына бөлеп, ихсан дәрежесіне жеткізсін! Кітаптың жазылуы мен жарыққа шығуына септігі тиғен баршаға екі дүниенің жақсылығын тілеймін! «Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қорының» алдағы атқарар жұмыстары сәтті болғай!

Қайрат ЖОЛДЫЗБАЙҰЛЫ
03/12/2010

I KITAP

АҚИҚАТ ШУАҒЫ

(Иман негіздері)

ҰЛЫ ЖАРАТУШЫҒА ИМАН

«Жер мен көктің жаратылуында және күн мен тұннің алма-кезек өзара алмасуында ақыл иелері үшін (Алланың бір һәм бар екендігін) білдіретін айқын дәлелдер бар»

«Эли Fимран» сұресі

«Жалпы жаратылыс – Ұлы Жаратушымызды танытар ерекше алып кітап»

Қанатты сөз

АЛЛА ТАҒАЛАНЫҢ БАР ЕКЕНДІГІНІҢ ДӘЛЕЛДЕРІ

Ар-оқдан дәлелі

Адам баласы өзінің таза жүрегіне, бұзылмаған ар-оқданына бір сәт назар аударса, оның әу бастан Ұлы Алланы қабылдауға және құдайлық дінге деген бейімділігін ангарады. Иә, адам баласы жан дүниесіне көз жүгірткен уақытта ар-оқданы мен жүрегінің әрдайым бастауы әрі соны жоқ мәнгі Ұлы Алламен терең байланыста екенін сезеді. Ар-оқданының, ішкі дүниесінің тек мәнгі Ұлы Жаратушымен ғана жай тауып, тынышталатынын, Одан басқа еш нәрсенің оны қанағаттандыра алмайтындығын түсінеді. Өйткені көзін ашқаннан бері жан-жағындағы барлық жаратылыстың адамға қызмет етіп тұрғанын және айналасында әр түрлі ғажайып істердің атқарылып жатқанын сезген таза жүрек пен бұзылмаған, кірленбеген ар-оқдан өзінің Ұлы Иесін, Құдіретті Жаратушысын іздері хақ. Сондықтан жалпы тарихқа көз жүгіртсек, ешбір қоғамның дінсіз, наным-сенімсіз ғұмыр кешпегеніне күә боламыз. Демек, адамның жаратылысы, жалпы болмысы өзінің әлсіздігі мен мұқтаждығын мойындауға уа һәм өзін жаратқан Ұлы Құдіретті іздеуге бейім жаратылған. Міне, сондықтан имансыз жандар да қиналып, қыншылыққа тап болған мезетте Ұлы Құдіретке сыйынуға мәжбүр болады. Бастарына қыншылық түскенде ғана өздерінің әлсіздіктерін түсініп, кірленген ар-оқдандары оянып Ұлы Жаратушы – Алла Тағаладан медет тілей бастайды. Қыншылықтан құтқарылған сәтте көпшілігі өзіне көмек берген Алла Тағаланы ұмыт қалдырып кете барады.

Құранда бұл туралы: «Адамдарға бір қыншылық келген уақытта Раббыларына шын ықыласпен жалбарынады. Сосын Алла өз тарапынан оларға рақымдылық (сол қыншылығынан құтқарып) таттырса, олардың кейбіреуі Раббысына серік¹ қосады»² – делінеді.

Кімнен жәрдем сұрайды?

Кез келген құдайға сенбейтін адам теңізде саяхатта жүріп, кемесі батып, тақтайға жабысқан күйде бір өзі судың ортасында жалғыз қалды делік. Таудай-таудай асau толқындар тақтайды олай да, былай да ырғытуда. Айнала тас түнек. Құннің құрқіреуі мен найзағайдың жарқылы үрейге үрэй қосқан. Қол ұшын беріп, құтқарып алар тірі жан көрінбейді. Қолынан келер ешбір айласы, не бір шарасы жоқ. Кез келген уақытта суға батып яки балыққа жем болып немесе жаурап қатып қалуы әбден мүмкін. Міне, осындай бір заматта құдайға сенбеймін деген әлгі адам Ұлы Құдіретке жалына жалбарынып, бар ықыласымен жәрдем тілей бастайды. Себебі былайғы уақытта адам баласы өз қажеттілігін өзі өтей алады. Ауырса дәрі іshedі. Қалтасында ақшасы бар, қажетін сатып алады. Мәселелерін телефон арқылы шеше алады. Үй салып, кала тұрғызады. Зауыт құрады. Қысқасы, Құдай Тағала тарапынан өзіне берілген осындай мүмкіншіліктердің бәрін ол өзім жасап жатырмын деп ойлайды. Сондықтан Аллаға деген мұқтаждығын да ұмытады. Тек қарызға батып дағдарысқа тап болса, яки қатерлі ісікке шалдырып шарасы қалмағандаған ар-ожданына ырық бермей тұрган мендігі жоғалғандықтан, Ұлы Жаратушыға бас иеді. Сосын қыншылықтан құтылса, көбісі Раббысын қайтадан ұмыт қалдырып, дүние рахатының соңында кете барады.

¹ Аллаһқа ортақ косу, ширк келтіру.

² Рұм сүресі /33

Кейіннен пайда болу дәлелі

Бұқіл әлем, ондағы үлкенді-кішілі, жанды-жансыз барлық нәрсе өзгеруде, ауысуда, ескіруде, жанаруда, қозғалуда, тоқтауда. Бұл өзгерістер – кейіннен пайда болғанның белгісі әрі ерекшелігі. Ал кейіннен пайда болған әрбір нәрсе мәңгі емес, уақытша, яғни, жоқ болуға бас иетін пәни болмақ. Кейіннен пайда болған барлық нәрсенің бастауы бар деген сөз. Ал бастауы бар нәрсенің соны, яғни ақыры да болуға тиіс. Барлық әлемнің кейіннен пайда болғанына қарағанда бұларды жоқтан бар еткен, жоқтық әлемінен тіршілік әлеміне шығарған бастауы әрі ақыры жоқ – мәңгі, құзіреті шексіз бір Құдіреттің болуы ләзім. Өйткені жоқ нәрсе сырттан басқа бір күштің ықпалының өз-өзінен пайда бола алмайды.

Іә, әлемдегі үлкенді-кішілі нәрселердің кейбіреуі әр ғасырда, ендігілері әр жылда, тағы біреулері әр көктемде, әр айда, әр күнде тіпті әр сағатта, әр сәтте ауысып, тіршілік әлемімен қош айтысып, орнын басқаларға қалдыруда. Олардың орнына келгендер де өздерінің жаратылуындағы міндеттерін тәмамдағаннан кейін орнын басқаларға босатуда. Бірақ бұл өзгерулер мен ауысулар қаншалықты көп болса да, әлемдегі тепе-тендікті, керемет жүйені бұзбай, еш ақаусыз іске асып түр. Демек, бұлардың бәрін қадағалап, жаратылыстағы әр нәрсеге өз бұйрығын тындастып, құдіретіне бас идіріп, калауына бойұсындырып түрған бастауы әрі ақыры жоқ мәңгі бір Жаратушы болуға тиіс. Міне, осы Ұлы Жаратушы әлемдегі әр нәрсені жаратуы арқылы Өзінің барлығын білдірсе, ескінің орнына жаңаны жарату арқылы әр нәрсенің уақытша, пәни, өткінші екенін, ал Өзінің мәңгі екендігін ақылы бар әркімге көрсетуде.

Жаратылыстағы өзара жәрдемдесу дәлелі

Жалпы жаратылысқа үңгіліп қарасақ, барлық нәрсенің бір-бірімен тығыз байланыста, өзара жәрдемдесу арқылы керемет жүйе құрып тұрганын байқаймыз. Демек, ақылды-акылсыз, жанды-жансыз тіршілік әлемінің барлығын бір-бірінің жәрдеміне жүгіртіп, әр нәрсенің қажетін уақытында жібертіп, оларды Өзінің қалауына бас идіріп, әлемдегі тепе-тендікті сақтап тұрган мейірімді де құдіретті Ұлы Жаратушының болуы тиіс. Себебі, сырттан бір құдіретті құشتің ықпалының мына әлемнің фабрика машиналарының көртік-көртік тістері арасындағы үйлесімділікке ұқсас кейіпте бір-бірімен тығыз байланыста болуы, бір-бірінің қажетіне сай жұмыс істеп, белгілі бір тепе-тендікті, керемет жүйені сақтауы мүмкін емес. Атом, клетка сияқты ең кішкентай материялар мен ең үлкен ай, жұлдыз, күн тәрізді алыптардың және жарық, аяу, су, топырақ секілді нәрселердің жансыз, санасыз болғандарына қарамастан дүниедегі мына керемет жүйені, әр нәрседегі мән-мағына, пайдалы мақсатты жасау үшін саналы адамдай бір-бірлерінің жәрдеміне жүгірулері, бір-бірлерінің жұмысын толықтырып, қолға қол жалғаулары – бұлардың барлығын махаббатпен, мейірімділікпен басқарып тұрган Ұлы Құдіреттің барлығының айғағы.

Іә, Ұлы Раҳман Алла Тағала әлемдегі қойған жәрдемдесу ережесімен бұлтарды және жердегі минералдарды есімдіктерге, есімдіктерді жан-жануарға, ал оларды адамдарға көмек ретінде жіберіп тұр. Аналардың ақ сүтін сәбілерге, әр түрлі тағамдардың атом, молекулаларын денедегі клеткаларға медет етіп жіберуде. Әр сатыдағы барлық тіршілік иелерінің қажеттерін күтпеген жерден, мұқтаждықтарына қарай жеткізуде. Әр нәрседегі

мұқтаждық Оның ешкімге мұқтаж еместігін мензейді. Қармен жаңбырды бірнеше шақырым биіктікten, түскен жерін жапырып, тиген жерін опыратын томардай-томардай, ірі-ірі көлемде емес, жапалақтатып, тамшылатып жаудырып жердегі суға мұқтаждарға мейірімділікпен көмек беріп, медет жіберген Ұлы Құдіретті танымайға бола ма?

Әлемдегі тендессіз жүйе дәлелі

Иә, төбеміздегі бас айналдырар таңғажайып үйлесімді жүйемен жүрген сансыз жымындаған жұлдыздар мен жан-жағымызды қоршап жатқан мың бір мағынахикметке толы жалпы жаратылыс – Ұлы Жаратушымызды танытатын ерекше алып кітап. Аспан әлемінің әрбір қабаты – бұл үлкен кітаптың жеке-жеке беттері, әрбір галактика – сол беттегі жеке-жеке мағыналы сөйлем, сол галактикалардағы әрбір жұлдызы – том-том кітаптарға парапар мағыналы жарық сөз. Жер шары бұл үлкен кітаптың мазмұнын қамтитын негізгі беті болса, адам баласы сол беттің негізгі мазмұн-мағынасы. Барлығы Ұлы Жаратушы Алланы өз болмысымен танытып, Оның бар екендігін һәм бір екендігін күллі әлемге әйгілеп тұр.

Жалпы жаратылысқа қарағанымызда ондағы әр нәрсенің орын-орнында тұрғанын, арнайы өзіндік мән-мағынамен безендіріліп, әрқайсысына белгілі бір міндет жүктелгенін көреміз. Әр нәрседен сұлулық, кемелдік, жүйелілік байқаймыз. Жалпы жаратылыс сағат сияқты керемет есеппен, нәзік жүйемен істеп тұр. Тіпті біздер сағатымызды осы жалпы жаратылыстағы жүйеге қарай есептейміз. Ендеше, өзіндік мағына-міндеті бар кішкентай иненің де белгілі бір ұстасының болатыны секілді, жаратылыстағы сұлулықтың, кемелдіктің, жүйенің, мән-мағынаның да бір жаратушысы, қоюшысы болуға тиіс.

Кейбіреулер айтатында, бұл әлем өз-өзінен, кездейсоқ пайда болған жоқ. Неге дейсіз бе? Өйткені кездейсоқтық мына өте керемет жүйемен, нәзік те ғаламат есеппен істеп тұрған ұшы-қиыры жоқ шексіз әлемді, жаратылысында еш міні жоқ түрлі-түсті, сан ал-уан жан-жануарды, көздің жауын алатын сансыз өсімдік әлемін және мың бір сырлы, ғажайып жалпы жаратылысты жасайтында күш пен ақылдан мақұрым.

Аспан әлемі

Алла Тағала «Тәбәрак» сүресінде: «Жеті қабат аспанды бір-біріне үйлесімді етіп жаратқан – Ол Алла. Рахманның жаратуында ешбір ақау, жүйесіздік көре алмайсың. Сал көзінді, көре аласың ба бір ақау? Со-сын көзінді қайта-қайта бұрып қара! Көзің ешбір ақау таба алмағандықтан шаршап, талған қүйде саған қайта оралады» – деп аспан әлеміндегі керемет жүйені, ақаусыздықты баяндайды.

Аспан әлемі, яғни сансыз планеталар мен жымындаған жұлдыздар бір-бірімен қақтығыспай өте нәзік есеппен, өте керемет жүйемен миллиардтаған жылдар бойы істеп тұр. Бұларды бір-бірімен қақтығыстырмай, осынша жылдар бойы іске қосып тұрған күш қандай күш? «Тартылыс» күші делік. Тартылыс күшіндегі нәзікте ғажайып тере-тендікті қойған тылсым күш қандай құдірет? Егер бір планетаның тұрақты тартылыс күші бір мезет кездейсоқтықтың әсерінен азайса немесе көбейсе, көк әлемі қалай тас-талқан боларын бір сәт ойландызыз ба? Барлық планеталар мен жұлдыздардың үлкенді-кішілі көлемдері мен бір-бірінің ара-қашықтықтарына қарай өзіндік тартылыс күштері бар. Тартылыс күшіндегі бұл есеп, кездейсоқтықтың емес, арнайы бір Ұлы Құдіреттің жаратқанын мензейді.



Жер шары

Біз отау тігіп, өмір сүріп жатқан жер шары мен жылуын күлімдей төккен күннің арасы жаз және қыс мезгілдеріне байланысты 135 немесе 149,5 миллион шақырым. Егер осы аталмыш арақашықтық кездейсоқтықтың әсерінен аз мөлшерде азайса, тоңып, мұз болып қатып қалатынымызды немесе аз мөлшерде көбейсе күйіп-жанып кетерімізді бір мезет ойладық па? Ойланып, Жер мен Күннің арасындағы осы ынғайлы арақашықтықты белгілеп, оны ғасырлар бойы бұлжытпай ұстап тұрган құдіретті күшті тани алдық па?

Аспандығы әрбір денениң өзіне тән белгілі, тұракты айналу орбитасы, қозғалу жылдамдығы бар. Мысалы, Жер шары сағатына 1 670 шақырым жылдамдықпен өз-өзін айналса, Күнді сағатына 108 000 шақырым жылдамдықпен айналады. Егер осындағы жылдамдықпен жүретін көлік жасалған жағдайда жалпы дүниенің шеңберін 22 минутта айналып шығуға болады еken. Қорсетіліп отырған бұл сандар тек Жер шары үшін, ал Күн жүйесінің жылдамдығы мүлде таң қаларлық. Ғарыштық (космоста) жүйелердің көлемі ұлғайған сайын қозғалу жылдамдықтары да арта түседі. Күн жүйесінің Құс жолы галактикасы орталығын айналудағы жылдамдығы сағатына тұп-тура 720 000 шақырым. Ал, шамамен құрамында 200 миллиард жүлдізды қамтитын осы Құс жолы галактикасының ғарыштағы жылдамдық мөлшері сағатына 950 000 шақырым³. Мұндай бір-бірімен тығыз байланыстағы әрі өте жоғары жылдамдықтағы жүйелердің соғысын, қақтығысуы әбден мүмкін бола тұра ғарышта ешбір ақауға куә болмадық. Иә, миллиардтаған жылдар бойы

³ Адем Якуп, Куран Мужизелері, 23-бет. Несил Матбажылық, 2003 ж.

жылдамдықтарындағы тұрақты мөлшер еш өзгермestен жалғасуда. Мысалы, біз автокөлікпен сағатына 200 шақырым жылдамдықпен келе жатып, оқыс тоқтатсақ, терезе әйнегін быт-шыт қып сыртқа тесіп шығарымыз анық. Ал енді біздің сенімді бесігіміз – Жер шары бір мезет оқыс тоқтамай-ақ қойсын, тұрақты жылдамдығын аз ғана азайтса, жер бетіндегі күллі зат атаулы гарышқа тарыдай шашылып кетер еді. Демек, миллиард жылдар бойы Жер анамызды және басқа да жүлдыштарды бір мезет тоқтапастан, әрқайсысын өзіндік тұрақты жылдамдықтарымен айналдырып, тербетіп тұрган Ұлы Жаратушы болуға тиіс. Егер мұның бәрін кездейсок жүзеге асып жатыр десек, неге біз тағы да сол сенімсіз кездейсоктықтың әсерінен Жер анамыздың тоқтап немесе жылдамдығында кідіріп қалуынан еш қорықпастан, уа-йымдамастан, үстінде жайбаракат жүрміз?


Бейтаныс бір адам қолындағы механикалық жүйемен істейтін қол сағатын бізге таныстыру барысында: «Өз-өзінен, кездейсоктықтың әсерінен, яғни, жердің астындағы минералдар өз-өзінен еріп, темірге айналып, одан жіңішке есепті ішіндегі әр түрлі кертік-кертік құралдары, көрсеткіш сандары және бетіндегі әйнегі өз-өзінен жасалып, іске қосылып пайда болды» – десе, сенер ме едік? Эрине, сенбес едік. Ал енді жай бір уақытты ғана көрсететін кішкентай қол сағаттың өз-өзінен, кездейсок пайда болғанына сенбейміз де, жүйе жағынан сағатпен салыстыруға мүлдем келмейтін мына керемет ұшы-қызыры жоқ шексіз әлемнің өз-өзінен пайда болғанына қалай сенбекпіз?

Экология

Табиғатта құстар (бүркіт, қаршыға, құзғын, т.б.) өлтірлген жағдайда жыландар көбейеді еken. Ал жыландар қырылса, құрбақалар көбейеді. Құрбақалар құрыған жағдайда, шыбын-шіркей көбейеді еken. Жанжануарлардың өмір сүрулерін бір-біріне байланыстырып, табиғаттағы экологиялық тепе-тендікті, осы таң қалдыраар жүйені құрган кім?

Жыл мезгілдері

Жер шарының өз-өзін және Күнді айналуынан күндіз берін және жылдың төрт мезгілі жаз, күз, қыс, көктем болып алма-кезек үздіксіз өзгеріп тұратыны бәрімізге мәлім. Жаздың қайнаған аптап ыстығынан кейін дереу қыстың қақаған аязы мен ысқырған бораны болмайды. Екі мезгілдің ортасында күз атты қоңыр салқын мезгіл бар. Міне, осы күз мезгілінің арқасында адамдардың жаздың жылы ауа-райына үйреніп қалған ағзалары біртіндеп қыстың қақаған сұығына бой үйретеді. Сол сияқты қыстың қақаған аязынан кейін ауа райы күрт өзгеріп, дереу көктемсіз жаз болғанда қандай күйде болар едік? Бәлкім, ағзаларымыз күрт өзгеріске дайын болмағандықтан бәріміз жаппай ауруға шалдығар ма едік? Ендеше, жыл мезгілдеріндегі осындай керемет рет пен үйлесімдікті және Жер шарының айналуындағы дәлме-дәл есепті қойған кім?




Гүлдер әлемі

*Неше түрлі гүл, жапырақ,
Әрбіреуін қолыңа ал.
Құры көріп қойма бірақ,
Онда не бар ойға сал.*
Шәкәрім

Бақшамызда өсетін сары-қызыл, түрлі-түсті, сан алуан хош ісін аңқытып, адам баласын өзіне тамсандырып қаратпай қоймайтын гүлдерге бір рет болса да, ойланана-толғана, гибрат көзімен қарайықшы.

Іә, гүлдер кішкене түйір дәннен жер қойнауын жара шығып, бұл дүниеге келеді. Сабағы мен жапырағы жасыл тартып, гүлі шоқтай болып мың бір түрлі реңмен боянады. Үлбіреген нәзіктігіне, адам баласының қиялына келе бермейтін әр түрлі ою-өрнегіне, ондағы көркем эстетикаға, мұлтіксіз симметриялы ғажайып формасына, аңқыған сан алуан жұпар иісіне, қауырсыныңдағы өмірін жалғастырап мұрагері – ұрығына қараңызшы... Қандай ғажап?! Неткен әдемілік? Жерге қараңызшы, гүлдердегі сан алуан, түрлі-түсті реңдерді көре аласыз ба? Гүлдерден аңқитын, бір-біріне ұқсамайтын әр түрлі жұпар иісті топырақтан иіскең сезе аласыз ба?

Жер бетіндегі жайқалған барлық гүл атаулының нәр қойнауы саналатын топырағы, аймалаған күн сәулесі, ішетін сулары мен жұтатын ауалары бірдей болғанымен, өздері әр түрлі, сан алуан. Бұл таң қаларлық нәрсеге таң қалмай, қолымызбен жасаған пластмас гүлдерге таң қалайық па? Бұл да кездейсоқтық па, жоқ, әлде құдіреті күшті Ұлы Жаратушының бізге ұсынған сыйы ма? Егер мұны да кездейсоқтықтың түсініксіз кездейсоқтығы жа-



сады десек, сол кездейсоқтың жасағанын адам баласы ақылымен асып түсіп, одан да кереметін жасауы керек еді ғой. Өйткені ақыл кездейсоқтықтан әлдеқайда үстем емес пе? Бірақ адам баласы осы құнгे дейін нәзіктікten мақұрым, қоқайып, қатып қалған, өніп-өспейтін жансыз, жасанды пластмас гүлдерден асырып, артық ешнэрсе жасай алмады, жасауы да мүмкін емес!

Кездейсоқтың жасады деген нәрселерін лабораторияда түрлі-түрлі құралдардың көмегімен ақыл иесі – адам баласы жасай алмаса, ойлап қарайықшы, ақылсыз кездейсоқтық қалай жасамақ?! Олай болса, барлық жаратылысты, адамның ақылын да жаратқан тылсым құдірет – Ұлы Алла жаратқан деп мойындау ақылдының жолы болса керек.

Көбелектер

Бақшамыздағы ұшып жүрген сан алуан түрлі-түсті көбелектерге ғибрат көзімен алғаш рет көріп тұрғандай бір мәрте болса да зер салып караңызшы. Ондағы керемет эстетиканы, нәзіктікі, қанаттарындағы қиялымызға келмейтіндей ою-өрнектерді, ою-өрнектеріндегі ешбір қатесіз симметрияны, әр түрлі реңдеріндегі үйлесімдікті көріп, таң қалып, таңдай қағасыз. Қарапайым суреттің, кез келген ою-өрнектің белгілі бір жасаушысы, дизайнері бар да, көбелектердегі мына тендессіз сұлулықтың, ою-өрнектің неге жасаушысы, жаратушысы болмасын?!





БАЛ АРАСЫ

«Раббың бал арасына:

«Таулардан, ағаштардан және адамдардың салған күркелерінен ұя жасап ал. Сосын әр түрлі жемістерден же де, Раббыңның саған оңтайластырған жолымен жур», – деп уахи етті. Араның қарнынан адамға шипалы түрлі-түсті бал шығады. Әлбетте, мұнда ойланған қауым үшін ғибрат бар». («Нахл» / 68-69).

Бал арасы мындаған гүлдерге ұшып-қонып жүріп бал жинайды. Ондаған шақырымдарға ұшып барып, компассыз-ақ күнге қарап қайта айналып ұясын таба алады. Көремет инженер сияқты алты бұрыш етіп, геометриялық пішінде бал ұяшықтарын жасайды. Аралар бал ұяшықтарын неліктен алты бұрышты етіп жасауда? Неге сегіз бұрыш немесе үш бұрыш яки бес бұрыш емес? Математиктердің есебі бойынша алты бұрышты бал ұяшықтарын жасауда ең аз материал қолданылып, оған ең көп мөлшерде бал

сыяды екен. Яғни, алты бұрышты бал ұяшықтары араптар үшін ең тиімдісі болмақ. Бал ұяшықтарын жасаудағы аралардың қолданған тәсілі өте таң қаларлық. Араптар бал ұяшықтарын жасаған уақытта бөлек-бөлек екі-үш жерден бірден бастайды. Яғни, бір топ ара бөлек-бөлек жерден бастап, бірдей өлшемде алты бұрыш жасап, бұларды сосын бір-бірімен біріктіре отырып бал ұяшықтарын тоқып, сосын барлығы ортада кездеседі екен. Алты бұрыштардың бір-бірімен біріктірілген тұстары өте шеберлікпен іске асқандықтан кейіннен біріктірілгендейтері мұлдем байқалмайды.

Ал енді осы ақылсыз араға қай гүлдерде бал бар екенін, күнге қарап ұшқан ұясын қайта табуды, керемет есеппен есептелген бал ұяшықтарын жасауды кім үйретті? Ұяларындағы тазалық, бұзылған жерлерін жөндеу, жас арапарды қоректендіру істері жүйелі түрде іске асады. Егер ұяның іші ыстық болса жұмыртқаларды салқындау үшін қанаттарын қағып, ал суық болса жұмыртқаны жанжағынан көлегейлеп жылтытады. Кез келген бір бал арасы бал жасауға жарамды гүлдерді тапқан жағдайда, алыстағы басқа арапарға өздері ғана түсінетін кейбір іс-эрекеттері арқылы хабар береді. Бал арасы мұның бәрін қайдан, кімнен үйренеді? Бал арасы улы денесінен құрамында мың бір түрлі минералдар мен витаминдері бар шипалы балды жасауды кімнен үйреніп, қай зертханада жасады. Балдың формуласын қайдан алды?

Жарқанат

Бәрімізге белгілі, жарқанаттың көзі көрмейді, яғни көр. Ол дыбыс толқындарын жіберу арқылы жанжағындағы нәрселерге қақтығыспайды. Тіпті, қорегін осы арқылы аулады. Адам баласы радарды жарқанатқа

қарап тапты. Радардың кереметтігінің алдында таң қалып, шапалақ ұрған біздер жарқанатқа осы дыбыс толқынын жіберу қабілетін, өнерін үйреткен Ұлы Жаратушының құдіретіне неліктен таң қалып, бас имейміз?

Ауаның құрамы

Әр тыныс алған сайын жұтатын ауамыздың құрамын ойланып көрейік! Ауаның құрамында 21% оттегі, 78% азот, 1% басқа газдардың қосындысы бар. Ауаның құрамындағы 21% оттегінің мөлшері кішкене көбірек болғанда күн сәулелері арқылы келетін радиациялар салдарынан Жер беті тұтанып, лаулаган отқа айналып, ал аталмыш мөлшерден кішкене азырақ болғанда, оттегінің аздығынан тыныс ала алмай, бұл дүниемен қош айтысып кетер едік.

Біздер аудағы оттегіні жұтып, көмірқышқыл газын бөліп шығарамыз. Ал өсімдік әлемі болса, керісінше, көмірқышқыл газын жұтып, оттегі бөліп шығарады. Осылайша ауа үздіксіз алма-кезек табиғи жолмен тазаланып, адамның иғілігіне айналады. Өсімдіктер де біз сияқты оттегіні жұтып, көмірқышқыл газын бөлер болса, ауамызды қалай тазалар едік? Әр нәрседе өзінің құдіретін сездірген Ұлы Жаратушы қандай ұлық!

Шаш, қас, кірпіктеріміз

Шаштарымыз ұдайы өсіп отырады. Шаштың бұлай үнемі өсуін кездейсоқтық деп қабылдасақ, неліктен шаш тектес қастарымыз бер кірпіктеріміз өспестен бір қалыпты тұр? Ал бұлар да шаш тәрізді ұдайы өсіп отырса, жағдайымыз қалай қынға согар еді. Бұған қоса кірпігіміздегі эстетикаға, нәзіктікке, сұлулыққа қараңызышы, олар да кездейсоқ емес, басқа бір тылсым



күш тарапынан әдейі жасалғандығын анғарасыз. Ал мұрнымыздың ішіндегі түктерді ше? Оның ауаны жылыту, фильтрлеу, одан да басқа қызметтерін ескермestен, өз-өзінен, бостан-босқа кездейсоқ өсіп тұр деп кім айта алады?!

Қар

*Сипатын көр, тосып ал да,
Жапалақтап жауса қар.
Таза тексер, көзді сал да,
Қандай оның түрі бар?
Шәкәрим*

Кәдімгі қардың әрбір қалаушасында Ұлы Жаратушымыздың шеберлігінің мөрі бар. Жай көзімізben қарағанның өзінде әрбір қар түйіршігінің бір-біріне ұқсамайтынын көреміз. 1 м² қарда 350 миллион қар түйіршігі бар деп жобалануда. Бұлардың әрқайсысы әр түрлі симметриялы ою-өрнекпен безендірілген хрусталь тәріздес алты бұрышты пішінде екенін білесіз бе? Қар түйіршіктерінің бұл ғажайып сыры соңғы 100 жылда ғана белгілі болды. Уилсон Бертлей 1885 жылы фотомикрофика фотоаппараты арқылы 46 жыл қар түйіршіктерін түсіріпте, артынан «Қар түйіршіктері» атты кітабын жазады. Уилсон Бертлей өзі түсірген 5300 суреттің ішінен бір-біріне ұқсайтын екі суреттің кездеспегенін таң қала айтады.

Жер бетіндегі барлық қар түйіршігінің бір-біріне ұқсамайтын алты бұрышты әрі геометриялы пішінде болуы – Ұлы Жаратушымыздың тендессіз шеберлігі мен барлық қардың пішінін білетін шексіз ілімінің белгісі болса керек. Жер бетіне түсіп, ерігенге дейін ғана өмірі бар әрбір қарда өзінің құдіреті мен шеберлігінің мөрін нақыштаған Алла қандай ұлы! Мұны да кездейсоқ дейтіндерге не дейік?

Өсімдіктер

Өсімдік өмірінің негізгі қорегі – су. Курап немесе со-лып қалмауы үшін бақшамыздағы өсімдіктердің түбіне белгілі мөлшерде су құямыз. Өсімдік құйылған бұл судан өз тіршілігін жалғастыруға жететіндей ғана көлемін денесіне қабылдайды. Ал қалған су буға айналады немесе басқа өсімдіктердің қажетін өтейді. Әрбір өсімдік ішілген суды денесінің түкпір-түкпіріне, жапырақтарының ең ұшына жібереді. Мысалы, ағаштар суды ешқандай насостың көмегінсіз 15-20 тіпті 30 метр биіктікегі бұтақтарының түкпір-түкпіріне, жапырақтарының ұшына жеткізеді. Ақыл иесі біздер 15-20 метр биіктікегі үйлерге суды насостың көмегінсіз шығара алмай жатқанда, ағаштар суды осыншама биікке қалай көтереді?

Бұдан да таң қаларлығы, өсімдіктер жаздың аптағ, ми-қайнатар ыстығында аз мөлшердегі сумен-ақ жап-жасыл қалпын сақтап қалады. Бір гүлдің бойында 50 грамм су, тіпті кішкентай бір шөпте бір немесе екі тамшы су болады еken. Жазда бір апта бойы 35 градус ыстық болғанын ой-лап көрініз. Топырак құрғап, тастар қызып жатқан осын-дай ыстықта өсімдік әлемі қалай ғана бойындағы аз ғана сумен өзінің жасылдығы мен тіршілігін сақтап қалуда? Гүлдің бойындағы 50 грамм су мұндай ыстықтың астын-да көп болса 5-6 сағаттың ішінде, шөптің бойындағы бір-екі тамшы су бірнеше минуттың ішінде-ақ буға айналып кетуге тиіс. Бірақ қалай ғана өсімдік әлемі құрғамастан жасыл түсін, өмірін сақтап тұр? Ойланғанға ғибрат.

Тістеріміз

Тістеріміздің орналасу ретін ойлаңышы. Алдыңғы күрек тістеріміз өткір болып келеді. Ал артқы азу тістеріміз

жалпақ. Демек, күрек тістеріміз жейтін қорегімізді қырқып, ұзу үшін өткір етіп, ал азу тістеріміз сол алдыңғы өткір тістерімізбен қырқып, ұзен қоректерімізді шайнап, үгітуге қолайлы жалпақ етіп жаратылған. Егер барлық тісіміз жалпақ немесе, керісінше, барлығы өткір болса жағдайымыз қалай болар еді?

Астыңғы тістер мен үстіңгі тістердің арасында көремет бір үйлесімділік бар. Жағымыз жабылған уақытта астыңғы тістеріміз бен жоғарғы тістеріміз бір-бірімен қабысады. Мысалы, азу тісіміздің біреуі сәл ұзындау болса, тамақ жеу, сөйлеу сияқты кейбір істерімізді еш ақаусыз атқара алар ма едік?

Жас нәресте сүтпен ғана қоректенгендіктен онда тіс болмайды. Бірақ басқа қатты нәрселермен қоректенетін шаққа жеткенде, дереу тісі өседі. Тістердің өте шебер орналасу реттері мен бір-бірімен үйлесімділігі және қажетіне қарай дер кезінде өсу уақыты кездейсоқтық емес, Алланың тендессіз шеберлігі мен әр нәрседегі дәлме-дәл есебі еkenі анық.

Дүрсілдеген жүрек

Дүниедегі ең көремет мотор – көкірегініздің сол жағында орналасқан жүргіңіз. Жүргіміз ерекше жүйесімен, тоқтаусыз соғуымен тәулігіне денеміздегі қанды 1000 рет толық айналдырып шығады екен. Жүрек бір сағатта орташа көлемді женіл көлікті 1 метр жоғары көтеретіндегі қуат бөліп шығарады. Жүректің қанды айдаған кезде қолданатын күші өте қуатты. Осы күш арқылы қанды 3 метр биіктікке ытқыта алады. Жүректің ең бір ерекше қасиеті – өмір бойы ұздіксіз жұмыс істеуі. Осы түрғыдан алғанда, оны дүниедегі тоқтамай, демалыссыз жұмыс істейтін тендессіз мотор деуге болады. Жүрек – шамамен минутына 70 рет, бір жылда 37 миллион рет

соғып, үнемі қозғалыста болатын жалғыз ағза. Адамның орта өмірі бойынша 2,5 миллиард рет соға отырып, 300 миллион литрдей қан айдайды. Ұйықтап жатқан уақыттың өзінде жүргіміз сағатына 340 литр қан айдайды екен.

Алақаныңызды қанша минут үздіксіз ашып-жұмып тұра аласыз? Алақан бірнеше минуттан кейін-ақ талып, бұл әрекетіңізді тоқтатуға мәжбүр боласыз. Ал енді өмір бойы жүргінізді бір мезет тоқтатпастан, денеміздің түкпір-түкпіріне сағатына жүзденген литр қанды айдатқызып тұрган қандай күш? Тағы да кездейсоқтық па? Жоқ әлде...

Неліктен?

Егер барлық нәрсе кездейсоқ пайда болса...

Неліктен жаратылыстағы барлық нәрсе ерекше
керемет?

Неліктен жаратылыста ешбір ақау, кемшілік жоқ?

Неліктен ең озық аппараттар сүтті, балды жасай
алмайды?

Неліктен ең дамыған қалалар ормандағы тазалыққа
жете алмайды?



ДАРВИНИЗМНІҢ ЖАЛҒАНДЫҒЫ

Негізінде дарвинизм нақты дәлелденген ғылыми жетістік емес, бар болғаны гипотеза, болжам, яғни осылай болуы мүмкін деген ой-пікір ғана. Гипотеза ғылыми түрде дәлелденген жағдайда ғана теориялық болжамнан шығып, шындыққа, ғылымға айналады.

Ал дарвинизм теориясынан бастау алған «*Адам маймылдан пайда болды*» деген пікір бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, ғылыми түрде дәлелденіп, нақтылық тұғырына жете алмады. Олай болса, бұл пікір қара дүрсін болжам ғана. Сондықтан оны талқылап жатудың өзі артық. Десек те, оқырманға пайдасы болар деген ниетпен кейбір негізгі ұстанымдарын талдап көрелік.

Дарвинизм теориясының негізгі ұстанымдарын қорыта айтсак, төмендегідей:

1. Жан-жануар, өсімдік әлемі және жалпы жан иелері бір-бірінен пайда болды. Барлық жан иелерінің түпкі тегі біреу. Жан-жануарлар мен өсімдіктер уақыт өте келе бүгінгі пішіндері мен түрлеріне айналған. Бастауы миллиондаған жылдарға барып тірелетін жан иелерінің қазіргі түрлері – максатсыз, мағынасыз, кездейсоқтықтың әсерінен кішкентай бір жан иесінен сатылай-сатылай да-мып, пайда болған.

2. Жан-жануарлар мен өсімдіктер өмір сүріп, тіршілік бетінде қалу үшін өте үлкен күш жұмсап, күрес жүргізіп, бір-бірімен қырқысада. Өмір үшін жүргізілген бұл күресте ең күштілері тірі қалып, ал әлсіздерінің тұқымы құрып, жан иелерінің қатарынан шығуда. Тірі қалғандардың ұрпақтары көбейіп, уақыт озған сайын бір түрден екінші түрге ауысып, өзгеруде. Бұл өзгерістер жаңа ұрпақтарға да өтуде.

Жансыз материя қалай жан иесі болды?

Дарвиншілердің бірінші ұстанымдарында айтылғандай, жан-жануарлар мен өсімдіктердің шығу тегі бір болуы мүмкін бе?

Дарвинизм пікірін қолдайтындар бұл сұраққа «иә» дейді. Дәлелдері – тек болжам ғана.

Олардың пікірлері бойынша қазіргі жан иелерінің бәрі жалғыз клетканың дамуы арқылы сатылай-сатылай пайда болған. Ал енді барлық жан иелерінің бастауы болған кішкентай клетка қалай пайда болды? Олардың айтуынша клетка да сатылай даму жолы арқылы пайда болған.

Жансыз материя мен жанды нәрсениң арасында таң қаларлық үлкен айырмашылық бар екендігі бәрімізге белгілі. Ал енді жансыз бір зат қалай ғана өз-өзінен, сырттан, басқа бір күштің әсерінсіз жанды клеткаға айналуы мүмкін? Бұл сұрағымызға тағы да «кездейсоқтың әсерінен» деген жауап аламыз. Алайда сол бір қарапайым клетканың өзі кездейсоқ өз-өзінен пайда бола алмайды. Себібі ол аса керемет, тамаша жүйеге ие. Ал санадан макұрым, білімнен ада, жансыз, көр материядан кездейсоқ саналы адамның пайда болуы тіптен мүмкін емес.

Профессор, доктор Клаус Доус (Германиядағы Johannes Gutenberg университетінің биохимия институтының ректоры): «Соңғы 30 жыл бойы өте терең зерттеулерге қарамастан алғаш жанды клетканың пайда болуы туралы ешқандай ғылыми дәлел табылмады», – деп, алғашқы жанды клетканың өз-өзінен пайда болуының ешқандай ғылыми негізге сүйенбейтінін айтса, Кейц Грамм: «Алғашқы өмірдің (жанды клетканың) бастауы деп есептелген элементтер қазір де бар. Бірақ қазір неліктен олардан жанды нәрсе пайда болмайды?» деп,

жансыз элементтерден өз-өзінен жанды нәрсе пайда болмайтынын дәлелдейді.

Батыстың белгілі ғалымы Макс Планк материяның қалай пайда болғандығы жайлы былай дейді:

«Материя белгілі бір күш-құдірет арқылы тіршілік бетіне шығып, пайда болады. Материяның ішінде кішкентай-кішкентай күн жүйесі тәріздес жүйелер бар. Атом және электрон деп аталатын бұл жүйелер материяны ыдырап кетуден қоргайды. Гарышта мұндай керемет күш-қуат болмаганына қараганда күллі жаратылысты белгілі бір жүйеде ұстап тұрған керемет ілім, шексіз құдірет иесі болуга туіс. Міне, материяның бастауы – осы құдірет. Бұл құдіреттің Ұлы Жаратушы екені күмәнсіз».

Ескі қаңқалар дарвинизмнің қателігін әшкөрелейді

Эволюция теориясы бойынша, барлық жан иелері бір-бірінен тараған. Ертерек пайда болған белгілі бір жан иесі уақыт өте келе екінші бір жан иесінің түріне айналған. Міне, осылайша барлық жан иелерінің түрлері пайда болған. Бұл теория бойынша, жан иелері түрлерінің бір-біріне айналулары миллиондаған, тіпті миллиярдтаған жылдарда сатылай-сатылай жүзеге асқан-мыс. Олай болса, осы жан иелерінің бір-біріне айналған жүз миллиондаған жылдар дәлде екі түрдің бір-біріне айналу кезінде сансыз «аралық түрлердің» пайда болуы және өмір сүрулері тиісті. Мысалы, судағы балыктың бірден бауырымен жорғалайтын жан иесіне айналуы мүмкін болмағандықтан, екеуінің арасын жалғайтын жартылай балық, жартылай бауырымен жорғалайтын «аралық түр» жан иелерінің немесе бауырымен жорғалайтын жан иелерінің құсқа айналу кезінде жартылай бауырымен жорғалайтын, жартылай ұшатын құстардың ерекшелік-

тері бар «аралық түрі» пайда болып, өмір сұрулере керек еді. Бұл аралық түрлер өтпелі кезең үшін болғандықтан ауру, кемшилікке толы болуға тиіс. Егер шынымен-ақ аталмыш аралық түрлер өмір сүрген болса, олардың өмір сүргенін дәлелдейтін миллиондаған, тіпті қазір өмір сүрген жанжануар, құстардың санынан да көп қаңқа сүйектері табылуға тиіс еді гой. Бірақ табылмады. Чарльз Дарвиннің өзі де «Түрлердің түбірі» атты кітабында былай дейді: «Егер теориям дұрыс болса, түрлердің бір-біріне байлайтын сансыз аралық түрлердің өмір сұрулери тиіс. Бұл аралық түрлердің өмір сүргендіктегі дәлелдейтін жалғыз дәлел – атамыш аралық түрлердің фосилдері (тасқа айналған қаңқалары) болар еді». Бірақ Дарвин өзінің теориясын дәлелдейтін аралық түрлердің қаңқаларын терен зерттеулердің нәтижесінде де таба алмағанын былай деп мойындайды: «Егер шынымен-ақ барлық жан иелерінің түрлері бір-бірінен сатылай-сатылай дами отырып пайда болса, неге сансыз аралық түрлердің қаңқаларына кезікпейміз? Неліктен жалпы жаратылыс кемшиліксіз тамаша жүйеге ие?!»⁴.

Дарвин: «Қазір бұл аралық түрлердың қаңқалары табылмаганымен келешекте міндетті түрде табылуға тиіс» деген үміті арқылы өзін-өзі жұбатты әрі оңбай қателесті. Үмітсіз шайтан деген эволюционерлер Дарвиннің бұл үмітіне сенім артып, 19 ғасырдың ортасынан бастап осы күнге дейін дүниенің әр-әр жерінде өте қызу түрде аралық түрлердің қаңқаларын іздеу жұмысын жүргізді. Бірақ осыншама қызу зерттеулердің нәтижесінде үміттері босқа шығып, ешбір аралық түрлердің қаңқасын таба алмай діңкесі құрыды. Керісінше, жүргізілген зерттеулерден табылған қалдықтар, эволюционерлердің күткеніндегі емес, барлық жан иелерінің тіршілік бетіне сатылай-сатылай емес, бірден кемшилік, қатесіз түрде пайда болғандығын тайға таңба басқандай дәлелдеді. Осылайша эволюционерлер өз

⁴ Чарльз Дарвин, Түрлерин көкені. Онур Иайынлары, Анкара 1996.

теорияларын дәлелдейміз деп жүріп, оны өз қолдарымен күйрете құлатты. Бұл шындықты эволюционер болғанына қарамастан атакты ағылшын, ескі қаңқаларды зерттеуші палеонтолог Дерек Агер былай деп мойындайды: «Проблемамыз мынандай: қаңқаларды кеңінен, тереңінен зерттеген уақытымызда, әрдайым сатылай-сатылай дамыған емес, тіршілік бетіне бірден пайда болған жан иелері түрлерінің кездескенін көреміз».

Қазіргі өмір сүріп жатқан жан иелері мен олардың ежелгі қаңқалары

Қазір өмір сүріп жатқан көптеген жан иелері мен олардың миллиондаған жыл бұрын өмір сүрген түрлерінің қаңқалары арасында ешқандай айырмашылық, өзгерістің жоқ. Бұл барлық жан иелерінің сатылай даму жолы арқылы емес, Ұлы Алла тарарапынан арнағы жаратылып, жер бетінде бірден пайда болғандығын көрсетеді.



100 миллион жыл бұрын өмір сүрген құмырсқаның табылған фосилі (таста қалған қаңқасы) мен қазіргі кездегі құмырсқаның арасында ешқандай айырмашылық жоқ.




Миллиондаған жыл бұрын өмір сүрген араның табылған қаңқасы мен қазір өмір сүріп жатқан араның арасында ешқандай айырмашылық жоқ.



410 миллион жыл бұрын өмір сүрген целеқант балығының таста қалған қаңқасы. Эволюционерлер осынау қаңқаға сүйене отырып, табылған бұл балық түрін жан иелерінің судан құрлыққа өту кезеңіндегі «аралық түрінің» үлгісі деп қабылдаған.



Бірақ қаңқасы табылған осы целеант балығы 1938 жылы тірідей бірнеше рет ауланды. Соңғы жылдары бұл балық түрінің жиі-жиі аулануы эволюционерлердің өтірік тұжырымдарын әшкере етті.



135 миллион жыл бұрын өмір сүрген инеліктің тасқа айналған қаңқасы мен қазіргі инелік еш өзгеріссіз бірдей.


Эволюционерлердің қаңқаларды ғылыми негізсіз жорамалдан, халықты алдауы

Эволюционерлер табылған сүйектің бір бөлігі арқылы белгілі бір жан иесінің суретін яки макетін өз

мақсатта-рына орайластырып ғылыми негізсіз қияли жобалау арқылы халықты өздеріне сендіруді көздеген. Газет-журнал, кітаптардағы дарвинизмді дәлелдеуге қолданған көптеген суреттер мен макеттер, міне, осындаі сурет, макеттер.

Эволюционерлердің бұл түрғыда шектен шыққандары соншалық, «*Zinjanthropus*» деп аталағын адамның бас сүйегін негізге алып бір-біріне мүлде үкісамайтын үш түрлі қияли сурет салған.

Бір бас сүйектен үш түрлі сурет



Бұл туралы Гарвард университетінен Эрист А. Хутен былай дейді: «Денедегі жұмсақ жерлерді жобалап, қайта жасау өте қын жұмыс. Ерін, көз, құлақ, мұрын сияқты жұмсақ мүшелердің астындағы сүйектерімен ешқандай байланысы жоқ. Мысалға, «*Neandertal*» бас сүйегін жобалау арқылы оны бір маймыл түріне немесе бір философқа үқсатып суретін немесе макетін жасай аласыз. Байырғы адамдардың қалған сүйек қалдықтарына сүйене отырып жасалған суреттер мен макеттердің ешқайсысы ғылыми

негізге сүйенбегендіктен сенімді емес және халықты өздеріне сендіру үшін қолданылатын айла».

Эволюция – ғылым емес, алдау


Эволюционерлер маймылдың адамға айналу кезеңіндегі «аралық түр» жартылай маймыл, жартылай адамның болғандығын дәлелдейтін сүйек қаңқаларын таба алмағандықтан, бұл проблемаларын маймыл мен адамның сүйектерін құрастыру арқылы шешуге бел байлаған.

Атақты доктор, ескі сүйектерді зерттеуші Чарльз Доусон 1912 жылы: «*Англиядагы Пилтдаун деп атала-тын жердің маңайындағы бір шұңқырдан бір жақ сүйек пен бас сүйек тауып алдым*» деп әлемге жар салады. Жақ сүйек маймылдікіне ұқсағанымен, бас сүйегі мен тістері адамдікіне ұқсайтын бұл сүйектерге 500 мың жылдық жас берілді. Сөйтіп «Пилтдаун» деп аталған бұл сүйектерді әр түрлі мұражайларға қойып, адамның маймылдан сатылай даму жолы арқылы пайда болғанын растайтын нақты дәлел ретінде қолданды. Бұл сүйекке байланысты 40 жылдам астам уақыт ғылыми мақалалар жазылып, суреттер сзылды. Әлемдегі әр түрлі университеттерден 500-ге жуық докторлық еңбек корғалды. Алайда, 1949 жылы Кеннет Окли атты ғалым сүйектердің нақты жасын анықтайтын «*Flor test*» тәсілі арқылы «Пилтдаун адамын» да зерттеп көрді. Нәтиже өте таң қаларлық, бір сөзben айтқанда, масқара! «Пилтдаун адамының» сүйектері адам мен маймылдың сүйектерін өте шеберлікпен құрастыру арқылы жасалғандығы әшкереленді. 500 жыл бұрын өмір сүрген адамның бас сүйегіне 60 жыл бұрын өмір сүрген Орангутан маймылының жақ сүйегі, жақ сүйегіне адамның тістері жасанды түрде өте шеберлікпен орнатылғандығы анықталды. Сүйектердің жанынан табылды делінген

ИМАНИ ГҮЛ

құралдардың қолдан жасалғаны да белгілі болды. Осыдан кейін ғана 40 жылдай Британ мұражайында тұрган бұл құрастырылған сүйек дереу шығарылып тасталды. Иә, өз мақсаттарын дәлелдеу үшін осындай айла, құлықтарға жүгінген ғалымсымақтардың қандай дәлелдеріне сенуге болады?⁵

Адам бас сүйегіндегі орангутанның жақ сүйегі



Жалған Пилтдаун адамының
қаңқасына салынған макет

⁵ Герчеге дөгрү журналы № 13, 10-бет. Гуфран Койунсу. 1996 ж.

Әр жан иесінің еркек-ұргашысы қалай пайда болды?

Эволюционерлер сатылай даму арқылы маймылдан адам пайда болды деп жар салып, оның қиялдан макеті мен суретін салды. Бір таң қаларлығы, маймылдан сатылай дамудың ең ақырғы кезеңінде пайда болған адам ретінде орта жастағы нәсілі батыстыққа жататын ер адамның бейнесі таңдалған. Бұл әрине батыс нәсілді адамдарды өзге адамдардан үстем етіп көрсетудің айқын көрінісі. Маймылдан адамға айналу кезеңіндегі дамудың ең соңғы үлгісі ретінде батыс нәсілді ер адамның бейнесін көрсеткен эволюционерлер әйел адамның қалай пайда болғанына келгенде, дерек көрсетпек түгілі ол туралы жақ ашпауда. Осы пайда болған ер адамға ішкі-сыйртқы бар жағынан үйлесімді түрде өзгеше даму жолы арқылы әйел баласы қалай және қай жерде пайда болды? Бұған байланысты қанағаттанарлық ғылыми қандай дәлелдер бар?

Ғаламдағы барлық жан иесінің еркектері миллиондаған жылда сатылай даму арқылы пайда болды дей тұрғанмен, солардың әрқайсысының ұргашы тектері қалай пайда болды деген сұрақ бәрібір мазаламай қоймайды. Әр жан иесі бөлек-бөлек даму жолдарымен пайда болды десек, олардың еркек-ұргашылары қалай бір-бірімен үйлесетіндегі тамаша күйде пайда болған? Өз ұрпақтарын жалғастыратындей мүмкіншілікке қалай ие болды? Бұл сұрақтарға «кездейсоқ» деп жалтарудан өзге түщымды жауап табу да мүмкін емес.

Өмір дегеніміз қырқыс, құрес пе?

Дарвинизм пікірін қолдайтындардың үстанатын екінші негіздері: «Жан-жсануарлар мен өсімдік әлемі тіршілікүшін үлкен күресте жүргізіп, бір-бірімен қырқысуда. Өмір үшін жүргізілген бұл күресте ең күштілері ғана тірі қалып, ал әлсіздерінің тұқымы құрып, жойылуда. Тірі қалғандардың ұрпақтары көбейіп, уақыт озған сайын бір түрден екінші түрге ауысып, өзгереді. Бұл өзгерістер жаңа ұрпақтарға да өтуде».

Олардың айтқанындай, егер әр жан иесі тіршілік үшін басқа жан иелерімен үнемі қырқыс, құрес үстінде болса, аналардың балаларына деген мейірімділігін, ақылсыз тауық сияқты құстардың балапандарын құтқару үшін жыртқыштардың аузына түсіп, өз жандарын балаларының жолында пида етулерін қалай түсінуге болады? Мысалы, теңіздеңі кейбір үлкен балық түрлері тамақтанғаннан кейін аузын ашып тұрады. Ал екінші бір кішкентай балық келіп тістерінің арасындағы еттерді тазалап, қорек етеді. Демек, өмір – қырқыс, құрес емес, өзара жәрдемдесіп, қомектесу. Әйтпесе кішкентай балық қорықпастан, емін-еркін жыртқыш балықтың аузында жүре алмасы анық. Үлкен балық та кішкентай балықтарға тиіспестен аузын ашып жай ғана тұра алмас еді. Дарвиннің айтқанындай, жан иелері арасында өмір үшін жасалған бұл қырқыс, құресте әлсіздердің тұқымы құрып, тек қана күштілері қалатын болса, жер бетіндегі әлсіз миллиондаған жан-жсануар, өсімдіктердің осы қунге дейін өз өмірлерін сактап, ұрпақтарын жалғастыруын, керісінше, ең күшті саналағын динозаврлар секілі ірі жыртқыштардың тұқымының тұздай құруын қалай түсінуге болады?

ТАБИГАТ ЖӘНЕ ТАБИГАТ ЗАҢДАРЫ ЖАРАТУШЫ БОЛА АЛМАС

Заң мен сол занғы қоюшының бірдей болмасы анық. Табигат занғаралының табигатты жаратуы мүмкін емес. Табигат өзінде болмаған қасиет пен ерекшеліктерді басқа бір жаратылысқа беруі тіпті мүмкін емес. Мысалы, адамдағы сана мен түрлі сезімдер табигатта жоқ. Олай болса, өзінде жоқ нәрсені табигат адамға қалай берсін? Адамды табигат қалай жаратсын? Көрмейтін, естімейтін, сезбейтін су, топырак, аудан құралатын табигат өзінен де керемет адамды және басқа жаратылысты жаратуы мүлдем мүмкін емес. Жаратылысты табигат жаратты деу – табигат өз-өзін жаратты деумен бірдей. Себебі табигат дегеніміз, ол – топырақ, су, ауа, ағаш, тас. Ал енді суды, ауаны, ағашты, топырақты, тасты табигат жаратты деуіміз, өз-өзін жаратты деген күлкілі жауап емес пе?

Табигат занғаралы мен нәтижелері және жаратылыстағы себептер мен салдарлары

Табигат занғаралы мен себептері өте әлсіз, ілімсіз, санасыз, сезімсіз бола тұра нәтижелері өте керемет, жүйелі, тамаша. Демек, табигат занғаралы мен жалпы себептерден пайда болатын нәтижелерінің арасында байланыс болғанымен, жер мен көктей сәйкессіздік бар. Мысалға, кішкентай бала саусағына ілген жіппен бір жүк машинасын сүйрекенін көрсек, себеп пен нәтиже арасында сәйкессіздік болғандықтан, әлгі машинаны сүйреп бара жатқан кішкентай бала емес, басқа бір жасырын қуат бар деген тұжырымға келер едік. Міне дәл осы секілді жан-жағымызда болып жатқан себептер мен салдарлар,

нәтижелер арасында бізді таң қалдырып, тамсандыратын өте үлкен сәйкесіздік бар. Жібек тәріздес, өте жіңішке тамырларымен нәзік өсімдіктер қатты тастар мен қара жерді қақ жарып шығады. Өте жұқа, нәзік жапырақтар ми қайнатар алтап ыстыққа күйместен, қурамастан тіршілігін, жасылдығын сақтап қалады. Өте әлсіз сперма мен адам баласының мына дүниеге келуі арасында байланыс болғанымен, өте үлкен сәйкесіздік бар. Олай болса, мұндай керемет жаратылыстарды жаратқан әлсіз, соқыр, білімсіз себептер мен табиғат заңдары бола алмасы анық.

Табиғат заңдары мен себептердің өзі де басқа себептерге мұқтаж

Табиғат заңдары мен жалпы себептер әрқашан басқа себептерге, заңдарға мұқтаж. Мұқтаж болған себеп пен заңдардың өзі басқа себептер мен заңдарға мұқтаж. Шексіздікке созылып кете беретін себеп, заңдардың бір жерде нүктеленіп, тұрақтауы тиіс. Мысалға, ағаштың пайда болуына ағаштың дәні себеп делік, ал сол дәннің пайда болуына не себеп? Тауықтың пайда болуына жұмыртқа себеп болса, жұмыртқаға не себеп?

Алма пайда болуы үшін себеп ретінде алма ағашының гүлдеуіне, алма ағашының гүлі ағашқа, бұтаққа, ағаш, бұтақтың өзі алма ағашының дәніне, ал дән топыраққа және топырақ қамтитын минералдарға, жылуға, жарыққа, аяға тәуелді. Осылай алманың пайда болуындағы себептерді тартылыс күшіне дейін созып, ұзата берсек те, мәселе шешілмейді. Сұрағымыз бітпестен алманың пайда болуы үшін көрсетілген соңғы себепке де, басқа себеп іздеріміз анық. Демек, себептерді себептерге байлаумен мәселе айқындалып, толық шешілмейді. Себептерді негізгі жаратушысына, яғни Алла Тағалага байлаған кездеғана сұрағымызға қанағаттанарлық жауап алып, көңіліміз

жай табады. Әйтпесе, әр себепке құдайлық сипаттар таңуымыз қажет болады. Ал әр себепке құдайлық сипаттарды таңу қысынға қайши. Ендеше, барлық себептерді жаратқан негізгі себеп бар. Ол, еш күмәнсіз, Алла Тағала.

АЛЛА ТАҒАЛАНЫ ТАНУ

*Әлемдегі ең үлкен
ақиқат – Ұлы Жаратушыны тану,
Оған деген махаббатты ояту.*

Алла Тағалага иман келтірген мұсылман баласы Оны көркем сипаттары арқылы тануға тиіс. Ұлы Жаратушыны тану дәрежесіне қарай адамның Оған деген махаббаты артып, үміті мен қоркуы күшейе түседі. Оны таныған сайын иманы күшейеді. Ұлы Жаратушысына деген жақындығын сезініп, тақуалығы мен тәуекелі арта түседі. Ұлы Иесін жеткілікті түрде таныған адам ғана күнә атаулыдан бойын мейлінше алыс ұстап, түрлі құдікті ойлардан аулақ жүреді. Адам ақылы Ұлы Алланы толық танып, біле алмайды. Өйткені адам шектеулі, ал Ол – шексіз. Десек те, Оны Құранда әрі хадистерде айтылған сипаттары арқылы танып-білуге міндеттіміз.

Ұлы Алланың сипаттары

Ұлы Алла бар әрі бір және барлық кемел сипаттардың шынайы иесі. Оған тек қана кемел сипаттар тән. Нұқсан сипаттардан Ұлы Иеміз пәк.

Алла Тағаланың сипаттары сәлби және субути болып екіге бөлінеді.

Сәлби сипаттары

Бұл сипаттар тек қана Алла Тағалаға тиесілі, Одан басқа ешкім бұл сипаттармен сипатталмайды. Жаратылыста бұл сипаттардың қарама-қайшылары бар. Сәлби сипаттар бесеу.

1. Әл-Қидам.

Алла Тағаланың бар болуының бастауы жоқ деген мағынаны білдіреді. Бұл сипат Алла Тағаланың әзәли екендігін, яғни, Ұлы Иеміздің барлығының алдында ешқашан жоқтық болмағандығын білдіреді. Оның бар болмаған ешбір заман, уақыт тіпті бір мезет жоқ. Заман, уақыт деген түсінікті Ол өзі жаратқан. Өйткені Алладан басқаның бәрі кейіннен пайда болып, Оның шексіз құдіреті мен бөгетсіз қалауы арқылы тіршілік бетіне шыққан. Иә, Алла Тағаланың бар болуының бастауы жоқ. Керісінше, Ол – кейіннен жаратылған барлық жаратылыстың жал-ғыз бастауы. Қидам сипатына қайшы мағынада келетін «худус» сипаты, яғни кейіннен пайда болу – Ұлы Жаратушы үшін әсте мүмкін емес. Себебі Алла Тағаланың өзі кейіннен пайда болса, Оны жаратқан біреу болуға, оны жаратқанды жаратқан тағы біреу болуға тиіс. Осылайша шынжырланып кете беретін еді. Ал бұлай кете беру мүмкін емес, әрі қисынға да қайшы.

2. Әл-Бәқаа.

Бар болуының соны, ақыры жоқ – мәңгі деген мағынаны білдіреді. Бұл сипат Алла Тағаланың мәңгі екендігінің, яғни, барлығының соны, ақыры жоқ екендігін білдіретін сипат. Алла Тағала әзәли яғни, барлығының бастауы болмағаны секілді соны да жоқ мәңгі. Соңдықтан

Оның жоқ болатын ешбір уақыт, ешбір заман, тіпті ешбір мезет болуы мүмкін емес.

Барлық жаратылыстың белгілі бір уақыттан кейін жоқ болып, көз алдымыздан кетуі – оларды жоқ еткен Ұлы Жаратушымыздың мәңгілігінің белгісі.

3. Әл-Үәхдания.

Бұл сипат «*bîreу, жалғыз, дара*» деген мағынаны білдіреді. Алла Тағала затында, барлық сипаттары мен істерінде жалғыз, біреу. Оның ортағы, серігі, теңдесі жоқ. Ұлы Алла көбеюден, азаюдан, бірігуден, бөлінуден, ажыраудан пәк. Өйткені бұның бәрі кейіннен жаратылғандардың ерекшеліктері. Алла Тағала бұндай нұқсан, кемшілік сипаттардан пәк әрі жоғары. Құллі жаратылыстағы барлық жарату, тірілту, өлтіру, рызық беру сияқты т.б. істердің негізгі болдыруыш себебі, яғни, себептердің себебі – еш теңдесі жоқ Ұлы Алланың Өзі ғана.

- Жалпы әлемнің, ондағы әрбір нәрсенің бір-бірімен тығыз байланыста болуы – Жаратушының бір екендігінің белгісі. Мысалы, бір ғана алманы жарату үшін жалпы әлемді жарата алатындағы күш-құдірет керек. Демек, алманы кім жаратса, оған керекті топырақты, топырактағы минералдарды және Жерден бірнеше есе үлкен Құнді, ауаны, суды да жаратқан – Сол Алла болуға тиіс. Құнді кім жаратса, Құн жүйесіндегі оған байлаулы бүкіл жүлдымыздарды да жаратқан – Сол. Құнді кім жаратса, көзімізді де жаратқан – Сол болуға тиіс. Себебі, көзді жаратып, жарықты жарат-паса, көзіміз көре алмас еді ғой. Егер көз клеткаларының атомдары Құн сәулесінен үйлесімді етіп жаратылмағанда, көзіміз еш ақаусыз көре алар ма еді? Мына әлемдегі барлық жеміс-жидектерге әр түрлі дәмді кім берсе, адамды жара-

тып, оған сол дәмді тату үшін дәм тату қабілетін де берген – Сол. Ер адамды кім жаратса, оған үйлесімді етіп, бейне бір минус пен плюс іспетті бір-бірін толықтыратын кейіпте әйел затын жаратқан да Сол бір Алла болуы ләзім.

Іә, жалпы ғалам, ондағы әрбір нәрсе бір адамның денесіндегі ағзалардай бір-бірімен тығыз байланыста болып, бір кісідей әрекет етуде. Тіпті олардың біреуінің ақау келтіруі басқаларға әсер етеді. Ендеше, бұлардың барлығын жаратқан және басқарып, бақылат тұрған құдіретті Жаратушы – біреу.

- Әрі күллі жаратылыстағы үқастық бір Жаратушының құдіретінен шыққандығына дәлел. Мысалы, барлық адамдардың, жан-жануардың ағзаларының үқастығы және атомның айналасындағы электрондар мен Күн жүйесінің үқастығы секілді сансыз үқастықтар – бәрінің де жаратушысы бір екендігін білдіреді.

- Әлемдегі тендессіз де үйлесімді таңғажайып жүйе олардың Жаратушысының бір екендігін тайға таңба басқандай айқын білдіреді. Егер Алладан басқа тәнірлер болған жағдайда, әлемдегі бұл керемет жүйенің тас-талқаны шығар еді. Мысалы, бір тәнір Күннің Жерді айналуын қаласа, екінші бірі Жердің Күнді айналуын қалауы мүмкін. Ал екеуінің де қалауы бір уақытта жүзеге асуы мүмкін болмағандықтан, мына әлемдегі жүйе, тепе-тендік бұзылар еді. Құранда бұл ақиқат былай деп баяндалады: **«Егер жер мен кокте Алладан басқа тәнірлер болғанда жер мен көк тас-талқан болып бұзылар еді»⁶.**

Егер тәнірлердің екеуі де бірдей бір қалауда тоғысып, келіседі делінсе, онда екеуі де қалаулары шекті, бір-бірлерінің қалауынан тыс әрекет ете алмайтын және бір-біріне тәуелді әрі әр қалағанын істей алмайтын әлсіз

⁶ Әнбия сүресі/22.

болмақ. Ал әр қалағаның істей алмайтын әлсіз, қалауы басқаларға тәуелді нәрсе ешқашан Алла бола алмайды.

• Бір мектепте екі директор, бір қалада екі әкім, бір мемлекетте екі президент болуы мүмкін емес. Өйткені ешкім өзінің ісіне басқаның араласуын, екінші бір ортақты қаламайды. Қалауы мен күш-куаты шектеулі адам баласының өзінде осылай болып жатса, күллі ғаламның жаратушысы Алла Тағала өзінің салтанатты патшалығына, тендересіз құзіретіне басқа біреудің араласуын қалай ма? Әлбетте, қаламайды. Себебі, шынайы Алла, нағыз патшалық басқаның бүйрығына бас имейді, өзгениң иненің жасуындай араласуын қаламайды. Ешбір ортақ пен серікті қабылдамайды.

4. Әл-Мухалафатул лил-хаудис.

Кейіннен пайда болғандарға еш ұқсамау деген мағынаны білдіреді. Бұл сипат – Алла Тағаланың кейіннен жаратылғандардың ешқайсысына мүлдем ұқсамайтындығын немесе ешбір нәрсенің Оған ұқсамайтындығын білдіретін сипат.

Алла Тағаладан өзге барлық нәрсенің, күллі жаратылыстың бастауы және соны бар. Ұлы Жаратушыдан басқаның бәрі кейіннен пайда болған. Міне, Алла Тағала осы кейіннен пайда болғандардың ешқайсысына ұқсамайды. Әрі олардан бөлек, өзгеше. Сондықтан ғұламалар: «*Ақылға, қиялымызға, ойлау кеңістігімізге қандай нәрсені пайымдасақ та Алла Тағала одан басқа, әрі өзгеше*», – деп Хақ Тағаланың еш нәрсеге ұқсамайтындығына назарымызды аударған. Өйткені барлық нәрсе Алла тараپынан кейіннен жаратылған. Ал жаратылған нәрсе деңе, тұр, уақыт, мекен сияқты ерекшеліктерге тәуелді болғандықтан үнемі өзгереді, ауыса-

ды және бір-біріне ұқсайды. Сонында бәрі пәнилікке бас иеді.

Іә, жаратылғандар көптеген нәрсеге мұқтаж. Олар өз ерекшеліктеріне қарай туып-өсуге, заман мен мекенге, ішіп-жеуге, тоқтауға және қозгалысқа, отырып-тұруға, қуанып-қайғыруға, шаршауға, дем алуға мұқтаж. Ал Ұлы Алла Тағала бұлардың ешқайсысына мұқтаж емес. Керісінше, бәрі Оған мұқтаж. Өйткені жаратылыстың ешқайсысы жоқ кезде де Ол бар еді. Өйткені Алла Тағаланың барлығының бастауы жоқ – әзәли, соны жоқ – мәнгі. Алла Тағаланың еш тенденсі жоқ әрі шексіз болғандықтан, біздер Оны толық түсіне алмаймыз. Себебі, біз кез келген нәрсені көрген, білген нәрсемізге салыстыру арқылы ғана түсіне білеміз. Алла Тағала Құранда: «**Оның еш ұқсасы жоқ**»⁷. «**Оның еш тенденсі жоқ**»⁸ – дейді.

5. Қиям би нәфсиһи.

Бар болу үшін басқа біреуге мұқтаж болмау деген мағынаны білдіреді. Алла Тағала бар болу үшін басқа бір жаратушыға яки, белгілі бір мекенге, арнайы бір уақытқа, жалпы себепке мұқтаж емес. Егер Алла да бар болуы үшін басқа бір себепке мұқтаж болса, жаратушы емес жаратылған болар еді. Ал Ҳақ Тағаланың жаратушы һәм жаратылған болуы ақылға теріс. Алланың бар болуы сырттан басқа бір құштің жаратуы арқылы емес. Өйткені Оның барлығының бастауы жоқ, яғни, кейіннен пайда болмаған – әзәли.

Алла Тағала еш нәрсеге мұқтаж емес. Керісінше құллі жаратылыс Алла Тағалаға мұқтаж. Егер Алла Тағала мына ұшы-қиыры жоқ әлемнен бір мезет байла-

⁷ Шура сүресі/11

⁸ Ықылас сүресі/4.

нысын үзсе, күллі жаратылыс быт-шыт болып тарыдай шашылып, әлемдегі жалпы жүйе бұзылар еді.

Алла Тағала «*Фатыр*» сүресінде былай дейді: «**Ей, адамдар, Аллаға мұқтаж болған сендерсіндер. Ал ешкімге мұқтаж емес, әрі күллі мақтауға лайық тек Алла ғана**».

Субути сипаттары

Алла Тағала – барлық кемел сипаттардың шынайы иесі. Ондағы барлық сипаттар шексіз және кейіннен пайда болмаған әрі соны жоқ, мәңгі. Жаратылыстағы әсемдік пен сұлулық – Ұлы Жаратушының еш тендессіз көркемдігінің белгісі. Әр нәрседегі шеберлік – Оның тендессіз шеберлігі мен құдіретінің дәлелі. Жаратылыстағы тіршілік – Оның тірі екендігінің айғағы. Фаламдағы ұлкенді-кішілі барлық тіршілік атаулының рызықпен қамтамасыз етілуі – Оның «*Раззақ*» яғни, рызық беруші екендігінің көрінісі. Адамға ілімді, қалауды, күш-куатты, өмірді берген Ұлы Иеміздің ілімсіз, қалаусыз, құдіретсіз, тірі болмауы мүмкін емес.

Субути сипаттар сегіз. Олар мыналар:

1. Хаят.

«*Тірі болу*» деген мағынаны білдіреді. Алла Тағала тірі әрі тірілігі мәңгі. Әр нәрсеге, өлі топыраққа, жалпы жаратылысқа жан беріп, тіршілік иесі еткен Алла екені сөзсіз. Бұл сипат Ұлы Алладан бір мезет болса да ажырамайды. Өйткені Оның кемелдігі тек қана мәңгі тірі болу арқылы жүзеге асады. Бұл сипатқа қарама-қайшы мағынадағы өлі болу – Алла Тағала үшін есте мүмкін емес. Алла Тағаланың Тірі болу сипаты Ілім, Қалау, Құдірет және басқа сипаттарымен тікелей байланысты. Өйткені

тірі болмағанның бір нәрсені білуден, қалаудан және жа-
ратудан макұрым қалатыны айтпаса да түсінікті.

Ұлы Жаратушымыз тірі әрі мәнгі дедік. Себебі, жаратылыстағы кез келген жансыз нәрсенің өз-өзінен тіршілік иесі болуы мүмкін емес. Демек, Ұлы Жаратушымыз – барлық жан иелеріне рух беріп, тіршілік бетіне шығарған тіршіліктің шынайы иесі, әрі қайнар бұлағы.

«Фурқан» сүресінің 58-ші аятында: «**Мәнгілік өлмейтін тірі Аллаға тәуекел ет**» - делінген.

2. Ілім.

Бұл сипат «білу» деген мағынаны білдіреді. Ұлы Алланың ілімі жаратылғандардың ілімі секілді таяз, шектеулі әрі кейіннен жиналған емес. Оның ілімі шексіз, еш құралды қажет етпейді және барлық нәрсені қамтитындай өлшеусіз. Иә, Алла Тағала – әр нәрсені білуші. Ол жарияны білгені секілді құпияны да біледі. Жалпыны білгені секілді жалқыны да біледі. Үлкенді білгені секілді кіші де біледі. Барлық өткен заманды толық білгені секілді келешекті де біледі. Жердің астындағыны білгені сияқты қөктегіні де біледі. Көзге қөрінетінді білгені сияқты қөрінбей жасырын көмес қалғанды да біледі. Барлық болып-кеткенді білгені тәрізді бүкіл болатынды да біледі. Себебі, оның ілімі кейіннен үйрену, оку арқылы пайда болмаған. Оның ілімінің бастауы жоқ – әзәли. Міне, сондықтан Оның ілімі үшін үлкен мен кішіні, жария мен құпия арасында еш айырмашылық жоқ. Оның ілімінен ешбір нәрсе тыс қалмайды. Құранда: «*Гайб әлемінің (көместің) кілттері тек Оның құзырында. Оны Өзінен басқа ешкім білмейді. Және Ол жердегі, теңіздеңі барлық нәрсені біледі. Тіпті бір жапырақ түссе де Ол міндетті түрде одан хабардар. Жердің қараңғы қабаттарындағы бір тал дән де, құргақ*

және дымқыл барлық нәрсе де ашық кітапта бар»⁹, - дедінеді.

Іә, Алланың ілімінен ешбір нәрсе тыс қалмайды, қалуы да мүмкін емес. Өйткені бүкіл нәрсені білмеген, олардың әрбір жағдайынан хабардар болмаған құдірет шыныай Алла бола алмайды. Осыншама тамаша да керемет мағыналы әлемді, әлемдегі әрбір нәрсені жаратада алмайды. Әр түрлі қажеттері бар сансыз жаратылғандарды басқаруы да мүмкін емес. Мысалы, Алла Тағаланың барлық жас сәбилерге ананың қараңғы құрсағында ыңғайлыш қорегін беріп, дүниеге келгеннен кейін қорегін өзгертуіп, анасының омырауынан оған ең керекті витаминдерді қамтыған ақ сүтті беруі – баланың қажетін, оған нениң керек, нениң керек емес екенін билетін шексіз ілімінің дәлелі болса керек. Баланың қажетін білмеген Алланың оған осы ең ыңғайлыш қоректі беруі мүмкін бе?

Мына әлемдегі тамаша тәртіп пен ақау-кемшіліксіз жүйе, тендессіз сұлулық пен көркемдік – Ұлы Алланың әр нәрсені қамтыған шексіз ілімінің белгісі әрі дәлелі.

Ұлы Алланың әр нәрсені билетініне бек сенген жан әрқашан әр қадамын байқап басып, әрбір істеген ісін абайлап атқарады. Мұндай адамның аузынан ешқашан былапты сөз шықпайды, ешбір адам туралы жаман ойлап, ешкімге зиянын тигізбейді. Ешкімнің ақысын жеп, зұлымдық жасап шектен шықпайды.

Өзінің әрбір ісін, әрбір қимыл-әрекетін, тіпті әрбір ойын біліп тұрган ілімі шексіз Аллага иман келтіріп, жүргегіне бекем түйген жандар ешкім көре алмайтын таса жерде болса да, Оның бүйрықтарына қарсы шығып, тыйымдарын бұзбайды. Мұндай жандар Алланың жердегі әрі көктегі сүйікті құл тұғырына көтеріліп, адамдардың арасындағы ең сенімді тұлғаға айналады.

⁹ Әңғам сүресі/59.

3. Сәмғ.

*Алла Тағаланың көрмегі, естімегі
біз секілді көзбенен, құлақпенен емес.*

Абай

Бұл сипат «есту» дегенді білдіреді. Ұлы Иеміздің естіп, білуі жаратылғандардікі сияқты шекті, нұқсан әрі себеп-қурал, дәнекерге мұқтаж емес. Иә, Алла Тағала әр нәрсені естіп біледі. Оның бір нәрсені естуі басқа нәрселерді естуіне бөгет емес. Өйткені Алланың бұл сипаты кейіннен пайда болмаған. Алла Тағаланың естуі жаратылғандардың естуіне мүлдем ұқсамайды. Себебі, жаратылғандардың естуі кейір ағзалардың, құралдардың көмегі арқылы жүзеге асады. Ал Алла Тағала ешбір құралға, ешбір себепке тәуелді емес. Міне, сондықтан ең жасырын, ең құпия дыбыстар да Оның естуінен тыс қалмайды.

Алла Тағаланың өзіне жалбарынған құлдарының жасырын және құпия әр түрлі зікірлерін, дұға-мінәжаттарын қабыл етіп, хикметіне сай мұқтаждықтарын қамтамасыз етуі – Оның әр нәрсені толық еститіндігінің дәлелі.

Есту сипатына қарама-қайшы мағынадағы – естімеу, санырау дегендер кемшілік болғандықтан, барлық кемел сипаттардың шынайы иесі, құллі нұқсан сипаттардан пәк Алла Тағала үшін мүмкін емес.

4. Басар.

Бұл сипат «көру» деген мағынаны білдіреді. Алла Тағала өзінің ұлылығына әрі шексіздігіне лайық дәрежеде көру сипатымен сипатталады. Ұлы Алла Тағала әр нәрсені кемел түрде еш нәрсенің көмегінсіз, ешбір құрал-жабдықсыз біліп, еститіні секілді әр нәрсені еш кемшіліксіз, еш нәрсенің көмегінсіз көреді. Оның

ілімі және естуі шексіз болғаны секілді көруі де шексіз. Оның бір нәрсені көруі басқа нәрселерді көруіне бөгет емес. Оның көруінен ең кішкентай атом да, басқа да тыс қалмайды. Оның назарында жасырын мен құпия, жарық пен қаранды, алыс пен жақын, үлкен мен кішінің арасында ешбір айырмашылық жоқ. Құранда: «Еш құмәнсіз Алла көктегі және жердегі ғайыпты (көмес нәрселердің бәрін) біледі. (бұларды білген Алла) Әлбетте, сендердің барлық істеп жатқан істерінді көруде»,¹⁰ - делінеді.

5. Ирадә.

Бұл сипат «қалау» деген мағынаны білдіреді. Ұлы Алланың қалауы әзәли және еш бөгетсіз. Қалағаны еш құмәнсіз орындалады. Қаламаған нәрсесін күллі әлем жиналып іске асырмак болса да, жүзеге аспайды. Оның қалауына ешкім тосқауыл бола алмайды.

Жоқтықтан тіршілік әлеміне шығарылған сансыз жаратылыстың миллиондаған түр-түрпат, түстерге бөлініп, әр түрдің өзіне тән ерекшеліктерге ие болуы – Оның еш бөгетсіз қалауының дәлелі. Мысалы, сансыз ағаштардың, миллиондаған гүлдердің, түрлі жеміс-жидек, жалпы өсімдіктердің бір су, бір топырақ, бір ауамен, бір күннің жарық-жылуымен коректенгендеріне қарамастан әр түрлі болып, сан алуан ренге боялуы, неше түрлі хош иіс, дәммен безенуі – Оның әзәли қалауының белгінешшаны.

Жаппар Иеміз хикметіне орай қалағаның қалаған түрде, қалаған уақытында жаратады. Сондай-ақ қалағаның қалаған уақытта өзгертіп, қалаған уақытта жоқ етеді. Қалағанына байлық беріп, қалағанына кедейлік шапанын кигізеді. Қалағанының дәрежесін көтеріп,

¹⁰ Хужурат сүресі/18.

қалағанының абыройын айрандай төгіп, төмен түсіреді. Құранның тілімен айтқанда: «**Ей, барлық мұліктің шынайы иесі – Алла Тағалам!** Сен мұлікті қалағаныңа беріп, қалағаныңнан қайта аласың. Қалағаныңның мәртебесін көтеріп, қалағаныңды төмен түсіріп қорлайсың. Құллі ізгілік пен қайырлы істер тек қана Сенің қолында. Әлбетте, сенің барлық нәрсеге құдіретің толық жетеді»¹¹, – деп айт.

6. Құдірет.

Бұл сипат «*куш-қуат*» деген мағынаны білдіреді. Ұлы Жаратушымыз – шексіз және мәңгі құдірет иесі. Қаласа құллі әлемді бір мезетте бар етіп, бір сәтте жоқ етеді. Оның құдіреті кейіннен пайда болмаған, яғни, бастауы жоқ әрі мәңгі. Оның шексіз құдіреті үшін кішкентай атомды жаратуымен сансыз галактикаларды, ондағы сансыз жұлдыздарды жарату оңайлық жағынан бірдей. Сондықтан көк жүзіндегі Күн, Ай, басқа да ұшы-қыры жоқ жұлдыздар, жердегі жалпы жаратылыс – Оның құдіретіне бас иіп, еш ақау-кемшілікіз мына таңғажайып үйлесімді жүйені бұзбай әрекет етуде.

Алла Тағаланың шексіз құдіретін қабылдаған иманды адам Оның еш тендессіз ұлылығының алдында бас иіп, тағым етері сөзсіз. Құдіретіне тамсана таң қалып, рухы шат-шадыман болады. Оның қасиетті бұйрықтарын орындаپ, тыйымдарынан алыс болуға тырысып бағады. Бұл істерімен тек Оның ризалығын алуды мақсат етеді. Себебі бұндай түсінікке, иманға ие болған асыл жандар Раббыларының ризашылығына бөлениген жағдайда, өзінің барлық арман-мұраттарына жететінін біледі. Себебі, тек Оның шексіз құдіреті ғана барлық тілектерін орындаі алады.

¹¹ Әли Фимран сүресі/26.

7. Кәлам.

Бұл сипат «сөйлеу» деген мағынаны білдіреді. Ұлы жаратушымыз Алла Тағала сөйлеу сипатына ежелден ие. Иә, Оның кәлам сипаты кейіннен пайда болмаған және әр түрлі әріп, дыбыстарға мұқтаж емес. Алла Тағала сөзін Өзінің ұлылығына лайық түрде періштеріне естіртіп жеткізеді. Ұлы Жаратушымыздан түскен бүкіл кітаптар мен уахилер осы сипаттың дәлелі әрі жердегі көрінісі.

8. Тәкуин.

Бұл сипат жоқты бар етіп яки бар нәрседен екінші бір нәрсені жарату деген мағынаны білдіреді. Алла Тағала барлық әлемді және қалаған нәрсесін кемшіліксіз хикметіне орай бар етіп жаратуы тікелей осы сипатқа байланысты. Әлемдегі сансыз әрі сан алуан жаратылыс – осы сипаттың айқын дәлелі. Алланың «кун!» яғни «бол!» деген бүйрығы арқылы кез келген нәрсе әпсөтте бар болады. Жүсіп Баласағұн Ұлы Жаратушының бұл сипатын мына бір жыр жолымен тамаша жеткізген:

*Қалады да, жаратты бар болмысты,
«Бол!» – деді де, бірден бәрін болғызды.*



ПАЙҒАМБАРЛАРҒА ИМАН

«(Уа, Мұхаммед!) Біз сені барша адамзатқа оларды тек (жәннатпен) сүйіншілеуши және (тозақтан) ескертуші етіп жібердік. Бірақ адамдардың көбі мұны білмейді»

«Сәбә» сүресі

«Біз бүкіл адамзат баласына нұр шашқан киелі Құран – түсken Мұхаммед (саллаллаһу аләйхи уә сәллам) пайғамбарға мәңгілік қарыздармыз»

Гете

ПАЙҒАМБАРЛАРҒА ИМАН

Пайғамбарларға иман – Ислам дініндегі иман негіздерінің бірі. Пайғамбарларға иман ету – олардың Ұлы Жаратушы тарапынан арнайы таңдалып, елші етіп жіберілгендіктеріне және олардың жеткізген барлық хабарларына күдіксіз сену деген сөз. Алла Тағала мұсылмандарға жер бетіне келіп-кеткен барлық пайғамбарларға иман етуді бұйырады. Яғни, Құранда аты айтылған пайғамбарлардың кейбіреуіне иман етіп, кейбіреуіне сенбеке қатаң тыым салынады. Біз, мұсылмандар, өзіміздің соңғы пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.у.) Алла Тағала тарапынан жіберілген арнайы елші екеніне қалай иман келтірсек, басқа пайғамбарларға да дәл солай иман келтіреміз. Құранда: «**Кімде-кім Аллаға және Оның періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына және ақырет құніне иман келтірмесе, қатты адасады...»¹² - дегендегі**

Жер бетін нұрландырып, адамзатқа тұра жолды нұскап, ақиқат передесін ашып, екі дүние бақытын көрсету үшін Ұлы Жаратушы тарапынан жіберілген жалпы пайғамбарлардың толық әрі нақты саны бір Аллаға мәлім. Құранда тек жиырма бесінің аты аталған. Құранда есімі көрсетілген Узайр, Лукман, Зулқарнайн атты үш кісінің пайғамбар яки үлкен әулие екендігі жайлы ғұламалардың арасында әр түрлі пікір бар.

Жер бетіне жіберілген барлық пайғамбарлар арнайы бір қауымға белгілі бір уақыт үшін ғана келсе, әз елші Мұхаммед (с.а.у.) қияметке дейінгі барлық адамзат үшін ақырғы пайғамбар ретінде жіберілуімен ерекшеленеді. Ол (с.а.у.) өзіне дейінгі барлық пайғамбарлардың

¹² Ниса сүресі/136.

ерекшеліктегі мен мәртебелеріне ие болса, Оның (с.а.у.) алып келген ислам діні алдыңғы барлық діндердің мән-мазмұнын қамтиды. Пайғамбарлық міндеті оның елшілігімен нұктеленгендікten одан кейін ешбір пайғамбар келмек емес. Алла елшісі (с.а.у.) келгеннен кейін барлық пайғамбарлардың алып келген діндерінің үкімі тоқтады.

Құранда аты аталған пайғамбарлар

1. Адам (а.с.)
2. Идрис (а.с.)
3. Нуҳ (а.с.)
4. Әнуд (а.с.)
5. Салих (а.с.)
6. Ибраһим (а.с.)
7. Лут (а.с.)
8. Исмайл (а.с.)
9. Исхак (а.с.)
10. Шуғайб (а.с.)
11. Яқуб (а.с.)
12. Юсуф (а.с.)
13. Эйюб (а.с.)
14. Зулкифл (а.с.)
15. Юнус (а.с.)
16. Мұса (а.с.)
17. Һарун (а.с.)
18. Иляс (а.с.)
19. Элиаса (а.с.)
20. Дәуід (а.с.)
21. Сұлеймен (а.с.)
22. Зәкария (а.с.)
23. Иахия (а.с.)
24. Иса (а.с.)
25. Мұхаммед (с.а.у.)

Адамзаттың пайғамбарға мұқтаждығы

Адам баласы – санасы мен ерік-қалауы бар жаратылыш. Қалаған нәрсесін сөйлеп, қалаған жағына бара алады. Жалғыз емес, қоғам болып өмір суреді. Басқалармен үнемі қарым-қатынас, байланыста. Бойында әр түрлі қасиеттердің көзі бар. Тас сияқты қатты, макта сияқты жұмсақ та бола алады. Мейірімді де, қатігез де бола алады. Ал басқа жаратылыш олай емес. Мысалы, арыстан әрқашан жыртқыш, ал қой үнемі жуас, момын. Алма ағашында өрік, өрік ағашында алма өспейді. Қарға бұлбұл секілді ән салып, бұлбұл карғадай қарқылдай алмайды. Өйткені барлығы өзгермейтін тұрақты қасиеттерге ие. Ал адам жақсы-жаман әр түрлі қасиеттерді бойында жинай алатындей кейіпте жаратылған. Иман етуі де, етпеуі де өз қолында. Қаласа сауатсыз, қаласа ғалым бола алады. Тілінен туралық та, жалған да шығуы мүмкін. Қолын қанға былғап, қатігездікте жыртқыштарды да артқа қалдыруы мүмкін. Дәл осы адам мейірімділікті ту етіп, шартарапқа бейбітшілікті жаюы да ықтимал. Міне, адам баласы осындей түрлі қалау мен сан алуан қасиеттердің иесі болғандығы үшін мына дүниеде ол үшін сынақ әрі ана дүниеде жәннат, тозақ бар. Міне осындей әр түрлі жолға бағыт бұруға бейім адам үшін тұра жолды көрсететін, әлемнің сырын ашып, оның қайдан пайда болғанын, кімнің жаратқанын, жаратылуындағы негізгі мақсат-міндептін түсіндіріп, жауабына қол жеткізе алмайтын небір сұрақтарына қатесіз жауап беретін, әрбір ісінде үлгі болатын шамшырақ керек. Ол – Ұлы Жаратушы тарапынан жіберілген пайғамбарлар екені шүбесіз. Жалғыз ғана ақыл бұларды еш қатесіз, көміл түрде шешуге жеткілікті емес. Дін нұрын шырақ тұтпаған небір зерек ақылдылардың, атақты пәлсапашылардың жаратылыстың сырын аша ал-

май орта жолда шаң қауып қалғаны немесе қате түсініп адасқаны, адасып тығырыққа тірелгенде ақылынан айырылып, жынды болып кеткеніне тарих куэ.

Иә, адамның бүгін тұра дегені ертең қате болып жатады. Бұған күн сайын өзгеріп отырған сансыз «изидер» дәлел. Әлірек айтсақ, көбіне «ақыл» адамды тек біржакты бағалайды. Ақылдың ойлап тапқан «коммунизм» секілді басқа «изидер» де адамды тек материалдық тұрғысынан әрі осы дүниемен шектеп қана қарастырады. Оның рухани жан дүниесін және мәңгілік екінші дүниесін ұмыт қалдырады. Міне, дін адамды һәм рухани, һәм заттық, һәм екі дүние таразысының басын тен ұстап бағалағандықтан, адам дінге, дінді жеткізетін пайғамбарларға әрдайым мұқтаж. Діні жоқ ешбір қауымның жоқтығы осының белгісі. Қысқасы, Құран тілімен айтқанда: **«Жаратушы жаратқаның білмейді ме?»¹³**.

- Егер пайғамбарлар келмегендеге Ұлы Жаратушыны толық, кемел сипаттарымен қатесіз тану мүмкін болmas еді. Жаратушы деп түкке тұрмайтын нәрселерге құлшылық жасап, табынуы әбден мүмкін. Пайғамбарға сенбеген қауымдардың жаратушы деп өз қолдарымен жасаған пұттарға, Ай, Күн, жұлдыздарға сыйынғандары, міне, осы тұсты айқынданай түседі.

- Адамның ақылы «Дүниеге не үшін келдім? Міндетім, мақсатым не? Жаратушым менен нені талап етеді?» деген сұраптардың жауабына жете бермейді. Адам «өзін мақсатсыз, басым бос» деп пайымдайды. Жақсы-жаман, адал-арам деп талғамай, қалағанын істейді. Сондықтан адамға жаратылуындағы мақсатын, адамдығына сай міндетін түсіндіріп, Ұлы Жаратушысының бұйрықтары мен тыйымдарын жеткізетін пайғамбарлар керек.

¹³ Тәбарақ сүресі/14

• Адам баласына өлімінен кейінгі құбылыстар мүлде беймәлім. Сондықтан пайғамбарлар адамға өлгеннен кейін қайта тірілетіндігін, дүниеде істеген әрбір ісінен сұрақ алынып, жәннатпен марапатталып яки тозақпен жазаланатынын түсіндіріп, ескерту үшін жіберілген.

• Пайғамбарлардың жіберілу мақсатының бірі – үмбеттеріне қайталаңбас үлгі-өнеге көрсету. Алла Тағала Құран Кәрімде: «**Міне, солар (пайғамбарлар) нағыз Алланың тұра жолға салған құлдары. Ендеше, сен де олардың тұра жолына ілес!**¹⁴» – делінсе, басқа бір аята: «**Расында, сендерге, Алладан және ақырет күнінен үміт еткендер мен Алланы көп зікір еткендер үшін Алланың Елшісінде жақсы үлгілер бар**», - делінеді¹⁵.

Пайғамбарлар – біз үшін жолбасшы әрі имам. Намазда имамға ұйығанымыздай, өмірдің әр қадамында Оны үлгі тұтып, Оның жолымен жүреміз. Бізге нағыз шынайы өмірді пайғамбарлар ғана көрсете алады. Исламның алғашқы дәүірін көргендег Алла елшісінің (с.а.у.) қасқағым сәттерін де қалт жібермей мұқият қадағалап, Одан үлгі-өнеге алып отырған.

• Пайғамбарлар дүние мен ақырет тепе-тендігін құру үшін келген. Олардың әкелген тепе-тендігімен адам баласы өмір жолының астамдығы мен нұқсандығынан құтылып, дұрыс бағытын табады. Бұл – поптар мен монахтардай дүниені тәрк етіп, монастырларға қамалып, елден бөлектену, тұмшаланған әлемге кіріп, ғұмыр бойы жалғыз өмір сұру емес, керісінше, үнемі орта жолдан айрылмай, дүние мен ақыреттің өзіндік салмағына қарай тепе-тендік сақтай ғұмыр кешу. Бұл – уахидың (Алладан келген хабар) нұрлы әлемінде ғана қол жеткізуге болатын табыс. Пайғамбар жеткізген ақиқаттан мақұрым

¹⁴ Әнғам сүресі 90-аят.

¹⁵ Ахзап сүресі 21- аят.

жалаң сана арқылы мұндағы тепе-тендік орнығы әсте мүмкін емес. Құран Қәрім осы тепе-тендік жайында: «**Алланың саған берген бар мүмкіншілігімен ақырет жұртын іздең, соған ұмтыл. Бірақ дүниедегі несібенде де ұмытпа. Алла саған жақсылық еткендей, сен де өзгелерге жақсылық істе. Сондай-ақ, жер жүзінде бұлікке ілеспе. Құдіксіз Алла бұлікшілер мен содырларды жақсы көрмейді**»¹⁶ - дейді¹⁷.

• Ақыретте «*бізге пайғамбар жіберіп, тура жолды көрсеткеніңде адаспайтын едік*» деп сылтауға басқысы келетіндердің аузына құм құйылуы үшін, оларға хақ пен нахақты түсіндіріп, жеткізетін пайғамбарлар жіберілген. Осылайша сылтауларының алды алынған. Бір аят бұл мәселені былай баян етеді: «**Елшілерден кейін Аллаға айтар желеуі болмас үшін пайғамбарларды сүйіншілеуші әрі ескертуші етіп жібердік: Алла Азиз (аса ұstem), Хаким (хикмет иесі)**»¹⁸.

Пайғамбар сипаттары

Адамзат пайғамбарларға қарап, жалпы істерінде бағыт түзеп, бағдар алады. Олар – адамға әрбір істе қайталанбас үлгі, ізгілікте қол жетпес биік шың, адасқанға жол сілтейтін жарық жұлдыз. Адамзат үшін осындай асыл міндеттермен жүктелген пайғамбарлардың бойында міндетті түрде табылуы тиіс сипаттар бар. Бұлар бесеу:

1. Испет. Барлық пайғамбарлар пайғамбарлық міндетпен жүктелмес бұрын да, кейін де барлық күнә атаулыдан пәк. Қысқасы, күнә пайғамбардың түсіне

¹⁶ Қасас сүресі 77-аят.

¹⁷ М. Фатхуллаһ, Ән-нурул-халиду Мухаммадун мафхаратул-иснания, муассисатул-Рисәлә, 1-том, 69-77 бет. Бәйрут. ауд: Ахмет Әшен.

¹⁸ Ниса сүресі 165-аят.

де кірмейді. Егер адамзатқа тұра жолды көрсетіп, әрбір істерінде шамшырак, үлгі болу үшін жіберілген пайғамбарлар да күнә істейтін болса олардың артынан ешбір адам үмбет болып ермес еді. Міне, сондықтан барлық пайғамбарлар күнә атаулыдан Ұлы Жаратушы тарапынан арнайы қорғалған.

2. Сидқ. «*Тұралық*» деген мағынаны білдіреді. Барлық пайғамбарлар сөйлеген әрбір сөздері мен істеген әрбір ісінде туралықты ту етеді. Олар ешқашан болған жайды бұрмалап айтпайды. Қандай жағдай болса да, ешқашан жалған сөйлемейді. Раббысының баянын жеткізетін пайғамбардың жалған сөйлеп, халық алдындағы сенімділіктерін аяққа таптауы, осылайша өз міндеттеріне ақау келтіруі мүмкін емес.

3. Аманат. «*Сенімділік*» деген мағынаны білдіреді. Эрбір пайғамбар адамдар арасындағы ең сенімді тұлға. Ешкімді алдамайды, ешбір аманатқа иненің жасуындай да қиянат жасамайды. Қысқасы, пайғамбарларды жер бетіне сенімділікті орнату үшін жіберілген сенімділіктің жарқын үлгісі.

4. Фэтэнат. «*Тек қана пайғамбарларға тән зеректік, ерекше зейінділік*» деген мағынаны білдіреді. Алла Тағаланың дінін жеткізуші барлық елшілер пайғамбарға ғана тән ерекше зейінге, асқан зеректікке ие. Себебі, пайғамбарлық – өте ауыр міндет. Қоғамдағы өте зерек, әрі оқыған білгір ғалымдарға, түрлі қабілетке ие тұлғаларға Алланың баянын жеткізіп, сұраптарына қанағаттанарлық жауап беру үшін еш күмәнсіз бұл міндетпен жүктелген пайғамбарлардың ерекше зейін, зерек қисынға ие болуы ләзім.

5. Тәбліғ. «*Жеткізу*» деген мағынаны білдіреді. Барлық пайғамбарлар Алладан алған уахиді еш өзгертіп-бұрмаламастан қаз-қалпында жеткізуғе міндетті. Құранда

бұл турасында былай делінеді: «**Уа, Расулым! Саған түсірілгенді адамдарғажеткіз. Егер мұны орында масаң, елшілігінді (пайғамбарлық миссиянды) жеткізбеген боласың...**»¹⁹.

Ақырғы пайғамбар – Мұхаммедтің (с.а.у.) хақ екендігінің дәлелдері

Тіліміз берілген жүргімізден терең орын алған «*Лә иләһ
и ллаллаң*», «*Алладан басқа тәңір жоқ*» сөзінің ажырамас бөлігі «*Мұхаммәдур-расулуллаң*» яғни, «*Мұхаммәд Оның Елшісі*» сөзі – ислам дінінде негізгі сенімдердің бірі. Төменде Оның Алланың адамзатқа жіберген шынайы елшісі екендігін білдіретін нақты дәлелдер көлтірлген. Оның шынайы пайғамбарлығының дәлелдерін қамтып жазу ешкімнің қолынан келер іс емес екені анық. Өйткені Оның (с.а.у.) киелі аузынан шыққан әрбір сөзі, әрбір іс-кимылды, қысқасы, өмірінің әрбір сәті – күндей жарқырап ғаламға сәуле шашқан нұрлы елшілігіне дәлел.

Оның (с.а.у.) адамзатты тәнті еткен көркем мінез-құлқы – пайғамбарлығына дәлел

Адамзат Оның (с.а.у.) мінез-құлқына тәнті. Фасырлар озып, ғылым дамып, мәдениет өркендесе де, құллі адамзат Оның (с.а.у.) бойындағы асқақ та, биік қасиеттеріне қайран қалумен келеді. Оның күннен-күнге көбейе түскен үмбеті қайталанбас өмір жолын, көркем мінез-құлқыны «*қасиетті сұннет*», деп өнеге етіп ұстануда. Тарихта Оның өміріндегі ешбір дақ түспеген таза да пәк, гибратқа толы екінші бір ғұмыр жоқ. Алла елшісінің (с.а.у.) дүние салғанына он төрт фасырдан астам уақыт өтсе де, Ол бар-

¹⁹ Мәйда сүресі 67-аят.

ша мұсылманның жүргегінде тірі, тіпті сұннетімен бірге жур. Оның мұбәрак есімі әрбір азан мен қаматта үнемі қайталаңып, жүргегімізде жаңғыруда. Иман нұрынан нәр алған әрбір адам Алла елшісінің (с.а.у.) тек бір сұннетімен өмірін өрнектеу үшін қолындағы бар құндысын жұмсауға, тіпті жанын пида етуге дайын.

Абай атамыз халықты Пайғамбарымыздан (с.а.у.) үлгі алуға былай деп үндейді:

«Алла мінсіз, әуелден пайғамбар хақ,
Мүмин болсан үйреніп сен де ұқсап бақ.»

Іә, он төрт ғасыр бұрын ғұмыр кешкен Алла Расулының көркем де әсем мінез-құлкы әрбір мұсылман баласының аңсарына айналды. Себебі, Ондағы бұл асыл қасиеттер – адамзатты адамдықтың асқар шынына шығарап еш өзгермес ереже-қағида, барлық жақсылық атаулыға бағыт көрсетер темірқазық іспетті.

Пайғамбарымыздың бойындағы қасиеттер мұлдем ерекше дедік. Кез келген адам бір-біріне қарама-қайшы екі көркем қасиетті бір-біріне араластырып, шатастырмaston алып жүруі өте қыын. Мысалы, бір адам жомарт болуы мүмкін, бірақ бұл жомарттығын асырып, ысырап дәрежесіне дейін апаруы мүмкін немесе қолындағысын үнемдеймін деп жүріп сарандыққа бой алдыруы да ықтимал. Батыр, қаһарман болуы мүмкін, бірақ бұл ержүректік қасиеті өз арнасынан шығып, алды-артын аңдамайтын, жақсы-жаман деп талғамайтын соқырлық дәрежесінде катігездікке ұласуы ғажап емес. Ал, Пайғамбарымыз болса, ешбір жақсы қасиетті екінші бір қарама-қайшы қасиетпен араластырмаган. Өз арнасынан асырмاغан. Алла елшісі ержүрек, батыр және мұнысымен қоса құмырысканы байқамай басып кетсе, жүргегі елжіреп, діріл қағатындағы аса мейірімді, рақымды және кішіпейіл еді. Өте кішіпейіл, мейірімді боламын

деп ешқашан қорқақтық пен қорлануға бас имеген. Алла елшісі өте салмақты, байсалдылығымен қоса жанындағы адамдарға шаттық сыйлай алатын жарқын жүзді еді. Жалпы ғаламға ұстаздық етіп, үлкен мәселелерді қозғаған Пайғамбарымыз кішкентай бұлдіршіндермен құмда отырып ойыншық ойнайтындақ қарапайым әрі кішіпейіл еді. Қысқасы, әр қасиетті өз арнасынан асырып екінші бір жаман қасиеттің жағасына апармаған. Яғни, таразының екі басын тен ұстап, тепе-тендік сақтаған.

Әр қасиетті өз орнында қолданбаган жағдайда да ол қасиеттің магынасы өзгермек. Мысалға, әкім қызмет орнында көрсеткен салмақтылығын отбасында көрсетсе, тәкаппарлыққа айналады. Әскердегі жауынгердің халыққа көрсеткен мейірімділігі мен кешірімділігін жауга, дүшпанға қолданса, халқына деген зұлымдыққа айналмақ.

Жан-жақты жетілген кемел адамның бойынан табылуға тиіс көптеген көркем қасиеттерді ең жоғарғы дәрежеде әрі әрқайсысын өз орнында бір-бірімен шастырмaston ең керемет түрде қолданып, үмметіне іс жүзінде көрсете білген адам – пайғамбар болмаса, кім болмақ?

Тарихта келіп-кеткен көптеген ұлы тұлғаларды зерттеген уақытымызыда олардың бойында тек кейбір жақсы қасиеттердің ғана орын алғанына куә боламыз. Кейбіреуі атымтайдай жомарт, бірақ дәл сондай дәрежеде кешірімді, кішіпейіл емес. Кейбіреуі кешірімді, кішіпейіл, бірақ ашуға бас иетін сабырсыз. Ержүрек батыр, бірақ дәл сондай дәрежеде мейірбан емес. Ал, Пайғамбарымыз – жақсы деген қасиеттердің бәрін бойына жинай білген әрі әрбір қасиетті ең биік шыңында іс жүзінде қолдана білген жалғыз адам. Алла Тағала Құранда: «**Сен керемет мінез-құлыққа иесін**» – деп Алла елшісінің бойындағы осы қасиеттерді нұсқайды.

Американдық ғалым Майкл Харт өзінің «*Адам-зат тарихындағы ұлы жуздік*» атты кітабында адам баласының тарихында өнегелі де гибратты із қалдырған ұлы тұлғалардың өмірбаяндарын жазған. Майкл Харт еңбекте Аристотель, Платон, Евклид, Архимед бастаған топтың алдында ең бірінші болып Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбарды көрсеткен екен. Бұлтартпас ғылыми тұжырым жасау үшін Мұхаммед Пайғамбардың (с.а.у.) өмірбаянын басқа тұлғалармен бірге компьютердердегі арнайы бағдарламаға енгізген Майкл Харт таңданысын жасыра алмаған. Себебі компьютерге түскен 100 адамның ішінен Пайғамбарымыздың (с.а.у.) есімі бірнеше мәрте бірінші болып шыққан.

Іә, Пайғамбарымыз бойындағы он төрт ғасыр өтседе еш ескіріп, тозбайтындей әрі қияметке дейін келіп-кетер күллі адамзатты тәнті еткен осынау ұлы қасиеттер мен көркем мінез-құлықты кімнен үйреніп, қайдан алды? Оны (с.а.у.) осындағы етіп кім тәрбиелеп жетілдірді?

Бұл сұрақтың жауабы ретінде әке-шешесі дейін десек, Пайғамбарымыз әкесінен анасының құрсағында алты айлық кезінде, шешесінен алты жасында айырылып, тұл жетім қалды. Демек, Алла елшісінің (с.а.у.) тәлім-тәрбиені әке-шешесінен алуы еш мүмкін емес. Ал, оған бұл көркем мінез, жалпы тәлім-тәрбиені өскен ортасы, өмір сүрген қоғамы берді дейін десек, ол қоғамның тарихта «надандық, қараңғылық дәуірі» деген қара таңбасымен орын тепкені бәрімізге мәлім. Надандық пен қараңғылық, зұлымдық пен қатігездік билік еткен бұл қоғамда қызыбаласы тірідей көміліп, әйел атаулы қорланып, базарларда бейне бір заттай саудаланып, зинақорлық ашықтан-ашық жасалды. Тіпті, зина жасаушы осы үятты ісімен халық алдында мақтанып, атақ-абыройға кенелді. Ата-тек, шежіре шатасып, көптеген балалар өз әкесінен бейхабар-ды. Ақ

қара деп саналып, ақиқат жалғанға бұрмаланып, залымдық бейне бір әділдіктең көрінген бұл қоғамда әлсіздер құлға айналып, бар құқықтары бәзбір адам бейнесіндегі жыртқыштардың аяғында тапталып жатты. Міне, осындей бір қоғам – қияметке дейін келіп-кетер құллі адамзатты бойындағы асыл қасиеттерімен таң қалдырып, көркем де сұлу мінез-құлқымен тәнті еткен Алла елшісін (с.а.у.) тәрбиелеп, жетілдіруі мүмкін бе? Жай қатардағы бір адам бұл қоғамның тыныс алған зиянды вирусынан еш зақымданбай дін-аман, сау-саламат құтылуы мүмкін бе? Мұндай қараңғы қоғам өзінде жоқ қасиеттерді басқаға қалай бермек? Демек, Пайғамбарымызға бұл көркем де әсем қасиеттерді беріп, арнайы тәрбиелеп жетілдірген Әлемдердің Раббысы – Алла екендігі еш күмәнсіз. Адам баласына қыстың құні мұз бетінде бәйшешек сыйлаған Раббымыз «надандық дәуірде» Пайғамбарымыздай нұрлы тұлға жетілдіріп, ғаламға рақым сыйлады. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір хадисінде: **«Раббым Мені Өзі тәрбиеледі және тәрбие болғанда да ең керемет үлгіде»** – деп осы айтқанымызды айқындай түседі.

Іә, Оның бойындағы керемет мінез-құлқы – Оның пайғамбарлығының белгісі, нышаны екені еш шүбесіз.

•Адам баласының мінез-құлқы жас кезінен қалыпта-са бастайды. Ер жете келе бойына әбден сіңіп, отыз жастан кейін тұрақтап адам табиғатына айналады. Ал, қырықтан кейін бойындағы қалыптастып, тұрақтаған мінезді өзгерту өте қыын. Енді пайғамбарымыздың қырық жасына дейінгі (пайғамбарлық жүктелген шак) өміріне көз жүгіртіп көрейікші. Ол (с.а.у.) қырық жасына дейін адамдардың арасында ең сенімді тұлға деп қабылданғандықтан, Мекке халқы оны «Мұхаммадун Амин», яғни, «Сенімді Мұхаммед» деп атаған. Мекке халқынан кез келген адам сапарға шығар болса, қолындағы ең құнды затын еш

күмәнданбастан Пайғамбарымызға аманаттап тапсыратын. Пайғамбарымыз (с.а.у.) ешбір аманатқа қиянат етпеген. Өйткені оның дінінде аманатқа қиянат ету, уәдеде тұрмай және жалған сөйлеу – екіжүзділіктің нақ белгісі. Тіпті, Пайғамбарымыз Меккеден Мәдинаға көшуге мәжбүр болған кезде де қолындағы Мекке халқының аманатын иелеріне тапсыру үшін хазіреті Әлиді орнына қалдырган. Иә, Ол (с.а.у.) осылайша өзіне қарсы шығып, тіпті өлтіруді жоспарлап, елінен, жерінен кетуге мәжбүр еткен пендердің де аманаттарына қиянат етпеген. Не деген сенімділік, не деген туралық десенізші!

Мекке халқы Оның қырық жасына дейін бір рет болын жалған сейлегеніне күә болмаған. Әбу Бәкір Сыддық: «Қырық жасына дейін бір де бір өтірік сөйлемеген адам мінез-құлықтың өзгерместей толық қалыптасып, тұрақтаган осы жасынан кейін қалайша өтірік айтсын?», – деп Пайғамбарымыз әкелген жаңа дінге иман келтіріп мұсылман болған. Иә, кішкентай бір мәселеде, аз ғана бір қоғамның алдында өтірік айтпаған адам қалай ғана бойындағы берік боп, қалыптасқан қасиетін бір күнде өзгертіп, дін сияқты үлкен бір мәселеде дүйім жүртқа, тіпті, қияметке дейін келіп-кетер адамзатқа шімірікпестен «Мен пайғамбармын» – деп өтірік айтсын?!

«Назыз шындық – дұшпанның да мойындағаны» демекші, дін дұшпандары да Пайғамбарымыздың (с.а.у.) туралығын, шыншылдығын еріксіз мойындаған. Әлі мұсылман бола қоймаған Әбу Суфиян Оның (с.а.у.) туралығын былай баян етеді:

Алла елшісі көрші елдің патшаларына хат жіберген болатын. Осы хаттардың бірі Рим императоры Гераклге арналған-ды. Геракл хатты басынан аяғына дейін оқып шығып, сол кездерде Шам аймағында жүрген мені (Әбу

Суфиян) шақыртып алды. Сосын екеуміздің арамызда мынандай сүқпат жүрді:

– Оған ең көп қосылып жатқан кімдер, байлар ма, кедейлер ме?

– Кедейлер.

– Оған иман еткендердің ішінен бас тартқандар болды ма?

– Қазірге дейін бола қойған жоқ.

– Сандары артып жатыр ма, әлде кеміп жатыр ма?

– Күн сайын артуда.

– Өмірінде жалған сөйлегенін естіп көріп пеедіндер?

– Жоқ, Оның жалған сөйлегенін ешқашан естімедік.

Хаттың ғажайып әсерімен қоса сол кездегі мұсылмандардың қас дүшпаны Әбу Суфиянның жоғарыдағыдан жауаптарына тап болған Геракл:

– Осы уақытқа дейін адамдарға жалған сөйлеуден бойын аулақ ұстаған жанның енді келіп Хақ Тағалаға жалған сөйлеуі әсте мүмкін емес, – дейді²⁰.

Оның (с.а.у.) нұрлы жүзі – пайғамбарлығына дәлел

Кез келген жанның бет-әлпеті – тани алатын адам үшін иесі жайлы мағлұмат беретін кітап тәрізді. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) нұрлы жүзінде тек туралық көрінетін. Мұны байқаған яңуди ғалымдарынан Абдуллаһ ибн Сәлам Пайғамбарымызды бір көргеннен: «Мына жүзде еш жалғандық жсоқ» деп дереу иман келтірсе, Абдуллаһ ибн Рәууаха былай дейді: «Егер Оның (с.а.у.) пайғамбарлығын қуаттайтын айқын мұғжизалар болмаган жағдайда Оның нұрлы жүзінің өзі – көрген адамның иман келтіруіне жеткілікті еді» дейді.

²⁰ Ән-нурул-халиду Мухаммадун мағхаратул-инсания.

Егер Пайғамбарымыздың пайғамбарлығына дейін, я болмаса пайғамбарлығынан кейін сөзінде немесе іс-әрекетінде титтей де жалғандық, көзбояушылық болса, дос-дұшпан тарапынан сезіліп, байқалатын еді. Сөйтіп, тырнақ астынан кір іздейтін дұшпандар қылыш, найзаға жүгінбестен тапқан олжаларын әлемге жария ету арқылы күн сайын үдеп бара жатқан жаңа дінге тосқауыл қояр еді ғой. Алайда, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) өмірінен ешбір қате, ешбір көзбояушылық таба алмай діңкелеген дін дұшпандары амалсыз жаңа дінге қылыш, найзамен тосқауыл коюға тырысты.

• Көз бояушы, өтірікші, алаяқ адамның сенімді серігі, бар мүмкіншілігін жолында пида ете алатын жора-жолдасының болуы мүмкін емес. Ал енді бір мезет Пайғамбырымыздың (с.а.у.) айналасына шоғырланған нұр жүзді сансыз сахабаларға, кейінгі ғасырларда өмір суре келген әулие, ғалымдарға, жалпы Оның дінімен нұрланған қияметке дейін келіп-кетер адамзатқа қараңызы. Олар Ол (с.а.у.) үшін мал-мұлік дүниелері емес, керек болса, жандарын да пида етуге әзір. Олар Оның (с.а.у.) есімі аталғанда, Оған (с.а.у.) салауат айтып, сәлем жолдауды өздеріне борыш санайды.

Әз сахабалардың өмірінен бір-екі үзінді келтіріп, Оның (с.а.у.) қаншалықты қадір-құрметке, махаббат пен сүйіспеншілікке ие болғанын баяндап көрелік.

Алғашқы кезде мұсылмандар құлшылықтарын еркін орындау үшін хазіреті Әркәмнің үйіне құпия жиналатын. Оның үйі кіріп-шығуға қолайлы, көзден таса, әрі сырттан келген-кеткендерді бақылауға онтайлы еді. Күндердің бірінде осы үйге жиналған сахабалар Алланың бір екендігін мұшріктерге ашық түрде жария ету үшін Пайғамбарымыздан (с.а.у.) рұқсат сұрайды. Арапарында Әбу Бәкір де бар болатын. Алайда, пайғамбарымыз оның

уақыты әлі келмегендігін, бұл үшін әлі мұсылмандардың аз екендігін айтып алғашында рұқсат бермеген-ді, бірақ Әбу Бәкірдің табандылық танытуынан кейін олардың айтқандарына көнеді. Барлығы жұптарын жазбай Қағбаға барады. Әбу Бәкір мұшріктерге қарап:

– Ҳақ һәм жалғыз Аллаға мадақ! Мәнгі бақыт – Аллаға иман келтіруде. Оны мойындармай пұтқа табыну – өте жаман әдет. Мағынасы жоқ жаһиля әдептерін тастап, Алла елисінің шақыруына мойынсұныңыздар! – деді.

Мұшріктер алғашында толқыса да, тез арада естерін жинап, мұсылмандарға қарсы шығады. Әбу Бәкірді жерге жатқызып алып, қолдарына түскен нәрсемен ұрып-соға бастады. Қаныпезер мұшрік Ұтба ибн Рәбиға табанында шегесі бар аяқ киімімен тепкілеп оның нәзік бетін қанжоса қылады. Сол арада Әбу Бәкірдің туыстары көмекке келіп оны өлім аузынан әзер алышынан қалды.

Өлімші халде есін жиган Әбу Бәкірдің ең алғашқы сұрағы: «*Алла елисінен хабар бар ма?*» болды. Ол есі кіресілі-шығасылы жатқанын елемей, Пайғамбарымызды (с.а.у.) уайымдап: «*Оған не болды?*» – деп сұраумен болды. Анасының: «*Балам, бір нәрсе ішіп-жейсің бе?*» – деген сұрағына: «*Алланың Елисі қайда? Оның жағдайы нешік?*» – деп бәрібір көңілі жай таппады. Анасы еш нәрсе білмейтінін айтқан кезде, ол: «*Анашым, Хаттабтың қызы Үммұ Жамилге барып, Ҳақ елисінің жағдайының қандай екенін сұратыңызы!*» – деді. Пайғамбарымыздың жағдайының жақсы екендігін айтып келген хабарға да көңілі толмай, Оның (с.а.у.) халін өз көзімен көргісі келіп тағаты таусылды. Айнала біраз тынышталғаннан кейін қасындағылар Әбу Бәкірді қолтықтап Әркәннің үйіне алыш барады. Пайғамбарымызды (с.а.у.) өз көзімен көрген кезде: «*Әке-шешем сенің жолыңда құрбан болсын, ей, Расуллалан!*» – деп жылай бастады. Пайғамбарымыз

(с.а.у.) оны құшақтады. Оның бүл халі Пайғамбарымызды (с.а.у.) қатты әсер етіп, көздерінен мөлдір жас моншактай төгілді²¹.

Мұсылман қауымның алғашқы азаншысы хазіреті Біләлдің пайғамбарлар сәруары – хазіреті Мұхаммедеке (с.а.у.) деген сүйіспеншілігін тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. Исламды қабылдағаннан кейін бір сәт болын қасынан ажырамады.

Екі дүниенің сұлтаны Мұхаммед (с.а.у.) ақыретке аттанғанда, көптеген сахабалар сияқты қабырғасы қайыса қайғырған ол Мәдинада қала алмады. Алла елшісінің кетуі оған жарық құннің сөнуімен бара-бар келді. Өйткені Мәдинаның әр тасы мен топырағы оның есіне Алла елшісін түсіретін. Біләл сол тұстағы халифа хазіреті Әбу Бәкірден басқа жаққа кетуге рұқсат сұрады. Әбу Бәкірге барып:

— Ей, Алла елшісінің халифасы! Мен Пайғамбарымыздың: «*мұминнің ең қайырлы ісі – Алла жолында күресу*» – дегенін естіген едім. Мен де өлгенге дейін Алла жолында жанымды пида еткім келеді, – деді. Әбу Бәкір:

— О, Біләл! Бізге кім азан шақырады? – дегенде, екі көзге ерік берген хазіреті Біләл:

— Мен Алла елшісінен кейін ешкімге азан шақыра алмаймын, – деді.

Біләлдің алысқа кеткенін қаламай, қанша жібермеуге тырысса да Хазіреті Біләл:

— Ya, Әбу Бәкір, рас сен мені құлдықтан құтқардың. Егер мені өзің үшін азат еткен болсан, онда алып қал. Ал, егер Алланың ризалығын көздел, сатып алған болсан, еркіме жібер, – деді.

²¹ әл-Бидая, 3:30

Хазіреті Әбу Бәкір рұқсат берген соң хазіреті Біләл Хабаши Шамға барып, Ислам туын биіктегі желбіретуге жігірін салды.

Шамда жүрген кезінде бір тұс көріп, Мәдинаға келді. Пайғамбарымыздың қабірінің қасында хазіреті Хасан мен Ҳұсейнді кездестіріп, Алланың Сүйікті Елшісімен (с.а.у.) бірге өткізген тәтті күндерді еске алды. Әлемдердің Падишасы (с.а.у.) дүниеден озғаннан соң, Мәдинада азан шақырмаша еді. Галамның рақым нұры (с.а.у.) ақыреттік болғаннан кейін азан шақыруға тағаты да жетпеді. Өйткені, азандагы «Әшиәду әннә Мұхаммадан Расулуллаһ» (Мұхаммедтің Алла елшісі екендігіне күәлік етемін) деген сөйлемді айта алмай іркіліп қалатын. Даусы шықпай көз жасына булығып, аяқтарының буыны босап кететін.

Пайғамбарымыздың *«менің дүниеде иіскеген екі райханым»* деген немерелері Хасан мен Ҳұсейіннің өтінішінен кейін, соңғы рет Мәдинада азан шақыруға бел буды. Көзін көкке қадап тұрып, бүкіл жан дүниесімен азан шақырды. Бүкіл Мәдинада Алла елшісіне (с.а.у.) деген сағыныш жаңғырды. Ел тегіс көшеге шықты. Алла Расулының нұрлы өмірін көз алдарына елестетіп, Пайғамбарымыз қайта тіріліп келіп, Біләлге азан шақыртқандай әсерде болды. Сол күні көзіне жас алышы селкілдемеген тірі жан қалмады²².

Айналасындағы заңғар тұлғалардың Оған деген мұншалық терең сүйіспеншілігі мен махаббаты – Оның көз бояушылығының емес, тек шынайы пайғамбарлығының дәлелі болса керек.

• Әрбір нәрсенің шынайысы мен алдамшысы, табиғиы мен жасандысы ешқашан бірдей болмасы анық. Саяатсыз адам ғалымның рөлін, қарапайым адам мемлекет бас-

²² Алау Әділбаев, Санлак сахабалар, 175-бет. Дәүір баспасы, Алматы, 2004 ж.

шысының рөлін, міндетін қанша уақытқа дейін ешкімге білдіртпестен, сездірместен жүргізе алады? Бәлкім, сауатсыз адамның алғашқы жүріс-тұрысы айналасындағыларға күмән тудырса, қарапайым адамның басқа мемлекет басшыларымен бір-екі кездесуінен кейін-ақ жалғандығы су бетіне қалқып шыққан майдай жария болады. Ал енді оқу-жазу білмейтін бір адамның пайғамбарлық сияқты ғалымдықтан да, мемлекет басшылығынан да ауыр бір рөлді, міндетті жиырма үш жыл бойы айналасындағы өте зерек те ақылды адамдарға еш білдіртпестен ойнауы, жүргізуі мүмкін бе? Тіпті, жиырма үш жыл емес, кияметке дейін келіп-кетер сансыз кеменгөр, ойшылдарға, ғалымдар мен әулиелерге, жалпы адамзатқа өзінің жалғандығын еш сездірместен жалғастыра беруі мүмкін бе? Әрине, жоқ. Олай болса Ол (с.а.у.) – шынайы пайғамбардың дәл өзі.

• Тарихта ереже-қағида қойып, жаңа жүйе құрған көптеген тұлғалар бар. Олардың көбі өздері қойған ережелерді басқаларға үлгі боларлықтай дәрежеде іс жүзінде атқармағандықтан, адамдар тарапынан шынайы жанашыр, ешбір қолдау таппағанын көреміз. Ал енді пайғамбарымыздың **«Намаз оқындар!»** – деп адамдарды намазға шақырып, ереже қойғаннан кейінгі Оның оқыған намазына қараңыздаршы. Бес уақыт намазды жамағатпен, жылап тұрып окуы былай тұрғанда, түн жарымда тұрып **«тәнәжжұд»** намазын егіле жылап, аяқтары талып-ісігенше оқитын. Айша анамыздың: **«Ya, Расулаллаң, өзіңді неге мұниша қинайсың?»** – деген сұрағына: **«Аллага шүкір еткен құл болмайын ба?»** – деп жауап қатқан Алла елшісінің намазынан қандай жалғандық керуге болады? **«Зекет беріңдер!»** деп ереже қойған Пайғамбарымыздың колына тиген мал-мұліктің бірін де қалдырмай мұқтаждарға бөліп беруінен нендей көзбояушылық байқауға болады?! **«Харамдар-**

дан аулақ болыңдар!» – деп ескертіп тұнде төсегінен тауып алған құрманы аш болғандықтан байқамай жеп қойып, садақадан²³ келген құрма болуы мүмкін деген құдікпен тұні бойы дөңбекшіп, ұйықтай алмай шыққан Пайғамбарымыздың харамға деген іс-әрекетінен қандай жалғандық, нендей көз бояушылық көруге болады?!

Оның (с.а.у.) ерекше өмір салты – шынайы елшілігіне дәлең

Пайғамбарымыз егер (хаша уә көлла) жалған пайғамбар болған болса, мал-мұлікке ие болу, мансап-биликке қол жеткізу, атақ-абыройға кенелу сияқты пенделік мақсат-мұраттары болатын еді. Жалған пайғамбар болуда егер дүниелік еш мақсат-мұрат жоқ болса, өз өмірін қауіп-қатерге, қыннышылықтарға душар ететін мұндай ауыр да жауапты жүкті неліктен сау басына тілеп алсын? Ал егер дүниелік еш мақсаты жоқ болса, сөзсіз Ол адам – шынайы Алланың жіберген хақ пайғамбary болмақ.

Алла елшісінің (с.а.у.) нұрлы өмірін зерттеп көрсек, аталмыш мақсаттардың ешбірін кездестірмейміз. Иә, Ол егер жалған пайғамбар болу арқылы мал-мұлікті, атақ-абыройды, билікті мұрат еткен болса, әу баста бұлардың бәрі Пайғамбарымызға ұсынылған еді. Күннен-күнгे қанат жайып бара жатқан жаңа діннің алдында не істерлерін білмейabdыраған құрайыштар Пайғамбарымыздың немере ағасы Әбу Тәліпке келіп: «*Біз оған қалаган байлығын берелік, қаласа Меккенің бар билігін қолына ұстатаіық, әйел қаласа, ең әдемі қызымызға үйлендірейік, ауырып жүрсе, дүниенің ең атақты дәрігерін шақыртып емдеңейік. Тек атабабамыздың дінін жоққа шыгармасын. Мына жаңа дінін тастасын*» – деп ұсыныс тастаған еді.

²³. Садақаны жеу, яки қолдану Пайғамбарымызға харам етілген.

Әбу Тәліп құрайыштардың бұл ұсыныстарын Алла елшісіне жеткізді. Пайғамбарымыз ұсыныстарын естір-естімес: «*«Ұаллаңи, егер менің оң қолыма күнді, сол қолыма айды ұстасса да мен бұл дінімді уағыздаудан бас тартпаймын»*», – деп жауап берді. Ал, енді Пайғамбарымыз жалған пайғамбар болған болса, аспан-нан іздегені жерден табылған мына ұсыныстардың алдында жауабы жоғарыдағыдан болар ма еді?

Құранда жалпы пайғамбарлардың есімдері шамамен 500-ге жуық рет аталса, Пайғамбарымыздың «*Мұхаммед*» есімі төрт-ақ рет аталады. Ал енді бәзбіреулер айтқандай, Алла елшісі (с.а.у.) Құранды өзі құрастырып, пайғамбарлығы арқылы атақ-абырой іздеғен болса, онда ондай адамның кітапта өзін осылай көрсетуі мүмкін бе?

Алла елшісі мұсылмандардың арасында ең қадірлі адам бола тұра үнемі қыншылықтардың бел ортасында жүрді. Үш күн бойы нәр татпастан аш жүрген күндері жиі кездеседі. Тіпті кейде аштықтың ауыртпалығы соншалық – оны аз да болса женілдету үшін ішіне тас байлады. Денесі әлсірегені соншалық – намаздарын отырып оқуға мәжбүр болатын.

Әбу Һурайра (р.а.) айтады: «Бір күні Алла елшісін мешітте көрдім. Намазын отырып оқуда екен. «*Пайғамбарым, сырқаттанып қалдыңыз ба?*» – деп сұрадым. «*Жоқ, Әбу Һурайра, аштың. Аштықтан түрегеліп оқитын дәрменім қалмады*», – деді. Мен жылай бастадым. Ол сонда мені жұбатып: «*Жылама, махшарда есеп қыншылығы аш болғандарга тимейді*», – деді.

Тағы да бір күні Хақ Пайғамбар, хазіреті Әбу Бәкір және Омармен тұн ортасында Мәдинаның бір бұрышында ойламаған жерден кездесіп қалып, бір-бірінен сұрады: «*Тұн жарымында сыртқа неге шықтыңыз?*». Үшеуінің

де жауабы бір жерден шықты. «*Аштық...*». Иә, үшеуі де Алла үшін барын беріп, енді азық боларлық бір тілім нан таба алмағандықтан дөнбекшіп, ұйықтай алмай, сыртқа шыққан беттері еді.

Ислам шартарапқа қанатын жайып мұсылмандар қүшейіп, жағдайлары жақсарғаннан кейін де Пайғамбарымыз (с.а.у.) және оның Әбу Бәкір, Омар секілді хас шәкірттері де өте қарапайым, жұпыны өмір сүрді.

Бір күні Пайғамбарымыздың: «*Омар, неге жылайсың?*» – деген сұрағына ол: «*Пайғамбарым, дәл қазір патшалар құс төсектерде жатқанда, Сен ши үстінде жатырысың. Ши денене батып із тастапты. Алайда Сен Алланың Елшісісің. Рахат өмірге бәрінен де лайықсың!*» – деп жауап береді. Сонда Рақым Пайғамбар (с.а.у.): «*Омар, мына дүние – олардың, ал ақырет – біздікі болуына риза емессің бе?*»²⁴ – деді.

Пайғамбардың отбасында үш ай бойы қазан асылып, ыстық тамақ ішілмегенін Айша анамыз риуаят етеді. Алла елшісі (с.а.у.) дүниеден озған уақытта артында ешбір дүние қалдырмаған. Өйткені Ол – «*Біздер – Пайғамбарлар артымызга дүниені мирас қалдырмаймыз*», – деген тек пайғамбарларға тән қасиетті сөздің иесі еді.

Ол (с.а.у.) алуды емес, беруді, ішіп-жеуді емес, ішіп-жегізуі ұнататын. Киюді емес, өзгені киіндіруді, қуануды емес, басқаны қуантып, жаралы жүректеріне шаттық сыйлауды міндет деп білді. Қысқасы, Ол (с.а.у.) өзі үшін емес, өзге үшін ғұмыр кешті.

Иә, жалған пайғамбарлығы арқылы мал-мұлік, дүниені көздеген көзбояушы бір адамның өмірі жоғарыдағыдай болар ма еді? Жауабын өзініз беріңіз.

²⁴ Ән-нурул-халиду Мухаммадун мафхаратул-инсания.

Оның (с.а.у.) ерекше сабыры – хақтығына дәлел

Белгілі бір мектепте мұғалім немесе бір мекемеде бастықсыз. Оқушылардың, яки қарамағыныңдағы адамдардың жүректеріне жол тауып, ойыңызыдағы асқақ пікірді, терең тәлім-тәрбиені бергініз келді делік. Бұл мақсатыңызға жету жолында кез келген қыншылыққа, әр түрлі рухани және заттық зиян, қауіп-қатерге, өте ауыр қорлайтын сөздер мен іс-әрекеттерге шыдайтыныңызды ойлап, тіпті бұл жолда жаныңызды да пида етемін деген ниеттесіз. Ал, енді төменде көрсетілген пайғамбарымыздың басына келген қын да шытырман жағдайлар кездескен сәтте, қандай күйде боласыз? Жолыңызды еш өзгерпестен, пайғамбарша сабырмен жалғастыра білесіз бе? Жалпы өзінізге, жүргегініз бен сезімдеріңізге бір көз салып, құлақ түрініз... Сізге бұлар не дейді?

Адамдар:

«Ата-бабамыздың осы уақытқа дейін табынып келген пұттарына қарсы шығатын мынау қайдан шықты?» - деп бетіңізге түкірсе...

Әбдімұттәліптің жетімінен басқа пайғамбарлыққа адам табылмай қалып па? – деп жаныңызды бататын ауыр сөз айттып, қорласа...

Көпшілік арасында: Сиқыршы, көзбайлаушы – деп келеке етіп, мысқылдаса...

Әйеліңізге әр түрлі ауыр жалалар жауып, халық арасында ар-намысыңызды қорлайтын өсек таратса...

Намазда басыңызды сәждеге қойып, Раббыңыңда мінәжат етіп жатқанда, малдың ішек-карнын әкеп басыңызды аударып, келемеждеп, қарқылға басып күлсө...

Елмен араласуға қатаң тыйым салып, сауда-саттық,

ИМАНИ ГҮЛ

жалпы қарым-қатынасты үзіп, бойкот жариялап аш қалдырса...

Аштықтың ауыртпалығы соншалық айлар бойы нәр татпаған достарыңыз аштықтан жапырақ жеп кетсе...

Ең жақын туысыңызды өлтіріп, құлағын кесіп, көзін ойып, денесін тілгілеп, бауырын суырып алыш, шайнаса....

Жүретін жолыңызға тікен шашып, бұрыш-бұрышта қолдарына шоқпар алыш сізді аңдыса...

Сүйікті отаныңызды тастап кетуге, туган-туыстан айырылысуга мәжбүр етіп, өлтіруге ант ішсе...

Барған жерінде де тыныштық бермей әскер жіберіп, жаныңыздан да жақсы көретін достарыңызды өлтірсе... Не істер едіңіз? Оларға қандай жауапта болар едіңіз? Осылардың бәріне сабыр сақтап, еш мойы mastan, шайқалып-теңселіп, күмәнға бой алдырмастан жолыңызды жалғастыра білесіз бе? Олардың осы іс-әрекеттеріне кешіріммен, мейіріммен қарап: *«Раббым, олардың бұл істерін кешіре ғөр! Олар не істеп жатқандарын білмейді. Оларды сен тұра жолға сала ғөр!»* -деп олар үшін ізгі тілеп, жаманшылықтарына жақсылықпен жауап бере аласыз ба?

Іә, адамзаттың ардақтысы Пайғамбарымыздың (с.а.у.) олардың барлық зұлымдықтары мен қорлықтарына шыдап, әр түрлі кесірлеріне қарсы сабырды қару етті. Оларға анадай мейірім құшағын ашып діттеген мақсатына жете білді. Міне бұл – адамзат ардақтысы Мұхаммедтің (с.а.у.) шынайы елші екендігінің тағы да бір айқын дәлелі болса керек. Оның (с.а.у.) қасиетті өмірбаянын оқып отырып, көзге еріксіз жас алыш «Мұхаммед, Сен тек Алланың шынайы елшісің» – деп иманыңа нәр тамызасың.

Әр сала өз тілімен Оның (с.а.у.) пайғамбарлығын паш етеді

Тек бір ғана салада жетістікке жетіп, сол салада білікті маман болу үшін арнайы жағдайдың қажеттілігі айтпаса да түсінікті. Кез келген бір ғана салада кәсіби мамандық-қа қол жеткізу үшін ондаған жыл уақыт кетіреміз. Тіпті сол салада ғұмыр бойы жұмыс істейміз. Иә, тек бір салада ғана белгілі бір жетістікке жету үшін арнайы құрал-жабдықтың, тыныш ортаның, ынғайлы ахуалдың, белгілі бір уақыттың керектігі сөзсіз. Ал бір адамның әр салада жетістікке жетіп, барлық салада бесасспап маман болуы мүмкін емес. Мысалы, бір адам жоғары дәрежеде тәрбиеші, психолог, һәм тамаша бір қолбасшы және аса білгір медицинағалымы, әрі физик және т.б. ғылымдарды игеруі ине көзінен нар түйенің өтуімен парапар. Бірақ осындай мүлде болмайтынды ешбір құрал-жабдықтың көмегінсіз, әр түрлі қым-қигаш қызын жағдайлардың бел ортасында жүріп жүзеге асырған жалғыз адам – Мұхаммед (с.а.у.). Өйткені Ол жай адам емес, адамзатқа әр нәрседе үлгі болуы үшін жер бетіне жіберілген Алла Тағаланың арнайы елшісі еді. Сондықтан Пайғамбарымыз әр саланың аскар шынына туын тігіп, қияметке дейін өзгермейтін, тозбайтын жаңалықтар экеліп, ереже-қағида қойды.

- Иә, Пайғамбарымыз – керемет ұстаз, тамаша тәрбиеші. Оның (с.а.у.) теңдессіз ұстаздығы мен тәрбиешілігінің алдында бүкіл әлем бас иеді. Пайғамбарымызға дейін араб түбегінің жағдайы қалай еді? Айтуға ауыз бармайтын жаман әдеттер мен іс-қылыштардың, зұлымдық пен тағылыштың қараңғылығында тұншығып жатпап па еді? Міне, Пайғамбарымыз сол қаранғы қоғамды бар-жоғы жиырма үш жыл ішінде тәрбиелеп, жетілдіріп әлемге үлгі бо-

лар қоғамға айналдырды. Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли секілді жүлдиздай жарық та биік сансыз тұлғаларды жетілдіріп ғаламға көміл адамның үлгісін көрсетті. Тайпа-тайпаға жіктеліп, бір-бірімен қырық пышақ болып қырқысып, бітпейтін қан дауына бой алдырған бұл қоғамда нағыз бауырмашылдық пен ағайындықтың бейбіт туы желбіреді. Бір-бірінің мал-мұлкін талаңтаражға салған бұл қоғам Оның (с.а.у.) арқасында бір-біріне «Бауырым! Сен аш жүргенде, менің бұл жүрісім қалай?» – деп мал-мұлкінің жартысын шын көңілімен бөліп берді. Тіпті өзі аш болса да, үйіндегі аз ғана тамақпен басқаны тойдыру үшін шамды байқамай өшіріп алған болып, өзі табақтағы тамақтан қасығына еш нәрсе ілмestен аузына алып-келіп, қайта табаққа апарып, ішіп-жеп отырғандай көрінген періште тәріздес сахабаларға айналды. Қоғамның денесіне бойлап, қанына сіңген адамгершілікке жат әдет-ғұрыптардың тамырына балта шауып, қамырдан қыл суырғандай жоқ етті. Пайғамбарымыз (с.а.у.), міне, осындай тәрбиеші, осындай ұстаз еді.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) адамдарға ешбір істі зорлап-зомбылап істепеген. Айналасына жиналған нұр жүзді сахабалар Оның аузынан шыққан әрбір сөзді жан-жүректерімен қабылдап, жүзеге асыру үшін керек болса, жандарын да пида етуге дайын тұратын. Әрбір сөзі мен іс-әрекеті жанындағы адамдар тарапынан ереже-қагида тұтылған бұл тұлға пайғамбар болмаса кім еді?

Оның ұстаздығына тәнті болған Муғауия ибн Хакам атты сахаба: **«Одан асқан керемет мұғалімді бұрын-соңды көрмелім. Ол мені зекіп ұрыспады және қол жұмсан ұрмады»²⁵** – дейді.

²⁵ Абдул-Фаттах Әбу Ғудда, Әр-Расулул-мугалим, 12-бет. Дәрул-башайрул-Исламия, Байрут. 1997.

Әлемдегі барлық саладағы ғалымдар жиналып адам баласына темекінің зиянын айтып, түрлі тәсілдерді қолданса да, оны тастатуға шамалары келмеді. Ал енді адамдардың қанына сіңіспе кеткен темекіден де сорақы әдеттерді тастатып, олардың орнына әр түрлі көркем қасиеттерді үйрете білген Мұхаммедтің (с.а.у.) пайғамбарлығының, ұстаздығының алдында қалай бас имессің?

ТӘРБИЕНІҢ ТӨРТ ТІРЕГІ

Пайғамбарымыз баланы қалай тәрбиелеген?

Бірде мәдиналық бір кісі бақшасында өсіп тұрган құрмасына тас лақтырған баланы сүйреп отырып Пайғамбарымызға әкелді. Бала - жас та болса Ислам дінін қабылдаған Рафиг ибн Амр еді. Келген кісі қатты кейіген сыңайда. Қабағы қатулы. Пайғамбарымыз болса, өзінің сабырлы қалпын сақтап: «*Балапаным, құрма ағашына неге тас лақтырдың?*», - деп сұрады. Бала: «*Қарным қатты ашты. Құрма жесегім келді!*», - дегеннен артық сөз айтпады. Әз Пайғамбар (с.а.у.) балаға: «*Жерге түскенін жесең же, бірақ ендігәрі құрмаларға тас лақтырма, жарай ма?*», - деді. Сосын баланың басынан сипап, оған былай деп дұға жасады: «*Уа, Алла Тағалам! Бұл баланың қарның тойдыра гөр!*»²⁶

Ал енді осы оқиғаға психологиялық талдау жасай отырып, астарындағы педагогикалық тәлім-тәрбие негіздерін ұғуға тырысайық.

Біріншіден алдына ашумен алып келген балаға, оның кінәлі екенін біле тұра неге Пайғамбарымыз салған жерден ұрыспады? Өйткені, балаға ұрысқаннан гөрі оған жақсы

²⁶ Тирмизи, буйу', 54. Ибн Мәжә, Тижарәт, 67.

көретініңді білдіру аса маңызы. Психология ғылымында дәлелденген осы бір әрекетке тоқталып өтейік.

Балаға мейірімділік таныту мен сүйіспеншілігінді көрсету

Тәрбие берудің негізгі мәйегі – мейірім мен сүйіспеншілікте. Әсіресе, кішкене балалар үшін мейірім мен сүйіспеншіліктің орны ерекше. Бұл махаббатқа олар қашанда шөлдеп тұрады. Олар тек сүйіспеншілікпен ғана өсіп-жетіледі десек артық айтқандық емес. Бала кімнен мейірім көрсе, сол адамды ерекше жақсы көреді. Әрдайым соны іздең тұрады. Оны ренжітпей, мейірімі мен сүйіспеншілігінен ажырап қалмау үшін оның айтқандарын орындауға тырысады. Өзі жақсы көрген кісіге еліктегіш келеді. Ендеше, сүйіспеншілік – бала тәрбиесіндегі негізгі қағида. Пайғамбарымыз барлық адамзаттан сүйіспеншілігін аямаған. Жан жүргімен жақсы көріп, әрқайсысына жеке-жеке көңіл бөлетіндіктен, әр сахаба өзін «Пайғамбардың ең жақсы көретін адамы мен шығармын» деген ойга қалатын. Алайда, Алла елшісінің балаларға деген мейірімі тіптен ерекше еді. Жоғарыдағы «*Raғиғ ибн Амр оқиғасы*» – осының нақты дәлелі. Дедектетіп Пайғамбарымыздың әкеле жатқанда бұл бала қандай үрейді бастан кешті десенізші?! «*Қан, маган енді не істер екен? Не деп ұрсып, қалай жазалар екен?*» деп қатты қорқып келген балаға пайғамбарымыз «*балапаным!*» деген жалғыз-ақ ауыз сүйіспеншілікке толы жылы сезін арнады. Сол жылы сезімен қарсы алып, басынан сипап, мейірлене қарады.

Баланың қатесін түзетіп, дұрысын үйретуде жазалау тәсілінің ерекше орнының бар екенін жоққа шығармаймыз. Бірақ жазалаудан бұрын қателерді түзетуде ең әуелі

мейірім мен насихаттың әсері мол екенін ескергеніміз жөн. Себебі, балалар көбіне жасаған қателіктерінің парқына бара бермейді. Мұндай жағдайда балаларға ұрсып-зекудің пайдасынан зияны басым болуы кәдік.

Үлкендердің баланың басынан сипауы, мәндайынан сүйіп, ііскеуі яки құшақтап арқасынан қағуы, көтеріп құшағында тербетуі – бәрі-бәрі балаға оң әсерін тигізді. Бала үлкеннің бұл ілтиштіктерінан өзін жақсы көретіндігіне сенеді әрі сол кісіге деген құрметі де артады. Құшақтап, басын сипаған кісіні өзінің қорғаушысы деп біледі. Зерттеушілер құшаққа алынып, құштарлана сүйілмеген, басынан сипалып, мәндайынан ііскелмеген балалардың кейбір психологиялық ауруларға ұшырайтынын дәлелдеуде.

Ата-ана яки кез келген педагог үшін балаға көп ұрсып, оған ұзак ақыл айтқаннан гөрі оның басынан сипап, мейірім көрсетіп, арқасынан қағуы әлдекайда әсерлі. Бұның астарында құргақ сөздермен жеткізуге келмейтін небір сезімдер бар. Жоғарыда келтірілген оқиғада «*қате іс-әрекет үстінде ұсталып, енді не істер екен*» деген үреймен келген балаға пайғамбарымыз, ең алдымен, «*балапаным!*» дегендегі басынан сипауы, әрине, бала жүрегіндегі қорқыныштың орнына қуаныш сыйлады. Өзіне жанашып жан тауып, оның қасында өзін сенімді сезінген бала ойындағысын бүкпесіз айтты.

Балаға құлақ асу

Баланы әуелі тыңдай білу керек. Сөйлеген бала өзінің ішкі дүниесін ашып береді. Әр нәрсені дұрыс түсінуге бала ақылы жете бермейді. Сол себепті баланың не ойлап тұрганын білу қажет. Біз көбіне баланы қателікке

ұрындырған себептерді іздемейміз. Дереу өзіне ұрса жөнелеміз. Жоғарыдағы Рафиг ибн Амр оқиғасында пайғамбарымыз оған дереу дүрсө қоя берген жоқ, «Әй, оңбаган! Біреудің бақшасында нең бар?! Енді тас лақтырады екенсің көрсесеңді көрсетем, қолыңды тұра шағам!» деп ұрысқан жоқ. «Неліктен тас лақтырың?» деп, онымен тілдесті. Бала себебін айтты. Қарны ашқаны, құрма жегісі келгендігі анықталды. Аш баланың мұндай әрекетке баруы табиғи жағдай екені сөзсіз. Не істесе де дереу жазалауға жүгірмей, алдымен баланы сөйлетіп, тыңдай білу қажет.

Балалар балалықпен қате жасайды. Ал үлкендер болса, олардан үлken кісінің істейтін ісін құтеді. Қате жасаса дереу ұрсып, жазғыра жөнеледі. Көбіне балала-рын тыңдауды қажеттілік деп те ойламайды. Бала болса, өз ісінің қателігін түсінбегендіктен ата-анасының яки үлкендердің не үшін ұрысқанын, яки жазалағанын түсінбей дал болады. Сөйтіп, үлкендер маған жамандық жасады яки ата-анам мені жақсы көрмейді деген ойға қалады. Міне, сондықтан баланың ішкі дүниесімен сыр-ласпастан, оның ойын білмestен, жасаған ісінің дұрыс еместігін түсіндіrmesten оған ұрысу, жазалау дұрыс емес.

Балама нәрсе көрсету

Ата-аналардағы қателіктердің бірі – баланы не болса содан тыйып, іс-әрекетін шектей беруі. Баланың қате қылығын тыйған кезде, орнына басқа бір дұрыс нәрсені көрсету керек. Олай болмаганда бала баяғы істеген қателіктеріне қайта басуы я болмаса қырысқ мінезділікке бейімдеуі мүмкін. Мысалы, бала ыдыс-аяқпен ойнағысы келгенде, дереу қолынан ыдысты жұлып алғаннан гөрі «ойнасан, мә, мына сынбайтын ыдыспен ойна» деп оған

басқа ыдыс беру керек. Үйдің керегелерін сыйғыштап ойнаған баланың қолына дереу басқа бір дәптер яки қағаз ұстасып немесе арнайы тақта мен қалам сатып алып беріп: «*сызсаң мынаған сыз*», «*жүгірсең, мұнда емес ана жерде жүгір*», «*көрсөң, бұл фильмді емес ана фильмді көр*» деген секілді баламаларды көрсетуіміз қажет. Жоғарыдағы оқиғада пайғамбарымыз «*Құрмаларға тас лақтырма! Жесең, жерге түскендерін же!*» деп, тыйыммен қоса балаға басқа балама іс ұсынды.

Қазіргі кездегі қалада балалар баратын ойын залдары мен кино театrlарда көрсетілетін фильмдер бала тәрбиесіне, мінез-құлқына залалды болуы мүмкін. Сондықтан балаларға ана жерге - мына жерге барма дегеннен ғөрі, оларға басқа жағдай жасау керек. Үйге компьютер алып, зияны жоқ ойындар мен фильмдердің CD-лерін дайындал, ойын ойнап, кино көретін уақыттарын белгілеген жөн.

Тілек тілеу не балаға бата беру

Ата-ана қашанды баласының тілегін Құдайдан сұрауы жөн. Бұл педагогтар үшін де маңызды. Көптеген хадистерде баласының тілеуін тілеген ата-ана дұғаларының қабыл болатындығы айтылған. Пайғамбарымыз жоғарыдағы оқиғада балаға дұға ету арқылы дұғаның маңыздылығын білдіруде. Қолынан келер тәлім-тәрбие берген педагогтар да бұдан кейін балалар үшін үнемі Жаратқаннан тілек тілеп жүргендері дұрыс²⁷.

Қорыта келгенде, адамға әр жасқа сай тәлім-тәрбие беруде ұлағаты мол тамаша ұстаз, ақын Пайғамбардан алар үлгіміз көп. Оның бала тәрбиесіне қатысты көрегендігі жоғарыдағы бір оқиғамен ғана шектеулі емес. Кезінде

²⁷ «Иени үміт» журналы, №73, Б. 21, 2006 ж.

тұтастай бір қоғамды жамандықтан тыйып, жақсылыққа тәрбиелеген хазіреті Мұхаммедтің (с.а.у.) өмірі мұқият зерттелуі тиіс. Ол – бала тәрбиесінде киындық көріп жүрген ата-аналар мен педагогтар үшін таптырмас үлгі.

• **Пайғамбарымыз (с.а.у.) ерекше қолбасшы еді.** Ел әскері өлімнен қашқан уақытта Оның (с.а.у.) жауынгерлері дінді, Отанды қорғау жолында өлімді іздең, өлімге жүгіретін. Яғни, өлім оларды емес, олар өлімді қорқытатын. Оның тәрбиесінен өткен әрбір тұлға, жас болсын, кәрі болсын мейлі әйел болсын: «*Отанымды бергенім – дінімді бергенім, дінімді бергенім – барлық нәрсемді аяққа таптатқаным. Отанымды, дінімді, арнамысымды аяққа таптатып, қорланып өмір сүргеніш, қаňарман шейіт бол өлгенім артық*», - дейтіндей ержүрек батырға айналатын. Оның (с.а.у.) жетілдірген қолбасшылары Исламды бесікте тұншықтырысы келген сол кездегі Иран, Византия сияқты ұлы державаларды өздеріне бас идірді. Мұндай соғыс тәсілін жетік білген күшті державаларды жену араб халқының Исламнан бұрын үш ұйықтаса түсіне де кірмейтін.

• **Пайғамбарымыз керемет психолог еді.** Ол адамдардың қоғамдағы дәрежесіне, ақыл деңгейі мен түсінігіне және мінез-құлықтары мен құбылмалы қөңіл-қүйлеріне қарай сөз таңдап, уақыт белгілейтін. Міне, сондықтан Ол кейде бір ғана сөзімен заманының заңдар тұлғаларының жүргегіне жол тауып, қөңіліне Исламға деген сүйіспеншілік отын маздататын. Барлық сахабаға жүргегінен жеке орын беріп, ерекше назар аударғандықтан, әрқайсысы өзін «*Пайғамбардың ең жақсы көретін адамы шығармын*» деген ойда қалатын.

• **Ол барлық ғылымның негізін қалап, өшпейтін хат қалдырған – ғаламның ғалымы.** Оның осыдан он төрт ғасыр бұрын түйіндең айтқан хадистері мен Оған

түсken Құран аяттарын – қазіргі технология мен зертхана, жалпы ғылым дүниесі енді ғана түсініп, Оның (с.а.у.) пайғамбарлығы мен Құранның хақтығының алдында бас июде. Бүгінде ғылым өзінің сан рет жаңылып, неше мәрте қателескен жерінде Құранның әу бастан дөп басып тұра айтқанын көріп таң қалуда. Құрандағы ғылыми аяттар осы кітаптың «*Кітаптарға иман*» бөлімінде жеке берілетін болғандықтан, қазір тек Пайғамбарымыздың (с.а.у.) ғылымды он төрт ғасыр артқа тастаған бірнеше хадисін мысал ретінде көлтірейік.

• **Сұндет.** Алла елшісі он нәрсені адам табиғатына тән нәрселердің қатарына жатқызады. Соның бірі – сұндеттелу.

Қазіргі ғалымдар ер кісінің жыныс мүшесінің аузындағы терінің ластық пен түрлі микробтарды жинайтындығын, нәтижесінде оның түрлі ауыруларға себеп болатындығын дәлелдеуде. Ал одан сақтану жолы – сұндет жасату.

Бүтін Америка мен Англияда сұндет жасатқандардың саны миллионнан астам. «*Элефтером Тинос*» грек газетінің хабарлауынша, АҚШ-тың педиатриялық академиясы жүргізген зерттеуге қарағанда, ұл балалардың 59,5 %-ы сұндеттеледі екен. Осылай істеу арқылы олар көптеген аурулардан сақтануды көздейді.

Кеселден қорғаушы²⁸

Көптеген медициналық зерттеу жұмыстары сұндеттеудің мынандай пайдалары бар екенін дәлелдеді:

1. Сұндетtelмегендеге қарағанда, сұндетtelген ерлер жыныстық қатерлі ісікке (рак) анағұрлым аз шалдығады;

2. Epi сұндетtelмеген әйелдерде жатыр

²⁸ «Ансар» журналы. №5. Б.10, 2007 ж.

мойыншығының қатерлі ісікке шалдығу қаупі 6 есе жоғары;

3. Жыныстық жұқпалы ауруларды жұқтыру қаупі сүндеттелмегендерде 8 есе жоғары; Зерттеуші ғалымдар бұған қызықты дәлелдер көлтірген. Айталық, балалардың небәрі 10 немесе 30 пайызы сүндеттелетін Кения, Замбия сияқты елдерде жыныстық жұқпалы ауруға шалдыққандар жергілікті тұрғындардың төрттен бірін құраған. Ал, Бенин және Камерун секілді шамамен әр бала сүндеттелетін Африка елдерінде жұқпалы ауруларға шалдыққандар тұтас алғанда 6-ақ пайыздан аспаған. Австриялық зерттеуші ғалымдар тіптен үлкен жаңалық ашты. Олар «*СПИД-ке шалдықсан ер кіслердің басым көпшілігінің сүндеттелмегендер*» екендігін дәлелдеді. Өйткені СПИД вирусы ең әуелі жыныс мүшесінің үш қабатын зақымдайтын көрінеді. Егер ол тұс микрозақым алса, қабыну қаупі өте тез жүреді еken.

4. Сексопатологтар да сүндеттелудің қажеттілігін мойындауда;

5. Гигиеналық тұрғыдан бактериологиялық, стафилококк (ірінді микроб), гонорей (жыныстың жінішке ауруы) микробтарынан таза болу тұрғысынан сүндет жасату аса керекті. Оған қоса, смегмалардың (қорғаушы ақ түйіршіктер) қабынып, жараға айналмауында үлкен рөл ойнайды.

6. Сүндет фимоз (жыныс үрпісінің жиырылып ашылмай қалуы), парофимоз, баланит, баланопостит кеселдерінің алдын алады.

- Имам Муслим «Сахихындағы» хадиске көз жүгіртсек: «*Ит жалаган ыдыстарыңды тазалау үшін әуелі оны топырақпен, содан соң сумен алты рет жууларың қажсет!*» – делінген.

Ол дәуірде бүгін кейбір заттарды тазалау үшін қолданылатын нәрселер болған жоқ. Дезинфекция орнына Алла елшісі (с.а.у.) топырақты пайдаландырды. Кейінгі ғылыми еңбектер нәтижесінде топырақтың су секілді қызмет атқарғаны белгілі болды. Мұнымен қатар топырақ тетралит пен тетрациклин секілді заттарды да қамтыған. Осы заттар кейбір микробтарды өлтіріп дезинфекциялау үшін пайдаланылған. Пайғамбар топырақпен жууды ескерткенде ыдыстың алдымен стерилизациялануын әмір еткен.

Сондай-ақ хадис шарифте мына мәселелерге назар аударылған. Итте болуы ықтимал кейбір аурулар адам денесінде де әмір сүре алады. Бұл өз алдына бөлек әңгіме.

Екіншіден, ит нәжісі адам денсаулығына зиян. Сілекейі де. Белгілі бір уақыттан кейін олардан жұғатын аурулардың алдын алу қынға соғатындықтан стерилизация өте маңызды.

Үшіншіден, алғашқы топырақпен жуу әмірінің назар салдырған басқа жағы, топырақтың сол сэтте стерилизация қызметін атқаруы, бір риуаят бойынша – алты, басқа риуаят бойынша – жеті рет жуылуы керектігі ескертілді. Айтқандай-ақ, бұл тақырып Германия мен Англияда шыққан бірқатар журналдарда жазылып, Пайғамбарымыздың баянының шындығын растаған.

Сүйікті Пайғамбарымыз (с.а.у.) иттер мәселесіне өте сақ қараған. Тіпті, бір кездері өз шешімімен өлтіруге де әмір берген. Бірақ, кейін бұл әмірін қайтып алып: «*Егер иттер өз алдына жеке әлем болмаганда, өлтіруге әмір беретін едім*», – дейді.

Мұның мағынасы: Егер ит әлемдегі адам, хайуан, өсімдік, жансыз заттар т.б. секілді жеке өз бастарына

экологиялық терең-тендікке қатысты негіздердің бірі және жаратылсының қажеті болмағанда, өлтіруге әмір берер едім. Өйткені ит – микроб ұясы. Осы тұста бір ескере кететін жайт қазақ итті жеті қазынаның біріне кіргізсе де еш уақытты бүгінгі батыстағы тәрізді үйіне кіргізіп, төріне шығармаған. Итті аң аңлау мен мал құзету, үйдің қалдық тамақтарын жегізу мақсатында ғана ұстаған. Ал бұған ислам бойынша рұқсат.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) көзқарасы – ерекше мұғжиза. Қазіргі заманда біздің енді-енді ежелеп оқи бастаған табиғаттағы жүйе, экологиялық терең-тендікті Пайғамбарымыз (с.а.у.) сонау құндердің өзінде, иттерді қыруға болмайтынын қағида етіп ұстанып заңдастырған. Біз тек қана 1400 жылдан кейін киттер, пілдер және мүйіз тұмсықтылар нәсілінің жоғалмауы қажеттігін, олардың әлемдегі терең-тендікті сақтайтынын ежелей бастадық. Алла елшісі сан ғасыр бұрын: «*Егер иттер өз алдына жеке дара әлем болмағанда*» деген кезінде тіршілікке байланысты өте терең жайтты қозғаған.

Ұлы Алла әлемді жаратып, жалпы терең-тендік қойған: «*Ол өлишеу қойды. Өлишеуде шектен шықпаңдар*»²⁹ аяты да осы жалпы қағиданы ескертуде. Алла елшісі тізгінді тең ұстап, терең-тендікті сақтаған. Бір-екі ауыз сөзінің өзінде біз анықтаған бірнеше мұғжизалық жақтары бар. Осы сөздер келешекте талай ақиқаттардың шабыт қайнарына айналатын шығар. Сол заманда біреу әмір бойы ойланып, толғанып осы сөзді айтса, кеменгер атануына жетіп артылатын еді. Алайда, Алла елшісінің осыған ұқсас сөздері каншама десенізші.

²⁹ Рахман сүресі/7-8.

Әр буынға бір садақа

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) буындарға қатысты бірқатар хадистер айтқан. Тіпті, адам денесінде қанша буын болатындығын накты білдірген. Бір қызығы, сол хадистерде көрсетілген буын сандарын қазіргі медицина дәлелдеп шықты.

Буын жайында айтқан Пайғамбарымыздың хадистері мыналар:

«Әр адамның жаратылысында 360 буын бар. Олай болса, Алла Тағаланы ұлықтаса, мақтау айтса, лә иләňа иллаллаň, сұбханаллаň десе, Құдайдан кешірім тілесе, ел жүретін жолдан тас, тікен немесе сүйек секілді нәрселерді жол шетіне алып тастап отырса я болмаса жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыйса, осы жасаған жақсылықтарының барлығы 360-қа жетсе, сол күннің кешінеге дейін тозақ отынан қоргалады».

«Әр буын үшін адам күн сайын бір садақа борышты. Екі адам арасында әділ төрелік айтуда – садақа, атына міну үшін біреуге көмектесу немесе қоржының артысу да – садақа. Жақсы, ұнамды сөз айтуда – садақа. Намазга бара жатқандагы әр адымы да – садақа. Адамға зияны тиетін нәрселерді жолдан алып тастауда – садақа».

Тағы бір хадисінде сәске уақытында оқылған екі рәкат намаздың да сондай шүкіршілікке жататындығы айтылған.

Бухари мен Мұслимде риуаят етілген осы үш хадис адамның анатомиялық тұлғасын ашумен қатар құлшылық пен сауаптың кең мағынасын да қамтиды.

Екі бөлек сүйек арасын жалғайтын бөлікті «буын» дейміз. Буындар табиғи түрде мынадай топтарға бөлінеді.

1. Қымылдайтын буындар: тізе, тірсек, иық, ортан жілік, аяқ-қолдың білегі мен жіліншігі секілді.
2. Аз қымылдайтын немесе мұлдем қымылдамайтын буындар: омыртқа, қол-аяқтың табан мен алақан сүйектепі, яғни:

- А) араларын дәнекер ұлпа (ткань) жалғагандар;
- Ә) араларын шеміршек ұлпа жалғагандар;
- Б) араларын сүйек ұлпа жалғагандар.

Осы ерекшеліктеріне қарай анатомия кітаптары мен атластарын зерделегенімізде, адам денесінде 360 буын бар екенін көреміз. (1-4 тізім). Пайғамбарымыз (с.а.у.) айтқан бұл сан медициналық зерттеулермен де дәл келеді. Пайғамбарымыздың оны нақты білдіруін қалай түсіндіруге болады? Мәйіт яки адам қанқасы мұқият зерттелген бе, жоқ әлде, бұл пайғамбарлық мұжиза болғаны ма?

Мәйіт пен жеке сүйектерді зерттеу арқылы буындарды анықтай алмайтындығының дәлелі мынау:

Адамның бас сүйегінде 90 қымылсыз буын болады. Алайда, бұл буындар санын қанқадан болмаса, өліктен анықтау мүмкін емес. Ал, қанқа кезінде анықтау үшін ол адам медицинағының жақсы билетін әрі тәжірибелі болуы тиіс. Өйткені, медицинадан хабары жоқ жай адам бастағы бір-бірімен астасып, ию-қиу боп жатқан буындарды буын деп те ойламайды. Құйымшақ сүйегіндегі буындар шорланған буындарға жатады. Мейлі өлік, мейлі қанқа күйінде қолға алған күннің өзінде медицинаны жақсы менгермеген адамның бұл буындарды тануы мүмкін емес.

Кеуде сүйегі (sternum) З болек сүйектен құралады. Бұлардың бір буыны шеміршек, бір буыны сүйекке айналған буын пішінін құрайды. Сүйекке айналған буынды білу үшін де медицинаның маманы болу міндетті.

Бұл екі буынды да өлік я болмаса қаңқа күйінде ажырату мүмкін емес.

Бас сүйектің орталығында орналасқан «Сфенойд» (Sfenoid) деп аталатын сүйек, бөлек-бөлек 10 жұп бас сүйегімен буынды құрайды. Бұл буындар өте күрделі, бейнелері шым-шытырық, ретсіз пішінде келген.

Құыстарында «Дискас» (discus) деп аталатын шеміршек томпақтары бар кейбір буындар да кездеседі. Беті жай ғана сүйек секілді. Адам қайтыс болып, денесіндегі жұмсақ тіндер шіріп, қаңқаға айналғанда, бұлар буын емес секілді көрінеді. Оларды қаңқа күйінде анықтау да сол сала мамандарының қырағылығын қажет етеді. (Кеуде сүйегі – бұғана сүйегі буыны, мойын омыртқаның артқы жағындағы буын секілді).

Баста орналасқан кішігірім аралдар секілді «*Oc suturaram*» (*os suturatum*) деп аталатын сүйектерді өлік күйінде анықтау қиын. Оны тек қаңқа кезінде ғана анықтап, санауға болады. Жіліншіктегі «*Talus*» (*talus*) деп аталатын сүйек пен тобық сүйегінен (*calcaneus*) пайда болатын буын үш түрлі болса да, сырттай бір-ақ буын секілді көрінеді. Бұны тек қаңқа күйінде болмаса, өлік күйінде анықтау өте қиын.

Өздеріңіз де күә болып отырғандай, буындардың тобын анықтау үшін аса шебер маман болу қажет. Енде-ше, түрлері мен топтарына қарай Хазіреті Мұхаммедтің (с.а.у.) адам денесіндегі буындар санын 360 деп айтуды – оның пайғамбарлығының дәлелі.



Медицина бойынша адам денесіндегі жалпы бұйндар корсеткіші

I тілім			
Бас сүйек бұйндары			
Sutura coronalis (frontal-parietal арасы)	1	Os sutrae-occipitalis.....	4
Sutura squamos (temporal – parietal арасы)	2	Os sutrae-parietalis.....	2
Sutura spheno-squamosa	2	Барлығы.....	90
Sutura fronto-zygomatica	2		
Sutura fronto-sphenoidale	2		
Sutura tempora-zygomatica	2		
Sutura spheno-zygomatica	2		
Sutura zygoma-maxillaris	2		
Sutura lacrimo-ethmoidale	2		
Sutura fronto-lacrimalе	2		
Sutura fronto-ethmoidale	2		
Sutura maxilla-lacrimalе	2		
Sutura fronto-maxillare	2		
Sutura nazo-maxillare	2		
Sutura nazo-frontale	2		
Sutura lamboides (occipital-parietal)	2		
Sutura parieto-mastoidea	2		
Sutura occipito-transversa (interparietal-occipital бұмы)	1		
Sutura tempora-nasibularis	2		
Sutura sphene-parietalis	2		
Sutura tempora-mastoidea	2		
Sutura sagitalis (eki parietal арасы)	1		
Sutura internasalis	1		
Sutura palatina mediana (inter maxillaris)	1		
Sutura spheno-mastoidea	2		
Sutura spheno-occipitale	1		
Sutura spheno-vomer	2		
Sutura palatini-transversa	2		
Sutura incisive	2		
Sutura palatine-vomer	2		
Sutura spheno-palatini	2		
Sutura malleus-incus-stapes	4		
Sutura zygoma-mastoidea	2		
Sutura spheno-maxillare	2		
Sutura maxilla-ethmoidale	2		
Sutura vomero-maxillare	2		
Sutura vomero-ethmoidale	1		
Sutura palatini-ethmoidale	2		
Sutura palatini-maxilla	2		
Sutura nazo-ethmoidale	2		
Sutura spheno-ethmoidale	2		
Sutura interpalatini	1		
Sutura Os suturatum-temporal-occipital-parietal	4		
Os sutrae-temporalis.			

II тілім		
Омыртқа бұйндары		
Мойын (Cervical) – Кеуде (Thorasic) – Бел (Lumbar) – Серікіс (Sacral) – күймешек (Coccyx)		
Ауыз омыртқаның atlantooccipital бұмын.....	2	
Ауыз омыртқаның fovea art.		
Inferior' u – axisinis fovea art superior' u.....	2	
Dentis-ти facies articularis		
anterior posterior- пары		
Мойын 3 – Мойын 2		
(Fovea art. және Sip inferior).		
Мойын 3 – Мойын 4	2	
Мойын 4 – Мойын 5	2	
Мойын 5 – Мойын 6	2	
Мойын 6 – Мойын 7	2	
Мойын 7 – Кеуде 1	2	
Кеуде 1 – Кеуде 2	2	
Кеуде 2 – Кеуде 3	2	
Кеуде 3 – Кеуде 4	2	
Кеуде 4 – Кеуде 5	2	
Кеуде 5 – Кеуде 6	2	
Кеуде 6 – Кеуде 7	2	
Кеуде 7 – Кеуде 8	2	
<i>Fovea costalis transversalis</i>		
Мойын 7 – Кеуде 1	2	
Кеуде 1 – Кеуде 2	2	
Кеуде 2 – Кеуде 3	2	
Кеуде 3 – Кеуде 4	2	
Кеуде 4 – Кеуде 5	2	
Кеуде 5 – Кеуде 6	2	
Кеуде 6 – Кеуде 7	2	
Кеуде 7 – Кеуде 8	2	
Кеуде 8 – Кеуде 9	2	
Кеуде 9 – Кеуде 10	2	
Кеуде 10 – Кеуде 11	2	
Кеуде 11 – Кеуде 12	2	
Кеуде 12 – Бел 1	2	
Бел 1 – Бел 2	2	
Бел 2 – Бел 3	2	
Бел 3 – Бел 4	2	
Бел 4 – Бел 5	2	
Бел 5 – Жамбас 1	2	

Екі омыртқа күлесіс (corpus) арасындағы бұйылар	
Atlanta – axis – мойын 2	1
Мойын 2 – Мойын 3	1
Мойын 3 – Мойын 4	1
Мойын 4 – Мойын 5	1
Мойын 5 – Мойын 6	1
Мойын 6 – Мойын 7	1
Мойын 7 – Кеуде 1	1
Кеуде 1 – Кеуде 2	1
Кеуде 2 – Кеуде 3	1
Кеуде 3 – Кеуде 4	1
Кеуде 4 – Кеуде 5	1
Кеуде 5 – Кеуде 6	1
Кеуде 6 – Кеуде 7	1
Кеуде 7 – Кеуде 8	1
Кеуде 8 – Кеуде 9	1
Кеуде 9 – Кеуде 10	1
Кеуде 10 – Кеуде 11	1
Кеуде 11 – Кеуде 12	1
Кеуде 12 – Бел 1	1
Бел 1 – Бел 2	1
Бел 2 – Бел 3	1
Бел 3 – Бел 4	1
Бел 4 – Бел 5	1
Бел 5 – Сегізіл 1	1
Сегізіл 1 – Сегізіл 2	1
Сегізіл 2 – Сегізіл 3	1
Сегізіл 3 – Сегізіл 4	1
Сегізіл 4 – Сегізіл 5	1
Сегізіл 5 – Құйымшак 1	1
Құйымшак 1 – Құйымшак 2	1
Құйымшак 2 – Құйымшак 3	1
Құйымшак 3 – Құйымшак 4	1
Құйымшак 4 – Құйымшак 5	1
Барлығы	85
III тілім	
Қабырга бұйылары	
<i>Fovea costalis superior – Fovea costalis inferior costa</i>	
Кеуде 1 – Кеуде 2	2
Кеуде 2 – Кеуде 3	2
Кеуде 3 – Кеуде 4	2
Кеуде 4 – Кеуде 5	2
Кеуде 5 – Кеуде 6	2
Кеуде 6 – Кеуде 7	2
Кеуде 7 – Кеуде 8	2
Кеуде 8 – Кеуде 9	2
Кеуде 9 – Кеуде 10	2
<i>Fovea costalis nec costa (қабырга) арасындағы бұйын</i>	
Мойын 7 – Кеуде 1	2
Кеуде 10 – Кеуде 11	2
Кеуде 11 – Кеуде 12	2
<i>Fovea costalis transversalis</i>	
Мойын 7 – Кеуде 1	2
Кеуде 1 – Кеуде 2	2
Кеуде 2 – Кеуде 3	2
Кеуде 3 – Кеуде 4	2
IV тілім	
Ның және қоддарға байланысты бұйылар	
<i>A - Қоюрек, ның және қоддар</i>	
Sterno Costal бұйын	14
Synchondrosis sternalis (тана brīum және corpus sterni). 1	2
Sterno-clavicularis	2
Corpus sterni – xiphoideus	1
Acromion scapula – clavicle	2
Иыл бұйын (Scapula – humerus)	2
Humero-ulnar (пазы-риңсек)	2
Radio-ulnar (proximal)	2
Radio-ulnar (distal)	2
Articul. Radio-carpea	2
Articul. Media-carpea	2
Articul. triquetrum-lunatum	2
Articul. Lunatum-scapoideum	2
Articul. trapezium-metacarpae	2
Articul. trapezoidum-trapezium	2
Articul. carpometacarpea-pollicis	2
Articul. capitatum-trapezoidum	2
Articul. hamatum-capitatum	2
Articul. mediocarpea	2
Articul. carpometacarpea	2
Articul. capitatum-metacarpae	2
Articul. interfalans және metacarpo falanx	2
Барлығы	80
Ортап әдеби және мәденийк	
Sacro iliac бұйын	2
Discus interpubicus.	1
Articul. coxa femoral.	2
Tibia – femoral бұйын	2
Proksimal tibia – fibular.	2
Distal tibia-fibular	2
Tibio-talar (жалпын)	2
Cuboid-metatarsus 4 және 5	2
Cuneiform 3 – metatarsus 3 және 4-тін жартысы	2
Cuneiform 2-Metatarsus 2-нін жартысы	2
Cuneiform 1 – Metatarsus 1	2
Navicula-cuneiform 1-2-3	2
Talo-naviculare.	2
Talo-calcaneus (anterior).	2
Talo-calcaneus (media-post)	4
Cuboid-cuneiform	2
Intercuneiform 2. - 3. арасы.	2
Metacarpo-phalangial және interphalangial	28
Барлығы	63
Жалны саны	360

Бұхари мен Мұслимде риуаят етілген хадистер бір жағынан мұғжизалықты білдірсе, бір жағынан

құлшылықпен қоса елге жақсылық жасаудың мәнін үктыруда.

Жоғарыдағы хадистерде келтірілген әр буын үшін садақа боп есептелген іс-әрекеттер мыналар: Алла Тағаланы пәктеу, шүкіршілік етіп, Оған мадақ айту, ұлықтау, жамандықтан тыбып, жақсылыққа бұру, сәске уақытында оқылатын екі бас намаз, лә иләһа иллаллаң деу, Құдайдан кешірім тілеу, ел жүретін жолда жатқан тас, тікен, сүйек сияқты зиянды нәрселерді алып тастау, екі адам дауласса, әділ төрелік айту, бір адам атына мінерде демеп жіберу немесе қоржының артысу, жақсы, ұнамды сөз айту, намаз үшін мешітке бару.

Бұл аталған жақсылықтардың әрбірі бір-бір буынның өтеуі, шүкірі, садақасы ретінде қабыл болады.

Буындар қалайша адам денесіндегі сүйектерді бітістіріп, тұластай бір ағза ретінде қымылдауын қамтамасыз етсе, хадистерде айтылған жақсылық жасай жүру де ел арасындағы өзара бауырмалдықты, ағайындықты, сүйіспеншілікті арттыратын байланыстарға жатады.

Хадис астарынан ғылыми шындықпен қатар қоғамдық өмірдің тыныштығы мен бейбітшілігін нығайтатын әрі мол сауапқа кенелтетін іс-шаралар жатқанын көреміз³⁰.

• **Ішіп-жеу өлшемі.** Салауатты өмір салтын қалыптастыру медицинаға қатысты. Алла елшісі: «*Тамақтанған шақта асқазанның үштен бірін – тамаққа, үштен бірін – суга, үштен бірін – ауага қалдырыңдар. Алланың қатты ашуланған ыдысы – толы асқазан*», - дейді.

³⁰ «Аңсар» журналы. №2. Б.27, 2006 ж.

Басқа хадистер де бар. Алла елшісінен: «*Үмбетім жайында ең қорыққан нәрселерім: үлкен қарын мен көп үйқы. Жалқаулық пен «яқин» әлсіздігі.*»

Өмірін бақылаусыз, есепсіз, аңғалдықпен өткізіп, ғұмырының соңына дейін алаңсыз ұйықтап өткен адамның семіріп май жинауы, май жинаған адамның семіз болатыны даусыз. Адам толған сайын көп жейді. Жеген сайын өзін салғырттыққа салады. Өте көп жеген адам, әлбette, көп ұйықтайды, көп ұйықтаған адамда сөзсіз «яқин» яғни терең түсінік немесе берік иман пайда болмайды. Қай жағынан алып қарасаңыз да, барлығы Алла елшісін қобалжытқан. Бұл туралы медицина ғалымдарының ғылыми қорытындыларын оқып қарасаңыз, Алла сүйіктісінің (с.а.у.) сан ғасырлар бұрын айтқан сөздерінің көміл шындық пен ақиқат екеніне көзіңіз жетеді.

• **Шыбынға қатысты шындық.** Бұхаридің жеткізген хадисіне сүйене отырып, Алла елшісін (с.а.у.) тындағы: «*Кей адамның (су немесе тамак) ыдысына шыбын түссе, батырып жіберіп, қайта алып тастасын. Өйткені қанаттарының бірінде ауру, енді бірінде шипа бар.*»

Әуелі, шыбынның микроб тасуы, сол кездегі адамдар үшін беймәлім нәрсе еді. Шыбын бір сүйік затқа түскенде, қанаттарының бірін сақтықпен, жогарыда ұстауға тырысады. Екі қанатын бірдей батырмайды. Өйткені қонған жерінен қайта ұшқанда, құрғақ қанаты оның ұшып кетуіне женілдік жасайды. Осылайша ұшып кетеді, бірақ ішкен астарымызға қалдырған микробтарымен бізге де ауру жүқтүрады.

Екіншіден, (мұндай жағдайда ескертілген нәрсе) шыбын түгелдей ыдысқа батырылып, қайта шығарылып тасталады. Өйткені оның бір қанатында микроб, екінші

қанатында сол микробты жоятын антимикроб бар. Өліммен арпалысқан шыбынның арқасынан нұқып кеп жібергенде, сақталған антимикроб құтысы жарылып кетеді. Осылайша шыбын алғашқы қанатымен жұқтырған микробты дезинфекциялады. Бұлай жасау діни міндег болмаса да, қажет жағдайда қолдануға болатын ғылыми ақиқат.

Бұл мәселенің ғылыми тұжырымын ғалымдар шыбынның арқасынан басқан кезде микроскоп арқылы кейбір микробтардың кәдімгідей қимылдан жүргендерін растайды. Бүгінде олардың стерилизация қызметшілері екеніне ғалымдар толық көз жеткізіп отыр³¹.

• Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір хадисінде: «*Кімде кім май (крем) жаққызы келсе, ең алдымен қастарынан ба-стасын. Өйткені бұл бас ауыруын қайтарады. Адамның қасы – денесінде ең алғаш пайда болған түктөр*» деген.

Бұл хадистен адамның қасы мен бас ауруының арасында байланыс бар екенін әрі қастың адам баласының денесінде пайда болған ең алғашқы түк екенін түсінеміз.

Бұл жайлыш проф. Увейс Маскордың «Эмбриология» атты дәріс кітабында былай делінеді:

«*Ең алғашқы түктөр эмбриондық төртінші кезеңде пайда болады. Ол түк – қастар*».

Бүгінгі таңда дамыған медицина ғылымы дәлелдеп отырған бұл ғылыми шындық та пайғамбарымыздың (с.а.у.) шынайы елші екендігін дәлелдеуде. Өйткені Пайғамбарымыздың (с.а.у.) дәуірінде аナンЫҢ жатырындағы эмбрионды (ұрықты) толық зерттеп білетіндей қазіргі таңдағы микроскоп, рентген сияқты құралдар жоқ еді.

³¹ Ән-нурул-халиду Мухаммадун мағхаратул-инсания.

Мұғжизалар – пайғамбар дәлелі

Алла Тағала жер бетіне жіберген әрбір пайғамбарына шынайы елші екендігін дәлелдеу үшін мұғжизалар берген. Мұғжизаның ерекшелігі – әдеттегі табиғат зандарына қарама-қайшы және пайғамбарлардан басқа ешкімнің еншісіне бұйырмagan ғажайып таң қаларлық істер. Мысалы, Айдың Пайғамбарымыздың ишараты арқылы екіге бөлінуі секілді. Барлық мұғжизаны жарататын Алла Тағала екенін ескерсек, «мүмкін емес» деп күмән келтірудің өзі бекер. Себебі Алланың әр нәрсеге билігін жүргізген шекcіз құдіреті үшін «Болмайды, болуы мүмкін емес» деген нәрсе жоқ. Ешбір мұғжиза Алланың қалауының жүзеге аспайды. Пайғамбарымыздың пайғамбарлығына дәлел ретінде самсаған мұғжизаларынан бірнешеуін келтірейік.

• **Пайғамбарымызға берілген ең үлкен мұғжиза – Құран.** Себебі Пайғамбарымыз (с.а.у.) қияметке дейін үкімі жалғасатын ақырғы пайғамбар болғандықтан, оған түсken Құран да мәңгілік мұғжиза болмақ. Басқа мұғжизаларды сенімді тұлғалар тарарапынан естіп білсек, Құранның мұғжизалығын қияметке дейін келіп-кетер барлық адамзат өз көзімен көруде. Құран Кәрімнің заман ескірген сайын қазір түсіп жатқандай жаңара түсіү, күннен-күнге артына еріп, әр аятын шамшырақ еткен жамағат санының көбеюі, технология дамып, білім озған сайын ғылым дүниесінің биік шынынан көрініп, нысананы 14 ғасыр бұрын нұсқауы – Оның хақ екендігін білдірсе, Пайғамбарымыздың хақ елші екендігін паш етеді. Құранның мұғжизалығына «Кітаптарға иман» атты арнайы бөлімде кеңінен тоқталамыз.

• **Айдың екіге жарылу мұғжизасы.** Бір күні Әбу Жәһил мен Үәлид ибн Мұғира бастаған бір топ мүшрік Пайғамбарымызға келіп:

«Егер сен, шынында да Аллаһ Тағаланың тара-
нынан міндеп жүктелген пайғамбар болсан, бізге
аспандагы айды екіге бөліп көрсөт... Айдың жар-
тысы Әбу Құбайыс тауының, екінші бөлігі Құайқан
жетасының устінен көрінсін» - деп талап қойды.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) олардан:

– Осы тілектерінді орындаsam, иман келтіресіндер
ме?- деп сұрады.

Олар:

– Эрине, о не дегенің! - деп жауап берді.

Мұшріктер сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммедке
(с.а.у.) келген тұста айдың дөңгеленіп толған сәті еді, яғни
он төртінші түні. Алла елшісі (с.а.у.) Жарылқаушысының
бұйрығымен Айға қарай қолын созып, сұқ саусағымен
ортасынан бөлгендей ишара жасады. Пайғамбардың
осы әрекетін күтіп тұрғандай-ак, ай дәл ортасынан екіге
бөлініп, мұшріктердің сұрағанындей, жартысы Әбу
Құбайыстың, жартысы Құайқанның төбесінен көрінді.
Ардақты Пайғамбарымыз айналасындағыларға:

«*Күә болыңыздар!* *Күә болыңыздар!* Әнекей,
төбелеріңзеге қараңыздар!» – деп дауыстады³².

Мұшріктер Пайғамбарымыздың (с.а.у.) бұл айқын
мұғжизасына сиқыр деп қарсы шығып, сырттан келген-
дерге: «Айдың екіге бөлінгенін көрдіңдер ме?» деп сұраған
уақытта көрдік деген көңілдеріне ұнамайтын жауапқа тап
болып, амалсыз «Мұның сиқыры айға да әсер етінди», -
деп тот басқан жүректері міз бақпады.

• Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мұғжизасы арқылы бір
уыс тамақтың берекесі артып, мың адамға дейін жетіп
асқандығы³³, су тапшы кезде саусақтарының арасынан

³² Бухари, манакиб/3636. (ауд: Дамира Өмірзакқызы, Адамзаттың
асыл тәжі, 1-том, 237.)

³³ Бухари, манакиб/3578.

атқылап аққан судан үш жүздей сахабаның сусындан ері дәрет алғаны³⁴ жайлы көптеген сахих риуаяттар бар.

- **Аурулардың емделіп, жазылу мұғжизасы.**

Пайғамбарымыз (с.а.у.) Хайбар шайқасында:

– Эли ибн Әбі Тәліп қайда?-деп сұрады. Сахабалар:

– Уа, Расулаллан! Оның көзі ауырып жатыр, деді.

– Дереу оған хабар беріндер, - деді. Сахабалар дереу Әлиді алғып келді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) киелі түкірігін Әлидің көзіне жағып, оған дұға жасағаны сол еken Әли жазылып шыға келді...

Міне, Пайғамбарымыздың осы секілді көптеген мұғжизалары Оның хақ пайғамбар екендігіне қуәлік етеді.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) келешекке байланысты хабарлары

Алла елшісінің (с.а.у.) кейіннен болатын көптеген оқигаларды бейне бір теледидар экранынан көріп тұрғандай айна-қатесіз хабар беруі де – Оның пайғамбарлығының дәлелі. Пайғамбарымыздың берген хабарларынан бірнеше мысал келтірейік:

- Алла елшісінің (с.а.у.) Бәдір шайқасының алдында Әбу Жәһил, Утба, Шәйба және Уәлид сияқты діннің қас дүшпандарының осы соғыста қаза табатындықтарын, тіпті әрқайсысының қайда жер жастанатындықтарына дейін дәп басып сахабаларына хабар беруі³⁵ және айтқандарының айна-қатесіз келуі – Оның (с.а.у.) тек Хақтың пәк елшісі екендігінің белгісі.

³⁴ Бухари, манақиб/3576.

³⁵ Мұслим, Жәннат.

• «Менен кейін халифалық отыз жыл жалгасады. Сосын патшалық болады»³⁶ – деген Алла елшісінің сөздері кейіннен дәл айтқанындай болды.

1. Эбұ Бәкір (р.а.) 2 жыл 3 ай.
2. Омар (р.а.) 10 жыл 6 ай.
3. Осман (р.а.) 11 жыл, 11 ай, 18 күн.
4. Әли (р.а.) 4 жыл, 9 ай.
5. Хасан (р.а.) 6 ай 22 күн.

Барлығын қосқанда 30 жыл³⁷.

• «Омар тірі кезде бүлік болмайды. Омар барлық бүлік – фитна есіктерін жабады», «Осман Құран оқып отырғанда өлтіріледі», «Хайбар қамалы Әлидің қолымен алынады», «Әбұ Зәрр жалғыз өмір сүріп, жалғыз өледі», «Менен (с.а.у.) кейін әнни әйт ішінен алғаш қайтыс болып, маган қауышатын Фатима» секілді Пайғамбарымыздың пәк сөздері кейіннен «Сен еш күмәнсіз Расулуллаңсың, Алланың хақ елшісісің» дегендей дәлме-дәл болып жатты.

Тәурат пен Інжіл де ақырғы пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.у.) келетінін сүйіншілеген

Жер бетіне келіп-кеткен көптеген пайғамбарлар өздеріне түскен кітаптарда соңғы пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.у.) келетіні жайлы үмбеттеріне білдіріп, айтып кеткен. Алайда бұл кітаптардың заман өте келе адамдар тарапынан әр түрлі бүрмалануына байланысты бұл хабарлар да өзгеріске ұшыраған. Сан мәрте адамдар тарапынан әдейі бүрмаланып, өзгеруге ұшыраса да, ішінде әлі де Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.у) келетіні жайлы ишарат пен сүйінші хабарларға толы Тәурат, Інжіл

³⁶ Тирмизи, Эбұ Дәәуд.

³⁷ Абдуллаһ Аймаз, Кадер илми исбаты, 10-бет.

кітаптарының тек бір-екі жеріне тоқтала кетуді жөн көрдік.

Тәурат сүйіншілері: Ысмайл нәсілі

Алла Тағала Тәуратта Хазіреті Мұсаға былай дейді: «**Олар (Израйл ұрпақтары) үшін бауырларының арасынан сен секілді бір пайғамбар шығарамын да, сөздерімді Оның аузына саламын. Ол әмірлерімнің барлығын оларға айтып жеткізеді»** (Сифр:Тәсния,18:18).

Тәураттағы «**Израйл ұрпақтарының бауыры**» деген сөз тіркесі Хазіреті Ысмайлдың нәсілінен келетін пайғамбарға ишарат етілген. Себебі Израйыл ұрпақтары Ибраһимнің баласы Исхақтан тарағандықтан, олардың (израйл ұрпақтарының) бауыры Ибраһимнің екінші баласы Исмайлдан тараған ұрпақ болуға тиіс. Ал Хазіреті Исмайлдың нәсілінен келгені анық жалғыз пайғамбар – Пайғамбарымыз Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.). Алла елшісі де (с.а.у.) Хазіреті Мұса (а.с.) секілді жаңа шаригатпен келген. Аяттың соңындағы «**Сөздерімді Оның аузына саламын**» сөзі – Пайғамбарымыздың оқу-жазу білмейтіндігіне және Құранды ауызша жатқа оқып адамдарға жеткіzetіндігіне ишарат. Тәуратта айтылған пайғамбардың Хазіреті Иса мен Хазіреті Юша (а.с.) болу ықтималына келсек, бұл ақылға қонбайды. Өйткені сөз етіліп отырған пайғамбарлар Израйл ұрпақтарынан келген.

Інжіл сүйіншілері: Фарақлит

Иоганна Інжілінде: «**Мәсих (Иса): «Рабб сендермен әрқашан бірге болуы үшін сендерге басқа Фарақлит береді» – деді.»** (Иоганна, баб: 14, аят: 15.)

«Фарақлит келген кезде мен үшін қуәгер болады.
Сендер де маған қуәлік етіндер» (Иоганна, Баб: 14, 26).

«...Мен кетпесем Фарақлит келмейді» (Иоганна, Баб:14, аят: 7-8)

«*Фарақлит*» сөзі грек тілінде «*Приклитос*» деп өтеді. Ал «*Приклитос*» сөзі араб тіліндегі «*Aхмет*» деген сөздің мағынасымен бірдей. Бәрімізге белгілі Пайғамбарымыздың бір аты «*Aхмет*» болған. Тіпті Құранда пайғамбарымыздың Інжілдегі есімінің «*Aхмет*» екендігі айтылады³⁸.

Жоғарыда ескерткеніміздей, бұларды адамдарға оймақтай ой салу үшін айттық. Қосымша мынаған тоқталсақ дейміз. Құншілдік пен кекшілдігі шырмауықтай шырмасқан яһуди мен христиандар бар құшін салып бұрмалауға қанша тырысса да, әлі де Тәурат пен Інжілден Алла елшісінің пайғамбарлығына тән көптеген ишарат пен сүйінші табылуы мүмкін. Тәурат, Інжіл және Зәбурдан ең аз өзгеріске түсken нұсқалары табылса, сол кезде шамасы ешқандай жорамалды да, тәспірді де қажет етпей, Алла елшісіне (с.а.у.) байланысты көптеген ашық белгілер бар екенін қарапайым адам да анық анғарады³⁹.



³⁸ Иенер Өзтүрік, Иені бір иорумла Ислам инанч есаслары. Ышык иайынлары.

³⁹ Ән-нурул-халиду Мухаммадун мафхаратул-инсания.

КИТАПТАРҒА ИМАН

**«Кімде-кім Аллаға және Оның періштелеріне,
кітаптарына, пайғамбарларына және ақырет
күніне иман келтірмесе, қатты адасады...»**

«Ниса» сұрасы

**«Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз еш уақытта жалған болмас.
Көп кітап келді Алладан, оның төрті
Алланы танытуға сөз айырmas»**

Aбай

КИТАПТАРҒА ИМАН

Жалпы жаратылыс, мына болмыс әлемі адам баласына Ұлы Жаратушыны танытар алып кітап ретінде жаратылса, пайғамбарларға уахи арқылы жеткен барлық параптар мен кітаптар да Ұлы Құдіретті қатесіз тануымыз үшін жіберілген. Сондай ақ адамзатқа мына дүниедегі негізгі міндеттің түсіндіріп, ак-караның ара-жігін айқындаپ, екі дүниенің бақытын сыйлау үшін түсірілген. Міне, Алла Тағала тарарапынан келген барлық осы кітаптарға сену – Ислам дінінде иманның негіздерінен саналады. Құранда:

«Кімде-кім Аллаға және Оның періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына және ақырет күніне иман келтірмесе, қатты адасады...»⁴⁰ – делінген.

Ұлы Жаратушымыз әр түрлі мекендер мен уақыттарда түрлі-түрлі қауымдарға өзінің бүйрықтары мен тыйымдарын қамтыған және сол қоғамның сана дегейінے сай керекті мәліметтерді жеткізетін, жеке тұлғалық, қоғамдық проблемаларының шешімдерін баяндаپ, өз араларында әділдікті орнататын параптар мен кітаптар жіберген. Параптардың нақты саны бізге беймәлім. Ал, Құран Кәрімде білдірілген жалпы кітаптың саны төртеу: Зәбур, Тәурат, Інжіл, Құран. Біз, мұсылмандар, бұл төрт кітаптың барлығының Алла тарарапынан адам баласына тұра жолды көрсету үшін жіберілгендейгіне кәміл сенеміз. Алайда соңғы кітап Құранның алдындағы үш кітап заман өте келе адамдар тарарапынан әр түрлі әдейі өзгертулер мен бұрмалауға ұшырағандықтан, оларды негізге алып амал

⁴⁰ Ниса сүресі/136.

етпейміз. Құран түскеннен кейін өзге кітаптар негізге алынбайды.

1. Зәбур. Бұл кітапты Алла Тағала Дәуітке (а.с.) түсірген. Зәбур арапша «кітап» деген мағынаны білдіреді. Құран Кәрімде: «**Біз Дәуітке Зәбурді бердік**⁴¹» делінген. Құранда Зәбур жайлы Тәурат және Інжілге қарағанда өте аз мағлұмат білдірілген. Еврейлердің Дәуіттің (а.с.) пайғамбарлық қасиетіне көлеңке түсіріп, ар-намысын кірлететін әйелдерге байланысты айтылған әр түрлі әңгімелері дұрыс емес. Себебі, барлық пайғамбарлар күнәнің кішісінен де, үлкенінен де Ұлы Жаратушы тара-пынан қоргалған. Яңудилер, көбінесе, Дәуітке (а.с.) патша ретінде қарайды. Ал, мұсылмандар патша әрі пайғамбар ретінде иман келтіреді.

2. Тәурат. Мұса пайғамбарға түскен кітап. Тәурат иврит тілінде «**зан, ереже-қағида, шаригат**» деген мағыналарды білдіреді. Құранда: «**Ішінде адамдарға тұра жол және нұрды қамтыған Тәуратты біз жібердік**⁴²» – делінген. Тәураттың қазіргі таңда танымал үш түрлі нұсқасы бар. Бұл үш нұсқада айтылған көптеген ереже-қағида, хабарлардың бір-бірімен сәйкес келмеуі – Тәураттың адамдар тараҧынан қатты өзгертулгендейгінің айғағы.

3. Інжіл. Исаға (а.с.) түскен кітап. Інжіл «**сүйінші, тағылым**» деген мағыналарды білдіреді. Құранда: «**Біз пайғамбарлардың артынан Мәриям ұлы Исаны өзінен бұрын түскен Тәуратты растауышы етіп жібердік. Оған (Исаға): Өзінен бұрын Түскен Тәуратты растауышы ретінде әрі тақуаларға тұра жол мен насихат болсын деп ішінде тұра жол және нұрды қамтыған Інжілді бердік**⁴³, - делінеді.

⁴¹ Испа сүресі/55.

⁴² Майда сүресі/44.

⁴³ Маида сүресі/46.

Қазіргі таңда Інжілдің Алла Тағала тарапынан түскен түпнұсқасы жок. Христиандардың қолында «Жаңа хабар» атты кейіннен адамдар тарапынан құрастырылып жазылған әр түрлі кітаптар бар. Бұлардың төртеуіне «Інжіл» делінеді. Бұл Інжілдер Иса (а.с.) дүниеге келген соң 325 жылдан кейін халық арасында кеңінен тараған, бір-біріне қарама-қайшы пікірлерге толы Інжілдің көптеген нұсқасынан таңдалып, құрастырылған. «Матта», «Маркос», «Лука», «Югонна» делінген адамдардың атымен аталатын бұл төрт Інжілдің ішіндегі баяндалатын оқиғалар көбінесе бір-бірімен сәйкес келе бермейді. Бірінде харам делінген нәрсе екінші бірінде адал болып жатады. Бұган қоса інжілдің бізге дейін келіп жету жолдарының дұрыстығы мен сенімділігі тұрғысынан да қасиетті Құранмен, тіпті Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадистерімен де салыстыруға тұрмайды.

Ұлы Жаратушыға байланысты және әр түрлі мәселелер мен тарихи оқиғаларды баяндайтын мағлұматтардың бұл төрт Інжілде әр түрлі, тіпті бір-біріне қарама-қайшы берілуінен түпнұсқаның кейіннен адамдар тарапынан қатты өзгеріске ұшырап, адами пікірлермен лайланғанын аңғарамыз.

4. Құран. Құран араб тілінде «көп оқылатын кітап» деген мағынаны білдіреді. Құран – Ұлы Жаратушының ақыретке дейін келіп-кетер барша адамзатқа тұра жолды көрсету үшін соңғы пайғамбар Мұхаммедке (с.а.у.) уахи арқылы түсірілген, оқылуының өзі гибадат саналатын мәңгілік иләһи кітап. Құран – өзіне дейінгі түскен барлық паракттар мен кітаптардың мазмұнын қамтыған. Құран – санасты қанша жетілсе де ақыретке дейінгі келетін күллі адамзаттың барлық рухани әрі заттық сұраныстарына жауап беретін, жеке тұлғалық, қоғамдық әрі әлемдік барлық проблемаларына қатесіз толық шешім беретін, адамның

санасы жете бермейтін көмескі әлемді суреттеп, беймәлім сырларды ашатын, екі дүниенің бақытын көрсетіп, ақ пен қараның ара-жігін ажыратып, өзіне сеніп, шырақ тұтқан жандарды рухани кемелдікке тәрбиелейтін Ұлы Жарату-шы тарапынан жіберілген қасиетті соңғы кітап.

Құран Қәрімнің Алла Тағала тарапынан жіберілгендігінің кейір дәлелдері⁴⁴.

• Пайғамбарымыздың (с.а.у.) дәуірінде арабтардың ауыз әдебиеті, сөз өнерінің, әсіресе, ақындықтың шынына жеткені соншалық – ақындар бір шумақ өлеңдерімен бейбіт жатқан екі елді соғыстырып немесе қылыштарын қындарынан шығарып, соғысуға шақ қалған екі елді татуластыратындаі дәрежеде болған. Жыл сайын сөз өнерінен арналған сайystар ұйымдастырылып, алғашқы жеті орынға ие болған шайырлардың есімі мен өлеңдерін алтынмен әшекейлеп қағбага іліп қоятын. Ақындарды былай қойғанда, жалпы халықтың өзі бір-бірімен өлеңдесіп сөйлескен. Міне, сөз өнерінің осындай шынына жеткен уақытта Пайғамбарымызға (с.а.у.) Құран түскен.

Қазіргі дін дүшпандары сияқты сол дәуірдің кәпір шайырларының Пайғамбарымызға: (с.а.у.) «*Құранды өзің ойдан жазып жатырсың*» деген жалаларына қарсы Алла Тағала: «**Оларға былай деп айт: Ант етейін, егер адамдар мен жындар мына Құранның ұқсасын жасау үшін жиналып, тіпті бір-бірін қолдап, құштерін жинаса да оған ұқсас бір кітап жаза алмайды**» (Исра/88) – деп аят түсіріп, олардан Құранға ұқсас бір кітап жазуларын талап етеді. Алайда араб ақын-шешендері Құранға ұқсас бір кітап жазу қолдарынан келмегендіктен ауыздарына құм құйылып, үн-тұнсіз қала берді.

⁴⁴. Бұл жайлы кең мағлұмат үшін қараныз, М. ИСАҰЛЫ, Құран кімнің сөзі?, Алматы 2004.

Алла Тағала басқа бір аятта: «Жоқ, әлде олар (кәпірлер) Құранды өзі құрастырып алды деп жатыр ма? (Мұхаммед (с.а.у.) оларға айт: Егер айтқандарың рас болса Алладан басқа шақыра алатындарының (жәрдемге) шақырындар, (бәрін бірігіп) сендер де сол сияқты құрастырылған он сүре жазындар!»⁴⁵ - деп әншейінде намысшыл болып келетін шайырлардың намысын қайрап, олардан құрастырылған он сүре жазуларын талап етеді. Бірақ шайырлардың ауыздарына құм құйылып, дәрменсіздіктен Алланың бұл талабын да жауапсыз қалдырды. Он сүре жазуға шамалары келмеген шайырларды Алла Тағала басқа бір аятта былай деп, бар білетін өнерлерін көрсетуге шақырады. «Егер құлымызға түсірген Құранға күмәндансандар, қанеки, бір сүресіне ұқсас сүре жазып әкеліндер және Алладан басқа сенетіндерінің барлығын шақырындар, егер күмәндарың ерине рас болса. Бұны жасай алмасандар, – ешқашан жасай алмайсындар да – Ендеше, отыны адамдар мен тастардан тұратын кәпірлерге әзірленген тозақ отынан сақтанындар» (Бақара, 23-24). Әншейінде намысшыл келетін шайырлар бұл жолы тағы да Алланың талабына дәрменсіз қалып, Құранға ұқсас бір кітап емес, тіпті он сүре де емес, жалғыз ғана сүре жазу да қолдарынан келмегендіктен тағы да үнсіз қалды. Иә, күмән көлтірген арабтардың өздерінен талап етілген Құранға ұқсас бір кітапты, яки он сүресін, тіпті жалғыз сүресін жазу Пайғамбарымыздың (с.а.у.) жана дініне тосқауыл болудың ең қыска әрі оңай жолы бола тұра, мал-жандарын қатерге соғатын соғыс жолын таңдауларының астарында Құран сүрелерінің ұқсасын жаза алмаулары бар еді. Өйткені Құран мағынасындағы терендігі мен тәсіліндегі ерекшелігі жағынан арабтардың қара сөздеріне де, өлең

⁴⁵ Нұд сүресі/11-13.

шумақтарына да ұқсамайды. Он төрт ғасырдан бері Құран сүрелеріне ұқсас бір сүрені күллі адам баласының жаза алмауы – Құранның Алла Тағала тараپынан жіберілген хақ кітап екендігінің айқын дәлелі.

• Құран мен Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадистерінің арасында сөз стилі тұрғысынан жер мен көктей ерекшелік бар. Ерекшелігі соншалық – кез келген арабша білетін адам мағыналары бір болып келетін Құран аяттары мен хадистерді «мынау – аят», «мынау – хадис» деп, оп-оңай ажыратады. Арабтар пайғамбарымыздың хадистерін өздерінің сөздеріне ұқсас деп біліп, Құранды өздері қолданатын сөйлеу тәсілдерінің ешқайсысына ұқсата алмай, қайран қалатын. Себебі, Құранда арабтардың қолданған қара сөздеріне де, өлеңдеріне де ұқсамайтын, жалпы барлық адами сөйлеу тәсілдерден мүлдем өзгеше өзіне ғана тән иләһи (құдайлық) тәсіл бар.

• Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадистерін оқыған уақыттымызыда терең толғанып, Алланың ұлылығының алдында бас ііп, тебіреніп айтып тұрган адам бейнесі сезіледі. Ал Құранды оқыған уақыттымызыда Алланың ұлылығы мен жаббарлығының үні байқалып, сөздің жұмыр басты адамнан емес, бүкіл әлемдердің Ұлы Жаратушсынан келіп тұргандығы анық байқалады. Пайғамбарымыздың бір-бірінен тым басқаша екі тәсілді әр жерде еш ойланбастан, оп-оңай ажыратып қолдануы Құранның ойдан шығарылған кітап емес, Алла Тағала тараپынан түсірілгендейгінің айқын дәлелі болса керек.

• Оку-жазу білмейтін Алла елшісінің (с.а.у.) уахидың көмегінсіз жеке тұлғалық, отбасылық, қоғамдық, экономикалық және адами қатынастарды реттейтін құқықтық қағидалар қойып, ислам діні сияқты кемел жүйе құруы әсте мүмкін емес. Алла елшісінің (с.а.у.) алып келген жаңа жүйесі ғасырлар бойы дос-дүшпан, сан

алуан ұлттар тарапынан іс жүзінде қолданылуда. Тіпті заман ескірген сайын ислам діні жаңара тұсуде. Енде-ше, бұл ереже-қағидаларды орнатқан Мұхаммед (с.а.у.) емес, Ұлы Жаратқанның өзі болмақ. Тарихқта көптеген құнды кітаптар жазылған. Бірақ жұмыр басты пенденің туындысы болғандықтан, заманың жаңалығына өз шешімін беріп, адамзаттың күн сайын дамыған ой-өрісін қанағаттандыра алмағандықтан, жаңа толқын тарапынан «ісің бітті» делініп, сөредегі орнынан беймәлім жаққа тәрк етілген. Ал, Құранға деген адамзаттың мұқтаждығы құннен-қүнгө артып отыр. Иә, заман ескірген сайын Құран жаңара тұсуде. Отken ғасырларда тәпсірленіп, сол ғасырлардағы аса көкейкесті мәселелерге дауа болған Құран аяттары бүгінде басқа қырынан тәпсірленіп, құдды жаңа ғана түскендей адамзаттың шешімін күткен небір заманауи күрделі күрмеулері мен сансыз саулдарына жауап беруде және қияметке дейін бере бермек. Сөйтіп, өзінің сарқылмас қазынаға толы мәнгілік мұғжиза, ескірмес иләһи кітап екенін дәлелдей бермек.

• Әлемде миллиондаған адам жатқа білетін және күн сайын жалықпастан оқылатын Құран секілді екінші бір кітап жоқ. Қандай классикалық әдеби кітапты алсаныз да, бірнеше рет оқығаннан кейін одан жалығасыз. Ал Құранды оқыған сайын жалығу былай тұрысын, ол сізді жаңа ойларға жетелеп, рухани шабытқа кенелтеді. Көніліңізге көктем сыйлайды. Алты жүзден аса беттен тұратын Құран Кәрімнің араб тілін білмейтін миллиондаған адамдар тарапынан сөзбе-сөз толықтай оқай жатталуы және адамның жандуниесіне ағыла құйылып, баурап алатын, тек өзіне ғана тән ерекше әуені мен әуезі – Оның иләһи кітап екендігінің нақ белгісі.

• Құранның бұрын болып кеткен көптеген оқиғалар мен келешекте болатын оқиға, жаңалықтардан нақты ха-

бар беруіне ат үсті қарап, оны адам баласының жазған туындысы деу қисынға қайшы. Бұл жерде оның барлығын қамтып жазу мүмкін болмағандықтан, мысал ретінде бірекеуін ғана беріп отырымыз.

- Салих, Лұт, Мұса сияқты пайғамбарлар мен қауымдарының ежелгі дәүірде ғұмыр кешкен мекендері мен өмір сүру ахуалдарын Құран баяндағандай енді ғана зерттеп тапқан қазіргі археология ғылымы Құранға еріксіз таң қалуда.

- Пайғамбарымыздың (с.а.у.) дәүірінде румдықтар мен сасанидтер үнемі бір-бірімен шайқаста болатын. Румдықтар сасанидтерден соңғы соғыста қайта бас көтермestей ойсыра жеңілске ұшырайды. Осы жеңілістен кейін румдықтардың бірнеше жылдың ішінде жеңіс тұғырына қайта көтерілетіндігіне ешбір кеменгер, данышпаннның болжам жасауы мүмкін емес еді. Міне, осындағы ешбір болжамның ұшы да көрінбеген кезеңде Құран Кәрім румдықтардың осы жеңілістерінен кейін сасанидтерді бірнеше жылдың ішінде қайта жеңетіндігін дөп басып айтып салады: «Рум жеңілді, сендерге ең жақын жерде. Олар бұл жеңілістерінен кейін бірнеше жылдың ішінде қайта жеңіске жетеді...»⁴⁶. Құран айтқандай-ақ румдықтар сасанидтерді бірнеше жылдың ішінде қайта жеңеді.

Құран және ғылым

• Құран Кәрімнің енді-енді кейінгі ғасырларда ғана ашылып жатқан көптеген ғылыми жетістіктерді осыдан он төрт ғасыр бұрын айтып кетуі көптеген батыс-шығыс ғалымдарын таң қалдырып, Исламға бас идірген. Міне, бұл Құранның авторы Мұхаммед (с.а.у.) емес, Алла тараپынан жіберілгендігінің дәлелі.

⁴⁶ Рум сүресі/1-4.

Мысал ретінде бірнеше аят:

Өсімдіктер де аналық-аталыққа бөлінеді

Өсімдіктердегі аналық-аталық ұрықтарының ғылыми түрғыдан соңғы ғасырларда ғана зерттеліп білінгені бәрімізге мәлім. Ал, Құран мұны он төрт ғасыр бұрын былай деп көрсеткен: «Жерден өніп-өсетін барлық өсімдіктерді және өздерінді және сендердің т.б. білмейтін нәрселерінді жұп-жұп қып жаратқан Алла қандай пәк»⁴⁷.

Желдің ұрықтандыру қызметі

«Хижер» сүресіндегі: «Біз желді ұрықтандыру үшін жібердік, сойтіп аспаннан жаңбыр жауғызып, сендерді сусындандырық...» аяты жаңбырдың жауында, желдің ұрықтандыру қызметін атқаратындығын ашық баяндайды. Аятта жел үшін қолданылған «уақиҳ» сөзі «ұрықтандыру» деген мағынаны білдіреді.

Жел су буларынан пайда болған бұлттарды бір-бірімен қақтығыстырады. Бұл қақтығыс салдарынан найзағай пайда болады. Жел бұлттарды тығыздаپ сыққан кезде жерге жаңбыр жауады. Желдің бұлттарды айдалап, бір-біріне қосу ісі жоғарыдағы аятта «бұлттарды бір-біріне қосады» деп емес, «ұрықтандырады» деп берілуі шынымен де назар аудараптық. Яғни, аятта айтылған желдің бұлттарды «ұрықтандырады» деуінің астарынан бұлттардың да бейне бір аталық-аналық тәрізді позитив-негатив болып бөлінетіндігін анғаруға болады. Демек, желдің позитив-негатив бұлттарды бір-бірімен қосып, тығыздауы нәтижесінде жаңбыр жауғызыу оның «ұрықтандыруы» болмақ.

Тоғызыншы ғасырдың аяғында яғни осыдан он бір ғасыр бұрын өмір сүрген Ибн Жәрир әт-Табарани

⁴⁷ Ясин сүресi/36.

атты ғалым жоғарыдағы аяты тәпсірлегенде: «**Әуелі жел өсімдіктерді тозаңдайды, сосын бұлттарды ұрықтандырады**» - деп, желдің өсімдіктерді тозаңдайтынын һәм бұлттарды да ұрықтандыратынын айтыу таң қаларлық.

Міне, Құран Кәрім он төрт ғасыр бұрын желдің аналық-аталықтан тұратын өсімдіктерде және позитив-негативті бұлттарда ұрықтандыру қызметін атқаратынын ашық айтып кеткен. Ғылыми тұрғыда кешірек дәлелденген аталмыш табиғат зандарын 1400 жыл бұрын ешбір адамның білуі мүмкін емес еді. Олай болса, Құран адам емес, осы зандарды жаратқан Ұлы Құдіреттің сезі болмақ.

Аспан әлемі үнемі кеңеюде

Ең жақын бес-алты галактиканан басқа барлық галактикалар бізден өз қашықтықтарына сай жылдамдықпен тоқтамастан ұзақтап жатқанын 1922 жылы астроном Хабл (Hubble) зерттеп тапқан болатын. Оның айтуына қарағанда, жарық жылдамдығымен есептегенде бізден миллион жылдай қашықтықта орналасқан бір жұлдыз бізден жылына 168 км жылдамдықпен, екі миллион жыл ұзақтағы жұлдызы екі есе жылдамдықпен, үш миллион жыл ұзақтықтағы үш есе жылдамдықпен тоқтамастан алыштауда.

Іә, 1922 жылы ғана зерттеп білінген «*Big-bang*» Үлкен жарылыс» заңын Құран осыдан 1400 жыл бұрын, яғни астрономия ғылымы дамымаған, телескоп сияқты құралдар болмаган ғасырда: «**Аспанды құдіретімізбен біз жараттық және оларды үнемі кеңейту деміз**» (Зарият/47) – деп анық айтып кетуі күмәнсіз толғанған ақыл иесін Құранға бас идірері сөзсіз.

Жердің домалақтығы

Құранның: «Тұнді құндіздің үстіне, құндізді тұннің үстіне орайды»⁴⁸ – деген аяты жердің шар тәріздес екендігін меңзейді.

Араб тілінде «такуир» сөзі домалақ нәрсенің сыртына бір нәрсені орау, байлау деген мағынаны білдіреді. Демек, жер шар тәріздес болғандықтан күн мен тұн үшін «орайды» сөзі қолданылып отыр. Күн мен тұннің тәулік бойы өзара алма-кезек ауысып отыруы Жер шары домалақ пішінде болған жағдайдаған жүзеге асады. Міне, Құран осылайша «такуир» сөзі арқылы Жердің шар тәріздес екендігін білдіруде. «Назигат» сұресінің отызынышы аяты жер пішінінің аздап сопактау екендігін: «Содан кейін жерді түйе құсының жұмыртқасы пішініне келтірді»⁴⁹ – деп айқын білдіреді.

Батыс әлемі он алтыншы ғасырдың өзінде жердің домалақ екендігін дәлелдемек болған ғалымдарын инквизиция сотында қаралап, отқа жағу жазасымен қорқытқаны тарихтан белгілі. Мұның бәрі шіркеудің ғылымға қарсы болғандығынан туыннады. Батыста жердің домалақ екендігін әрі өз осын және құнді айналатындығын атақты ғалым Коперник біле тұра, сол кездегі ғылым-білімге қас шіркеу поптарынан қорыққандықтан ашық айта алмады. Тың жаңалық жайлы Коперниктің бұл кітабы өзі дүние салғаннан кейін ғана жарыққа шықты. Коперниктің бұл еңбегі он сегізінші ғасырға дейін батыс елінде тыйым салынған бірқатар кітаптардың қатарында болды.

Коперниктен кейін Италияның атақты ғалымы Галилео Галилей Жердің домалақтығын әрі оның өз-өзін және құнді айналуда екендігін өз кітабында жазған еді. Алайда

⁴⁸ Зумар сүресі/5

⁴⁹ Бұл аяттағы «دَخَانَةً», «дахана» сөзінің: төседі, жайды деген мағыналары да бар.

инквизиция соты оны да отқа өртейміз деп қорқытып, сот алдында өз пікірінен бас тартуға мәжбүрледі. Галилей сот тарқағаннан кейін «Жер бәрібір айналыста» деген пікірін күбірлеген бойда кете барды. Галилейден кейін Италия философы Бруно да өзіне дейінгі Коперник, Галилей сынды ғалымдардың жерге байланысты пікірін қолдағандықтан инквизиция соты тарапынан аяусыз өртеліп, жарық дүниемен қош айттысты. Міне, батыс әлемі жердің домалақтығын әрі өз осін және күнді айналып тұргандығын он алтыншы ғасырдың өзінде осылай таласып-тартысып жатқан кезде, ислам әлемі оны ғылыми тұрғыда он бірінші ғасырларда-ақ анық дәлелдеген әрі мұсылмандар бұған көміл сенген-ді. Тіпті көптеген мұсылман ғалымдар он бірінші ғасырға дейінгі өз еңбектерінде де жоғарыдағы аяттарға сүйене отырып, Жердің домалақтығын жазып кеткендігіне сол тарихи кітаптардың өзі куә. Жердің домалақтығын ғылыми тұрғыда әл-Бируни атты ғалым он бірінші ғасырларда дәлелдеп берді. Әл-Бируни Жердің домалақ екендігін әрі өз-өзін және Күнді айналып тұргандығымен қоса тіпті жердің «тартылыс» күші жайында да сөз қозғаган. Әл-Бируни Жердің «тартылыс» күшін кейіннен дәлелдеген Ньютоннан бірнеше ғасыр бұрын жердегі «тартылыс» күшін былай деп айтып кеткен:

«Жер айналып тұрса, онда жер бетіндегі тау-тас, агаши, жанды-жансыздар неге гарыш кеңістігіне құлап кетпейді?» деп сұралса, былай деп жауап беремін: Бұл жағдай жердің айналуына қатысты жаңалығымызға қайшы емес. Өйткені барлық нәрсе жердің орталығына түсуде. Демек жердің орталығында тартылыс бар. Міне, жердегі осы «тартылыс» күші жер бетіндегі барлық нәрсенің басқа жаққа құлап кетуіне кедергі жасауда»⁵⁰.

⁵⁰ Шабан Дөген, Мұсылман білім өнжиллері ансаклапедиясы, 51-бет. Стамбул.

Жердің айналу бағыты

«Тауларды көріп, оларды тапжылмай түр деп ойлап қаласын. Ал олар болса, бұлттардың көшуі тәріздес жылжуда»⁵¹.

Алла Тағаланың адамдардың ақиқат аясында өмір сүрүлері үшін шырақ қылып түсірген қасиетті Құранның бұл аятында Жердің тек айналуы ғана емес, сонымен қатар оның айналу бағыты да айтылып кеткен. Қазіргі заманғылымының қол жеткізген жаңалықтарының бірі – 3500-4000 м биіктіктеңі негізгі бұлт жындарының қозғалыс бағыты әрқашан батыстан шығысқа қарай болатыны. Ауарайын болжау үшін көбінесе батыстағы жағдайға назар аударылуының себебі де содан.

Ал, бұлт жындарының батыстан шығысқа қарай қозғалуының негізгі себебі – Жердің айналу бағыты. Өйткені жер батыстан шығысқа қарай айналатыны белгілі. Кейіннен белгілі болған бұлғылым ақиқат бірнеше ғасыр бұрын қасиетті Құранда айтылып қойғаны керемет емей немене?

Теңіздердің бір-біріне араласпауы

Зерттеушілердің теңіздердің ерекше қасиетіне байланысты соңғы ғасырда ашқан жаңалықтарының бірі Құранның «Рахман» сүресінде байлайша баяндады: «**Алла Тағала екі теңізді ағызды, олар бір-бірімен қабысады, бірақ араларында перде болғандықтан бір бірімен араласпайды**»⁵².

Иә, бір-бірімен қабысып жатса да, сулары араласпайтын теңіздердің жоғарғы аятта айтылған

⁵¹ Нәміл сүресі/88.

⁵² Рахман сүресі/19-20 аят.

ерекшелігі жақында ғана мұхит зерттеушілері тарапынан Жерорта теңізі мен Атлант мұхитының қабысқан жерінен табылды. Фасырлар бойы бір-бірімен түйісп түрған теңіз суларының тығыздықтарының әр түрлі болуы – екі теңіздің суларын бір-біріне араластырмай ортада көрінбейтін бір қабырға бардай боп тұрады.

Шынымен-ақ, физика ғылымы, су асты зерттеулері, тығыздық өлшемі сияқты нәрселер әлі адамның үш үйіктаса түсіне кірмейтін дәуірде Құранның бұл ғылыми ақиқатты дөп басып баяндауы ойланған адамға көп нәрсенің бетін ашары сөзсіз.

Таулардың қозғалуы

Құранның бір аятында табиғаттың әсем де асқақ ажырамас бөлігі – таулардың әрдайым қозғалыста болатыны турасында былай делінген: «**Тауларды қөріп, оларды тапжылмай тұр деп ойласың. Ал олар болса, бұлттардың қөшуі тәріздес жылжуда**»⁵³.

Таулардың бұл қозғалысы жер қабығының қозғалысына байланысты болады. Жер қабығы болса, мантияның үстінде үнемі қалқып жүреді. Ең алғаш XX ғасырдың басында неміс ғалымы Алфред Вегенер жер бетіндегі құрлықтардың бастанқыда біртұтас болғаны, кейіннен түрлі бағыттарда жылжып, бір-бірінен бөлінгені туралы тұжырымды ортага салған болатын.

Алайда, геологтар Вегенердің айтқандарының тек тұжырым ғана емес, ғылыми ақиқат екендігіне оның өлімінен 50 жылдан кейін ғана, яғни 1980 жылдары ғана көздері жетеді. Ал, бұл ақиқат Вегенерден де пәленбай ғасыр бұрын бүкіл ғылымдардың қайнар бұлағы – Құранда айтылып кеткен еді.

⁵³ Нәміл сүресі/88.

Вегенердің 1915 ж. жарияланған мақаласында мына деректер келтірілген еді: «Жер бетіндегі құрлықтар шамамен 500 миллион жыл бұрын біртұтас болған, Пангаэя атты бұл үлкен құрлық оңтүстік полюсте орналасқан. Шамамен 180 миллион жыл бұрын Пангаэя екіге бөлінеді. Екі бағытқа қарай жылжып отырган бұл екі құрлықтың бірі – Африка, Австралия, Антарктикада және Үндістанды қамтыған Гондвана, ал, екіншісі – Еуропа, Солтүстік Америка және Үндістансыз Азиядан тұратын Лавразия болатын.

Осылайша, Пангаэяның бөлінуі нәтижесінде пайды болған бұл құрлықтар үздіксіз түрде жылда бірнеше сантиметрлік жылдамдықпен жылжып отырады».

Бұл жерде айта кететін тағы бір маңызды нәрсе – Құран аятында таулардың қозғалысына байланысты «жылжу» сөзінің қолданылуы. Қазіргі ғалымдардың бүгінгі таңда осы таулардың қозғалысы туралы пайдаланып жүрген термині ағылшын тілінде «*continental drift*», яғни «құрлықтық жылжу».

Адам баласының дүниеге келуі

Адам өміріне ақиқат нұрын шашқан қасиетті Құранда пендені иманға жетелеу үшін алуан түрлі дәлелдер келтіріледі. Адам көзін ақиқатқа ашу үшін Жаратушы иеміз бірде көкті, бірде жерді, бірде өсімдіктерді, енді бірде жануарларды тілге тиек етіп, олардың жаратылысындағы ғажайып сырларды ашып салады.

Сондай-ақ, Құранның көптеген аяттарында адам баласының дүниеге қалай келетіні, Алланың құдіретімен ана құрсағында жатып қандай даму кезеңдерінен өтетіні туралы жиі-жиі сыр шертіледі. Мысалы «Мұминун» сүресінде:

«Расында, біз адамды нағыз (сүзілген) балшықтан жараттық. Сосын оны шәуеттің бір тамшысы күйінде мықты жерге (жатырға) орналастырдық. Сосын ол тамшыны алақаға (жабысқаң ұрықтанған клеткаға) сосын, оны мудғаға (бір тістем ет көрінісіндегі жаратылысқа), сосын мудғаны сүйектерге айналдырыдық, сосын сүйектерді етпен қаптадық, сосын, оны басқа бір жаратылыс жасадық. Алла ең керемет Жаратушы»⁵⁴ – делінеді. Осы сияқты мұғжизаға толы аяттар Құранда көптеп кездеседі. Мұндай аяттарда 7-ші ғасырда адамдардың білуі мүмкін емес болған ғылыми детальдар жатқанын байқау қынға соқпайды. Мысал бере кетсек:

1. Адам шәует сүйиғының түгелінен емес, тек бір кішкене бөлігінен, яғни аталақ клеткадан (спермадан) жаратылатыны,
2. Сәбидің жынысын – аталақ ұрық айқындастыны,
3. Эмбрионның ана құрсағына сұліктей боп жабысып тұратыны,
4. Сәби ана құрсағында 3 қаранды кеңістік ішінде өсетіні, т.б.

Бұл детальдар 20 ғасырда ғылым мен технологияның шарықтау шегіндеғанда айқындалғандығы – адамды Құранға және оны түсіруші Аллаға жақындана түспеуі мүмкін емес, сірә. Енді осыларға тереңірек тоқтала кетелік.

Шәуеттің бір тамшысы

Аталақ клеткалар аналық клеткаға жеткенге дейін бірталай сапар шегетіні белгілі. Бұл сапардың соңында, 250 миллион аталақ клетканың тек мың шамасындағы

⁵⁴ Муминун сүрәci/12-14.

ғана аналық клеткаға жетіп, оның ішінде тек біреуі ғана тұз ұсағының жартысындай ғана аналық клеткаға кіреді. Яғни, адамның негізі – шәуеттің түгелі емес, оның тек бір кішкентай бөлшегі ғана. Құранда бұл ақиқат былайша баян етіледі: «**Адам баласы өзін (еш сұрақ алынбастан) басы бос қоя берілемін деп ойлай ма? Ол (әу баста) тамызылған бір тамшы шәует емес пе еді?**»

Шәуеттегі қоспа сұйықтар

Шәует сұйығы – тек аталық клеткалардан ғана тұрмайтынын ғылым дәлелдеп отыр. Керісінше, ол бір-бірінен бөлек әр түрлі сұйықтардың қоспасынан тұрады. Бұл сұйықтар аталық клетканың қажет ететін энергияны тасу, аналық клетканың кіре берісіндегі түрлі қышқылдарды нейтралдау, аталық клетканың қозғалысына қажет тайғақ органды ынғайлау сияқты қызметтері бар.

Ақиқат айнасы – Құранда шәуетті қоспа сұйық деп бейнелеп, енді-енді ашылып жатқан ғылыми детальдарға ишарат жасап тұрганы таңдай қақтырады. «**Біз адамды әр түрлі аралас қоспа шәуеттен жараттық...**»⁵⁵.

Сәбидің жынысы

Адамдар көпке дейін сәбидің жынысы аналық клеткалар тараپынан айқындалады деп есептеп келген. Алайда, VII ғасырда түсken Құран Қәрімде бұл мәселе тура-лы басқаша мағлұмат беріліп, сәбидің жынысы құрсаққа құйылған аталық сперматозоидтан жаратылғаны айттылады: «**Ол (Алла Тағала) еркек пен ұрғашы жұбын ытқып шыққан ер кісінің шәуетінен жаратты**»⁵⁶.

⁵⁵ Инсан сүресі/2.

⁵⁶ Нәжім сүресі/45-46.

Құранда баяндалған бұл деректің растығы генетика мен микробиология ғылымдарының дамуы нәтижесінде дәлелденіп отыр. Жыныс еркектен келетін аталақ клетка тарапынан айқындалады, ал әйел ағзасы бұл жерде ешқандай рөл ойнамайды.

Жыныс – адам ағзасындағы хромосомаларға байланысты. Ағзадағы барлығы 46 хромосоманың екеуі – жыныс хромосомалары деп аталады. Бұл екі хромосома еркектерде XY, әйелдерде XX ретінде белгіленеді. У хромосомасы еркектік, ал, X хромосомасы әйелдік гендерді тасиды.

Адам баласының түзілуі – жұптала жүретін осы хромосомалардың ерекек пен әйелдің бір-бір жұптарының бірігуі арқылы іске асады. Әйелдегі бұл жұптың екеуі де X болса, еркектерде біреуі X, екіншісі У болады. Демек, жаңа жаратылған сәбидің ұл болуы – ана ағзасындағы X хромосомасымен аталақ клеткадағы У хромосомасының, ал қызы болуы X хромосомасымен бірігуі нәтижесінде пайда болады.

Құрсаққа ілініп тұратын ет

Құран дариясына сұнғи түссек, ана құрсағындағы сәбидің даму кезеңдері туралы әлі көптеген деректерге қанығамыз.

Аталақ клетка мен аналық клетканың бірігуі арқылы құралатын зигота атты жалғыз клетка сол арада бөлініп, ессе бастайды да, бір түйір етке ұқсайды. Алайда, зиготаның бұлайша өсуі бос аланда мүмкін болмагандықтан, ол ана құрсағына жабысып, ілініп тұрады. Осылайша өзінің өсуі үшін қажетті қоректі ана ағзасынан емуіне де мүмкіндік туады. Талайды таң қалдырған бұл ақиқат Құран аятында былайша баяндалады: «**Сені жаратқан Раббыңың**

атымен оқы! Ол адамды жабысқақ нәрседен (жатырға жабысқан клеткадан⁵⁷) жаратты»⁵⁸.

«Әлақ» сөзі араб тілінде – ұйыған қан және бір жерге жабысып, ілініп тұрған нәрсе деген мағынаны білдіреді.

Сүйектердің бұлышық етпен қапталуы

Құранның тағы бір баға жетпес мұғжизаға толы аяты ана құрсағындағы сәбидің өсу кезеңдеріне тоқтала келе, алдымен сүйектер бітіп, кейін сол сүйектерді бұлышық еттер қаптайтыны туралы былайша сыр шертеді: «Расында, біз адамды нағыз (сүзілген) балшықтан жараттық. Сосын оны шәуеттің бір тамшысы қүйінде мықты жерге орналастырық. Сосын ол тамшыны алақаға (жабысқақ ұрықтанған клеткаға) сосын оны мудғаға (бір тістем ет көрінісіндегі жаратылысқа) сосын мудғаны сүйектерге айналдырық, сосын сүйектерді етпен қаптадық, сосын оны басқа бір жаратылыс жасадық. Алла – ең керемет Жаратушы»⁵⁹.

Ана құрсағындағы сәбидің өсіп-жетілуін зерттейтін эмбриологияғыны – көпке дейін сүйектер мен бұлышық еттер бірге құралады деген қате тұжырымда болып келген еді. Тек технологияның дамуы нәтижесінде ақықат айғақтарына қол жеткізіліп отыр.

14 ғасыр бұрын, яғни ғылымның дамымаған, микроскоп, УЗИ сияқты құралдардың жоқ кезінде құрсақтағы сәбидің өсіп-жетілу, даму кезеңдерін дөп басып, бүгешігесіне дейін дәлмедәл айтып кеткен Құранның жаңаалықтарын соңғы технологиялардың көмегімен енді

⁵⁷ Негізінде жалпы тәпсіршілер «алақ» сөзін ұйыған қан пішінінде көрінетін ұрықтандырылған клетканы айтады. Бірақ кейір кейінгі тәпсіршілер алақ сөзін жогарыда айттылған жабысқан клетка мағынасына да келетінін айтады.

⁵⁸ Алақ сүресі/1-3.

⁵⁹ Муминун сүресі/12-14.

ғана тапқан қазіргі эмбриология ғылымы Құранға еріксіз таң қалса, ар-оқданы ояу жандар: «*Бұл кітап Алланың шынайы сөзі*» деп иман келтіруде.

Биікке көтерілген сайын кеуденің қысылуы

Адам баласының өмір сүруі үшін оттегінің мәні айтпаса да белгілі. Біздің дем алұымыз – ауадағы оттегінің өкпемізге кіруін қамтамасыз етеді. Ал, биіктеген сайын жер шарының атмосферасы жұқара түсетіндіктен, атмосфераның қысымы мен қан айналымына түсетін оттегінің мөлшері азая түседі. Яғни, дем алу қындағанда түседі де, өкпе қысылады. Белгілі бір биіктіктен кейін адам баласы дем ала алмайды. Теніз деңгейінен 5000-7500 метр биіктікегі адам дем алудың қындығынан талып та қалады. Осы жоғарыға көтерілген сайын оттегінің азая түсетінін қазіргі ғылым соңғы ғасырларда тауып отырса, Құран 1400 жыл бұрын былай деп дөп басып айтып кеткен: «**Алла кімді тұра жолға салғысы келсе, оның көкірегін Исламға ашады. Ал кімді адастырғысы келсе, оның көкірегін бейне бір көкке көтеріліп бара жатқандай қысады**»⁶⁰.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) ұшак жасап, биікте көтеріліп ұшпағанын және өмір сүрген Мекке, Мәдінаның төңірегінде төбесіне шыққан адамның қеудесі қысылатындағанда биік таулардың жоқтығын ескерсек, бұл ақиқатты жеткізген Мұхаммедтің (с.а.у.) шынары пайғамбарлығы мен Құранның хақтығының алдында қалайша бас имессің?!

⁶⁰ Әнғам сүресі/125.

Жаңбырдағы өлшем

Құран Кәрімде жаңбырдың белгілі бір мөлшерде жауатыны туралы былай делінген: «**Алла Тағала қоктен белгілі бір мөлшермен су жіберуде. Біз онымен өлі бір өлкеге жан беріп, құлпырттық. Міне, сендер де осылай қайта тірілесіндер**»⁶¹.

Жаңбырға байланысты айтылған бұл мөлшер де технология мен ғылымның дамыған біздің заманымызда табылып отыр. Зерттеулердің нәтижесі бойынша, жер бетінен секундына 16 миллион тонна су буланып ауаға көтеріледі. Бұл мөлшер жылына 505 триллионды құрайды. Дәл осы мөлшер бір жылда жер бетіне жауатын жаңбырдың да мөлшері екендігі таңдандырады. Яғни, су әрдайым белгілі бір тепе-тендікте айналып тұрады. Егер бұл тепе-тендікте өзгеріс туа қалса, әлемде үлкен экологиялық ауытқулар белек алып, тіршіліктің тоқтауына әкеліп соғу да бек мүмкін.

Жаңбырдағы мұндай аса бір шебер өлшем тек оның мөлшерінде ғана емес, сонымен қатар жерге тұсу жылдамдығында да байқалады. Жаңбыр бұлттары ең аз дегенде 1200 метр биіктікте болады. Егер де үлкендігі мен салмағы жаңбыр тамшысындағы бір зат мұндай биіктікten құласа, жерге 558 км/сағ жылдамдықпен келіп түсер еді. Алайда, жаңбыр тамшыларының ерекше формасы бұған мұрсат бермейді. Жаңбыр бұлттары қандай биіктікте болса да, тамшылардың жер бетіне түсетін жылдамдығы орташа алғанда 8-10 км/сағ-дан аспайды⁶².

• Атақты батыс-шығыс ғалымдарының Құранға таң қалып, оның Иләни кітап екендігін мойындал, растауы ойланғанға ғибрат. Мысалға: С. Харт: Құранның

⁶¹ Зухруф сүресі/11.

⁶² Адем Якуп, Куран мұжизелері. Несил Матбажылық, 2003 ж.

Алла тарапынан Пайғамбарымызға (с.а.у.) уахи арқылы жіберілгендігін, Жан Поуль Роул: Пайғамбарымыздың (с.а.у.) ең үлкен мұғжизасының періште арқылы жіберілген Құран Кәрім екендігін, Виктор Имбердес: Құранның бүтін заң негіздеріне қайнар көзі бола алатындаі бай кітап екендігін, Доктор М. Букайле: Құранның көптеген ғылыми жетістіктердің негізін қамтығандығын толық зерттеп және ондағы басқа да ақиқаттарға тәнті болып, мұсылман болғандығын, Родвел: Құранды оқыған сайын таң қалатындығын айтса, Гете: Бұл кітап (Құран) мәңгілік күш – қуаттың қайнар көзі болып қала бермек, Капитан Кусто: «Қазіргі ғылымды он төрт ғасыр артқа тастаған Құранға ант етейін, ол – Алланың хақ сөзі» деген. Абай атамыз: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз еш уақытта жалған болмас», – деп Құранның хақ екендігін білдірген.



АҚЫРЕТКЕ ИМАН

**«Біз сендерді бостан-босқа жараттық
әрі өздерің де Бізге кері қайтарылмаймыз
деп ойлад қалдындар ма?»**

«Әл-Муминун» сүресі

«Адам баласы үйқыда, өлгенде ғана оянады»

Хазіреті Әли

АҚЫРЕТКЕ ИМАН

Өлгеннен кейін қайта тірілу, мәңгілік өмірдің барлығы – Исламда, тіпті, жалпы барлық діндерде негізгі сенімдердің бірі. Иә, мәңгілік өмірге құштар боп, шексіз өмірді аңсап-армандалып зыр жүргірген адам баласының тулаған жүрегі мен мазаланған көкірегі өлгеннен кейін қайта тірілу сенімі арқылы ғана жай тауып, санастын шырмаған күрделі сауалдардың жауабына сол кезде ғана қол жеткізеді.

Ұлы Жаратушының адам баласының екі дүние бақыты үшін түсірген ақырғы кітабы – Құран Қәрімнің өлгеннен кейін қайта тірілу тақырыбын жалпы кітаптың шамамен үштен бірінде сөз қозғауы бұл сенімнің қаншалықты маңызды екенін көрсетсе керек. Ақыреттің болатыны еш күмәнсіз хақ. Бір ақынның:

«Әлемдегі діндердің түп мақсұты

Үш нәрседе бұлжымай құшактасар:

Құдай бар, ұждан дұрыс, қиямет шын,

Еш діннің мақсұты жоқ мұнан асар», – деп жырлағанындай тарихқа қарасақ, жалпы адам баласының бір пікірде тоғысқан мәселесі – осы ақыретке деген сенім. Адам Атадан бастап жер бетіне келіп-кеткен барлық пайғамбарлар Ұлы Жаратушының барлығы мен ақыреттің еш күмәнсіз хақ екендігін жар салса, жүрегі нұрланған күллі ғалымдар мен ұлы ойшылдар бұл сенімге бекем иланып, мына жалған уақытша өмірлерінің ағысын сол бір мәңгі өмірге қарай реттеп, бағыт түзеп ғұмыр кешкен. Міне, осы ұлан-асыр тарих пен осыншама зәңгір

тұлғалардың ақырет турасында бір пікірге келісуі – ақыреттің хақ екендігін білдіретін басқа дәлелдерге жүргінуді қажет етпейтіндегі қуатты дәлел. Себебі, бес өтірікші адам бірінен кейін бірі келіп, орманды өрт шалыпты десе, «*бұлардың айтқаны рас бол қалар*» деген ойда қаламыз. Бұл сан бес емес, онға жетсе, жеткізген хабарларына сене бастаймыз. Ал, енді өтірік айту ауруынан пәк жер бетіне келіп-кеткен барлық пайғамбарлар мен жалған сөйлеуді ар санайтын сансыз әулие, ғұламалардың барлығы ақыреттің бар екенін ескертіп, өздері де айтқан сөздерін ораза, намаз сияқты ғибадаттары мен жалпы іс-әрекеттері арқылы қуаттап жатса, ақыреттің бар екендігіне құмән келтіру орынсыз болмақ.

Бірақ соңғы ғасырларда мына материалдық дүниенің қыспағы мен қараңғы қапасында қалып, тұншықкан санамызда өлімнен кейін қайта тірілу сенімі азды-көпті әлсіздікке ұшырағаны рас. «*O дүниеге біреу барып келіп не?*» немесе «*ақыреттің болатынына кім кепіл?*» дегендегі сұрақтарды мұртынан құліп қойып жататындардың да ел ішінен табылуы осының айғағы.

Ондай адамдардың көбі құнделікті әдет еткен нәпсісіне ұнайтын құнә істерді тастағысы келмегендіктен және ораза, намаз сияқты ғибадаттарды орындауға ерінгендіктен қайта тірілудің болатындығын білдіретін сансыз дәлелдерге көз жұмып қарайды. Өйткені ондай адам адал-арам демей рахаттануды, жақсы-жаман деп талғамай нәпсісін қанағаттандыруды қалайды. Ал қайта тіріліп, істеген барлық ісіне есеп беру сенімі оның осы рахатына бөгет болып, кедергі жасайтындықтан, оны жоққа шығару мұндай адам үшін әлде қайда жеңіл. Сөйтіп, соқырға айналған ақылы тізгінін нәпсісінің қолына ұстасып, ақыретті жоққа шығару үшін сан қылы дәлел ізден, адасқан сайын адаса түседі. Құранда: «*Есеп*

күнін тек шектен шығушы әрі күнәһар адамдар ғана жалғанға шығарып, сенуден бас тартады»⁶³ – делинеді.

Ойын-сауық қуып жүріп уақытын босқа өткізіп, ұстазы берген тапсырмаға салғырт қарап емтиханға дайындалмаған окушы психологиялық түрғыдан емтиханның болғанын қаламайды. Ұстазының аурып қалуын яки басқа бір себеппен келмей қалуын іштей қатты қалайды.

Міне, тұра осы сияқты мына дүниедегі көл-көсір уақытын босқа өткізіп, Раббысы міндеттеген тапсырмаларын орындаған күнәға белшесінен батқан пенде де ақыреттің болуын іштей қаламайды. Өйткені ол ақыретте болатын есеп күніне дайындала алмаған. Ал ақыреттің болуын іштей қаламаган мұндай жан қайта тірілуге байланысты көз алдындағы сансыз дәлелдерді көре алмайды. Тіпті ол турасында ойлағысы да келмейді.

Ақыретте болатын есеп күніне салихалы амал, сауапты іс істеп өзірлене алмаған адам тозақты былай қойғанда, жұмақтың өзін іштей қаламайды. Тіпті басқа ізгі іс істеген жандардың кіруіне де қызғаныш көзімен қарағандықтан, жұмақтың, жалпы қайта тірілудің болуына қарсы шығады. Мұндай психологиядағы адам жүйелі түрде тепе-теңдік сақтап салмақты ойлауды жоғалтқандықтан, әрдайым қайта тірілуді жоққа шығаруға тараптар әрі бейім тұрады. Ал бейім болған жан қайта тірілуді жоққа шығаруға байланысты атеистердің келтірген әлсіз, күмәнді, түкке тұрмайтын дәлелдерін қуатты, айқын дәлел санап өзін-өзі алдай береді. Бейне бір басын ғана құмға сұғып өзін дүшпанынан жасырдым деп ойлаған ақымақ түйекұстың кейпіне енеді. Мұндай адамдар мына дүниеде жасаған күнәларының есебін беруден қашқандықтан, қайта

⁶³ әл-Мутаффифун сүрәсі/12.

тірілуді жоққа шығару үшін сан-қылды сылтау айтып өз-өзін жұбатады.

Құранда: «**Оларға есеп күніне байланысты аяттарымыз оқылған уақытта: «Бұлар бұрынғылардың аңызы ғой» деп өте шығады»⁶⁴** – деп, кәпірлерге ақыреттің болатындығын білдіретін дәлелдер айтылған кезде ақырет есебін қаламағандықтан, барынша елемеуге тырысатындығы баяндалады.

Өлілерді қайта тірілту құдіреті шексіз Алла үшін қыын емес

Еш шаршамастан жеті қабат аспанды жаратып, оны ғасырлар бойы еш ақау-кемшіліксіз басқарып тұрған Жаппар иеміз Алла Тағаланың адамдарды өлгеннен кейін де қайта тірілтүге құдіреті толық жетеді. Құранда: «**Құллі Аспан әлемі мен жерді жаратқан әрі оларды жаратқан уақытта еш шаршап-шалдықпаған Алланың, өлілерді қайта тірілтүге құдіретінің толық жететінін (Ақыретке сенбейтіндер) көрмейді ме?** Иә, Ол әр нәрсеге толық құдіретті»⁶⁵, – делінген. Басқа бір аятта: «**Көк әлемі мен жерді жаратқан Алланың олардың ұқсасын жаратуға құдіреті толық жетеді емес пе?** Эрине, толық жетеді. **Ол – (әр нәрсені) толық білетін жаратушы»,**⁶⁶ – делінсе, «Назигат» сүресінің 27-аятында: «(Ей қайта тірілтүге сенбейтіндер! Ойланып ақылға салындар!) Сендерді қайтадан жарату қыын ба? Жоқ әлде аспанды ма? (көз салып, қараңдаршы) **Алла аспан әлемін қалай мықты етіп жаратқан**», – деп төбеміздегі мына бас айналдыралар таңғажайып үйлесімді жүйемен әрі дәлме-дәл есеппен істеп тұрған ұшы-қыыры жоқ аспан әлемін, жымындаған

⁶⁴ әл-Мутаффиғун сүресі/13.

⁶⁵ Ахкаф/33

⁶⁶ Иасин сүресі

жұлдыздарды жаратқан Алла Тағала үшін өлгеннен кейін адам баласын қайта тірілтудің еш қыын еместігіне наза-рымызды аударады. Иә, осыншама миллиардтаган га-лактикалар мен ондағы сансыз жұлдыздарды жаратып, оларды бір-бірімен қақтығыстырмай, белгілі бір жүйемен ғасырлар бойы ұстап тұрган Құдіреттінің, әлбетте, адам баласын қайта тірілтіп, жан беруге құдіреті толық жетеді.

Шіріген сүйектерді кім тірілтеді?

Ей, Адам!

Шірігенді кім тірілтер деп адаспа!

Tіrіlтеді, Kіm жаратса оны әу баста!

Қайта тірілуге сенбейтін бұрынғы адам-дар мен қазіргі кейбір замандастарымыздың бұл тұрғыдағы құмәндары мен келтіретін дәлелдерінде еш айырмашылық жоқ. Өйткені бәрінің қайта тірілуге деген көзқарасы біреу – «*шіріп кеткен сүйекті кім тірілтеді?*». Пайғамбарымыздың (с.а.у.) дәуірінде де өлгеннен кейін қайта тірілуге сенбейтіндер болатын. Бір күні Убай ибн Халаф Алла елшісінің жанына келіп, қолындағы шіріп кеткен бір сүйекті ұстап тұрып келеке еткен сыңаймен былай деді:

– Алла Тағала мына сүйекке жан беріп, қайта тірілтеді, солай ма?

Алла Расулы (с.а.у.):

– Эрине, оған жан беріп тірілтеді, әрі сені тозағына салады, – деп жауап берді.

Осы оқиғаға байланысты «*Ясин*» сүресінің төмендегі аяттары түсті: «*Адам баласы біздің оларды бір тамшы судан жаратқанымызды көрмей ме? Сөйтес тұра ол бізге ашық дүшпан болды. (бір тамшы судан) Қалай жаратылғанын ұмытып, бізге былай деп мысал*

келтірді: «Шіріген сүйектерді кім тірілтеді?» Оларға: «Оларды әу баста кім жаратса, қайтадан тірілтетін де Сол және де Ол барлық жаратылысты толық біледі де», – деп кеше мен бұгіннің адамдарының қайта тірілуді жоққа шығару барысында келтірген дәлелдері мен күмәндарына назарымызды аударып, олардың келтірген айғақтарының түкке тұрғысыз екенін көрсетеді.

Осыдан бір ғасыр бұрын жер бетінде қайсымыз бар едік? Бәріміз жоқ емес пе едік? Солай бола тұра адам баласы өзінің бір тамшы судан жаратылғанын ұмытып, өзін жоқтан жаратқан Раббысының қайта тірілтетініне күмәндана қарап, өзінше даңдайсып «шіріген сүйектерді кім тірілтеді?» – деп мысал келтіреді. Иә, өзін жоқтан жаратқан Аллаға иман келтіре отырып, қайта тірілтетін құдіретіне күмән келтіретіндердің ойы мұлде түсініксіз, дәлелі тіпті қысынсыз, ақылға теріс.

Қол сағатты алғаш тауып, жасаған шебер адам бізге: «Мына сағатты қазір бұзып, қайтадан жасауға ілімім әрі қабілетім толық жетеді» десе, еш күмәнсіз сенер едік. Ал, енді біздерді жоқтан тіршілік бетіне шығарған Ұлы Жаратушымыздың бізді өлтіргеннен кейін қайта тірілтетініне күмәндана қарап, шексіз құдіретіне шұбә келтіру орынды ма?

Рұхымыз

Адам баласы – тән мен жаннан жаратылған ғажайып, сиқырлы дүние. Оның материалдық тәнінің жанында рухани жағы, яғни, жаны бар екені еш талассыз шындық. Егер адам баласы ет, сүйек, қан сияқты нәрселерден тұратын тек қана материалдық бір жаратылыс болатын болса, ғылымның шарықтап дамыған осы заманда керемет соңғы үлгідегі құралдар арқылы ажалы жеткен жандардың

өліміне араша түсіп құтқарып қалмас па едік?! Алайда тарихта осы дүниеде мәңгілікке қол жеткізген ешбір тұлға жоқ. Жеткізуі де мүмкін емес. Өйткені тәнімізді басқарып тұрған жанымыз Ұлы Жаратушымыздың әмірімен тәннен шыққаннан кейін оны қайта әкеліп қосуға ғылымның да, басқаның да шамасы жетпек емес.

Іә, денеде рухтың бар екендігіне қарсы дау айтар ешкім жоқ. Сондықтан оны дәлелдеп жатудың өзі артық. Десек те, жан жоқ дейтіндерге әрбір адамнан табылып жатын мына бір жауаптың мәнін жаза кетуді жөн көрдік.

Егер кез келген адамға: Миың, жүргегің, көзің, аузың, қол-аяғың, барлық дene мүшелерің кімдікі делінсе? Менікі дері сөзсіз. Ал енді барлық дene мүшесін менікі деп тұрған «Мен» кім? Оны деп тұрған оның рухы, яғни, жаны. Демек, «Мен» дегеніміз, ол – рухымыз, ал «Менікі» дегеніміз, ол – денеміз.

Абай атамыз жанның өлмейтіндігін, оның тұрақтап, мекен тебетін басқа бір мәңгілік өмірдің бар екенін былай деп тілге тиек етеді:

«Олсе өлер табиғат, адам өлмес,
Бірақ ол ойнап-куліп қайта келмес,
«Мені» мен «Менікінің» айырылғанын
Өлді деп ат қойыпты өңкей білмес».

Яғни, рухымыз өлмейді. Ол денеден айырылғаннан кейін өзінің мәңгілік мекеніне, негізгі отанына сапар шегеді.

Қазақ халқы жан тәсілім еткен адамға өлді демейді, «қайтыс» болды дейді. Бұл сөздің астарынан жанның өлмейтіндігі, басқа бір мәңгі өмірге қайта қайтатындығын түсінуге болады.

Алла Тағала адам баласына арғы дүниеде мәңгілік ғұмыр сыйламақ. Жаппар иеміздің мәңгілігі – ешкімге тәуелсіз мәңгілік. Ал адамның жұмақ яки тозақта мәңгі

буолу – Ұлы Жаратушымыздың мәңгілігіне тәуелді әрі Оның мәңгілігінің дәлелі. Міне, адам баласының сол мәңгілік ғұмыр үшін қайтатын орнын ақырет, жұмак, тозақ дейміз.

Рухымыздың мәңгілікті аңсауы

Кез келген адам баласы машақат, бейнетке толы, наизағай жылдамдығына пара-пар қалай зымырап өтіп кеткені түсініксіз мына қамшының сабындай қысқа ғұмырға қанағаттанбайды. Оның рухы, жан дүниесі мәңгілікті аңсайды. Шексіз өмір мен бақи дүниеге құштарланып тұрады. Өзінің бір ғасырға да жетпейтін жалған, шектеулі өмірін ойладап, бүгін басып жүрген қара жерді ертең көрпе етіп жамыларын сезінген сэтте мәңгілікке құштар жан-жүрегін қайда қоярын білмей, ұйқысы қашып, шарасыздықтан мазасыздана түседі. Адам баласының рухын мәңгілікке құштар етіп, оған екінші бақи өмірге деген ынтық сезім берген Алла Тағала, әлбетте, оған аңсан, армандаған мәңгілік екінші өмірді береді. Олай дейтініміз жер жүзін сан алуан дәм мен жұпар иісті әр түрлі жеміс-жидек пен тағамдарға толтырып, адам баласына соларды татып көретін дәм тату сезімін сыйлаған аса жомарт Жаппар иеміз егер адам үшін мәңгілік өмірді жаратпайтын болғанда, оның тулаған жүргегіне мәңгілікке деген құштарлық сезімін де бермес еді. Яғни, мәңгілікке деген құштарлықты берген Алла мәңгілік өмірді де бермек. Мейірімі шексіз Алла жаратылыстағы әр нәрсеге тілегенін беріп, сұрағанын жауапсыз қалдырмауда. Дұға етіп, тілек тілеу үшін жайылған ешбір алақанды Ұлы Жаратушымыздың жауапсыз құр қайтаруға ұялатыны жайлы көптеген хадистерде білдірілген⁶⁷.

⁶⁷ إِنْ رَبُّكُمْ خُيُّ كَرِيمٌ يَسْتَخِي مِنْ عِبْدِهِ إِذَا رَفَعُوا أَيْدِيهِمْ إِلَيْهِ أَنْ يَرَدَّهَا صُفْرًا

Асқазанымыздың аштық арқылы сұраған дұғатілегін жауапсыз қалдырмай аспаннан жанбыр жауғызып, жерге әр түрлі жеміс-жидекті төгіп, жан-жануарды алдына салып берген мейірім-ракымы мол Ұлы Жаратушымыз сүйікті құлы, жаратылыстың маңызы – жалпы адам баласының «мәңгілік, мәңгілік» деп тулаған жүргегінің тілегі мен дұғасын қалай ғана жауапсыз қалдырып, оны жоқ етіп тіршілік бетінен мұлде келмеске сызып тастасын? Ол үшін ақырет әлемін, бақи өмірді жаратпасын? Адамды өмір сахнасынан мұлдем келмеске жіберіп, Өзінің шексіз мейірімділігі мен рақымдылығын қалай ғана жоққа шығарсын? Өйткені адамды мәңгілік өмірге құштарландырып, сосын оған құштарланған мәңгілік өмірін бермеуі – Оның шексіз шапағат, мейіріміне теріс болмақ.

Егер ақырет болмаса, бұл ғұмырда көрініс тапқан Ұлы Жаратушының махаббат шуағының еш бір мән-мағынасы қалмай, мейірімділік зұлымдыққа, махаббат дұшпандыққа, ләzzат өкінішке айналар еді. Себебі адам бұл дүниенің пәни ләzzаттарымен, өткінші рахатымен, Ұлы Жаратушысының мына дүниемен шектеулі уақытша махаббатымен қанағаттанбайды. Ол мәңгілік ғұмырды, шынайы бақытты, шексіз мейірімді қалайды.

Айналамызда болып жатқан қайта тірілудің үлгілері

Ұлы Жаратушымыз мына дүниеде-ақ қайта тірілудің сансыз үлгілерін жаратып, сана иесі адам баласына қайта тірілудің онай екендігін көрсетуде. Иә, толғанып, ғибрат алмақ ниетпен пікір етсек, әрбір көктем қайта тірілудің дәлелі емес пе? Көктем қайта тірілудің сансыз үлгісіне толы. Жазда жап-жасыл болып жайқалып, күзде жеміс-

жидегін шашу етіп шашқаннан кейін барлық өсімдік әлемі адамның қартайған шағындағы шаштарының ағарғанында жапырақтары солып, сары алтынға боялып, біртіндеп төгіліп, өздері қурай бастайды. Қыс келгенде, бейне бір өлімге ұшырап, аппақ қардың астында қалады. Тіршіліктерінің тынысы байқалмайды. Міне, өсімдіктердің қыстағы осы өлі қалпынан кейін сен оларды көктемде көр. Көктем келіп, күн нұрына малына бастаған шақта күллі өсімдік әлемі әп-сәтте бүршік атып, гүлдерін ашып, жап-жасыл болып жайқала түседі. Қыскы өлік көктеммен қайта тіріледі.

Абай атамыз:

«Жаз жіберіп, жан берген кара жерге
Рахметіне Алланың көңіл сенер.
Мал семірер, ақ пенен ас көбейер
Адамзаттың көңлі өсіп көтерілер

Қара тастан басқаның бәрі жадырап,
Бір сарандан басқаның бейлі енер.

Тамашалап қарасаң Тәңрі ісіне

Бойың балқып, ериді іште жігер» – деп жырлағандай көктемде айналана қарасаң, сен де өзінді қайта тірілгендей сезінесің. Өйткені айналандағы табиғат жаппай қайта тірілуге, жаңа өмірге, қайта келген құстардың тамылжыта сайраған әсем әніне тұнып тұр. Қыста ызыңы жоғалып, аты өшкен шыбын-шіркей көктемде қайта пайда болып, үсті-басыңа қонып мазанды алады. Бірақ сол ызыңымен саған қайта тірілетінінді меңзеп түргандай. Иә, қыскы өлімнен кейін өсімдік әлемін, адамнан қанша есе көп жалпы жәндіктерді қайта жер бетіне шыгарған Ұлы Жаратушымыз адам баласын өлім қысынан кейін қайта тірілтеді. Себебі адам өсімдіктен де, шыбын-шіркей, жәндіктерден де маңызды әрі мағыналы.

Жеген қорегіміз де денемізде қайта тірілуде

Күзде «Өмірімнің соңына таядым» дегендей, сарғайып тұрған егінді орып аламыз. Бұл – жайқалып өсіп тұрған бидай үшін бірінші өлім. Сосын диірменге тартып үн жасаймыз. Бұл – ол үшін екінші өлім. Сосын илеп аштып, қып-қызыл қызып тұрған тандырга салып пісіреміз. Бұл – бидай үшін тағы бір өлім. Дастанханға келген нанды аузымызға салып, тісімізben үгітіп, ақазанымызға жібереміз. Ол жерде әр түрлі сөлдермен араласып, басқа бір өлімге душар болады. Міне, осылайша нан ақазан қабірінде көмілген болды. Нан осыншама өлімнен кейін ақазаннан он екі елі ішегімізге өтеді. Сол жерде ақазанда өлген нан бұрынғысынан да керемет тұрде қайта тіріліп, денеміздегі қанымызға, клеткаларымызға, витаминдерге айналып, тәнімізде тіршілігін жалғастырады.

Ал енді Алла Тағала адам баласын өлгеннен кейін жан беріп, қайта тірілтпейді дейтіндей, бірнеше өлімге күә болып, адамның тәнінде қайта тірілген бидайдан да тәмен, мағынасыз болғаны ма?

Күзде топыраққа түсіп көмілген әр түрлі дәндер мен дақылдарды шіріді, бітті, өлді деп ойламаймыз. Себебі ол көктемде алғашқы кейпінен де керемет тұрде қайта тіріліп, қара жерді қақ жарып шығып, жайқала өсіп, жер бетін жасыл реңімен бояп тастайды. Тіпті біреу болып өледі, бірнеше болып тіріледі.

Алла Тағала Құранда: «Оның (құдіретін көрсететін) дәлелдерден бір дәлел мынау:

Сен жерді құрғап, (Алладан медет сұрап тұрған адамдай) басын иген күйде көресің. Бірақ Біз жаңбыр жауғызған сәтте жер беті құлпырып, қоңси түседі. Міне, құрғақ жерді осылай кім тірілтсе, өлілерді де Сол тірілтеді. Әйткені Оның әр нәрсеге құдіреті толық

жетеді»⁶⁸ – деп өлілерді тірілтетін шексіз құдіретіне назарымызды аударады.

Топырақ астында шіріген дән-дақылды көктемде қайта тірілткен Алла Тағала, өзінің жер бетіндегі халифасы – адам баласын да қабірде шірігеннен кейін көктем тәріздес Хашыр күні қайта тірілтеді.

Ұлы Патшаның әділдігі акыретті талап етеді

«Кімде-кім тозаңдай жақсылық істесе,
жақсылығының қарымын сөзсіз алады.

Ал кімде-кім тозаңдай
жаманыштық жасаса, оның
жазасын тартады».

«Зилзала» сүресі

Алла Тағала – күллі әлем мен жалпы жаратылыс атауына салтанатты патшалығын құрып, әр нәрсеге өзінің үкімін қабылдатып, билігін жүргізуші Ұлы Патша. Жаратылыстағы әр нәрсе Оның ілімінен тыс қалмайды. Әрбір іс Оның рұқсатынсыз жүзеге аспайды. Күллі әлем Осы Ұлы Патшаның мейірімінен алған нәрмен тыныс алып, тіршілік бетінде қалуда. Оның осы шексіз мейірім нұрынан өзінің нәсібін алған ақылсыз тауық та өз балапаның қорғау үшін жыртқыштардың аузына түсіп, жанын пида етуде. Осында мейірімнің негізгі қайнар-бұлағы, құдіреті шексіз Ұлы Патша, өзінің бүйректарына қарсы шығып, ел ішіндегі әлсіздердің ақысын жеп, зұлымдыққа белшесінен батып, тайрандап жүргендердің тиісті жазасын беріп, олардан әлсіздердің ақысын алғып, иелеріне қайтармауы, әлсіз құлдарының мұддесін қорғамауы мүмкін бе? Залымдардың істеген істерінен есеп алmas-

⁶⁸ Фуссилат сүресі/39

тан, оларды жауапқа тартпастан жібере салса, бұл ісі Оның салтанатты патшалығы мен әділетті билігіне әрі шексіз құдіретіне жарасар ма еді? Ал зұлымдық, әлсіздік сияқты нұқсан сипат – мейірімі шексіз Ұлы Жаратушыға жат сипат. Осылай бола тұра, мына жалған дүниеде залымдардың тиісті жазасы мен жақсылардың ізгі істерінің қарымы лайық дәрежеде беріле бермейді. Демек, сынақ үшін жаратылған мына уақытша дүниеден кейін ақыретте үлкен сот болмақ. Бұл соттың әділетті төрешісі Ұлы Жаратушымыздың өзі болып, сол жерде бәріне тиісті бағасы берілмек. Ендеше, барлық кемелдіктің шынайы иесі, патшалардың патшасы – Алла Тағала жақсыларға сауабын сыйлап, жамандарға азабын беріп, әділеттілігі мен шексіз құдіретін паши туі үшін ақыретті жаратып, үлкен сот құруға тиіс. Иә, Алланың шексіз құдіреті мен қара қылды қақ жарап әділеті ақыретті, үлкен есеп күнінің жаратылуын қалайды.

Ұлы Жаратушымыз Құран Кәрімде: «**Киямет күні әділдік таразысын құрамыз. Ол жерде ешбір жан әділетсіздікке ұшырамайды. Истелінген іс бір қыша дәнінің салмағындағ болса да, оны таразыға әкеліп тартамыз. Есеп алушы ретінде біз жеткіліктіміз**»⁶⁹, – деп бұл дүниеде істеген әрбір ісіміздің ақыретте әділ таразымен тартылатындығын білдіреді.

Иә, ақырет сияқты екінші бір дүние жаратылmasa, мына дүниедегі көптеген түйіні қыын сауалдар жауапсыз қалмақ. Мына дүниеде сезіліп, байқалған көптеген әсем мағына баянсыз кетіп, күллі жаратылыс бейне бір мағынасы аяқсыз қалған түсініксіз кітап болмақ.

⁶⁹ Әнбия сүресі/47

Алланың көркем есімдері ақыретті талап етеді

Алланың барша көркем есімдері ақыреттің болуын талап етеді. Мысалы, Алла Тағаланың «*Aса жомарт*» деген сипатын негізге алып түсіндіріп көрелік. Жалпы әлем Ұлы Жаратушының терең мейірім-шарапаты мен шексіз жомарттығына тұнып тұр. Жер бетіндегі ең әлсіз саналатын құрт-құмырыска сияқты жәндіктердің опонай коректенулеріне күә болудамыз. Дүниедегі ең әлсіз жаратылыстарға да уақыт-уақытымен күтпеген жерден жәрдем келуде. АナンЫҢ құрсағындағы әлсіз сәби сол қараңғы, тар жерде тұншұқпастан тамаша тәсілмен қоректенеді. Сәби дүниеге келер-келмес оның нәзік болмысына арналған арнайы тамагы әзір тұрады. АナンЫҢ омырауындағы сүт басқа уақытта емес, сәбидің дүниеге қадам басуына орай ытқылап аға түседі. Теніздің түбіндегі балықтардың, жеміс-жидектің ішіндегі құрттардың, тұрган жерінен қозғала алмайтын ағаштардың, жалпы өсімдік әлемінің тамаша түрде қоректенуі – Оның ерекше жомарттығы мен тендессіз мейірімділігінің айқын белгі-нышаны. Жер бетіндегі ырыс-береке, нығметтің молдығы, асып-тасуы – Ұлы Жаратушының түгесілмейтін қазынасын меңзеп тұр. Демек, Алла Тағала – тендессіз дархандық пен аса жомарттықтың нағыз иесі. Ал Ондағы бұл дархандық пен жомарттық мәңгі бақи беруді, төгуді, ырызықтандыруды қалайды. Міне, сондықтан Оның дархандығы мен жомарраттығынан жаңбырдай құйыла төгілетін сый-сияпатқа, ырыс-берекеге кенеліп, мәңгі бақи ырызықтанатын жаратылыс керек. Ол еш шүбәсіз мына дүниенің халифасы, ең мағыналы жаратылысы – адамның қайта тірілуі арқылы болмақ. Егер мына дүниеден кейін

Ұлы Жаратушының осы аса жомарттық пен дархандық сияқты сипаттарының көрініс табатын басқа екінші мәнгі өмір болмаған жағдайда, бұл сипаттары осы дүниемен шектеулі қалмақ. Ал шектеулілік Ұлы Жаратушымызға тән емес. Өйткені Ұлы Жаратушымыз Алланың өзі қандай шексіз, мәнгі болса, барлық көркем сипаттары да сондай шексіз, мәнгі. Сондықтан Алланың барлық көркем сипаттары ақыреттің болуын талап етеді. Осы жерде айтылған Алла Тағаланың жомарттық сипатына басқа да көркем сипаттарын салыстырып ойлан!

**Адам өзін «бостан-босқа жаратылдым»
деп ойлай ма?**

Әлемдегі кез келген нәрсе белгілі бір мақсатпен, арнайы хикметпен жаратылған. Әрбір жаратылыстың өзіндік мән-мағынасы, міндеті бар. Құллі жаратылыс Ұлы Жаратушының барлығын, бір екендігін білдіретін үлкен кітап дедік. Ұлы Иеміз бұл алып кітапты адам оқысын, оқып Өзінің құдіретіне, шеберлігіне таң қалып, мақтау айтсын, құлышылық жасасын деп құдірет қаламымен жазған. Түсірілген Құран да осы бір үлкен кітаптың түсіндірмесі, қорытындысы, мазмұны іспетті. Бұл ғалам атты алып кітаптағы әр нәрсе – мағыналы бір сөз, бір сөйлем, тіпті бір кітап. Әрі Ұлы Жаратушымыз осы алып кітапты адамның игілігіне, қызметіне берген. Жерден неше есе үлкен Күн де, су да, ну орман да, өсімдік те, жан-жануар да бәрі-бәрі «ләббайқ» деп адам баласына қызмет етуде. Жалпы әлем адам үшін жаратылды десек артық емес. Осы әлемнің ішінде адамның орны мұлдем ерекше. Өйткені жер бетіндегі жалғыз саналы тіршілік иесі – адам. Ал енді Ұлы Жаратушымыздың барлық дүниені адам үшін жаратып, ал адамды бостан-босқа, еш мақсатсыз жаратып,

мәңгілікке өлтіре салуы мүмкін бе? Кішкентей араны да мағына, мақсатпен жаратқан Ұлы Жаратушы – Хаким Иеміздің адам баласын бостан-босқа мақсатсыз жаратып, мәңгілікке тіршілік бетінен келмеске жібере салуы мүлде мүмкін емес. Құранда «Әл-Мүминун» сүресінде: «Біз сендерді бостан-босқа жараттық, әрі өздерің де Бізге кері қайтарылмаймыз деп ойлайсыңдар ма?» - делінсе, «Қиямәт» сүресінде: «Адам баласы (еш сұрақ алын-бастан) басы бос қоя берілемін деп ойлай ма?» - делінеді.

О дүниеге біреу барып келіп пе?

Кез-келген нәрсенің бар екендігіне сену үшін ол нәрсені, алдымен, міндettі түрде көзben көріп келу шарт емес. Ешбір адам анасының құрсағында жатып, мына дүниені көріп, сосын бұл дүниеге аяқ басқан жоқ қой. АナンЫҢ құрсағындағы сәби өзінің жаткан тар, қараңғы мекенінен тыс басқа әлем жоқ деп пайымдаса, қаншалық қателескен болар еді. Тура сол сияқты біздер де осы дүниені барлық болмыс әлемі деп танып, бұдан басқа әлем жоқ деп пайымдасақ, құрсақтағы баладай қателесеріміз анық. Өйткені мына әлем де ақырет әлемімен салыстырғанда аナンЫҢ құрсағындағы ғана.

Жер бетіне келіп-кеткен барлық адам баласын бір уақытта қайта тірілту қалай жүзеге асады?

Алла Тағала үшін барлық адам баласын, тіпті құллі жаратылыс атаулыны қайта тірілту – бір адамды тірілтумен бірдей. Оның шексіз құдіреті үшін шыбын сияқты кішкентай жаратылысты жарату мен аспан әлеміндегі миллиондаған галактикаларды, ондағы сан-

сыз жүлдүздарды жарату – оңайлық жағынан парапар. Негізінде, Алла үшін оңай, қын деген ұғым жоқ. Ол үшін барлық нәрсе оңай. Оның «бол!» деген әмірі арқылы барлық нәрсе бір сәтте бар болып, тіршілік әлемінде көзін ашады. Қиямет күні Исафил періштенің сырнайға екінші рет үрлеуінен кейін Алла Тағала барлық адамды бір сәтте мәңгілік өмір үшін қайта тірілтеді. Қысқы өлімнен кейін шіріген сүйек тәріздес жер бетіндегі барлық ағаштарды, сансыз гүл-бәйшешектерді, жалпы өсімдік атауын еш жаңылыспастан әп-сәтте, бір мезгілде оп-оңай тірілткен құдіреті шексіз Ұлы Жаратушымыз үшін Адам атадан бері жер бетіне келіп-кеткен құллі адам баласын бір мезгілде, көзді ашып-жұмғанша қайта тірілту еш қын емес. Әр нәрсесімен шектеулі әлсіз адам баласы бір ғана нүктеге басу арқылы көзді ашып-жұмғанша ұлken бір қалаға жарық беріп, нұрга бөлеп жатқанда, құдіреті шексіз Хақ Тағала үшін барлық өлілерге бір мезгілде жан беріп, епсәтте қайта тірілтуі неліктен мүмкін болмасын?!

«Лұқман» сүресінде: «Сендердің жаратылуарың да, қайтадан тірілтілуерің де бір кісінің жаратылып, тірілтілуіндей-ақ (оңай). Күмәнсіз Алла Тағала барлық нәрсені толық естуші әрі көруші»⁷⁰, - делінген.

Ибраһимнің қиссасы

Ибраһим (а.с.) бір күні теңіз жағасында жатқан бір жануардың өлексерін көрді. Жағаға ұрған теңіз толқынымен ілесе келген балықтар бұл өлексені жұлып-жұлып жеп, кетіп жатты. Толқын кетісімен төбедегі құстар келіп шоқып-шоқып жей бастады. Осылайша өлексенің бір бөлігі балықтардың, қалған бір бөлігі құстардың құрсағында кетіп жатты. Осы көріністі тамашалаған

⁷⁰ Лұқман сүресі/28

Ибраһим (а.с.) енді Ұлы Жаратушысының осы бөлік-бөлік боп, ұстаганның қолында, тістегеннің аузында кеткен жаңуарды қалай тірілтетінін көргісі келіп, Раббысына: «**Уа, Раббым, өлілерді қалай тірілтетінінді маған көрсетші**», - деп өтініш жасады. Шынтуайтында Ибраһимнің (а.с.) тірілтуді көргісі келгені Ұлы Жаратушысының құдіретіне деген күмәннан туындаған еді. Тек Ұлы Жаратушысының қалай тірілтетінін көріп, тамаша етіп, шеберлігіне таң қалып, шексіз құдіретін көрген жүргегі жай тауып, Ұлы Жаратушысына мадақ айтып, бас игісі келген-ді. Бір нәрсеге сену басқа, көру басқа. Сондықтан Ол: «**Раббым өлілерді тірілте аласың ба?**» деп сұраған жоқ, «**Уа, Раббым маған өлілерді қалай тірілтетінінді көрсетші**», – деді.

Алла Тағала Ибраһимге (а.с.): «**Жок, әлде сенбедің бе?**», – деді. Негізінде Алла Тағала оның қызыретке күмәнсіз сенетінін білетін еді. Ал, Ибраһимге былай деп сұрақ қоюуының себебі – кейін келетін адамдардың ол тұралы кате түсінікке бармаулары үшін еді.

Ибраһим (а.с.) өтінішіндегі мақсатын былай деп түсіндірді: «**Әрине, (өлілерді қайта тірілтетініңе) сенемін. Бірақ (қалай тірілткенінді көріп, әр нәрсені көргісі келетін) жүрегім жай тапсын деп едім**».

Осыдан кейін Алла Тағала Ибраһим құлыша: «**Төрт тал құс ал. Сосын, оларды өзіңе әбден үйреншікті ет. (Сосын, төртеуін де сойып бір-бірімен араластырып) оларды (араласқан еттерді) әр таудың басына бөліп-бөліп қой. Сөйтіп олардың әрқайсысының атын атап шакыр; олар саған жүгірген қүйде келеді. Алланың (әр нәрсеге күші жететін) Азиз әрі (әр нәрсені орын-орынды істейтін) Хаким екендігін біл деді**».

Ибраһим (а.с.) берілген әмірді бұлжытпай орындағы. Құстарды тауып, сосын оларды әбден өзіне үйретті. Со-

сын оларды сойып, жұндерін жұлып, еттерін бір-бірімен араластырды. Арасқан еттерді төртке бөліп, төрт таудың басына апарып таstadtы. Сөйтіп құстардың әрқайсысының атын атап шақырғаны сол еді, бәрінің тіріліп, ұшқан бойда жанына келгенін көріп Ұлы Жаратушысының құдіretіне таң-тамаша болып, жүргегі жай тапты.



ӨЛГЕННЕҢ КЕЙІН ҚАЙТА ТІРІЛУГЕ ИМАННЫҢ ПАЙДАЛАРЫ

1. Өлімнен кейін қайта тірілуге толық иланған кез келген адамның қоғамдағы ең сенімді тұлғаға айналары сөзсіз. Себебі оның сенімі бойынша, Ұлы жаратушысы өзінің істеген әрбір ісін көріп түр. Бұған қоса барлық қымыл-әрекеттері екі жағындағы перштегер тарарапынан үнемі жазылып, есепке алынуда. «Зилзала» сүресінде айтылғандай: «**Кімде-кім тозандай жақсылық істесе, жақсылығының қарымын сөзсіз алады. Ал кімде-кім тозандай жаманшылық істесе, оның жазасын тартады».**

Істеген әрбір ісінің, басқан әрбір қадамының, сөйлеген әрбір сөзінің ертең ана дүниеде есебін беретінін ойлап, жүргімен бек сенген адам жаманшылық атаулыдан, жалпы күнәдан алыс жүреді. Өйткені иманды адам істеген кияннаттарының жазасынан бұл дүниеде құтылғанымен, ана дүниеде құтылмайтынын ойлап, күнәларының есеп күні алдынан «**қайдасың**» деп аттан салып, жағасынан алып, масқара ететініне кәміл сенеді. Бұған қоса ана дүниеде қайта тірілетініне сенген кез келген адам өзін жаратқан Ұлы Иесінің ризашылығын алып, жәннатында сый-сыяпатқа кенелуі үшін барлық өмірін ізгі істермен өрнектеп, жақсы амалдармен кестелеуге тырысып бағады. Мұндай сенімге ие болған жеке тұлғадан да, қоғамнан да жаманшылық күтудің өзі орынсыз. Жеке тұлғаның, отбасының, кез келген қоғамның, тіпті жалпы дүниенің бейбітшілікті ту етіп, бақытты ғұмыр кешуінің жалғыз жолы – акыретке, өлгеннен кейін қайта тірілуге

деген шынайы сенім. Жалпы әлемдегі істелініп жатқан зұлымдыққа, бейкүнә жандардың бостан-босқа төгілген қанына, әділетсіздікке, барлық жаманшылық атаулыға «Жетер енді, тоқта!» деп, тоқсауыл бола алатын жалғыз күш – қайта тірілуге деген осы сенім. Өйткені бұл сенім әр түлғаның ар-ұжданында, жүргегінде әрбір ісін қадағалап тұратын ең әділ күзетші іспетті. Ақиқат тек құште деп саналатын және әділетсіздікке, ұрлық-қарлыққа, жемқорлыққа, парақорлыққа толы қазіргі мына дүниеде бұл сенімнің қаншалықты қажет екені айтпаса да түсінікті. Қазақ атамның «Құдайдан қорықпаганнан қорық» деуі де бекер емес.

2. Ақыретке көміл сенген адам ешқашан өлімнен қорықпайды. Өлім – ол үшін жоқ болып, шіріген сүйекке айналып, мәңгілікке көз жұму емес. Керісінше, екінші бір мәңгілік өмірге көшу, жалған дүниеден бақи негізгі дүниеге қоныс аудару. Өлім құбылысы – ақырет сенімін толық қабылдаған адам үшін мәңгілік өмірдің, шексіз бақыттың басы болмақ. Кезіндегі ең құшті мемлекеттердің бірі Иранды жеңіп, тізе бүктірген Сағд ибн Әби Уаққас өзінің жетістігінің себебін былай деп түсіндіреді: «Мұсылман әскерлер шейіт болып, мәңгілік бақытқа қауышу үшін ешнәрседен қорықпастан өлімге жүгіреді. Ал жаудың әскерлері болса, керісінше, өлімнен қашып, әрбір қадамын өлімге деген үреймен басады».

Іә, ақыретке сенбеген адам үшін өлімнен корқынышты еш нәрсе жоқ. Өйткені олар үшін өлім – жоқ болып, тіршілік бетінен мәңгілікке өшу деген сез. Мұндай жандар өлімді ойладап кетсе, үйқылары қашып, өне-бойлары сұып, мазалары кетеді. Әсіресе, өмірлерінің соңына таяп қалған ақыретке сенімі жоқ қарттар мен айықпас ауруға шалдыққан жандар үшін өлім өте корқынышты. Қалған аз ғана өмірлері де олар үшін

бейне бір тас қараңғы зындандай көрініп, тіршіліктен түнгіліп, ұмітсіз күй кешеді. Оларды осы қараңғы зынданнан жарық нұрга, ұміт толы өмірге алып шығатын жалғыз күш, дара медет – ақыретке, қайта тірілуге деген берік сенім.

3. Ақыретке сенген адам өзінің қу қара басынғана ойлайтын өзімшілдіктен құтылады. Ақыретте жүзінің жарқын болып, Ұлы Жаратушы алдында сүйікті құлдарының қатарынан табылу үшін әрқашан басқаларға жақсылық жасап, көмектеседі. Жалпы айтқанда, Алланың құлдарына пайдалы болуға тырысады. Мұндай жақсылық жасауды өмірлерінің түп мақсаты еткен адаптандардан қураған қоғам – жер бетіндегі ең бақытты қоғам.

4. Ақыретке деген сенім – бұл дүниеде залымдардың зұлымдығына ұшырап, адам бейнесіндегі жыртқыштардың қанды аузында ақысы кеткен әлсіз жандар үшін ұлken жұбаныш. Бұл сенімге ие әрбір жан ертең есеп күні Ұлы Жаратушының алдында осы дүниеде залымдарға қолды болған ақысын, мұддесін қайтарып алатынына кәміл сенгендіктен, өз-өзін жеп, уайым-қайғыға салынып, ішкі дүниесін ызага, кекке, дүшпандыққа булықтырмайды. Керісінше, сабыр сақтап, «*ертең-ақ залымдар Алланың алдында сазайын тартады*» деп, бойындағы иманның сиқырлы қүшінің арқасында ештеңе болмағандай өмірдің нұрлы жолында бағытын өзгертіп, қадамын бәсендетпестен жүре береді.

5. Жазылмайтын ауруларға, сал сияқты дерттерге шалдығып, әр түрлі себептермен мүгедектікке тап болған жандарға жұбаныш болатын жалғыз нәрсе – осы ақыретке деген сенім. Ұлы Жаратушыларынан келген қыын сынаққа сабыр етіп, сүрінбей өткен жағдайда мәңгілік ғұмырда бақытты болатындарын ойлап, жандары жай тауып,

бойларына ерекше күш кіріп, жараплы жүректеріне үміт қанаты бітеді.

6. Ақ жаулықты ана мен асқар таудай әкенің, ешкім орнын толтыра алмайтын бауырдың және басқа да сүйікті адамдардың бұл дүниеден қайтуы кез келген адамның, әсіресе, жас бүлдіршіндердің нәзік жүргегінде оларға деген үлкен сағыныш сазын қалдырады. Иә, өмірдегі тірептіңнен, қысқа айтқанда, соққан жүргегіңнен, қимас адамыннан айырылу – адамның нәзік болмысына ауыр соққы, жүргегіне үлкен айықпас жара. Мұндай ауыр соққының, айықпас жараның орнын тек қана сол сүйікті адамдарыңмен қайта қауышуға, ақыретке, қайта тірілуге деген иманғана толтырады. Ақыретте бұл дүниеден өткен сүйікті адамдарымен қайта табысып, қайта қауышшынына иланған кез келген адамның жүргегі орнына түсіп, солған гүлі қайта тіріледі. Иманы көміл жандар бұл дүниедегі қимасының қайтқанын естіген сэтте «*Күмәңсіз, біз Ұлы Жаратушымыздан келдік, әрі Ұлы Жаратушымыза қайта қайтамыз*» мағынасындағы аятты көкейінде түйіп, Құранда мақталған «*сабыр*» нәрін жүргегіне корек етіп, қимасына деген ыстық сезімі мен сағынышын ертенгі ақырет күніндегі қауышуға, мәңгілік өмірге аманаттайды. Қысқасы, өлім хабарын естіген сэтте иманнан нәсібін ала алмаған жандар не істерін білмей абырарап қалған сэтте иманды адам әрқашан сабыр сақтап, байсалдылық танытады.

Ақ киім

Асқармен жолда кездескенімде азан шақырылып жа-тыр еді.

–Бүгін жұма, білесің ғой. Сені мешітке апарайын, – дедім.

Бұдан бұрын да бірнеше рет өтінішімді қабылдамаған болатын. Сондықтан ол:

—Менің мешітке бармайтынымды білесің ғой, — деп асыға-ұсіге жауап берді.

—Білемін, бірақ бармауыңың себебін білгім келеді.

— Кайдан білейін, әйтеуір барғым келмейді де түрады. Қысқасы, ол жаққа тартпайды. Бәлкім, араласып жүрген айналамдағы адамдардың да әсері бар шығар. Оның үстіне шалбарымның қыры бұзылып, тізесі шыға ма деп қорқам.

Мен болсам таң қалған бойда:

— Қалжыңдал тұрған шығарсың? Шалбарымның қыры бұзылады деп мешітті тастауға бола ма?

— Шынымен айтып тұрмын, — деді. Киімдеріме қатты көңіл бөлем әсіресе ақ түсті киімді қатты ұнататынымды білесің ғой.

Шынымен солай еді. Үнемі шырттай киініп жүретін. Қашан көрсөн де киген киімдері ақ түсті, қыры пышақтың қырындай болатын.

— Жарайды, өмірінде бір рет болса да мешітке бардың ба?

— Бала кезімде атаммен бір-екі рет ілесіп барғанмын. Бірақ мұнан кейін мұлде бармайтын шығармын, — деп жауап берді.

Айтқан жауабынан қатты шошындым. Тіпті бүл тақырыпты қозғағаныма өкіндім. Сөйтіп, бір-бірімізben қол қысықсан бойда өз шаруамызben кете бардық.

Осы кездесуімізден екі айдан кейін, оның бүгін мешітке келгенін естіп, қатты таң қалдым. Дереу апыл-ғұпты мен де мешітке келіп жеттім. Тіпті, мешітке мұлде бармайтын шығармын деген жолдасым мешіт сыртындағы намаз қатарларының ең алдынан орын алыпты. Міне, бүгін де үстінде сол баяғы үйреншікті ақ киімі. Тіпті, бүгін мұлдем ерекше.

Ақырындал қасына жақыннадым да, сыйырлаған бойда:

—Қане, мешітке мұлде бармайтын шығармын деп едің ғой, — дедім.

Еш жауап қатпады. Өйткені ол табыттың үстінде ақ кебінге оранған күйде жатқан-ды. Жұрт жаназасын шығаруға жиналышты⁷¹.

Ақырет әлемі

Ақырет сөзі сөздікте «*бір нәрсенің соңы, ақыры, кейіннен болған нәрсе*» деген мағыналарды қамтиды. Ал шарифаттағы терминдік мағынасы жаратылыстағы жалпы жүйенің Ұлы Жаратушының бүйрекімен быт-шыт болып бұзылып, күл-талқан болғаннан кейін басталатын жаңа мәңгілік өмірге айтылады. Бұл күн қиямет-қайымнан кейін басталуына байланысты «қиямет күні» деп те аталаады.

Құранда ақырет күніне: мұсылмандардың Алла-мен қауышып, жүздесетін күні болуына орай «**қауышу күні**»⁷²; адамдар бір жерге шоғырланып, жиналатын уақыт болғандықтан **«махшар – жиналу күні»**⁷³; қайта тірілгеннен кейін адамдардың бәрі қабірден қайта шығатындықтан **«шығу күні»**⁷⁴; мына дүниеде Алла Тағалаға иман етіп, бүйректары мен тыйымдарына құлақ салмағандардың алданып калғандықтарының белгілі болатын күні болуына орай **«алдану күні»**⁷⁵ және кәпірлердің бұл дүниеде істеген істерінің босқа кеткенін көрген кезде қатты өкініп, мына дүниеге қайта қайтып, иман келтіріп, жақсы амал жасағысы келгенімен бұл армандары орындалмайтын болғандықтан **«қасірет күні,**

⁷¹ Хайатын ишинден, Гунейд Суави

⁷² Мұмін сұресі, 40/15.

⁷³ Тағабун сұресі, 64/9.

⁷⁴ Қаф сұресі, 50/34.

⁷⁵ Тағабун сұресі, 64/9.

өкініш қуні»⁷⁶; дүниеде істелінген ізгі немесе жаман істердің қарымының, есебінің берілетін күні болғандықтан «есеп қуні»⁷⁷; мына өткінші жалған дүниеден кейін мәнгі шынайы өмір болуына байланысты «шынайы өмір»⁷⁸ деп те аталды.

Исраифил періштенің сырнайды екінші рет үрлеуінен кейін барлық адамдар қайта тірліп Ұлы Алла алдында есепке тартылады. Сосын дүниедегі иман және іс-әрекеттеріне қарай жұмакқа, яки тозаққа барады.

Қабір немесе Барзах әлемі

Олімнен кейін қайтадан тірлуге дейін жалғасатын өмір – қабір немесе барзах әлемі деп аталады.

Кез келген адам өлгеннен кейін топыраққа көмілсе де, яки көмілмей суга батып балықтарға жем болып немесе отқа жанып күл болып кетсе де, міндettі түрде қайта тірлігенте дейін қабір, яғни, барзах өмірін бастарынан өткізеді. Өйткені рух сол бөлек-бөлек боп шашылып кеткен денемен байланыс құра алғындағы қабілетте. Мысалы, бір жерден жіберілген радио толқындар дүниедегі миллиондаған радиолармен байланыс құрып, бір хабарды әлемдегі миллиардтаған адамға таратып жатқанда, рухтар неліктен өз денесінің бөлшектерімен белгілі бір байланыста бола алмасын? Негізінде өлген адамдардың денелерінің қабірге жерленуіне байланысты барзах өмірі – қабір өмірі делінген. Өйткені рух қабірдегі денесімен белігілі бір байланыста болады.

Қабір, барзах әлемі ерекше бір әлем болғандықтан, өзіне тән заңдылықтары мен өлшемдері де болуға тиіс. Сондықтан барзах әлемінде болатын азапты яки рахатты,

⁷⁶ Маряム сүресі, 19/40.

⁷⁷ Фатиха сүресі, 1/4.

⁷⁸ Анкабут сүресі, 29/64.

адамдардың иманына қарай қабірдің қысуы мен қараңғы болуын немесе керісінше кен және жарық болуын бұл дүниеге тән заңдылықтармен түсіну, әсте, мүмкін емес. Оны түсінуге біздің шектеулі ақылымыздың да, мына дүниедегі физикалық заңдылықтарының да өлшемі сай келе бермейді.

Адам баласы қабірге жерленгеннен кейін Мункэр және Нәкир деп аталатын екі періште келіп оған: «*Раббың кім? Пайгамбарың кім? Дінің не?*» сияқты сұрақтарды қояды. Сұрақтарға жауап берген иманды жандар дүние өмірінен де тамаша, жұмақ өміріне жақын дәрежеде, ракат және ләzzat ішінде болады. Ал, сұрақтарға жауап бере алмаған имансыз яки құнәһар жандар дүние өмірінен де бетер, тозаққа жақын кейіптегі азап ішінде ғұмыр кешеді. Демек, қабір адамдардың дәрежелеріне қарай жұмақ бақшаларынан бір бақша яки тозақтың шұңқырларынан бір шұңқырға айналады. Бір хадисте: «*Кісі жсан тәсілім еткен уақытта таңертен және кешікісін оған отыратын жері көрсетіледі. Егер жәнннаттық болса, жәнннат, тозақтық болса тозақ көрсетіледі. Сосын оған, міне, Алла сені қиямет күні қайта тірілткенге дейін отыратын жерің осы делінеді*»⁷⁹.

Дүниеде мұсылман құлдардың басына келетін әр түрлі аурулар мен қынышылықтар дүниеде істелген кішігірім құнәлардың кейбіреулеріне кәффарат болып, сол құнәлардың тазалануына себеп болса, дүниеде де тазаланбайтындаі кейбір құнәларға қабір азабы кәффарат болмақ. Қабірде де тазаланбайтындаі үлкен құнәлар ақыретке, үлкен есеп күніне аманатталады. Бір хадисте: «*Қабір ақырет аялдамаларының алгашиқысы, кімде-кім осы аялдамадан аман-есен отсе, кейінгі аялдамалардан да оңай отеді, ал оте алмаса кейінгілерді оту одан да*

⁷⁹ Әл-Бухари, Жәнайз/1379.

қын болады», - делінеді. Басқа бір хадисте: «*Мушірктер (Аллага серік қосқандар) қабірлерінде қатты азапқа душар болуда. Олардың (шыңғырган) дауыстарын тек қана жсануарлар естиді»⁸⁰, - деп қабір азабының ауыр екендігін білдірілген.*

Қайтыс болған кісі үшін артында қалған адамдар қебірек дұға жасап, күнәларының кешірілуін тілеу керек. Пайғамбарымыз (с.а.у.) адамды жерлеп болғаннан кейін қабірдің жанына тұрып былай дейтін: «*Бауырларыңыз үшін Алладан кешірім тілеп (иманында) тұрақты етуі үшін дұға етіңдер. Еши күмәнсіз ол қазір сұраққа тартылып жатыр*»⁸¹.

Мына дүниеде оқыған құранымыз берін түндеге оқыған тәһажжуд намазымыз тар орнымызды кеңейтіп, қараңғы қабірімізді ерекше нұрға бөлейді.

Қабір азабына себеп болатын кейбір күнәлар

Қабір азабына күнәлардың барлық түрі себеп бола алады. Хадистерде айтылған қабір азабына себеп болатын күнәлар мыналар:

- Файбат, өсек айту, біреудің сөзін екінші біреуге жеткізу. Кез келген адамның артынан оның қоңіліне келетін әрі ренжитін сөздер айту қабір азабына себеп болады.

- Кіші дәретті сындырғаннан кейін тазаланбау.
- Мойнында қарызы болған күйде жан тапсыру. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) «*Мұминнің рухымойнындағы борышы отелгенге дейін сол борышымен байлаулы*» хадисінен мойнында қарызы бар борыштының қабір азабын тартатынын анғарамыз. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бо-

⁸⁰ Мұснәд, 6/362

⁸¹ Әбу Даауд, Жәнайз 73.

рышты кісінің қарызы өтелгеннен кейін ғана жаназа на-
мазын оқыған.

• Жалған сөйлеу, Құранды біле тұра ішіндегі
айтылғандарға теріс әрекет ету, зина жасау, пайыздық
өсім жеу.

Адамдарды алдау, жетімдердің ақысын жеу,
мұсылмандардың қателерін, кемшіліктерін іздеу, туған-
тыстардан қатынасты үзу, жалған куәгер болу, жан-
жануар, жәндіктерге зұлымдық жасау, үрлік жасау, ар-
намысты пәк әйелге жала жабу, нәсібіне разы болмау
сияқты құнәлар да қабір азабына себеп болады.

Қиямет күні

Қиямет деп Исафил атты періштенің сырнайға
алғаш рет үрлеуінен кейін жалпы жаратылыстың, жан-
жағымыздығы жүйенің күл-талқан болып қирауын, барлық
жан иелерінің өлім құшуын айтады. Қияметтің болуы
акыл қабылдай алмайтындағы теріс құбылыс емес. Өйткені
барлық жаратылысты жаратып, қуллі болмыс атаулыдан
үйлесімді таңғажайып жүйе құрган Ұлы Жаратушымыз
бұл жүйені бұзамын десе кім кедергі? Кім алдын орап
«жоқ» деп айта алады? Кез келген жұлдыздың орбитасы-
нан шығып кетіп Жер шарына соғылуы қияметтің болуы-
на себеп емес пе? Қияметтің қашан болатыны Құранда
яки хадисте білдірілмегендіктен, нақты уақыты бір Аллаға
ғана мәлім. Құранда: **«Олар сенен қияметтің қашан бо-
латынын сұрап жатыр. Оларға айт: Оның қашан бола-
тыны жайлы мәлімет тек қана Раббымның жанында
ғана. Оның уақытын Одан басқа ешкім білдіре ал-
майды. Қиямет көктегіге де, жердегіге де (қындығы,
корқыныштылығы соншалық) ауыр келеді. Қиямет сендерге
кенеттен келеді. Сен оны білетіндей олар
сенен (қашан болатынын) сұрастырады. Оларға бы-**

лай деп айт: Қияметтің уақыты жайлыш білім тек қана Алланың жанында. Бірақ адамдардың көбісі мұны білмейді»⁸².

Адам баласы үшін қияметтің қашан болатынын білу ете маңызды емес. Қияметтің қашан болатынын білсек те, білмесек те әрбір адамның өлімі сол адам үшін қиямет емес пе? Міне, сондықтан әр адамның қияметі саналатын өлімінен кейін басталатын мәңгілік өмірде бақытқа қол жеткізуіміз үшін ізгі істер істеп, құнелардан аулақ болуымыз ләзім.

Алла Тағала өзінің сүйікті құлдары үшін жәннат мекенінде мына дүниеде бұрын-соңды қозіміз көрмеген, құлағымыз естіп-білмеген, ақылымыз ойлап, елестете алмаған мәңгілік сый-сыяпат әзірлеген.

Қиямет немесе ақырзаман көріністері

Ұлы Жаратушының белгілеген уақыты келіп жетіп, дүниедегі сынақ мерзімі бітіп тоқтаған мезет. Исафил періште Ұлы иесінің бұйрығын алар-алмас ғажайып сырнайын ұрлеп кеп жіберуі мұң екен дүниенің астан-кестені шығып тас-талқан болды. Еш түгесілместей көрінген, тіпті мәңгілік деп болжалған Күн де бүгінде пәnilікке бел бүгіп, мәңгіліктің шынайы Иесін адам баласына ұқтырғандай. Фасырлар бойы әлемді жарыққа бөлеп, жылуын толассыз төгіп тұрган күннің де бүгін осылайша нұры сөніп, жер мен қоса көптеген әлем қараңғылыққа қамалды. Көктегі жымындаған сансыз жұлдыздардың жарығы сөніп, тас-талқан болған күйде күл боп шашылып үрейге үрей косты. Жердің қазығы кейпінде жаралған биік-биік асқар таулар да көкке көтеріліп барап, жерге құлап, бір-біріне ұрылып, шаң-тозаңға айна-

⁸² Аграф сүресі / 187.

лып, Құранның тілімен айтқанда «тұтілген жұндей» болды. Таулар көшіп, сынаптай толқып, әр жерден атқылап шыққан жанартаулар сай-сайды қуалап, алдынан шыққанды өртеп, жұтқан күйде ағып барады. Әшейінде отты сумен өшірсек, бұғін, міне, су атасы теңіздер де өрткे айналып, жалын шашып тұр. Жай уақытта аз ғана жер сілкінуден үрейі қашып, жүргегі жарылатын адамның бұл күнгі жағдайын бір ойланызышы?! Жер беті қап-қараңғы. Тек әр жерден аққан жанартаулар мен теңізден шыққан қалың өрттің қорқынышқа толы қызығылт түсті жарығы ғана бірде сөніп, бірде жанып, бірде күшейіп, бірде әлсіреп тұр. Бұл көріністерге күә болған тау-тастағы, ну ормандағы жай уақытта бір-бірінен үркө қашатын жабайы аңдар да қорқыныштан бір-біріне үйездеп, бүріскен бойда шоғырланып әр жерде топ-топ боп, шыңғыра шыққан әр түрлі дауыстарымен қорқынышқа қорқыныш қосқан.

Иманнан нәсібін ала алмаған «шығайбайлардың» бір-бірімен бәсекелесіп, жарыса соққан ұзын-ұзын, қабат-қабат үйлері құлдей үгітіле құлап, ішіндегі адамдар «ой-бай» деген үйреншікті сөзді ғана айтуға шамалары келіп, жермен-жексен болып, бетондардың астында мыж-тыж боп жанышылған бойда көміліп жатыр. Қорқыныштан не істерін білмей, жүректері аузына келіп, өне бойы қалтырап, не болып кеткенін түсінбей абырыап қалған адамдар. Ары-бері сабылып шырқырай жүгірген жандар бір-бірін танымайды. Бұл күні қорқыныштан аяғы ауыр жүкті әйелдер де түсік тастайды.

Күн-түн демей тер төгіп қол жеткізген байлықтарға да, асыл, құнды дүниелерге де бұл күні ешкім пысқырып та қарамайды. Бұл сэтте асыл тастардың да, алтын-әшекейдің де ешкімге керегі жоқ. Хадисте айтылғандай «*масаның сынық қанатынан да құнсыз*». Кедей, жарлы-жақыбайларға соқыр тынын да қимаған «шығайбайлар»

бұл күні амалсыз артта қалып бара жатқан мал-мұлік, дүниелеріне қараган бойда «*неліктен бұл күн келіп жест-нес бұрын Алла жсолында жұмсан, ізгілікке сарп етпедім?*» деп өкініштен бармақтарын шайнайды. Бірақ оларға осы сафатта жасаған бұл өкініштерінен не пайда? Не қайыр?

Айқайлаған құлындағы дауыстар, түсініксіз сөздер. Әшейінде тәкаппарланып Ұлы Жаратушысына қарсы шығып, бұл күнді ескертіп келген Құранға да, Пайғамбарға да жалған деп, намаз оқып, ораза ұстап дінге бас иіп, осы күннен қорықан құдайшыл жандарға мысқылдай құле қарап, оларға «көрі қалған, артта қалған байғұстар» лақабын тағып, менсінбей қарайтын кәпірлер де бұл күнде тілі келсе де келмесе де «*Лә иләһ ашлалла ۚ مُحَمَّدٌ رَّسُولُ اللَّهِ*» деу үшін аузындағы қызыл етті алай да бұлай да бұрап көріп, жанталасып, бір өліп, бір тіріліп қылғынып жатыр. Бірақ, олардың Құдіреті шексіздің осындай дүниедегі сынақ уақыты біткен сәтте, әр нәрсенің Оны ашықтан-ашық паш еткен мезгілде келтірген имандарынан не пайда?! Не үмт?!

Бірақ осы күн келмес бұрын Ұлы Жаратушысына иман етіп, өмірлерін ізгі істермен кестелеген адал жандар бұл қорқынышты оқиғаны, үрейлі құбылысты көрместен, Рахман Иелері тарапынан жіберілген ғажайып хош иісті ііскеген бойда жан тапсырады. Иә, шынайы мұсылмандар осы бір сұрапыл оқиғаны көрмек емес, хадисте бұл жайлы: «**Қиямет тек адамдардың жаманына болады**⁸³», - делінеді.

⁸³ Мұслим, Фитән 131.

ПЕРИШТЕЛЕРГЕ ИМАН

**«Оның жанындағылар (перштегер) Ұлы
Жаратушыларына ғибадат жасаудан бас тартып,
паңданбайды және құлышылық жасаудан шарша-
майды. Олар жалығып, шаршамастан құндіз-түні
Алланы (құллі кемшілік атаулыдан пәктен)
тәсбих етеді»**

«Әнбия» сұрекі

**«Перштегер Алланың бұйырған нәрселеріне
қарсы шықпайды және не бұйырылса соны
қалтқысыз орындаиды»**

«Тахрим» сұрекі

ПЕРІШТЕ

Періштелерге иман – Ислам дініндегі иман негіздерінің бірі. Періштелер ғайып әлемінен, яғни, бізге көмескі әлемнен болғандықтан, біз оларды көзben көріп, ақылмен толық қамтып түсіне алмаймыз. Сондықтан олар жайлы мағлұмatty Құранның бізге жеткізген қасиетті аяттары мен Алла елшісінің (с.а.у.) хадистері арқылы білеміз.

Құранда: «Алла елшісі Рabbы тарапынан өзіне түсірілгендеге иман келтірді және мүміндер де (иман келтірді). Барлығы Аллаға, періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына және ақырет құніне иман келтірді...»⁸⁴ - делінсе, басқа бір аятында: «Кімдекім Аллаға және Оның періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына және ақырет құніне иман етпесе, қатты адасады...»⁸⁵ - деп періштелерінің барлығынан хабардар етіп және оларға еш шартсыз иман етуді бұйырады. Негізінде періштелерге иман етпеу – Алла Тағаланың жер бетіне жіберген пайғамбарларына және оларға түскен кітаптарға иман етпеумен бірдей. Себебі, Ұлы Жаратушының адам баласына ақ пен қараны ажыратып, тұра жолды көрсетіп, ақиқат передесін ашу үшін түсірген барлық кітаптары уахи жолымен пайғамбарларына осы періштелері арқылы келіп жеткен.

Періштелердің ерекшеліктері

Періштелер – нұрдан жаратылған рухани болмыс.

⁸⁴ Бақара сүресі/285.

⁸⁵ Ниса сүресі/136.

Пайғамбарымыздың хадисінде: «*Періштелер нұрдан жаратылған...*»⁸⁶ – делінген.

Періштелер адамнан бұрын жаратылған. Олардың өздеріне тән денелері бар. Олар адамдар секілді ішіп-жеуге, ұрпақ көбейтіп, көбеюге, шаршап-шалдығып, ұйықтауға мұқтаж емес. Жынысқа бөлінбейді. Қызғану, ашулану, ренжу, тәкаппарлану сияқты жаман сипаттар олардың пәк дүниесінен аулақ. Олар үнемі Ұлы Жаратушыларына ғибадат жасайды. Ғибадат – олардың қорегі. Олар Алланың бұйрықтарын бүге-шігесіне дейін бұлжытпай, айна-қатесіз орындаиды. Олар ешқашан күнәнің кішісін де, үлкенін де жасамайды. Барлық күнә атаулыдан қорғалған. Құранда: «**Оның жанындағылар (періштелер) Ұлы Жаратушыларына ғибадат жасаудан бас тартып, панданбайды және құлшылық жасаудан шаршамайды. Олар жалығып, шаршамастан күндіз-түні Алланы (құллі кемшілік атаулыдан пәктеп) тәсбих етеді»⁸⁷. «**Періштелер Алланың бұйырған нәрселеріне қарсы шықпайды және не бұйырылса соны қалтқысыз орындаиды**»⁸⁸, – делінеді.**

Періштелер Алланың рұқсатымен әр түрлі бейнепішінге кіре алады. Періштелер пайғамбарларға негізгі бейнелерімен және басқа да бейнелерімен көрінген. Мысалы, Жебірейіл періште Пайғамбарымызға және жанындағы сахабаларға жолаушы кейпіндегі адам бейнесінде көрінген⁸⁹. Ибраһимге қартайған шағында Алла тарапынан сәби берілетінін сүйіншілеп келген періштелер де адам бейнесінде келгендіктен, Ибраһим (а.с.) оларды қонақ етпек болып арнайы тамақ дайындаады. Бірақ олардың тамақ жемей отырғандарын көрген

⁸⁶ Мұслим, Китабуз-зуһд/2996

⁸⁷ Әнбия сүресі/19-20.

⁸⁸ Тахрим сүресі/6.

⁸⁹ Мұслим, Иман.

уақытта жүрегіне үрей ұялайды. Кейіннен барып олардың сөздерінен періште екенін аңғарады⁹⁰.

Алла Тағала періштелерге адамның қолынан келмейтін қабілеттер мен мүмкіншіліктер берген. Олар аз ғана бір мезеттің ішінде ұзақ жерлерге жылдам барып келе алады. Таудай ауыр жүктегендегі күш-куатқа ие.

Құранда және пайғамбарымыздың хадистерінде періштелердің қанаттары жайлы әңгіме қозғалады. Бірақ олардың қанаттарының қандай қанат екені бізге беймәлім. Періштелердің жаратылысы мына дүниедегі жаратылыстарға ұқсамағандықтан олардың қанатын дәлме-дәл құстардікіне, яки басқа нәрселерге ұқсайды деп айта алмаймыз.

Періштелердің міндеттері

Алла Тағала періштелерге әр түрлі міндеттер жүктеген. Алла Тағаланың оларға міндет жүктеуі – олардың көмегіне мұқтаждығынан емес, керісінше, олар өз міндеттерін орындаулары арқылы Ұлы Жаратушыларының құдіретін, ұлылығын және шексіздігін күллі әлемдерге паш етіп, тендессіз патшалығының сән-салтанатын жалпы жаратылысқа жар салып, куәлік етеді. Алла Тағала ешнәрсеге, ешкімге мұқтаж емес. Періштелер өздеріне жүктелген міндеттерін орындау арқылы өздеріне тән гибадаттарын жасап, Ұлы Жаратушыларының рақымына бөленеді.

Періште түрлері

1. Жебірейіл періште. Алла тағаланың барлық пайғамбарларына уахи жеткізуші періште. Яғни, Алла

⁹⁰ Һуд сүресі/69-70.

елшісі мен пайғамбарларының арасындағы елші. Жебірейіл періште Құранда «рух» деп те аталады. **«Әлбетте бұл (Құран) – әлемдердің Раббысының тұсірген кітабы. Оны сенің жүрегіңе ескертушілерден болуың үшін Сенімді Рух (Жебірейіл) әкелді»⁹¹.**

2. Микайл періште. Жаратылыстағы оқиғалардың, жалпы әлемдегі жан иелерінің рызықтары мен рызықтарының жел, бұлт, жаңбыр секілді себептерін қадағалайтын періште.

3. Исафил періште. Бұл періште қиямет күні Алла Тағаланың бүйрығымен сырнайды алғаш үрлегеннен кейін Ұлы Жаратушының қалаған кейбір жаратылыстарынан тыс көктегі және жердегі барлық жаратылыс пәнилікке бас иеді. Сосын екінші рет сырнайға үрлеген уақытта бәрі қайта тіріледі.

Құранда: «Сырнай үрленді, Алланың қалағандарынан тыс жердегі және көктегі барлығы дереу жансыз жерге құлады. Сосын сырнай тағы бір рет үрленген мезетте адамдар қабірлерінен аяққа тұрып жан-жағына қарап қалады»⁹², - делінеді.

4. Әзірейіл періште. Барлық ажалы жеткен адамдардың рухын алушмен міндеттелген періште. Әзірейіл періштенің бүйрығына бағынатын басқа да періштелер бар.

5. Құрсақтағы сәбиге жаңын үрлейтін және рызқын, ажалын, дүниеде істейтін амалдарын, бақытты яки бақытсыз болатынын жазумен міндеттелген періштелердің бар екенін хадистерден аңғарамыз⁹³ (тағдыр бөліміне қараңыз).

⁹¹ Шұғара сұрлесі/192-195.

⁹² Зұмар сұрлесі/68.

⁹³ Бухари, Бәдул-халқ, Мұслим, Китабул-қадар.

6. Кираман-Катибин. Құлдарының жақсы-жаман амалдары мен істерін жазумен міндеттелген періштeler. Алла Тағала әрбір адамның оң жағы мен сол жағына екі періштені жақсы-жаман амалдарын жазу үшін өкіл етіп қойған. Бұл екі періште адамның істеген ұлкенді-кішілі, жария яки құпия, жақсы-жаман әрбір ісін, сөйлеген әрбір сезін қадағалап, амал дәптерлеріне жазып тұрады.

Құранда: «Сендерді (жандарынан ажырамайтын) арнайы бақылаушылар бар. (Олар) ардақты⁹⁴ жазушылар. Сендердің не істегендерінді біледі»⁹⁵. «Еш күмәнсіз адамды біз жараттық және біз нәпсісінің оған не сыбырлайтынын да білеміз. (Өйткені) Біз оған күре тамырынан да жақынбыз. Оның оң жағында және сол жағында отырған әрбір ісін жазатын екі періште бар. Бір сөз сөйлер-сойлемес жанында оны (сөзді) жазушы және балқылаушы дайын тұрады»⁹⁶.

Адам баласы жиырмасынша ғасырда-ақ дыбысты және әр түрлі көрініс, қимылдарды жазатын құралдар тауып шығарды. Эрине, Алла Тағаланың періштelerі мұндай құрал-жабдықтарға мұқтаж емес. Дегенмен, адам баласының өзі бойындағы шектеулі қабілеттерімен осындағы жазатын құралдар тауып шығарып жатса, Алла Тағаланың адамның істеген әрбір ісі мен әрбір сезін жазатын жазушылары неге болмасын? Есеп күні періштelerдің жазғаны бейне бір жазып алынған бейне таспадай көрсетіледі. Қиямет күні адам баласы өз құлағымен дүниеде сөйлеген жақсы-жаман әрбір сезін естіп, істеген әрбір амалдарын

⁹⁴ Яғни, ардақты жазушылар деп бұл періштelerдің адамдардың арасынан ешкімді алалап жақтамайтын бейтарап екендіктеріне, болған оқиғаны жасырып яки асырып өтірік жазбайтындықтарына, ешбірнәрсеніұмытқалдырмайтындарына ишарат етіліп отыр.

⁹⁵ Инфитар сүресі/10-12.

⁹⁶ Қаф сүресі/17-18.

өз көзімен көреді. Құнәһарлар істеген құнәларын көріп тыныстары тарылып, өн бойынан шып-шып ақкан сұық терге көміліп, қызырып-сазарып, қорқыныштан жүректері діріл қағып жатқанда, такуа жандар жасаған игліктерін көріп жан жүректерімен «әлхамдуліллаң» деп Раббыларына шүкір етіп, көңілдері жұбаныш тауып, шексіз қуанышқа бөленеді. Демек, ақыретте адам баласының әрбір істеген істеріне өзі істеген амалдары куәлік етпек. Құнәларын мойындағысы келмей, тұра қашқысы келген адамдардың алдынан дүниедегі әрбір ісі «Қайда барасың? Мени істеген сенсің» деп шыға келеді.

7. Мұнқәр-Нәкир періштелері. Қабірдегі адамдарға «Раббың кім? Пайғамбарың кім? Кітабың не?» сияқты сұрақтарды қоятын әрі адамдардың осы сұрақтарға берген жауаптарына қарай қарым-қатынас жасайтын періштелер. Мұнқәр-Нәкир «бейтанис, бөтен» деген мағыналарды білдіреді. Қабірдегі адамға бұрын-соңды көрмеген кейіпте, бейтанис көрінетіндіктен осы атпен аталған.

8. Зәбания періштелері. Ақыретте тозаққа барғандарды азаптау ісі міндетtelген періштелер.

9. Ридуан періштелері. Жәннатқа кіру бақытына кеңелгендеге қараушы періштелер.

Басқа да періштелер

Ұлы Жаратушының аршын таситын, сүйікті құлдарының жүргегіне туралықты, ақиқатты илнам ететін, намаз оқығандармен бірге «*фатиха*» сүресінің соңында «Амин» деп дұға ететін, әрбір таң және екінде намаздарында мұммандармен бірге болатын, Құран оқылған уақытта арнайы жер бетіне түсетін, ғылым алқалары мен өз араларында Алланың кітабын оқып, уағыз айтып, Оны еске алу үшін жиналған барлық жерлерді арнайы аралап,

сол жердегілерге Алладан рақымдылық тілеп, кешірім өтінетін, әрбір адамды қорғап жүретін, Бәдір шайқасында көмектескендей шынайы мұсылмандарға қыын кезеңде Алланың рұқсатымен көмектесетін періштелердің де бар екенін хадистер мен аялтардан анғарамыз. Періштелердің жалпы саны бізге беймәлім.



ТАҒДЫРҒА ИМАН

**«Еш күмәнсіз Біз барлық нәрсені арнайы
есеппен жараттық»**

«Қамар» сұрасы

**«Тағдырға иман еткен адам – басынан барлық
уайым-қайғы кеткен жан»**

Қанатты сөз

ТАҒДЫРҒА ИМАН

Ислам дініндегі иман негіздерінің соңғысы – тағдырға иман. Пайғамбарымыздан (с.а.у.) «*Иман дегеніміз не?*» – деп сұраған уақытта: «*Аллаға, першителеріне, кітаптарына және пайғамбарларына, ақырет күніне, тағдырдың жақсысы мен жаманына иман ету*», – деп жауап берген.

Тағдыр сөзі – бір нәрсені белгілі бір өлшем, мөлшерге қарай реттеу, арнайы есеппен жүйелеу, жобалау деген мағыналарды білдіреді.

Ал, шаригаттық термин бойынша: өткен шақ, осы шақ және келер шақтан, яғни, жалпы уақыт ұғымынан пәк – Ұлы Алланың әу бастан қияметке дейін және қияметтен кейін болатын барлық нәрсені, барлық оқиғаны жаратпастан бұрын шексіз, әзәли ілімі арқылы егжей-тегжейіне дейін білуін және оларды белгілі бір өлшем, мөлшерге қарай реттеуін, белгілі бір есеппен жүйелеуін, арнайы бір жобамен тағайындал белгілеуін «тағдыр» дейміз.

Ұлы Жаратушының тағдыры тек адамға ғана байланысты емес, жалпы болмысты, күллі жаратылысты қамтиды.

Жалпы жаратылысқа байланысты тағдыр

Жалпы ғаламға көз жүгірткен уақытта әр нәрседегі арнайы өлшемді, нәзік есепті, жалпы әлемді қамтыған таңғажайып жүйені байқаймыз. Әр нәрсе өзінің бойына берілген бағдарламамен жүруде. Мысалы, өрік ағашы кішкене дәнегіне қойылған бағдарлама арқылы жер бетіне қылтия шығып, күннен-күнгө жайқала өсіп, көктем кіре бүршігін атса, артынан жемісінің сүйіншісі іспетті гүлін

ашады. Сосын сол бағдарламаға қарай өзіне тән аңқыған исімен, көзді тартар реңімен, балдай тәтті дәмімен құлпыра өскен жемісін береді. Құн Алланың қойған бағдарламасына қарай арайлап атып, алаулап батады. Сол бағдарламаға қарай сәулесін шашып, жылуын төгеді. Жердегі судың бу боп көтеріліп, артынша бұлтқа айналып, уақыты жеткенде жерге қайта жаңбыр боп жаууы, құргақ топырақтың, жалпы суға мұқтаждардың қажетіне жарауы – Ұлы Жаратушының арнайы бағдарламасына қарай жузеге асады. Судағы ағу, тастағы қаттылық, жердегі тартылыс заңдары – бұл әрқайсысының өзіндік тағдыры. Құстардың үшүү, балықтың жузүі, еліктің жүгіруі – бәрі бәрі Ұлы Жаратушының әрқайсысына лайық етіп қойған заңдары, арнайы тағдыры болмақ.

Құран Кәрімде: «Еш күмәнсіз біз барлық нәрсені арнайы есеппен жараттық»⁹⁷. «...Барлық нәрсені жаратып, әрқайсысына белгілі бір өлшем берді»⁹⁸, - деп жалпы әлемдегі осы арнайы есепке, тағдырға назарымызды аударады.

Демек, Ұлы Жаратушымыз әр нәрсеге өзіндік тағдырын жазған. Жаратылыстағы әрбір нәрсе сол тағдырдан, арнайы бағдарламадан асып, жалпы жүйеден шығып кете алмайды. Әлемдегі бас айналдырар мына теңдессіз сұлулық, ерекше жүйе алдын-ала белгіленген арнайы жобаны, дәлме-дәл есепті, яғни, иләһи тағдырды нұскайды.

Жымындалап, жарқыраған сансыз жұлдызы белгіленген өз межесінен еш ауытқымай қозғалып, ғарышта жүзіп журсе, жан-жануар, өсімдік, жалпы жаратылыс Алла Тағаланың жазған арнайы бағдарламасын айна-қатесіз қайталап ғұмыр кешеді.

⁹⁷ Қамар сүресі/49

⁹⁸ Фуркан сүресі/2.

Адамға байланысты тағдыр

Адамға байланысты тағдыр мәселесі, задында, күрделі болғандықтан кейбір адамдар қате түсінеді. Бәзбіреулер істеген құнәларынан «*Тағдырымда осылай болса, не істеймін?*» деп ақталып жатса, енді біреулер әр істеген ісімді өз қалауыммен істеймін, «*олай болса, тағдыр жоқ*» деп шектен шығып жатады. Бұл екі пікірдің біреуі астамдық болса, екіншісі нұқсандық. Орта жолды, дұрыс тағдыр ұғымын түсіне алмаған.

Адам баласы басқа жаратылыстардан өзіндік ақыл-ойымен, айрықша ерік-қалауымен екшеленгендіктен Оның тағдыры да өзгеше.

Адамға байланысты тағдырың екі жағы бар.

1. Адамның еркінен тыс жағы

Адамның еркінен тыс Алла Тағаланың қалауы, арнайы белгілеуі арқылы болатын құбылыстар осыған жатады. Мысал ретінде, адамның ұлты, туылған жылы, жынысы, денінің сау, яки ауру болып дүниеге келуі, бойының ұзын немесе қысқа болуы, зерек және әр түрлі қабілеттерге ие болуы, басына жер сілкінісі, өрт секілді пәлекеттердің келуі, жетім қалуы тәрізді қалауынан тыс болатын нәрселерді айтуға болады. Адам баласы қалауынан тыс бұл істерден ақыретте сұраққа тартылмайды. Бірақ тағдырың жанында адамның ерік-қалауының бар екенін де ұмытпағанымыз жөн. Мысалы, бір адамның тағдырында жетім қалуы жазылғанмен, сол жетімдікке сабыр етіп, қындықтарға мойымай адамдығын, арын таза ұстап, сынақты жіберген Ұлы Жаратушысына бас иіп, имеуі – өз еркінде. Ол жетім қалғандығы үшін сұраққа тартылмағанымен, өзінің қалауы мен еркі арқылы іске асатын басқа істерден сұралмақ.

Алла белгілі бір адамға сәтін салып, барлық шарттарды ыңғайлап, күні-түні жүгіріп істеген істеріне берекет беріп, бай етті делік. Яғни, Алла Тағала оның бай болуын қалап, тағдырына байлықты жазды. Демек, Ұлы Иесі бұл құлына мына дүниеде «байдың рөлін» беріп, байлықпен сынағысы келді. Бірақ бұл байлықты жақсы жолда қолданып, жетімдердің басын сипап, кедей-кеңішкек қол ұшын беріп, Ұлы Иесіне шүкіршілік етуі немесе керісінше байлықтың буына мастанып, Жаратқанды ұмыт қалдырып, тәкаппарлыққа бой алдыруы – бәрі-бәрі құлдың өз қолында, өз еркінде. Құл екі жолдың біреуін өз қалауымен таңдап, жәннатқа яки тозаққа қарай жол салаады.

Іә, пешенеге жазылған тағдырдың жаңында адамға берілген өзіндік ерік-қалау бар. Тағдырдың өзіне жүктеген рөлін дұрыс жолда, салиқалы мағынада ойнап-ойнамауы әркімнің өз еншісінде.

2. Адамның қалауына байланысты жағы

Алла Тағала әу баста әр адамның қай жерде, қай уақытта не істейтінін бастауы жоқ әзәли әрі шексіз ілімі арқылы білген. Өйткені Алла үшін өткен шақ, осы шақ, келер шақ деген ұғым жоқ. Міне, Ұлы Жаратушымыз сол білгенін адам үшін тағдыр етіп «Ләухул-Махфузға» жазған. Басқаша айтқанда, адамның қалауы – Алла Тағаланың жазған тағдырында есепке алынған.

Адам баласы қунә немесе ізгі іс істеуге мәжбүр емес. Өйткені адамда таңдау еркі бар. Мысалы, жолда кетіп бара жатып, түсіп қалған ақшаны көрдік делік. Осы сәтте адамның таңдауына бірнеше нұсқа келеді. Біз соның біреуін өз қалауымызбен таңдаймыз.

1. Ақшаны ақырын ғана қалтамызға сұңгітіп жіберіп, ол жерден дереу қарамызды батырамыз.

2. Ақшаны алып, иесін тауып қайтарамыз.

Жоғарыдағы таңдаулардың қайсысын таңдасақ та өз еркімізben, дербес қалауымызben іске асырамыз. Бірінші таңдауды істеп күнәға батуымыз да, екіншісін таңдап сауапқа кенелуіміз де мүмкін.

Алла Тағала Құранда: «**Оған (адамға) жақсылық және жамандық жолдарын көрсетпедік пе?**» «**Кім жақсылық істесе пайдасы өзіне, ал, кім жаманшылық істесе оның зияны да өзіне. Раббың құлдарына ешқашан зұлымдық жасамайды**»⁹⁹, -деп жақсы, жаманды таңдаудағы адамға берілген ерікті білдіреді. Ақын Майлықожа да осы ақиқатты мына жыр жолдарымен жеткізген:

«Алла берді екі жол
Бірі онда, бірі сол.
Ойланындар, бауырлар!
Дүние қысқа, ақырет мол».

Алла Тағаланың бүйрықтарын орындаған адам Жаратушының салиқалы құлдарының тұғырына көтеріледі. Ал бүйрықтарына қарсы шыққан пенде күнәхар болады. Алла Тағала әу баста күнәхар және салиқалы құл болудың жолдарын осылай тағайындал белгілеген. Сондықтан кімде-кім осы екі жолдың қайсысын ұстанса, жазылған нәтижесіне жетеді. Міне, осы құлдың қалауына қарай таңдалған нәтиженің Алла Тағала тарапынан әу бастан білінуіне «тағдыр» делинсе, білінген нәрсенің уақыты жеткен мезетте Алла Тағаланың құдіретімен жүзеге асуына «қаза» делінеді.

Жоғарыда Ұлы Жаратушымыз әзәли ілімі арқылы біздің мына дүниеде не істейтінімізді біліп, білгенін тағдыр етіп «*Ләухул-Махфузға*» жазған дедік. Демек, біз бұл дүниедегі барлық істерімізді Алла Тағала алдын

⁹⁹ Фуссилат сүресi/46

ала білгені үшін іstemейміз, керісінше, Алла Тағала не істейтінімізді білгені үшін тағдырға жазған. Яғни, Алла Тағаланың біздің істейтін ісімізді алдын ала білуі – бізді сол істі істеуге мәжбүр етпейді.

Мысалы, біз күннің шығу сағатын астрономия ғылымы арқылы алдын ала біліп, күнтізбеге жазып қоямыз. Уақыты жеткен мезетте, дәл сол минутта күн шығады. Ал енді осы күннің шығуы біздің алдын ала есептеп білгеніміз үшін жүзеге асты ма? Жоқ, әлде сол уақытта шығатын болғаны үшін біз білеміз бе?

Тағдырды сұлтау ету дұрыс па?

Кейбір адамдар өз ерік, дербес таңдауларымен істеген күнеларынан «*тағдырымда осылай жазылып қойса, қайтем?! Немесе тағдырымда гибадат жасау болғанда гибадат етер едім*» деп, тағдырды сұлтау етіп ақталып жатады. Тағдырымен осылай ақталып, әрбір жаман ісіне жазмышты сұлтау еткен әлгі адамдар өздерінің өмірде қолы жеткен кейбір жетістіктерімен «*Мен істедім, мен жасадым*» деп көкірегін қағып мақтанып жатады. Ал, енді әрбір ісін тағдырда жазылғаны үшін жүзеге асырып жатса, бұл мақтануларын, пандануларын қалай түсінуге болады? Тіпті, басқа бір адам үйіне кіріп мал-мұлкін ұрлап кетсе, сот алдында «*Бұл байғұс тағдырында ұрлау болған соң мәжбүрлікпен ұрлаган гой*», – деп ұрыны ақтау – әлгі әрбір жаман ісін тағдырға сілтеуашінің үш ұйықтаса түсіне де кірмейді. Тағдырды себепші етіп көрсеткен ешбір адам кішкентай баласын қылқындырып өлтірейін деп жатқан адамды көріп: «*Бұл кісінің тағдырында менің баламды өлтіру жазылған екен, қаласа да, қаламаса да баламды өлтіреді*» деп баласын айналып өте шықпайды. Демек, мұның бері ғибадаттан қашу үшін көрсетілген арзан сұлтау мен күнелардан оп-оңай ақталу үшін шай-

тан «ұстаздың» үйреткен қисық жолы ғана. Әйтпесе, тағдырының жазмышына мәжбүр болғандықтан емес. Өйткені адам әрбір ісін өз қалауымен істейді. Және ертең тағдырында не бар екенінің ол үшін көмексі, беймәлім екенін ескерсек, «*Тағдырымда болса қайтем?*» деу – іші қыыс салмақсыз әшейін сылдыр сөз ғана. Егер адамдардың бәрі әрбір істерін ежелден Алла Тағала тарапынан жазылған тағдырларына мәжбүр болғандықтан атқаратын болса, Ұлы Жаратушымыздың пенделеріне пайғамбар жіберіп, кітап түсіруінің, адамдарды тозақпен ескертіп, жәннатпен сүйіншілеуінің ешқандай мағынасы қалmas еді.

Тағдырдан тағдырга қашып барамын...

Бір кездері Омар (р.а.) Мәдина қаласындағы бірнеше сахабаны жанына ертіп Шамды бақылат, тексеру үшін жолға шығады. Шамның сол кездегі бастығы Әбу Убәйда ибнү Жәррах Омар (р.а.) мен жанындағы жолдастарын қаланың сыртынан күтіп алады. Әбу Убәйда Омарға (р.а.) Шамда оба ауруының етек алғанын жеткізеді. Хабарды естір-естімес хазреті Омар жанындағы сахабалармен ақылдасады. Сахабалардың кейбіреуі: «*Осы жерге дейін келдік қой, Аллага тәуекел етіп қалага кіріп, жұмысымызды бітіріп кетейік*», - десе, енді біреулері: «*Кері қайтайық*», - деген ойларын ортаға салады. Хазіреті Омар да осы кері қайтайық деушілерге қосылады. Сонда Әбу Убәйда:

– Да, Омар Алланың тағдырынан қашқаның ба?-дейді.

Омар (р.а.):

– «*Бұл сөзді сенен басқа біреу айтқанда гой! Иә, Әбу Убайдада, Мен Алланың тағдырынан оның басқа*

бір тағдырына қашып бара жатырмын», - деп жауап қатады. Сосын түсінікті етіп ойын ашпақ ниетпен:

– Да, Әбу Убәйда, сенің түйелерің бар делік. Мына жердің бір жағы жасыл-желек, балғын шөп, ал екінші жағы құрғак, сусыз тап-тақыр жер делік. Сен егер түйелерінді жасыл желек, балғын шөпке жайсаң Алланың тағдырымен жайған боласың. Ал егер, керісінше, құрғақ жерге жаяр болсаң Алланың тағдырымен жайған болмайсың ба?

Бұл әңгімеге кейіннен қосылған Абдурахман ибн Ауф былай дейді:

– Да, Омар, менің бұл тұрасында мағлұматым бар. Бұл мәселеге байланысты Пайғамбарымыздан (с.а.у.) мынандай хадис естідім. Пайғамбарымыз былай деді:

«Бір жерде оба ауруының бар екенинен хабар-дар болсаңдар, ол жерге бармаңдар, ал егер сол жерде болсаңдар сыртқа шықпаңдар».

Омар (р.а.) бұл хадисті естігеннен кейін қатты қуанады. Пікірінің дұрыс шыққаны үшін Алла Тағалаға шүкір етеді.

Тәуекел

Тәуекел сөзі «*сенім арту, істі біреуге тапсыру*» де-ген мағыналарды білдіреді. Ал шарифаттағы терминдік мағынасы: «*Белгілі бір мақсатқа, нәтижеге қол жеткізу үшін қажетті заттық және рухани барлық себеп-салдарларды орындағаннан кейін нәтижесін Аллага тапсыру, күту*» дегенге сайды.

Мысалы, дикан уақыты келгенде жерін жыртып, тұқымын сеуіп, сосын суарып, содан соң арам шөптерін жұлышп, қажет болса түбін қопсытып, керекті тыңайтқыш дәрілерін шашқаннан кейін жақсы өнім беруін Ұлы Жаратушыдан тілеп, енбегінің нәтижесін Одан күтуі, құдіретіне сенім артып, тапсыруы Ислам

құптаған тәуекелге жатады. Бұлардың ешқайсысын орындаамай жатып «*тәгдышымда не болса, сол болады*» деп қол кусырып қарап жату – тәуекел емес, жалқаулықтың дәл өзі. «*Атыңды арқандап, тұсаулаганнан кейін гана Жаратқанга тәуекел ет*» деген атам қазақтың мақалы – дәл Исламдағы осы тәуекел түсінігіне сай айтылған. Тіпті бұл мақал пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадисінен алғынған.

Тәуекел – мұсылмандардың тағдырға деген бекем сенімдерінің табиғи нәтижесі. Тәуекел еткен адам – Ұлы Жаратушысына ешбір шартсыз бас иіп, тағдырына, өзіне берілген үлесіне риза болған иманды жан. Тағдырға иман етіп, тәуекелге бел байлау – жалқаулық етіп, ай қарап, жүлдyz санау емес, керісінше, бар күшінді салып, бар мүмкіншіліктерінді қолданғаннан кейін нәтижесін Жаратушыдан құту. Себебі, Алла Тағала әрбір істің нәтижесіне жету үшін белгілі себептер мен зандар жаратқан. Яғни, бидай екпей, егін өспейді, ауру емделмей, жазылмайды. Игі істер істеп, күнәлардан аулақ болмайынша, Алланың ризашылығы да болмайды, жәннат та қашық. Олай болса, тәуекел – еңбек етіп, тер төгіп, барлық керекті себептерді орындағаннан кейін нәтижесін Аллага тапсырып, Жаратқанның берген үлесіне риза болу, бас ию.

Алла Тағала Құранда: «...Шешімінді қабылдағаннан кейін Аллаға тәуекел ет. Еш күмәнсіз Алла Тағала тәуекел еткендерді жақсы көреді», - деп мүминдердің басқа біреуге емес, тек Өзіне ғана сенім артып, бас иулерін бұйырады.

Рызық

Рызық сөздікте: «*Азық, жсейтін, ішетін, жалпы пайдаланатын нәрсе*» деген мағыналарды білдірсө, шарифаттық терминде: Ұлы Жаратушының жан иелеріне жеп-ішу, пайдалану үшін берген несібеле айтылады.

Барлық жан иелерінің рызығын беруші тек қана Алла Тағала. Құранда: «**Жер басып жүретін барлық жан иелерінің рызығын беру тек қана Алла Тағалага тән**»¹⁰⁰.

«...**Қалаған жан иесінің рызығын кеңейтіп, қалағанікін тарылтады**»¹⁰¹ - деп барлық жан иелерінің мол, яки аз етіп рызығын беруші шексіз құдірет иесі тек Алла Тағала екенін білдіреді.

Біз қолымыздан келгенше еңбек етіп, рызық табу үшін Алла тарарапынан қойылған барлық зандар мен себептерді орындаимыз. Сосын, Алланың нәсіп еткен азды-көпті тағдырымызға жазылған рызығымызға қол жеткіземіз.

Адал рызықтың себептерін орындаған адамға – адал, ал харам рызықтың себептерін орындағанға – харам рызық беріледі. Адал рызық тапқан құл сауапқа кенелсе, хараммен қоректенген құл күнәға белшесінен батады.

Еңбек етіп, тер төкпей жатып тағдырды сылтау ету дұрыс емес. Алла құлдарының кейбіреулеріне рызық-нәсібесін көп етіп берсе, енді біреулеріне аз береді. Бір адамның бай болуы – Алланың ол құлын жақсы көретіндігінің немесе кедей болуы – жек көретіндігінің белгісі емес. Оның берген байлығы да, кедейлігі де құлдарына берілген сын.

Еңбек еткен ешбір құлын Алла Тағала аш қалдырмайды. Бұл дүниеде әркім өзіне тағайындалған рызығын жейді. Ешкім ешкімнің рызығына аузын сала алмасы анық.

Тағдырдағы әділдік

Мұса (алейхиссәлам) бір күні «*Ya, Рabbym, magan әdildegіndi kөrcetishі*» деп өтініш жасаған екен. Алла

¹⁰⁰ hud сүресі/6.

¹⁰¹ Шура сүресі/12.

Тағала Мұса алейхиссәламға: «**Бұлаққа маңына барып, онда болып жатқан барлық оқиғаларды қадағалап, бақыла**», - деп уахи етеді. Мұса (алейхиссәлам) Раббысының айтқанын бұлжытпай орындалап бұлақтың маңына барып тасаланып қалады.

Бұлақтың басына бір атты адам келіп атын суарып жатып, қалтасындағы алтынын түсіріп алады. Алтынының түсіп қалғанынан бейхабар бұл адам артына қарамастан жөніне кете барады. Ол кете салысымен, бір кішкене бала да қойнына тыққан күйде қаша жөнеледі. Бала кете салысымен, бұлақтың басына бір соқыр адам келеді. Осы мезетте әлгі алтынын түсіріп алған атты адам жоғын ізден қайта келіп қалады. Атты адам соқыр адамға: «*Алтынмыңды қайтар, сенен басқа бұл жерге ешкім келген жоқ, алтынды сен алдың*», – деп жағасына жабысады. Соқыр адам: «*Мен алған жоқтын*», – деп қанша акталса да, атты адам сенбейді. Сөйтіп, атты адам соқыр адамды сол жерде мерт етеді. Мұса алайхиссәлам бір қарағанда зұлымдық сияқты көрінген бұл оқиғалардың мән-мағынасын Алла Тағаладан сұрайды. Сонда Алла Тағала: «*Атты адам бұрын баланың әкесінің алтынын үрлаган еді. Біз сол алтынды балаға мұрагер етіп қайтардық. Ал анау соқыр адам баяғыда атты адамның әкесін өлтірген еді. Енді, міне, атты адамға соқырдан әкесінің өшін әпердік*».

Ажал

Ажал сөзі – «*уақыт, мезет*» және «*алдын-ала белгіленген уақыт*» деген мағыналарды білдіреді. Шаригаттағы терминде – адам баласы және басқа жан иелері үшін белгіленген өмірдің бітуіне, яғни, өлім уақытына айтылады.

Әрбір адамның өзіндік ажалы бар. Алла Тағала әрбір адамға белгілі бір уақытқа дейін өмір сыйлаған. Ажал деп осы белгіленген уақыттың бітуін айтамыз. Құранда: «**Араларында өлімді біз белгілең, тағайындаңық...**»¹⁰² – делінеді.

Әр пенде Ұлы Жаратушымыз тараپынан алдын ала тағайындалып, белгіленген ажалынан бір мезет бүрын яки кейін қалмай, дәл уақытында өліммен қауышады. «Мунафиқұн» сүресінде былай делінеді: «**Ажалы келіп жеткен ешбір адамды Алла Тағала (ажалынан) мұлде кешіктірмейді**»¹⁰³

Ажалдың уақыты ешбір себеппен өзгермейді. Пайғамбарымыздың «**Тұысқандармен жақсы қарым-қатынаста болу – өмірді ұзартады**» мағынасындағы хадисіне Ислам ғұламалары екі түрлі түсінік береді.

1. Ғұмыры мол сауап, қайырлы амалдармен берекеттеніп, аз уақытта бейне бір көп уақыт өмір сүргендей болады.

2. Алла Тағала мұндай құлдарының жақсылық жа-сайтынын алдын ала әзәли ілімімен білгендей үшін ол құлның өмірін әу баста ұзақ етіп тағдырына жазған.

Сұралк:

Әрбір адамның ажалы алдын-ала тағдырында белгіленген. Ал енді осы ажалы жеткен адамды өлтіргеннің күнәсі не? Бәрібір сол уақытта өletін еді ғой.

Тағдыр себеп пен оның нәтижесіне біртұтас қарай-ды. Яғни, Алланың әзәли ілімінде әр адамның ажалы мен ажалына себеп болар іс-қимылдың қай уақытта, қай жерде жүзеге асатыны алдын ала белгілі болғандықтан тағдырға солай жазылған. Өлген адамның өлім уақыты

¹⁰² Уакиға сүресі/60.

¹⁰³ Мунафиқұн/11.

ғана емес, онымен бірге оның өліміне себеп болатын іс-әрекет те алдын ала білінгендіктен, себеп-нәтиже тағдырға бірге жазылған. Өлген адамды ол адам өлтірмегенде, оның өлімі немен жузеге асатыны бізге беймәлім. Мысалы, жол апатынан болды дейік. Онда оның тағдырына ажалы «жол апатынан болады», деп жазылар еді.

Демек, оны өлтірген адам өз қалауы мен өлтірғендіктен ақыретте жауапқа тартылады.

Тағдырға байланысты тартысуға неліктен тыйым салынған?

Бірде Пайғамбарымыз (с.а.у.) тағдырға байланысты сөз таластырып отырған сахабаларын көріп: «*Сендерге осыларды істейу әмір етілді ме? Жок, алде Мен сендерге осы үшін жіберілдім бе? Сендерден бұрынғылар (адамдар) осы тақырыпта тартысқандықтан құрып кеткен*», - деп тағдыр турасында тартысудың дұрыс емес екенін білдірген.

Пайғамбарымыздың тағдырға байланысты қажетсіз сөз таластыруды тыюының хикметін былай деп түсінуге болады.

1. Адамның өз қалауымен болатын және қалауының тысында болатын тағдыры бар. Қалауынан тыс болатын тағдырдың себептері мен хикметтері бізге беймәлім. «*Ақыл жаратылған, жаратушыны толық түсіне алмайды*» демекші, ақылымыз қалауымыздан тыс болатын тағдырдың себептері мен хикметтерін және сырын толық шеше алмайды. Адамның туылған жылы, әке-шешесінің кім болуы, ұлты, жынысы және қалауынан тыс болатын аурулар мен пәлекеттердің хикметтері мен сырларын, себептерін түсіну үшін өзімізді қинау, бір-бірімізben сөз таластыру түбі жок тұнғиыққа батумен бірдей.

Пайғамбарымыздың тыйған тартыс мәселесі тағдырдың осы екінші түріне байланысты болуы мүмкін.

2. Адам баласы жалпы тағдырды толық әрі дәл түсіне алмайды. Өйткені тағдыр тақырыбы – өте қыын әрі күрделі мәселе. Сондықтан әрбір мұсылман тағдырга байланысты мәселелерді дін мамандарынан сұрап, осы тақырыпқа байланысты жазылған кітаптарды оқып түсіне алғанынша түсініп, ал түсінбей ақыл жеткізе алмаған мәселелерін Алланың шексіз ілімі мен әділдігіне тапсырып, адамдармен бос дау-дамайға кірмегені жөн. Алла ең дұрысын біледі.



ТАҒДЫРҒА ИМАН КЕЛТИРУДІҢ ПАЙДАЛАРЫ

**Тағдырға иман адамды жауапсыздық пен
панданудан сактайты.**

Адам табиғатында өз қателігін мойындармай, екінші біреуге сілтеу немесе тағдырға жала жауып, жауапкершіліктен қашу бар. Әрдайым жасаған күнәларына әр түрлі сылтау құрастырып, бас сауғалап қашып кетер жол іздейді. Міне, осы өз ерік-қалауымен жасаған күнәларын тағдырға жауып, жауапкершіліктен қашқысы келетін адамның алдына Алла Тағала тара-пынан берілген «дербес ерік-қалауы» шығып, «**Қайда барасың? Сен істеген әрбір ісінді өз ерік-қалауыңмен атқардың. Сондықтан күнәларыңа тағдырды сылтау ете алмайсың!**», - деп тозақтың қызыл отын көзіне елестетіп, жауапкершілігін есіне салады.

Сондай-ақ, адам табиғатында қолы жеткен жетістіктермен мақтанаңып, пандануытагыбар. Күнәларынан ақталып, тағдырды сылтау еткен әлгі адам істеген кейбір жақсылықтары мен қолы жеткен бәзбір жетістіктерін көлденендеңдіп: «*Мен істедім, мен бүйттім, мен сөйттім*» деп, дем арасында өзгеріп, күбідей ісініп шыға келеді. Менмендігі бара-бара ұлғайып, тәқаппарлыққа айналып, ақыры әрбір ісін жаратқан Ұлы Жаратушсын ұмыт қалдырып, кердең басып, айналасындағы адамдарға мысқылдай қарап, женінің ұшымен сәлем береді.

Осындай нәпсісіне адамдық тізгінін ұстасып, тәқаппарлыққа, менмендікке құл болып, мұрнын шүйіргісі келетін пенденің алдына «*тәғдыр*» шығып:

«Сенің мақтануға, пандануға ешбір ақың жоқ. Барлық жақсылыққа апарар жолды көрсетіп, ниетіңе жеткізіп сәтін салған, ізгілікті жаратып, жетістікті нәсіп еткен Алла емес пе?», - деп құлдың шамасын көзіне көрсетіп, «тәкаппарлықтан аулақ бол!» дейді.

Іә, адамның қолы жеткен жетістіктері мен жасаған игіліктеріне иелік етуге еш ақысы жоқ. Себебі, әрбір жақсы істің жасалуын Алла Тағала қаламаса қалай жүзеге асар еді? Құлдың ниет етіп, істегісі келген ізгі ісіне «жоқ» деп Ұлы Жаратушысы тосқауыл қойса, құлдың қолынан не келер? Адамға істің жақсысын ажырата білетін ақыл сыйлаған, қабілет берген, оның жасауға ниет еткен әрбір ісін жүзеге асырған Ұлы Иесі емес пе?! Иә, жақсылықты қалаған – біз, ал оны жаратқан – Алла Тағала.

Жақсылық атаулыны жүзеге асырудагы адамның алар еншісі лифтің ішіндегі түймені басуындей-ақ. Мысалы, лифтпен жоғары қабатқа шығуды қалап, саусағыңыздың ұшымен түймені басасыз, сөйтіп, лифт сізді қалаған қабатыңызға шығарады. Шыққаннан кейін «лифтін жоғарыға мен шығардым» деп, мақтана алмайсыз. Өйткені сіз лифтін емес, лифт сізді шығарды.

Таразының екі басын тең ұстап, астамшылық пен нұқсандықтан бойын аулақ ұстаған тақуа жан барлық істеген күнелары үшін «нәпсімді тыңдал, шайтанның арбауына алданып, жаманышылықты таңдаған, қалаган менмін, олай болса өзім кінәлімін» деп Ұлы Иесінен істеген күнеларының кешірілуін тілесе, қолы жеткен жетістіктері үшін «Алла Тағалам мұны нәсіп еткен Сенсің, сәттілігін салған тағы Өзіңсің!» деп, жақсылықтың шынайы иесі Алла Тағалаға рахметін білдіріп, өзінің борыштарлығын сезінеді. Мұндай тақуа жанның жадында әрдайым: **«Саған келген барлық жақсылық Алладан, ал басыңа**

келген барлық жамандық нәспінен»¹⁰⁴, - деген қасиетті аят жаңғырып тұрады.

Басына қынышылық түскен жан тағдырдан жұбаныш табады.

Тағдырға иман етіп, әрбір істің Алланың рұқсатынсыз іске аспайтынына жүрекпен сенген кез келген адам басына келген қынышылықтар мен пәлекеттердің әсерінен өз-өзін жеп, іштей тынып, үмітсіздікке бас имейді. Ұлы Жаратушысының құлын жақсылықпен де, қынышылықпен де сынайтынын білгендіктен: «*Алла Тағалам, маган сабыр бер! Сауабыңа кенелейін*» деп, келешекке деген үмітін қанат етіп, қайрат-жігерін қамшылайды. Басына келген айықпас ауруға: «*сау болғанда бәлкім Аллаға деген мұқтаждығымды ұмытып, әр түрлі күнәға батар ма едім? Бәлкім, Алла маган сауап жиснаудың, Өзіне жақындаудың жсолын осылай берген шығар. Ендеше, ауруларым күнәларыма кәффарат болар*» деп, сынның көніліне медет табады. Мал-мұлқін жоғалтып алса, яки басқа біреудің қолында кетсе: «*Алла Тағала менің тағдырыма жазбаган гой, бүйірмаган еken, барлық мал-мұліктің шынайы иесі – Ұлы Жаратушым Сен өзіңсің, қалағаныңа бересің, қалағаныңнан аласың*» деп, Ұлы Иесінің алдында басын барынша иіп, әр нәрсенің Оның қалауымен ғана болатынын жадында тағы бір рет жаңғыртып, түгесілмес сауабы мен жәннаттағы мәңгілік сый-сияптынан үміт етеді. Себебі, сабыр сактап, шүкір еткен құлдың мына дүниеде жоғалған пәни мал-мұлқі ақыретте мәңгілік мал-мұлікіне айналып, жәннат төрінен менмұндалап тұрады.

Жобасын жасап, жеті рет өлшеп, бір рет кескен ойындағы ісі, армандаған мақсаты орындалмай қалса,

¹⁰⁴ Ниса сүресі/79.

«қайырлысы болсын» деп, сабыр танытады. Ал тағдырға иманнан нәсібін ала алмаған байғұс жандар басына түскен жоғарыда айтылған қыыншылықтар мен пәлекеттерге: «*Неге бұлай болды, қап, әттеген-ай*», – деп санын сабалап, айналасынан кінәлі пенделерді іздең, басын тастан-тасқа ұрып, өмірден түңгіліп, үмітсіздіктің қараңғы әлемінде түншығып жатады.

Тағдырға иман ержүректік пен батылдыққа бастайды.

Басына не келсе де, Алланың рұқсатымен, қалауымен келетініне бек сенген жанның бойына ерекше батылдық біtedі. Ар-намысын таптауға төніп келген дүшпаннан отаңын, дінін, халқын қорғау үшін ерен ерлікпен шайқасады. Ажалының алдын ала Ұлы Жаратушысы тарапынан белгіленгенін білгендіктен «*тәгдышымдағы өлімім қай жерде, қай уақытқа белгіленсе, міндетті түрде сол жерде, сол мезетте өлімді татамын, жазмыши ажсалым мұндай қасиетті согыста емес, үйде жылы төсекте жатсам да келіп жетер*» деп «алғалап» ұран тастап, жау жүргегін аузынан шығарады.

Белгілі бір пайдалы іске кірісер болса, алдымен, барлық қолынан келер қажетті іс-шараларды атқарып, керекті себептерді орындағаннан кейін, «*тәгдышымдағанын, бұйырғанын, Алланың қалаганын көрерміз, жазмыштан озмыши жоқ*» деп, тәуекелге бел байлайды. Шегіншектеп, қорку тағдырға сенген жанның пәк дүниесіне аяқ баспайды.

**Тағдырға иман қанағатқа тәрбиелеп, көре
алмаушылық пен қызғаныштан сақтайды.**

Барлық адамның бұл дүниеде дәм татар рызық-несібесі алдын ала Ұлы Жаратушсы тарарапынан белгіленгеніне иман еткен жан өзіне жүктелген міндеттерін, қолынан келер барлық себептерді атқарғаннан кейін Жаратқанның берген үлесіне ризалық білдіріп, қанағатты пір тұтып, басқалардың мал-мұлкіне сұқ көзбен қарап, пәк жүргегіне қызғаныш сезімін қонақ етпейді.

**Тағдырға иман адамды жүйелі жұмыс істеуге,
әрбір ісін тап-түйнақтай атқаруға тәрбиелейді.**

Жаратылстағы әр нәрсенің арнайы есеппен, белгілі жүйемен жұмыс істеп тұрғанын көріп, одан сабақ ала білген жан әрбір ісін тап-түйнақтай атқаруға, жобажоспарсыз ешбір істі бастамауға тырысады. Жүйелілік оның табиғатына сіңіп, тұрақты мінезіне айналады.



АДАМНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТІ

Өмір өзендей аққан бойы өтіп жатыр. Үйреншікті күн арайлап атып, алаулап батуда. Адамдардың көбі пәни дүниенің қамын жеп, өздерінің мына дүниеге қайдан, не үшін келгендерін, қайда баратындарын ұмытқан. Бәрі сағым қуғандай бір арманнан екінші бір арманның, бір белестен екінші белестің ізіне түсude. Біріне енді жеттім дегенде, екіншісі анау жақтан мен мұндалап тұрады. Бірақ адам бәрібір тоймайды, бәрібір қанағаттанбайды. Енді асыл арманыма, аңсаған мақсат-мұратыма жеттім дегенде, өлім оны өкшелеп жетеді. Сейтіп, адам мына пәnidің алдамшы қызылына қызығып, қайран бір ғұмырды жоқ етеді.

Бұл күнде адамдар өмірдегі өзіне жүктелген міндеттін орындау үшін тамақ ішпейді, керісінше, тамақ ішу үшін өмір сүреді. Яғни, өмірдегі мақсаты – қарын тойдыру. Ойланғанға екеуі екі бөлек. Тамақты мақсат ететіндей ғаламдағы ең саналы жаратылыс – адамның құрсағын тойдыруы үшін мектепте он бір жыл, университетте бес-алты жыл оқып, сол бір қарнының қамы үшін өтірік пен өсек айтып, басқаны қызғанғаны ма? Сонда адамның құрсағын тойдыруы үшін мектепте он бір жыл, университетте бес-алты жыл оқып, сол бір қарнының қамы үшін өтірік пен өсек айтып, басқаны қызғанғаны ма? Сол үшін қан төгіп, жауласқаны ма? Сонда адам бар ғұмырын құрсақтың қамы үшін арнайтындағы осыншама тәмен денгейге түскені фой... Жо-жоок, әлемдегі ең саналы, ең кемел жаратылыстың әсте мұндаидар тәмен болуы мүмкін емес. Мал екеш малдың өзін алып қарасақ, әрқайсысының белгілі бір мақсат үшін жаратылған көреміз. Қорадағы мөніреген сиырдың

да өзіндік міндеті бар. Таңтерен өріске барып, кеш ауа желінін сыйзата аппақ сүт әкеледі. Кім үшін? Адам үшін. Ара да таңның атысы, кештің батысымен мындаған гүлдерге қонып жүріп, кешке улы денесінен шипасы мол бал тарту етеді. Демек, бұл өмірдегі әрбір жаратылыс иесінің өзіндік міндеті бар. Олар саналы болмаған күннің өзінде сол міндетін мұлтіксіз орындауда. Ал ең көркем жаратылыс иесі адамның міндеті не? Ол сиыр, ара сияқты денесінен басқаға пайдалы бір нәрсе шығара ма?

Иә, ең көркем жаратылыс иесі адамның да өз санасы мен абырай-дәрежесіне қарай өзіндік үлкен міндеті болға тиіс. Егер адамның да өзіндік орны мен міндеті болмаса, онда оның кім болғаны? Жай ғана асхана мен дәретхананың ортасында жүріп, ас қорытып-шығарудан аспайтын жанды аппарат болғаны ма?! Жо-жооқ, эсте олай емес! Ең кемел жаратылыс иесі адамның өзіне тән жоғары міндеті бар. Ол міндет бәрінен де жоғары, аса абырайлы міндет.

Ол – өзін жоқтан бар еткен құдіреті шексіз Ұлы Жаратушыны тану. Ол – құллі жаратылыс атаулының бойынан Алла Тағаланың тіл жетпес шеберлігі мен ұлылығын көріп, Оның құдірет-күшінің алдында таң қала бас иіп, құлшылық жасау.

Ол – өзінегін берілген сансыз жақсылық, нығметтер үшін Ұлы жаратушы Иеге алғыс-рақметін білдіріп, Оның алдында мәңгілік қарыздар екенін сезінү.

Бұған қоса табиғатындағы қызғану, сабырсыздық, жалқаулық, қанағатсыздық сияқты жаман қылықтардан арылып, бойындағы асыл қасиеттерді шындалап, сан алуан сезімдерін кемелдендіріп, әр түрлі қабілеттерін жетілдіру арқылы «*кәміл адам*» тұғырына көтерілу. Сөйтіп, «*кәміл адам*» күйінде о бастағы асыл мекені – Жәннатқа оралу. Хақ Тағаланың ризашылығына бөленіп, ондағы мәңгілік

бақытқа, бұрын-соңды көз көріп, құлақ естімеген, ақыл ойлап елестете алмаған Ұлы Жаратушысының өлшеусіз ғажайып сый-сияптына қауышу һәм бұның бәрінен де қымбаты – жұмақта Алла Тағаланың аса көркем дидарын тамашалап шексіз ләззатқа кенелу.

Хақ тағалаға деген құлшылықтың мәні

Күллі жаратылыс атаулы – Алла Тағаланың құдіреті мен құзіретін, шеберлігі мен шексіздігін, өлшеусіз ілімі мен теңдессіз ұлылығын танытар жеке-жеке құдайылық мөр. Біз осыларға қарап Оны таныдық, әлі де тану үстіндеміз. Алла Тағала Құран Кәрімде: «Мен жындар мен адам баласын «тек қана (мені танып), маған ғибадат етсін» деп жараттым»¹⁰⁵ – дейді.

Демек, Алла Тағала бізді бұл дұниеге Өзін мына жаратылысқа қарап тапсын, танысын, білсін, құдіретінің, шеберлігінің, ілімінің алдында таң қалып, бас исін, құлшылық етсін деп жіберген. Мысалы, кез келген атақты суретшінің табиғатты өрнектеген суретіне қарап таң қалып, тамсана таңдай қағамыз. Оның өнерін, шеберлігін, таланттын мойындал, оған мақтау айтамыз. Тіпті сол суретшімен бір сәт бірге болуды мәртебе санап, суретке түсіп жатамыз. Ал, енді сол суретшінің салған суретін бір сәт бағалап көрелікші!... Өспейді, өнбейді, төрт мезгілде әр түрлі құбылысқа енбейді, ағаштары жеміс бермейді, сула-ры ақпайды, құстары сайрап, балықтары жүзбейді. Міне, біздер осындай жансыз, жасанды, көшірме суреттерге қарап таң қалып, таңдай қағып жатамыз. Бірақ сырттағы көркемдігі ғажап мына шынайы әлемге көніл бөлмейміз. Ондағы жұпар исі аңқыған сан алуан гүлдерді, әр түрлі жеміс-жидегін шашу еткен ағаштарды, құрлық пен теңізді

¹⁰⁵ Зарият сүресі 56-аят.

мекендерген сансыз қасиетке ие жанды-жансыз атаулыны, көздің жауын алар жасампаздыққа тұнып тұрган жалпы табиғатты жаратқан негізгі Ұлы Суретшіні, шебер Жаратушыны елемеуге бола ма? Саналы адам үшін нағыз мақтауға ие сол Жаратушы емес пе? Қалай ғана Оның құдіретінің, шеберлігінің, ұлылығының алдында таң қалып, Оған мадақ, мақтау айтпастан жайбарақат жүре аламыз?! Неліктен ғибадат, мінәжатымыз арқылы Ұлы Құдіретпен бірге болуды өзімізді мәртебе санамаймыз?

Ендеше, адам баласының ең басты міндеті – Ұлы Жаратушыны тану. Оның ұлылығын дәріптеп, «*Аллаңу әкбар*», «*Алла Тағалам сен қандай ұлысың!*» деп бас ііп, мадақ айту.

Иә, Оның құдіреті мен құзіретінің, шеберлігі мен шексіздігінің, өлшеусіз ілімі мен теңдессіз ұлылығының алдында таң қала бас ііп, мақтау айту – құлшылықтың нағыз өзі.

Намазымыздың әр рәкатында үнемі оқылатын «*Фатиха*» сүресіндегі: «**Бүкіл мадақ та, мақтау да тек қана бүкіл әлемнің Раббысы – Аллаға тән**» деудің мағынасы да осы болса керек.

Құлшылықтың тағы бір мәні – Ұлы Жаратушы тарапынан бізге тегін тарту етілген сан жетпес жақсылық, ризық, нығмет үшін алғысымызды ғибадат арқылы білдіріп, Оның алдында қарыздар екенімізді мойындау.

Жан-жағымызды қоршап жатқан күллі болмыс атаулы тек қана біз үшін жаратылған. Алла Тағала өзінің шекіз құдіретімен оларды әлсіз, дәрменсіз адам баласының қызыметіне бас идірғен. Алып табиғат денелерін Ұлы Жаратушы өзі бас идірмесе, оларды күшпен бағындыруға адам баласының қауқары жетпесі даусыз.

Арайлап таңың атуы, алаулап күннің батуы кім үшін?!

Жосылып бұлттың көшуі, еркелеп желдің есуі кім үшін?!

Сылдырлап ақкан өзен мен буырқанып тасыған теңіз кім үшін?!

Қойнауы қазынаға толы аскар таулар кім үшін?!

Етімен, сүтімен, терісімен, жүнімен өрісте журген жан-жануар атаулы кім үшін?!

Жан-тәнімізді сүйсінтіп, өне бойымызды толқытып, ән салатын, тоты, бұлбұл жыршы құстар кім үшін?!

Жұпар исін аңқытып, көздің жауын алатын, сан алуан түсті гүлдер мен балдай тәтті жеміс-жидек кім үшін?!

Алып Күн денесінің жылуы мен жарығы кім үшін?!
Бір ғана жауап – бәрі де біз үшін. Бәрі де адам баласы үшін. Бәрі де ардақты жаратылыс иесі адамзат үшін.

Әр ай сайын қолданған ыстық, сұық суымыз бер жаққан электр шамымыздың ақысын төлеп жатырмыз. Ал, көзімізді ашқаннан бері бізге жылуы мен жарығын күлімдей төккен күннің Ұлы Иесіне қандай ақы төледік?! Төле деп талап еткенде немізді төлер едік?! Ендеше адамның міндеті тек қана ішіп-жеп, тайрандау емес, осыларды тегін берген Ұлы Жаратушысына алғыс білдіріп, құлышылық жасау.

Дана Абайдың:

«Махаббатпен жаратқан адамзатты,

Сен де сүй Ол Алланы жаннан тәтті», - деуі де сондықтан.

Ендеше, бізге сүйіспеншілікпен қарап, таусылмас қымбат нығметтерді сыйлаған Ұлы Иемізге біз де сүйіспеншілікпен қарап, бас иіп, алғысымызды ғибадат арқылы білдіруіміз – ұмытылмас міндетіміз.

Адам дене мен рухтан тұрады. Денемізді күн сайын ішкен-жеген тамағымыз арқылы қоректендіреміз. Ал

рухты немен қоректендіреміз? Рухымызды және оның мазасыздығын дамыған ғылым да, шарықтаған экономика да, сәт санап өркендеген мәдениет те қанағаттандыра алмайды. Адамның төрт түлігі сай болып, жегені май болса да, бәрібір оған бір нәрсе жетпей тұрады. Өйткені оның сұрағаны заттық емес, рухани болмақ. Демек, материалдық денеміздің материалдық қорек талап еткені тәрізді, рухымызды да рухани қоректі талап етеді. Олай болса, рухымыздың, жан дүниеміздің қорегі – біздің намазымыз, оразамыз, жалпы күллі ғибадатымыз. «Рағд» сүресінде: **«Біліп қойындар! Жүректер тек қана Алланы еске алу арқылы жай табады»,** - деп ғибадат жасаған уақытта ғана рухымыз еркін тыныс алып, жүргегіміз жай тауып, жан дүниеміз тыныштыққа, шексіз рахатқа қауышып, ерекше ләззатқа бөленетінін білдіреді.

Нұсқа айтсақ, ғибадат – рухымызға қорек, жүргегімізге шипа, денемізге саулық, ақылымызға туралық, ерік-жігерімізге қуат, сезімдерімізге кемелдік, әлсіздігімізге сүйеніш сыйлайды. Ғибадат – өмірімізді ретке келтіріп, күнәлардың батпағына батудан, рухани ластықтан сақтайды.

Ғибадатымыз – екінші дүниемізге жинаған азығымыз, мәңгілік дүниеде бақытты болудың бірден-бір жолы да сол.

Ғибадатымыз – бәрінен бұрын Ұлы Жаратушының бізге жүктеген ең ұлы парызы.

Ғибадатымыз – иманымыздың белгісі, әлсіздігіміздің, мұқтаждығымыздың, шарасыздығымыздың, қысқасы, құлдығымыздың нышаны.

Біздің Аллаға бас июіміз – басқага бас имейтіндігіміз үшін берілген шынайы антымыз бер сертіміз. Өйткені біз Аллаға құл болған кезде ғана нәпсіге, дүниеге жалпы барлық басқа жалған құлшылықтардан құтыламыз.

Тәніміз сәждеде барынша кішірейген сәтте, рухымыз Ұлылардың Ұлысына самғай ұшып, көтеріліп жатады.

Шүкіршілік

Шүкір – жаратылыстың сыры, шүкір – дүниенің мәйегі, шүкір – адамдықтың рәмізі, шүкір ету – пенденің ең үлкен міндеті. Шүкір – жақсылық иесіне жақсылығы үшін қарыздар екенінді сезіну, оның алдында бас иіп, алғыс-рахметінді білдіру.

Міне, жаратылыста шүкір осыншалықты маңызды бола тұра, өкініштің, адам баласының көбі бұл қасиеттен макұрым. Құран Кәрім бұл шындықты: «**Құлдарымның арасында шүкір етушілер өте аз**», - деп ескерtedі.

Іә, адам баласы кішкене ойланып-толғанса, өзін қоршаған қай нәрсенің болмасын Алла тарапынан арнайы әзірленіп, адам баласының қызметіне ұсынылғанын түсінері сөзсіз. Тіпті, өзінің жоқтан бар етіліп, тіршілік иесі болуының өзі баға жетпес нығмет. Бірақ, өкініштің бұл нығметтің қадірін жете түсініп, Жаратушысына деген шүкірінен жаңылмайтын тіршілік иесі өте аз.

Мысалы, суға батып бара жатқан адамды әлде бір кісі құтқарып қалса, өміріне себеп болған әлгі адамға: «Мен саған бұдан былай қарыздар болып өтемін, - деп оның алдында құрақ ұшады. Істеген бір ғана жақсылығы үшін бас иіп, өмір бойы ізет білдіреріп сөзсіз. Ал енді бізді жоқтан бар етіп жаратып, әр ауа жұтып, тыныс алған сайын бізді бір өлімнен құтқарып, бір өмір сыйлаған Жаратушымызды ұмыт қалдырып, жақсылығы үшін алғысымызды білдірмейіміз дұрыс па?

Ұлы Жаратушымыздың адамға берген жақсылық, нығметтері шексіз. Құранда: «**Егер Алланың сендерге берген нығметтерін санасандар, санап тауыса алмайсындар**», - делінеді.

Біз, адам баласы, денсаулықтың, әрбір он екі мүшеміздің баға жетпес нығмет екенін ойлап, қадірін түсіндік пе? Оларды бізге тегін берген Раббымызға рақметіміз бен алғысымызды білдіріп, Оған қарыздар екенімізді сезіндік пе? Шындығында, бізге бұл сұраққа жауап беру онайға соқпаса керек.

Егер біреу бізге көп ақша берсе, оған рахметімізді жаудырып, алдында құрақ ұшамыз. Ал, енді бір қолымыз шолақ болса, мейлі миллиардтаған жыл жұмыс істеп, триллион ақша тапсақ та, Алланың бізге тегін берген сау қолын сатып ала аламыз ба? Сатып ала алмасақ, неге біз триллион ақша жұмсал қол жеткізе алмайтын әрбір мүшемізді бізге тегін сыйлаған Ұлы Жаратушымызға алғыс-рақметімізді білдірмейміз? Неге «*Аллаңу әкбар*» деп сәждеге бас ұрмаймыз?

Іә, тіпті ішкен-жеген асымызды табиғи жолмен сыртқа шығарудың өзі де Ұлы Иеміздің үлкен жақсылығы. Оның қадірін ұғу үшін ауруханалардағы бұл нығметтен мақрұм жандарды барып көріп, аталмыш нығметтің қадірін түсінейік! Түсініп, Раббымызға қарыздар екенімізді шын жүректен сезінейік!

Осыншама жақсылықтың, ырыс-берекенің алғысы «*шүкір*» деген тіліміздің ұшымен айтылатын үйреншікті сөзбен шектелмейді. Ұлы Иемізге деген шынайы алғысымыз бен махаббатымыздың белгісі – Оның бүйірған әмірлерін «*ләббайк*» деп, айна-қатесіз орынданап, міндеттеген гибадаттарын қадари халімізше толық атқару мен тыйымдарынан түгелдей тыйылу.

Көбіне біз рахметімізді, алғысымызды шынайы Иесіне емес, жолдағы түккө тұргысыз себептерге білдірумен ғана шектеліп жатамыз. Қалайша дейсіз бе? Базардан бір алма сатып алдық делік. Сатушыға рахметімізді айтып, қолына ақшасын ұстатамыз. Бірақ сол алманы «*құлым*

жесін» деп көз тартар сұлу пішінде жаратып, аузынан сілекейінді ағызар тамаша дәм мен мұрныңды жарап керемет жұпар иіспен безендіріп бізге жіберген, яғни алманың шынайы иесі – Алла Тағалаға шүкірімізді, раҳметімізді білдіріп, Оған деген қарыздығымызды сезінеміз бе?

Сатушының қолына ұстатқан азды-көпті тын-тебенді алманың құны деп ойламаңыз, ол тек сатушының енбегі ғана. Себебі, алманың өз құны өлшеусіз. Ол бағамен өлшенбейді. Неге дейсіз бе? Егер алма жоқ болса, оны есіру үшін дәнегін қайдан алар едік? Миллиардтаған қаржы жұмсап, жоғары деңгейдегі зертханаларды құрсақ та алманың бір түйір дәнін жасай алар ма едік? Тіпті дәні бар болған күннің өзінде оның өсіп жетілуіне керекті Күнді, ауаны, топырақты, ондағы әр түрлі минералдарды қайдан табар едік Бүкіл әлем жиналса, алманың өсүі үшін керекті суды, ауаны жасай алмайды. Енді осы алмаға керекті күн, ауа, топырақ, су сияқты қажетті заттардың баға жетпестігін ескере отырып, алманы бағалап көрейікші...

Иә, біз көбіне жаратқанды ұмытып, ортадағы себептерге ғана алғысымызды білдірумен шектеліп жатамыз. Бұл ісіміздің қаншалықты әділетсіз екенін білу үшін мына мысалға назар аударайық.

Патша қызметшісі арқылы біреуге бағалы сый жіберді делік. Әлгі адам сыйлықты ала салысымен раҳметін үйіп-төгіп патшаның қызметшісіне айтып, сыйды тарту еткен патшаның өзін елемесе, оның бұл ісі қаншалықты жөнсіз болар еді. Бұл тұста нағыз алғыс айтуға лайық жан қызметші емес, патшаның өзі емес пе?!

Мінәжат

*Fұмырын осы уақытқа дейін
босқа өткізіп, жүрегі ақиқат шуагына
кейінен гана оянған бір пендениң
Хақ алдындағы тәубасы.*

Уа, Жаратушы Жаппар Ием – Хақ Тағала!

Құлың саған келді бас иіп, тәuba тілеп. Медет тілері бар ма оның Сенен басқа? Құлың адамдық тізгінің нәпсінің қолына ұстатьып, әр бүршіста тұзақ құрып, айла ойлаған ібілістің құрығына шалынды. Дүниенің жылтырына алданып, пендешіліктің батпағына малынды. Енді міне, күнәларын арқалаған бойы бір қызырып, бір сазара ұялған қуйі Саған келді. Өйткені Сен – мейірімділердің ең мейірімдісі, рақымдылардың ең рақымдысы, кешірімділердің кешірімдісінің.

Рахман Ием! Құлың қанша күнәға батса да, «бір күні келіп, Сенің ұлылығыңың алдында бас иемін» - деген кекірегіндегі ұмтін жоғалтпады. Өйткені ол күнәсінің қанша ұлken екенін білсе де, Сенің кешіріміннің одан да ұлken, шексіз екеніне бек сенді.

Алла Тағалам! «Раббым – тек Сенсің» дедім, сөйте тұра нәпсіме, дүниеге құлдық ұрдым.

Жаратушы Ием! Ақырет дедім, сөйте тұра дүниені тандадым. Мәңгілік дедім, сөйте тұра пәниді артық көрдім.

Жаппар Ием! Сенің: «*Уа, құлдарым, шайтан сендердің ашиқ әүшпандарың*» деген рақымға толы ескертулеріңе құлақ аспай, Ибіліспен қоян-қолтық дос болдық, жо-жоқ, дос қана емес, тіпті, ажырамас сырлас болдық. Тіпті, кей тұста шайтан бізді емес, біз шайтанның өзін азғырдық.

Раббым! Мен Сені басыма бір қыншылық түскен сәтте немесе ауру-сырқауға ұшырап, тығырыққа тірелген мезетте ғана іздедім. Сол кезде ғана Саган деген мұқтаждығымды мойындал, құдіретіңе бас идім. «*Раббым, егер осыдан бір құтқарсан, Сенің адап жолыңда жүрер едім*», - деп Өзіңе сан рет уәде бердім. Сөйтіп, қыншылықтан құтылған сәтте, Сені еске алмастан баяғы әдетімше кердендеп кете бардым.

Жаратқан Ием! Сен маған рақым етіп, ырыс берекенді төккен сайын, Өзіңе қарыздар екенімді сезініп, мандайымды сәждеге қоюдың орнына, тайраңдаған сайын тайрандай түстім. Сенен алыстаған сайын алыстап, күнәға белшеден баттым. Истеген әр күнәма өзімізше ақтау айтып, мың түрлі сылтау іздедім. Жүргімнің қарайып, күнәға етімінің үйренгені соншалық ауыр күнелардың өзін елемейтін болдық.

Күллі ғаламды мейірімімен тербеткен Рахман Раббым! Сен не деген кешірімді, не деген мейірімдісің? Мен қанша күнә істеп, жүргегім қарайып, қараңғылыққа құлдиласам да, Сен мені дереу жазалап, тас төбеме азабынды жаудырмай, тәубе етуім үшін ғұмыр сыйлап, адам болуым үшін мұрсат бердің.

Уа, Алла Тағалам! Ертең Сенің алдыңа барғанда: «*Құлым! Мен үшін не істедің?*» деген сұрағыңа не деп жауап беремін? Дүниедегі қай амалымды бір ғана Сенің разылығың үшін істедім дей алмын? Ку құлқынның қамын қүйттеген істерімді ме? Әлде сол бір құлқынның қамы үшін айналамдағыларға жасаған құлық-айла, ұрыс-жанжалымды ма? Жоқ әлде мына бес күндік дүние үшін құраган қылыш-қылыш жоспарларымды ма?

Раббым! Сенің алдыңда бір-бірлеп тұрып есепке тарылар Махшар күні менің жағдайым не болмақ? Ол күні жан біткеннің жүргегі дүрсілдеп, ақ тер, көк терге түсіп,

ана баладан, бала әкеден қашып, күйеуі әйелінен безіп, әркім тек өзінің қара басының қамын жеп, қиналған сол құні менің жағдайым нешік?

Сенің: «*Ей, құлым! Менің саган берген болаттай жастық шағыңды, темірдей денсаулығыңды, көл-көсір уақытыңды, мал-мұлқіңді қайда, кімнің жолында, не үшін жұмсадың*», – деген сұрағыңа не деп жауап беремін?

Ешкімге пайдасы жоқ бос сөздер мен мағынасыз ойын-сауыққа, құнәға толы жастық шағымды қалайша, қалай ғана «*Алла Тағалам! Сенің жолыңда, адамзаттың игілігі үшін*», – дей алам?! Түкке тұрмайтын бос нәрселер үшін өзгелермен бәсекелесіп, ысырап етуден асып-артылмаған мал-мұлқімді қалайша, қалай ғана «*Раббым! Тек сенің жолыңда, кедей-кепшік, жетім-жесірдің қамы үшін?*», - деп Сені де, өзгені де алдай алам? Атақ-абырой, мансап үшін атқарған қызыметімді қалай ғана «*Алла Тағалам, тек сенің ризалығың мен халқымның жақсылығы үшін*», - дей алам?!

Қызығын көретінімे көзім нақты жетпесе де пәни дүниенің қамы үшін жанымды алып-салып құндіз-түні тер төктім. Сөйте тұра сөzsіз келіп жететін өлім үшін, аузын ашып күтіп тұрган қаранды қабір үшін, сұрағы ауыр есеп құні үшін, жалпы мәнгілік ғұмыр үшін Өзің тегін берген ағыл-тегіл жиырма төрт сағаттың ең болмаса бірекі сағатын да қимадым-ау. Ақыретте құлдың ең бірінші сұралатын нәрсесі «*намазы*» демекші, осы уақытқа дейін ананы сылтауратып, мынаны сылтауратып, дүниен көлденен тартып, қаза еткен сансыз намаздарымның есебін қалай беріп, сұрағынан қалай құтыламын?

Жаратушы Раббым! Мен қанша құнәhar болсам да сенің шексіз кешірім-мейіріміңнен үміткермін. Есеп құні: «*Құлым! Сені де кештім*» деген рақымға толы ілтипатыңа ынтызармын. Өйткені Сен – рақымдылардың рақымдысы

— бүкіл әлемдердің Раббысысың. Өйткені Сен Құрандағы: «Ей, (көп күнә істеп) өздеріне жаманшылық жасауда шектен шыққан құлдарым! Алланың рақымынан үміттерінді үзбендер! Алла барлық күнәларды кешіреді. Өйткені Ол – өте кешірімді және рақымды», деп үміт шашқан қасиетті сөздің Иесісің.

Уа, Алланың мен секілді ертеңінен бейғам құлдары!

Өлімнен кім қашып құтылған? Пәнилікке бас име-ген, сірә, біреу бар ма? Қайда кешегі сән-салтанатымен саят құрып, зәулім-зәулім сарайларда ғұмыр кешкен аты әйгілі заңғар тұлғалар? Қайда кешегі біздің көз алдымызда жүрген ақ сақалды қариялар мен бетін әжім баскан ақ жаулықты әжелер? Олардан қане, кім қалды? Кім? Кешегі олардың орнын бүгінгі біздер басатынымызды ұмытпайық!

Жастығыңың тұла бойынды жасындаш шарпып, сарқылмastaй көрінген күш-куатын «мәңгілік» деп алданба! Жалғанның жарын жағалап жүріп, күндердің бір күнінде андаусыз ажалдың құрығына іліккен сәтте ғана қу түлкідей құбылған сүм дүниеге алданғаныңды аңғарып: «*Қан, әттеген-ай, жарығы соңбестей көрінген жалған дүние жалт бұрылып мені де қапыда қалдырыды-ау*» деп аһылап-үнілеп өкінгеннен не шара?!

Алла Тағалам! Мен Саған, Сенің асыл дініңе бет бұрдым. Алла Тағалам! Қалған ғұмырымда Құран нұрынан таймай, Сенің жолында, иман нұрында, тақуалықтың ізінде жүруді нәсіп ет! Амин, Әмин!!!

II КИТАП

КҮДІКПЕН КҮРЕС

Күллі жаратылысты Алла Тағала жаратқан, ал Алла Тағаланың өзін кім жаратты?

Адам баласы кез-келген нәрсені ойлаған уақытта әдетте осы дүниеде жүретін зандарға және көрген нәрселеріне салыстыру арқылы пайымдайды. Мысалы, жәннатта бір ағаш бар екен делінсе, дереу осы дүниеде көріп жүрген кәдуілгі топыраққа, күнге, ая мен суға мұқтаж ағаш елестейді. Бұрын-соңды мұлде көрмеген, бізге беймәлім бір нәрсе түсіндірілген уақытта: «*Неге үқсайды екен?*» деп сұрақ қойып жатамыз. Демек, біз көрмеген өзімізге таңсық нәрсені тек салыстыру жолы арқылы ғана пайымдай аламыз. Ал Алла Тағаланы салыстыру жолымен түсіну мүмкін бе? Әрине жоқ. Өйткені, Оның мына дүниеде теңдесі әрі үқсасы жоқ. Құранда былай делінеді: «**Оның (Алла Тағаланың) еш теңдесі жоқ**»¹⁰⁶, «**Оған еш нәрсе үқсамайды**»¹⁰⁷.

Ендеше, «*Алланы кім жаратты?*» деген сауал әубастан қате. Себебі бұл Алланы мына дүниедегі зандарға тәуелді жаратылыспен салыстыра ойлаудың нәтижесі. Ал Ұлы Жаратушы өзі жаратқан ешбір жаратылысқа үқсамайды. Тіпті қарапайым жай суретшінің өзі, өзінің салған суретіне үқсамайды ғой. Өйткені, сурет – әр түрлі бояудың қоспасы ғана. Онда суретшідегідей басыбүтін қасиеттер жоқ. Қысқасы, шебер мен оның көлінан шықкан туынды екі бөлек нәрсе. Ендеше, күллі кемшілік сипаттардан пәк Ұлы Жаратушы да өзі

¹⁰⁶ Ікылас сұреспі/4.

¹⁰⁷ Шура сұреспі/11.

салған мына жаратылыс суретіне, жаратқан туындысына мұлдем үқсамайды. Сондықтан жаратылысқа арналған зандарға да тәуелді емес. Мысалы, дүниеге келу үшін не нәрсенің болсын белгілі бір себепке тәуелді екендігі анық. Барлығымыз туылғанбыз, бізді тұғандарды да біреулер дүниеге әкелген. Яғни, барлық нәрсенің бастауы бар. Біздің қателігіміз сол, дүниедегі осы туу, туылу және бар болу үшін белгілі бір себепке мұқтаждық заңын Ұлы Жаратушымыз Алла Тағалаға да таңғымыз келеді. Ал Алла болса, барлық туу, туылу былай тұрсын, тіршілік зандары жоқ кезде де бар еді. Тіпті, Алла Тағала осы аталмыш зандарды да өзі жаратқан жоқ па!? Ендеше, өзі жаратқан бұл зандарға Ұлы Жаратушының тәуелді болмасы анық. Сондықтан «*Ыңғылас*» сүресінде: «**Ол еш нәрсеге мұқтаж емес, тұмады да туылмады**», - делінеді. Бейне бір «*Ей, құлдарым, туу, туылу, сыртқы бір тұртқіге зәрулік сендерге тән, мені ол заңдарға тәуелді етіп ойламаңдар*» деп түргандай. Алла Тағаланы ешкім жаратпаған. Алла Тағала – «әзәли», яғни, Оның барлығының бастауы да, соны да жоқ – Мәңгі.

Алла жаратылмағандығы үшін Алла емес пе? Мысалы, әскерлер бүйрықты қолбасшыдан алады. Ал қолбасшы бүйрықты патшадан алады делік. Ал енді «*патша бүйрықты кімнен алады?*» деп сауал қоя алмаймыз. Өйткені, патша да бүйрықты біреуден алса, онда ол шынайы патша бола алмайды. Тағы бір мысал, мешіттегі жамағаттың бәрі намазда бір имамға ұйиды. Ал сол имам да басқа бір адамға ұйыса, ол имам емес, жамағаттың бірі болып қалады. Сол сияқты Алланы да басқа бір Алла жаратса, онда жаратылған бірінші Алла, Алла бола алмайды. Өйткені, біз «*Алла*» деп о баста еш жаратылмаған, ешкімге мұқтаж емес, жаратылғандарда жоқ мәңгілік сияқты сипаттардың шынайы иесін ғана айтамыз.

Екіншіден, Алланы да басқа бір Алла жаратты десек, сол жаратқан Алланы да басқа бір Алла жаратуы тиіс. Оны да басқа бір Алла... Міне, осылайша алғашқы қойған сұрағымыз тізбектескен күйі шексіздікке дейін жауапсыз жалғаса береді. Қашан еш жаратылмаған, бастауы жоқ мәңгі бір Алланы қабылдаймыз, сол уақытта жауабы табылмаған сұрағымызға нүктө қойылып, жан журегіміз жай табады. Мысалы, нөл санының оң жағына миллиондаған нөлдерді қатар қойсақ та, олардың ешбір мәнді иеленбесі белгілі. Ал егер кез-келген бір санды қойсақ, сол нөлдер бірден мағынаға ие болады. Дәл осы мысалдағы сияқты барлық жаратылыс атаулының түп негізін – бастауы жоқ, мәңгілік жалғызы Аллаға тіреген кезде ғана, шынжырдың өріміндей бір-біріне қосакталған сауалымыз баян табады.

Іә, адамның не нәрсесі болсын шектеулі. Көзінің көре алатын аясы, құлағының есту қабілеті – бәрі, бәрі шектеулі болғаны секілді оның ақыл-ойы да шектеулі. Ал осындай шектеулі ақылмен шексіз Алланы қалай ғана толық түсінбекпі? Ол – жаратушы, біз – жаратылғанбыз. Жаратылған нәрсе Жаратушысын «*неге толық түсінбеймін?*» деп шағым айта ала ма? Біздегі ақыл да, жан да кейіннен жаратылған. Солай бола тұра біз тіпті қарапайым жаратылған «*жсанның*» өзін толық түсіне бермейміз. Енді жаратылған нәрсені жете түсіне алмай жатып еш теңдесі жоқ Ұлы Жаратушымызды қалай толық түсінбекпі?! Пенденің шектеулі ой-санасы Оны қалай қамтымақ? Белгілі ойшыл Анри Бергсон былай дейді: «*Ақылдың ең соңғы тоқтамы – өзінің әлсіздігін мойындауы*». Рас, ақыл өзінің жетер жерін, шамасын білуі тиіс.

Сахаба Әбу Бәкір Сыддық: «(Алла Тағалам!) Сені толық түсіне алмауымды мойындауым – сені толық түсінуім» десе, Абай атамыз:

Күні-түні ойымда бір-ақ тәңірі
Өзіне құмар қылған оның әмірі.
Халиққа махлұқ ақылы жете алмайды,
Оймен білген нәрсенің бәрі – дәһрі¹⁰⁸ -деп түйсе, тағы
бір өлең жолдарында:

«Ақылға сыймас Ол Алла,

Тағрифқа¹⁰⁹ тілім қысқа-ак»¹¹⁰ деп, осы ақиқатқа
үлкен ой салады. Ал философ Декарт былай дейді: «*Адам*
– *тұмстай шектеулі жаратылыс. Ал осындаи шектеулі*
адам шексіздікті мұлдем түсіне алмайды».

Алланың мәңгілік сипатын қабылдағысы келмеген
өркөкірек материалистер сол сипатты жансыз материяға
телімек болады. Алайда, мәңгілік сипатын шынайы Иесі
Аллаға беру бір басқа да, оны қателесіп күнде өзгеріске
ұшырап, пәнилікке бас іп жатқан жансыз материяға беру
бір басқа.

¹⁰⁸ Абай, Қалың елім, қазағым, 153-бет. Атамұра баспасы, Алматы 2002 ж.

Халиқ – Жаратушы, Махлұқ – жаратылыс, Дәһрі – арабша «уақыт, заман» дегенді білдіреді. Алланы мойындармай, ақыретті жокқа шығаратын дінсіздерге де «Дәһрі» делінеді. Бұл жерде хакім Абай «Дәһрі» сезін «уақытша, пәни, кейіннен жаратылған» деген мағынада колдануы ықтимал. Яғни, адам санасының «біліп, түсіндім» деген нәрселері кейіннен жаратылған пәни дүниелерге жатады. Ал Алла кейіннен жаратылмағандықтан, Оны толық түсіну мүмкін емес дегенді мензеп тұр. «Халиққа махлұқ ақылы жете алмайды» дегені де сондықтан.

¹⁰⁹ Тағриф – түсіндіру.

¹¹⁰ А.а.е, 189-бет.

Алла Тағаланы неге көзбен көре алмаймыз?

Әсілінде, бәріміз Ұлы Жаратушыны көрудеміз. Бірақ көру қабілеті шектеулі жалаң көзімізben емес, ақыл көзімізben көрудеміз. Рас. Мысалы, түрлі жемісжидектердің дәмін көзбен көру мүмкін емес, бірақ тілімізде орналасқан дәм тату түйіршіктегі арқылы сеземіз, оларды бір-бірінен ажыратамыз. Дыбыстарды, әр түрлі істерді де көзімізben көре алмаймыз. Оларды құлағымыздың есту, мұрнымыздың сезу қабілеті арқылы сезіп, білеміз. Міне, дәл осылай біздер жан-жағымызды қоршап жатқан өздігінен пайда бола алмайтын мына сансызың таңғажайып жаратылысқа қарап, Ұлы Жаратқанның бар екенін, бір екенін, құдіретін түсінеміз, Ендеше, Оны ақыл көзімізben көреміз.

«Өз басым Алланы көрген емеспін, олай болса Ол жоқ» деу, көру қабілеті белгілі зандардан аса алмайтын, көру аясы шектеулі көзіміздің әлсіздігімен қоса Ұлы Жаратушының ұлылығы мен шексіздігін түсінбеуден туады. Түймедей екі көзімен күллі болмыс әлемінен ада шексіз Алла Тағаланы неге көре алмаймын деу күлкілі нәрсе.

Көздің әлсіздігі соншалық – тікелей көру мүшесі бола тұра ол өз-өзін көре алмайды. Ал енді осында өз-өзін көруге қабілетсіз көзбен «Алла Тағаланы көре алмадым, олай болса, Ол жоқ», - деу қисынға келе ме?

Негізінде айналамызда көзге көрінбейтін, бірақ бар екендігіне еш құмән жоқ қаншама нәрсе бар. Мысалы,

адамның рухын, қуану, қайғыру сезімдерін және ақыл-ойын, әлемдегі тартылыс, гравитация күшін көзімізben көре алмағанымызben бұлардың бар екендігіне ешкім күмән келтірмейді. Өйткені, біз нәтижесіне қарап бұлардың бар екендігіне көз жеткіземіз. Айталық, жүзіміздің реңіне, даусымыздың шығу ыргағына, бет-жүзіміздің құбылуына қарап адамның қуанғанын яки қайғырғанын білеміз. Бірақ қуаныш пен қайғы сезімдерін көзімізben көре алмаймыз.

Көзбен көру үшін көрінетін заттың қарсы алдында тұруы және оның материалдық нәрсе болуы шарт. Демек, көзіміздің көруі осы тәрізді бірқатар занылыштарға тәуелді. Ал Алла Тағала шектеулі әрі материалды болмағандықтан, Оның тек қарсы алдымында яки басқа белгілі бір мекенде болуы да мүмкін емес. Себебі, барлық мекен атаулы кейіннен жаратылған. Ал Алла Тағала сол жаратылған мекендер жоқ кезде де бар еді. Міне, гәп осында.

Олай болса, көру аясы тар, көру қабілеті кейбір занылыштарға тәуелді әлсіз көзімізben Алла Тағаланы мына дүниеде көруіміз мүмкін емес. Демек, Ұлы Жаратушыны көре алмауымыз – Оның жоқтығының белгісі емес, керісінше, көз көре алмайтында Оның ұлылығы мен шексіздігінің, сондай-ақ біздегі көздің тым әлсіздігінің белгісі.

Алла Тағала Құран Кәрімде: «**Көздер Оны көре алмас, бірақ Ол көздерді көреді**»¹¹¹, - делінген.

Алла Тағала бізді бұл дүниеге Өзін мына жаратылысқа қарап, тапсын, танысын, білсін, Өзінің құдіретінің, шеберлігінің, ілімінің алдында таң қалып бас исін, құлшылық етсін деп, сынақ үшін жіберген. Ал енді бізге ерекше көру қабілетін беріп бұл дүниеде өзін көрсетер болса, бізді бұл дүниеге жіберуіндегі сын-сынақтың мәні болмас еді.

¹¹¹ Әл-Әнғам сүресі/103.

*Алла Тағала неге адамдарды бай-кедей емес
жаратқан. Оның сыры неде?*

*Байлыш – мұрат емес,
Кедейлік – ұят емес.
Халық мақалы*

Ең алдымен, бұл бес күндік пәни дүниенің адамзат үшін үлкен «сынақ мекені» екенін бір сәт естен шығармауымыз қажет.

Сондай-ақ, ақыретті есепке алмастан тек қана осы пәни дүниенің күрмеуге келмейтін қысқа өлшемдерінің шеңберінде мұндай сұрақтарға жауап беруге тырысу да бос әурешілік. Ондай жағдайда сұрағымыз да түщымды жауабын таба алмай, бейнебір мағынасы аяқсыз қалған кітап яки екінші бөлімі көрсетілмей қалған фильм іспетті жарымжан күй кешері даусыз.

Алла Тағала өзі қалаған кейбір пенделерін мал-мұлік, байлық, дәүлетке кенелтіп, қайсыбіріне кедейліктің камытын кигізеді. Бұған қоса, адамның білімінің, тәжірибесінің, еңбегінің де байлыққа қол жеткізу үшін керекті себеп екенін ұмытпағанымыз жөн. Бірақ бай болу үшін адамның бұл қасиеттерге ие болуы жеткілікті емес. Өйткені, Алла Тағала дүниемұлікке ие болудың барлық себептері мен шарттарын орындалап, құндіз-түні зыр жүгірген адамға байлық бермеуі де мүмкін. Яғни, бұл тұста пешене, рызық мәселелерін де ескерген жөн.

Әрбір адам мол рызыққа, несібеге жету үшін қолынан келер бар іс-әрекетті жасауы тиіс. Сосын

Раббысының нәсіп еткен азды-көпті үлесіне разы болып, соған қанағат етуі ләзім.

Байлықты әрдайым Алланың құлдарына берген жақсылығы деп түсінбеуіміз қажет. Әсіленде, Оның құлдарына берген байлығы да, кедейлігі де – сынақ. Құран Қәрімде: «**Сендердің малдарың да, балашағаларың да сынақ ретінде берілді**¹¹²» делінеді. Байлыққа қол жеткізу – бақытқа кенелу деген сөз емес. Бай бола тұра, жан дүниесі байыз таппай бақытсыздықтан басы қатып, тіпті, өздеріне қол жұмсаған адамдар да аз емес. Қаншама байлар кедейдің бір күнгі алаңсыз бақытты өміріне зар, тіпті сол бақытты бір-ақ күн үшін барлық дүниесін бере салуға пейіл. Қара нан мен қара шайды қайғысыз ішкен қанағатшыл кедейдің қол жеткізген рахаты мен ләззатын дәулетті кісілердің көбі небір тәтті мен дәмдіні жесе де, қол жеткізе алмай жатады.

Бірақ, кедейлікті де бақытқа жетудің төте жолы деп түсініп қалмайық. Кедейліктің салдарынан басын тастантасқа ұрып, өмірден түнілген жандар да қаншама. Демек, байлық та, кедейлік те адамды бақытты ететін негізгі себептер емес. Себебі, адам тек асқазаннан ғана тұратын жаратылыс емес. Оның рухы, жүрегі, ішкі сезімдері, ар ожданы бар. Негізінде адам баласын басқа жаратылыстардан үstem ететін ерекшеліктері де адамның, міне, осы жақтары. Адам баласының осы ішкі рухани жан-дүниесі қанағаттандырылмайынша, бүкіл әлемді жалғыз өзі уысында ұстаса да, оның бақыты бәрібір баянсыз, құлкісі жалған.

Шынтуайтында, әр адам жағдайы өзінен жоғарыға емес, өзінен де нашар адамдарға қарап өз жағдайына қанағат етуі, шүкіршілік жасауды ғұмырының негізгі

¹¹² Тағабұн сүресі/15.

ұстанымы ете білсе, өмірден оყық жемейтіндігі ақиқат. Мысалы, кез-келген адам өзінен де жағдайы жақсы адамды өмірде кездестіреп шындық. Сонда әлгі адам өз басына жетерлік жағдайы болса да, ана адамға қарағанда өзінің кедейлеу болғанын ойлап, ішін әлдебір қызғаныш тырмалап, өз-өзін кедей санап, Құдайға назалануы мүмкін. Ал ана бай өзінен де бай басқа адамды көріп, ол да бәсекелестік пен қызғанышқа шырмалуы ықтимал. Алайда, өздерінен де төмен жағдайдағы адамдарға бір сәт көз тастап, өзіне берілген жақсылықтарға ой жүгіртсе, Құдайға мұн шағуды қойып, шүкіршілікке бет бұрап еді. Адам көбіне есепсіз Құдай Тағаланың берген тенденсі жоқ өз бойындағы байлықтан хабарсыз. Затип адам ешқашан үйдің тарлығын айтып шағымданбайды. «Янырай, «көз» деген, айналайын, басқа ешбір байлықпен өлшенбейтін Құдайдың берген керемет сыйы екен ғой, мен мұны неліктен ерте сезінбеді екенмін» деп Құдайдан жатса да, тұрса да басқа дүниені емес, тек көзінің айыгуын тілейді. Ашаршылыққа душар болған жұрт та «шіркін, бір үзім наң болса гой» деп аңсайды. Ол алтын мен күмісті яки жақсы машинаны емес, тек соны тілейді. Демек, кедейлік пен байлық адамның өз жүргегіндегі «қанағат» сандығында жатыр. Байлық та, кедейлік те өзгелерге қарап өлшенгендердікten, бұлардың бәрі салыстырмалы түрде болмақ. Пайғамбарымыз бір хадисінде: **«Өздеріңнен көп берілгендерге емес, аз берілгендерге қараңдар! Сонда гана Алла Тағаланың сендерге нақіл еткен нығметтердің қадір-қасиетін ұғынасыңдар»¹¹³** десе, басқа бір хадисінде: **«Нагыз**

¹¹³ Мұслим, Китабуз-зуһд. Бухари, әр-Риқақ. Бухаридегі риуаятта былай делинеді: «Сендерден де көп дүние берілгендер мен жаратылыстары сендерден де артық болғандарды көрген уақытта өздеріңнен де төмен болғандарға қараңдар!». Және қараңыз: Әбу Зәкария Мухиддин Иахия ӘнНәүәүий, НузнатулМуттакин, 1том, 353бет. МуәссисәтурРисәлә, Байрут 1991ж.

байлық мал-мұліктің көптігінде емес, жүректің, жан дүниенің кеңдігінде»¹¹⁴ деп шынайы байлықтың мән-манзызын дәлме-дәл ашып берген.

Иә, қанағат – түгесілмейтін қазына. Қанағатсыз адам қанша бай болса да, дүниеге тойымсыз келеді. Өйткені, ондай адамның ішкі дүниесі кедей. Ал қанағатшыл адам қара нан жесе де, дүниесі түгел. Себебі, оның жан дүниесі бай.

Ыбырай Алтынсариннің «Сақып» атты мына бір қысқа әңгімесі осы айтқанымызды дөп басып суреттегендей:

«Сақып деген бір жақсы кісі мал жинамай жүріп, ақырында әл кеткенде қатты кедейшілік тартып, бір күні етігі болмаған соң жалаңаяқ далада жүргенінде, аяқтарын тас жыртып ренжіңкірепті. Сөйтіп келе жастып, екі аяғы жоқ агаши балдақпен жүрген бір тіленишіге жсолықты. Мұны көріп, Сақып аň ұрып айтты дейді:

– *Әй, Құдайым, ренжігеніме тоба қылдым, шукір саган – менің журуге аяғымды аман сақтағаныңа; мынау балдақты бишарата жаңадан аяқ табылса, жалаңаяқ та болса жүруді дүниенің бір қызығы деп білер еді-ау деді,- дейді»¹¹⁵.*

«Алла Тағала барлық құлдарын неліктен бірдей бай етіп жаратпаған?» деу де орынсыз. Өйткені жалпы жаратылыстың өзі позитив және негативтік жүйеден құралған. Токтағы минус-плюс, бұлттардағы негатив-позитив ағымдары және қаттыжұмсак, суықыстық, қарангыжарық, әйел-ерек сияқты көптеген мысал келтіруге болады. Міне, осы керегар зандылықтар арқылы жалпы ғаламда тамаша үйлесімділік, керемет жүйе

¹¹⁴ Хадисті Имам Мұслим жеткізді.

¹¹⁵ Ыбырай Алтынсарин, Тандамалы шығармалары, 125-бет. «Ғылым» баспасы, 1994 ж.

сақталуда. Олай болса жалпы ғаламның негізгі бір бөлшегі саналатын адамзат та ғаламдағы осы керегар заңдылыққа бағынуы тиіс. Сөйтіп қоғамның біртұтастыры, өзара үйлесімділігі сақталады. Қоғамдағы әрбір тұлға басқа бір тұлғамен бірігіп селбескенде ғана өз қажеттіліктерін қамтамасыз етеді. Барлық адам басшы болып кетсе, кім кімге басшылық етіп, кім кімге жұмыс істемек? Міне, сондықтан қоғамда біреуі басшы болса, екінші бірі соған тәуелді жұмысшы, енді бірі дәрігер болса, басқа бірі ауырып ем қабылдайды. Бұлардың бәрі табиғи түрде Ұлы Жаратушының қойған белгілі заңдылықтарымен жүзеге асып жатады. Сондықтан бір адамның бай, екінші бір адамның кедей болуы – табиғи нәрсе болумен қатар, жалпы ғаламдағы Ұлы Жаратушының қойған керегар заңдылығының бір көрінісі.

Барша адам бірдей бай немесе кедей болсын деу – барлық адам бірдей басшы яки бәрі ер кісі немесе түгел әйел болсын дегенге саятын күлкілі жайт. Осы жобалас істі жасамақ болған кешегі коммунизмнің немен аяқталғаны бәрімізге белгілі.

Түптеп келгенде, Алла Тағаланың адамға байлықты беруі де, бермеуі де игі һәм қайырлы. Адам егер берілген малмұлік, дүниені жақсы жолда жұмсал, сол байлықты берген оның шынайы Иесіне үнемі шүкір етіп, кедей-кепшіктерге қол ұшын созып, ғұмырын ізгілікпен, қайырымдылықпен өрнектей білсе, онда байлық ол адам үшін әлбette қайырлы. Алайда байлықтың буына мастанып, оны берген Жаратқанды естен тарс шығарып, небір құнәға батып, айналасындағы кедей-кепшік, мұңмұқтаждарға мұрның шүйіре қарап, өзге байлармен бәсекелесіп, бақ таласқандар үшін байлық әрдайым қатерлі, әрі ақыреттік өмірін тамұқ ететіндіктен қайырсыз. Кедейлік те дәл осылай. Егер кедей адам қара нанның өзін

қадір тұтып, қара суды қанағат ететін иман нұрына шомған жан болса, кедейлік мұндай адам үшін қайырлы. Өзінің әлсіздігін түсініп, Ұлы Жаратушысына деген мұқтаждығын әр сәт естен шығармаға итермелейтін кедейшілікті қалай ғана қайырсыз дей аламыз? Оразада күні бойы ауызға нәр татпай, ауыз ашарда ішкен бір жұтым суды тұла бойымыз шымырлап, бар жан-тәнімізбен сезінеміз. Жоқшылық та Ұлы Жаратушының адамға берген сансыз нығметтерінің қадір-қасиетін түсіндіреді.

Иманды жан Ұлы Иесіне «неге кедейлік бердің?» деп шағым жасауы былай тұрсын, «маган байлық бергенінде, бәлкім, сол байлықтың буына мастанып, Сені естен шығарып, Саған деген мұқтаждығымды қазіргідей сезінбес не едім?» деп, кедейліктен сынаған Раббысына шүкір етеді. Кедейлікті әрдайым Раббысы тарапынан тарту етілген сансыз сауаптың қазынасы мен мәңгілік байлықтың қайнар көзі деп біледі. Себебі, кедейлігіне сабыр етіп, шүкір ете білген жан Раббысының ризашылығына бөленіп, ақыретте мәңгілік бақытқа кенеледі.

Ал, керісінше, жүргегі иманмен нұрланбаған жандар үшін кедейлік те қайырсыз. Күн сайын байлардың байлығына қызыға қарап, өзі ондай мал-мұлікке ие болмағандықтан, ішін қызғаныш өрті шалып, үнемі өзгелердің ақшасын сырттай санап әуре болады. Мұндай жандар уақыт өте келе Раббысына қарсы шығып, күпірліктің тас түнегінен бір-ак шығады. Сөйтіп, кедейлік сыйнынан сүріне құлап, ақыретін де ойран етеді.

Міне, Ұлы Жаратушының байлығы да кедейлігі де адамдар үшін сын-сынақ. Байлықты да, кедейлікті де жақсы, жаман дей алмаймыз. Өйткені, бұлардың қайырлы яки қайырсыз болуы адамның өзіне байланысты.

Иә, мына қысқа дүниеде бір айлық жалақы алу үшін күні бойы барымызды салып жұмыс істейміз. Ендеше, ана дүниеде мәңгілік бақытқа, көз көріп, құлақ естімеген, ойша елестете алмаған Раббыныздың ғажайып сыйына қауышу үшін мына дүниеде кездескен кейбір қиыншылықтар мен кедейшілікті ауырсынып, өкпе артуымыз былай тұрсын, ризашылықпен күле қарсы алуымыз керек емес пе? Бұл дүниедегі уақытша кедейліктің есесіне ақыретте мәңгілік бақытқа қауышуға кім разы болmas?

Мәселенің екінші жағы – кедейлер ғұмыр кешкен қоғамға байланысты болмақ. Егер сол қоғамда өмір сүретін әрбір дәүлетті адам тек өзінің кара басын ғана ойламай, Құранның: «**Тақуда жандар – Алла Тағаланың өздеріне берген нәсібесінен (кедейлерге, қажетті жерлерге) жұмсайды, (игілік жолында сарп етеді)**»¹¹⁶, «**Олардың байлықтарында кедейлердің белгілі мөлшерде үлесі бар**»¹¹⁷ секілді аяттары мен Пайғамбарымыздың (с.а.у.): «**Жанындағы көршісі аи екенін біле тұра өзі тоқ ұйықтаған адам толық иман еткен болмайды**»¹¹⁸ секілді хадистерін әрдайым жадында сактап, байлықтарының қырықтан бірін зекет етіп мұқтаждарға берер болса, мұндай қоғамда кедейліктен түніліп, үміті үзілген пенде қалмас еді.

Бұған қоса, кедейлердің де оқып-білуіне, жұмыс істеп, тұрмыстарын жаксартуларына мүмкіншілік жасап, жол ашу әрі олардың мұддесін қорғау – сол қоғамның басшыларының міндеті. Ақыретте олар да қарамағындағы адамдар үшін жауапқа тартылары сөзсіз.

¹¹⁶ Бакара сүресі, 3-аят.

¹¹⁷ Магариж сүресі, 24,25-аят.

¹¹⁸ Хадис Ибн Аббастан риуаят етілді.

Иә, мұсылман қоғамында «мен ғана жейін, өзім ғана қызығын көрейін» секілді өзімшілдік түсініктер емес, өзара көмектесу мен мейірімділік, адамгершілік, шыдамдылық қағидалары үстемдік етеді. Мұндай қоғамда дәuletке кенелген жандардың жүргегінде әрдайым мейірімділік самалы ессе, кедейлердегі қызғаныш сезімі өз орнын «бәрекелді, байлығың тасығыр» деген игі тілектер мен шынайы лебіздермен айырбастайды.



©

*Алла Тагала біздің гибадатымызға зәру ме?
Неліктен біздің гибадат етуімізді талап етін,
орында магандарды азаптайтынын ескертуде?*

Ұлы Жаратушымыз біздің құлшылығымызға да, тіпті жаратылыстағы еш нәрсеге де мұқтаж емес. Керісінше, барлық жаратылыс атаулы Оған мұқтаж. Ол – «Самад», яғни ешкімге мұқтаж емес, керісінше, барлық нәрсе Оның жәрдеміне, мейірімі мен шарапатына, түгесілмейтін қазынасына мұқтаж.

Адамзатты жоқтан жаратып, жерді оған құтты мекен, көкті жымындаған жұлдыздармен безендіріп, бейнебір өрнектелген күмбездей төбесіне көтеріп, алып Құнгे жылуы мен жарығын толассыз тәkkізкен Ұлы Жаратушының өзі жаратқан әлжуаз адамның құлшылығына қандай мұқтаждығы болсын?! Өсімдік әлеміне, саналуан жемісжидегін шашу етіп шашқызып, құллі жанжануарды қызметіне жүгіртіп, алдына салып берген Ұлы Құдіреттің өзі жаратқан әлсіз адамзаттың ғибадатына нендей мұқтаждығы болуы мүмкін?!

Іә, біздің болар-болмас құлшылығымыз арқылы құллі болмыс әлемін басқарып тұрған құдіретті Ұлы Иеміздің даңқы мен теңдессіз ұлылығына нендей даңқ қосылмақ?! Немесе біз ғибадат жасамасақ, оның шексіз ұлылығына қандай нұқсан келіп, таңғажайып салтанатты патшалығынан не кеміп қалмақ? Біз ғибадат жасасақ та, жасамасақ та Ол задында даңқты, барлық мадақ-мақтауларға нағыз лайық, құллі ұлылықтың шынайы иесі емес пе?!

Ғибадат – Ұлы Шебердің мына ғаламдағы жаратылыш туындысына қарап, ондағы нақышталған құдіретінің, шеберлігінің, білімінің алдында таң қалып, бас шайқап, қайран қалудың нәтижесі, тіпті нағыз өзі болмақ.

Құлшылықтың түп мәні – Ұлы Алланың тегін берген сансыз ырыс-берекесі мен есеп-қисапсыз төккен жақсылығына құлдың мадақ айтып, Оны ұлықтап, зікір етуі арқылы алғыс, рақметін білдіруінде. Ал енді адамның Ұлы Иесіне осылай алғысын білдіруіне, адамдығына сай борышын өтеуіне, Оның алдында қарыздар екендігін мойындауына Ұлы Жаратушыны мұқтаж деу акылға сияқояр ма?!

Ғибадат – адамның жүгі зіл-батпан мына дүниедегі барлық мұқтаждығы мен қыжалат-керегін Ұлы Жаратушысына білдіруі, Оның алдында қолын жайып мінәкат етуі. Осы ісі арқылы адам баласының жүргегі жай тауып, шексіз рахатқа қауышады. Бойындағы ауыр жүк жеңілдейды. Ал бұған Алла емес, адамның мұқтаж екені айтпаса да түсінікті.

Ғибадат – адамның кемелденуіне, еш нәрсеге қанағаттанбаган рухы мен жүргегінің жай тауып, шексіз рахатқа қауышуына, денінің саулығына, саналуан сезімдерінің жетілуіне, мінез-құлқының толысып көркеюіне ықпал етеді.

Һәм ғибадат – «адаларам» деп ажыратпай, «жақсыжаман» деп талғамай әр нәрсені татқысы келетін тоғымсыз асаяу нәпсісінің тізгінделіп, тәрбиеленуіне, қоғамда тыныштықтың орнауына, зуылдан өтіп жатқан уақыттымыздың реттелінуіне, күнделікті ісіміздің жүйеленуіне ықпал жасайды. Ал мұның бәрі Алла Тағала үшін емес, біз үшін қажет.

Әрі ғибадатымыз арқылы уақытша, пәни әрі саналуан қыншылықтарға толы мына дүниенің орнына ана

дүниеде мәңгілік рахатқа, шексіз бақытқа қол жеткіземіз. Сөзсіз, мұндай мәңгілік бақытқа Алла Тағала емес, біз зәруміз.

Алла Тағаланың мына дүниеде қойған белгілі заңдары мен шарттары бар. Осы заңдармен жұрудің пайдасы яки оны орындаудың зияны тек бізге, яғни пенделерге тән. Мысалы, бау-бақшадан өнімді жеміс, егістіктен берекелі егін алу үшін оны жақсылап сұфару, тұбін қосыту, тұптеу, зиянды жәндіктерден қорғау үшін дәрідәрмек шашу сияқты белгілі заңдылықтарды орындауымыз керек. Иә, бұл шарттарды орындаудың пайдасы да, жалқауланып жатудың зияны да сол бау-бақшаның иесіне тән. Міне, осы тәрізді Ұлы Жаратушы біздің о дүниеде мәңгілік бақытқа қол жеткізуіміз үшін, жәннатқа лайық болуымыз үшін Өзінің бұйрықтары мен тыйымдарын қамтыған заң-қағидаларын, белгілі шарттарын қойған. Бұл бұйрықтарға құлақ асып, мойынсұнудың пайдасы мен сый-сыяпatty адамға тимей қоймайтыны секілді, қарсы шығып, күнәға батудың да жазасы сол адамға тиеді. Бұл заңдарды бекіткен Ұлы Жаратушыға ешбір зиян да, пайда да келмек емес.

Иә, парыз етілген намазды оқудың сауабы мен оқымаудың жазасы адамға тиесілі. Адам баласы Хақ Тағаланың құзырында күніне бір сағат намаз окуымен яки Оның берген мал-мұлкінің қырық та бірін зекет етіп мұқтаждарға таратуымен немесе Рамазан айында бір ай аш жүруі арқылы еш нәрсеге мұқтаж болмаған Алла Тағалаға нендей жәрдем беріп, Оның қандай қажетін өтей алмақ?

Адамға алма берген ағашқа қарап «Бізге күні түскендіктен берді» дей алmasымыз анық. Ал енді адамға қызмет етіп тұрган барлық өсімдік әлемін, жалпы жанжануарды, құллі ғаламды жаратқан Ұлы Құдіретке қалайша «Мұның берін біздің гибадатымызға мұқтаж

болғандықтан жаратты» дей алмақпыш?!

Мейірімді дәрігер ауру жандарға жаны ашып, көмек көрсетпек ниетпен тегін емдесе, ауру адамдар: «*Бұл дәрігер бізді емдеуге зәру*» дей ала ма?! Немесе, мейірімді дәрігер сол ауру адамның ауруларына шипа болар әр түрлі дәрілерді «*iish*» деп бұйырса, әлгі ауру жан: «*Бұл дәрігер маган бұл дәрілерді ішкізуге зәру-ау, шамасы*» демесі анық. Міне, тұра осы сияқты Алла Тағала біздің екі дүниеде де бақытты болуымыз үшін, рухани дертіміздің дауасы ретінде намаз, ораза, зекет сияқты ғибадаттарды біздерге парыз еткен.

Сөз түйіні, Алла Тағала «*Самад*», «*Fани*» яғни, ешбір нәрсеге мұқтаж емес, керісінше өте бай. Құллі жаратылыс атаулы Оған мұқтаж. Сұрактың жауабын осы жерде нүктелеп, мына бір тұсты баса айта кетуді жөн көріп отырымыз.

Егер Ұлы Жаратушымыз адам баласына ғибадат жасауды парыз етпеді деп санаған күннің өзінде біздер Оның ұлылығы мен шексіз құдіретінің, тендессіз шеберлігі мен ұлықтығының алдында таң қалып, өз еркімізben бас ііп, Оның жалғыз Құдайлалығын (улуниәтын) мойындарап жан тәнімізben ұлықтауға, сан түрлі мақтау айтып ғибадат жасауға тиіс болар едік. Адамды жоқтан жаратып, һәм оған өзге жаратылыстардан үстем етіп ақыл-ой, сана-сезім сыйлаған, сан алуан жақсылығы мен рызық-несібесін толассыз төгіп, айналасындағы құллі жаратылысты қызметіне жүгірткен Ұлы Иесіне адам баласының өз еркімен алғыс-шүкірін білдіруі, Оның алдындағы қарыздар екенін мойындарап тағзым етуі оның ұмытылмас міндегі әрі адамдық қасиетінің асыл талабы болса кепек.

*Намаз, азан сияқты гибадаттар неге
тек қана араб тілінде орындалады?
Әр ұлт өз тілінде орындаса болмай ма?*

Намазда мұсылмандардың Құран Кәрімнен сүрелер оқуға міндеттілігі бәрімізге белгілі. Мұсылмандардың өз тілдеріне, жергілікті жеріне қарамастан сонау Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбар заманынан бұлжымай, заңдақтан бұл қағида келешекте де дәл осылай жалғаса берे ме?

Ең алғашында кез-келген адам үшін ана тілінде құлышылығын орындау – әрі женіл, әрі орынды көрінері рас. Алайда, мәселені егжей-тегжейлі қарастыrap болсак, кең көлемді түсінікке қол жеткізіріміз анық.

Ең алдымен тілек-дүға мен намаздың ара жігін ажыратып алған жөн. Намаздан тыс жасалатын тілектер мен дұғаларда мұсылман кісіге ішкі тілегі мен мұң-мұқтажын қай тілде айтып жеткізем десе де, бұған тыйым салынбаған.

Өйткені, бұл Жаратушы мен құл арасындағы жеке мәселеге қатысты. Ал намаз болса, ол жалпыға, жамағатқа тән құлышылық болғандықтан, намазға қосылатын басқа да мұсылмандардың қажет тілектерімен санасу керек. Негізінен намаз жамағатпен оқылуға тиіс. Бірақ жалғыз оқуға да рұқсат етілген.

Егер Ислам діні қандай да бір белгілі аймақтың яки белгілі бір ұлттың діні болса, онда ешқандай күмәнсіз сол аймақтағы сол ұлттың ғана тілі қолданылар еді. Алайда, төрткүл дүниеге тараған, бір-бірін түсінбейтін қаншама ұлт өкілдеріне ортақ діннің өзіндік ерекшеліктері мен қасиеттері болатыны сезсіз.

Айталық, қытайша білмейтін қазақ Қытайға барса, көшеден шыққан қытай тіліндегі дауыстарды естісе де оны түсіне алмайды. Жергілікті тілде оқылған азанды да түсінбегендігінен, әлгі мүмін-қазақ намазын қазаға ұшыратып алуы мүмкін. (Қытайдағы мешіттер мұнараларымен ерекшеленбейді). Сондай-ақ, Қазақстанға келген басқа ұлттар да мұсылмандардың өз тілінде орындан жатқан ғибадаттарынан ештеңе ұқпасы анық. Олай болса, мұндай жалпы әлемдік діннің өзіндік ортақ жақтары, ортақ тұстары болуы заңды. Бұл тұста азан мен қырағаттың орны ерекше екені кімге де болса мәлім.

Бұндай жайттарды құнделікті өмірде де кездестіруге болады. Айталық, Біріккен Ұлттар Ұйымында да әрбір мүше мемлекет өзара белгіленген ортақ тілде ғана сөйлеседі. Ондайда әрбір мемлекеттің жеке бас пайдасы көзделмейді.

Мәселенің тағы бір жағы, Құранның қандай да бір аудармасының ешқашан да түпнұсқаны толық қамти алмайтындығында¹¹⁹. Құран аяттарының әрбір сөзінің бірнеше мағынасы бар. Аудармада тек біреуі ғана беріледі. Тіпті кейде аятта қолданылған әрбір әріптің де өзіндік бірнеше мағынасы болады. Аудармада осы әріптердің өзіндік мағынасы мұлдем ескерілмей қалуы мүмкін. Яки біреуі ғана ескеріледі. Құранда белгілі бір мағынаны білдіретін бірнеше синоним сөздердің ішінен сөздің дыбысталу жағынан да, мағынаны қамту жағынан да ең қолайлысы таңдалған. Сондықтан, кейбір сөздің «сөздік мағынасынан» тыс дыбысталуының өзі баяндалайын деп тұрган жағдайды білдіріп жатады. Ал мұны аудармада беру мұлдем мүмкін емес.

Ен бастысы, Құран сөздері оқыған адамды еш уақытта жалықтырмайды. Ал кез келген аударманы бірнеше рет

¹¹⁹ Мустафа Зарка, Фәтәева, 106-бет. «Дарул-қалам» баспасы, Димашқ. 2001 ж.

оқыған адамның жалығары сөзсіз. Ал Құран сүрелерін оқығанда адам түсінбесе де ерекше рухани ләzzат алады. Өйткені, Алла Тағала Құран сөздеріне осындағы ерекшелік берген. Міне, сондықтан «*Фатиха*» сүресін күнделікті әр намазымыздың барлық рәкаттарында оқысақ та, жалықпаймыз. Бұған қоса, Құранның өзіне ғана тән әуені мен әуезі оқыған адамның ішкі дүниесіне ерекше әсер етуі тағы бар.

Оқылған Құранның әрбір сөзіне, тіпті әрбір әрпіне сарап жазылатындығы көптеген хадистерде білдірілген. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «**Кімде-кім Алланың кітабынан (Құраннынан) бір әріп оқитын болса, оған бір жақсылық жазылады.** Ал әрбір жақсылық он еселенеді. Мен Әлиф, Ләм, Мимді (бәрін қосып) бір әріп демеймін, Әлиф – жеке бір әріп, Ләм – жеке бір әріп, Мим – жеке бір әріп. (әрқайсысына жеке-жеке сарап жазылады)¹²⁰»¹²⁰-деген.

Ал кез-келген аударма Құранның дәл өзі болмағандықтан, оның әрбір әрпіне сарап жазылу ерекшелігі де жоғалады.

Тағы бір баса айта кететін жайт, ол – намазда қолданылатын сөздердің көп емес, аз екендігі. Алдымен азан мен қамат, артынша «*Аллаңу әкбар*», «*Субханака раббиял-ъазим*», «*Субхана раббиял-аъләә*» секілді қысқа қайырымдармен қоса «*Фатиха*» сүресі мен бірекі қосынша шағын сүрелер. Барлығын қосса бір беттен де аспайды. Бұлардағы сөздердің көбі мағыналары оңай жатталатын, мұсылмандардың көбіне ортақ қолданатын сөздері. Намазға жаңа жығылған жас бала да бұлардың мағыналарын бір үйреніп алса, өмірі ұмытпасы анық.

Бұл дүниелік болмашы тірліктер үшін үлкен-үлкен сөздіктер жаттап, шет тілін үйренетіндер мәңгілік ғұмыр

¹²⁰ Әт-Тирмизи

үшін Алла Тағаланың сөздерінен бір бетті жаттай алмаса, онда: «Гибадат-құлшылықтарымызға Алла Тағала емес, керісінше біз зәруміз» деген шүбәсіз шындықты әркез есте ұстаған абзал¹²¹.



¹²¹ М.Хамидуллан. Құран Кәрім тарихы.

*«Ең бастысы, жүргегім таза, ешкімге
қиянатым жоқ» деп намаз оқуга салғырт
қарайтындарга не деуге болады?*

Бұл құлшылықтың түп мәнін жетік түсінбеуден туындаиды. Намаз – тек күнәшарлар мен молдаларға ғана жүктелген жеке міндеп емес, әрбір адамның мойнына жүктелген асыл парызы. Құранда Алла Тағала: «Мен адамдар мен жындарды (мені танып), маған ғана ғибадат етсін деп жараттым» дейді. Сондықтан құлшылық – адамзат жаратылысының негізгі мақсаты. Ал ғибадат-құлшылықтың ең ұлсы – намаз. Жүргегі таза, көңілі пәк адамдар, керісінше, намазды көбірек оқулары тиіс. Құлдың намаз окуы – күнәсінің көптігі емес, керісінше, оның Құдайға бір қадам жақын екендігінің белгісі. Құранда бірнеше жерде тақуа жандардың белгісі ретінде «Тақуа жандар намаздарын толық орындаиды»¹²² -делінсе, басқа бір аятта шынайы намаздың адамды жаманшылықтан тыятындығын: «Шынайы намаз адамды арсыздық пен жаманшылық атаулыдан тыяды»¹²³ - деп білдірген.

Егер намазды тек қана жүргегі кір, көңілі пендешілікке толы қиянатышыл пенделер ғана оқитын болса, онда күнә атаулыдан пәк пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) әрі Оның артынан ерген қашшама ғұламалар мен тақуа жандар неліктен өле-өлгенше бес уақыт намаздарын қалт жіберместен оқыған. Егер жүргегінің тазалығы үшін намаз оқымауға рұқсат етілген бір ғана жан болар болса, ол адам

¹²² Бакара сұресі, 3-аят,

¹²³ Анкабут сұресі, 45-аят.

– сөзсіз Алла елшісі Мұхаммед (с.а.у.) болар еді. Алайда Ол (с.а.у.), керісінше, күллі адамзаттан артық намаз оқып, құлшылық жасайтын.

Иә, Алла елшісі (с.а.у.) бес уақыт парыз намазды былай қойғанда, тұн жарымда тұрып «*тәңәжжұд*» намазын егіле жылап, аяқтары талып, ісігенше оқитын. «*Уа, Расулаллаң, өзіңді неге мұнша қинайсың? Алла Тагала сенің барша құнәларыңды кешірді емес не?*» – деген Айша анамыздың сұрағына: «*Аллага шүкір ететін құл болмаймын ба?*» – деп, намазды тек құнәшар адамдардың оқымайтындығын білдірген.

Жүргім таза, көңілім пәк, намазды басқа жандар оқысын деудің астарында, айтушының терең бейғамдығы жатыр. Олай дейтініміз, адамның Ұлы Иесі алдындағы борышынан алаңсыз болуы – бейғамдық емей немене? Жүргім таза, көңілім пәк деу – құнәсізбен деген сөзге саяды. Ал өзін құнәсізбін деген адам, осы сөзімен-ақ құнәшардың нағыз өзі болмақ. Өйткені, қунә істеу – пайғамбарлардан тыс барша адамзатқа тән. Құнәсінің бар екенін білмеген адам – құнәсін мойындаған адамнан әлдекайда төмен тұрады. Құнәсінен бейхабар адам құнәсі мен қатесін, кемшіліктерін түзеуді мүлде ойламақ емес. Себебі, оның пайымдауынша, ол – құнәсіз, қатесі жоқ адам. Ал мұндай күйдегі адам жалған дүниеде өзін қанша ақтағанымен, о дүниеге таудай-таудай құнәларын қоса ала кетпек. Сол жерде ғана өзінің кінәсін мойындал, тәубе қылмақ. Бірақ ол кезде өкініш пен «*эттеген-ай*» атаулыдан иненің жасуындей да қайыр болмасы белгілі.

Иә, ғаламды жоқтан жаратып, оны ғажайып жүйемен, тендессіз тәртіппен реттеп, үлкен-кішілі, жанды-жансыз барлық жаратылысты әлсіз адамның ыңғайына жығып, қызметіне бағындырып қойған Ұлы Иемізге шүкір етіп, алғысымызды білдіріп, ұлылығының,

құдіретінің, шексіздігінің, кемелдігінің, қысқасы, жалпы Құдайлығының алдында бас ііп, адамдық борышымызды, құлдық міндеттімізді атқару үшін міндетті түрде күнәһар құл, жүргегін кір шалған пенде болуымыз шарт емес.

Өзінің Ұлы Иесінің алдындағы әлсіздігі мен мұқтаждығын мойындаған пендеден асқан күнәһар пенде бар ма бұл жалғанда?! Біздер көбіне бұйрықтың, шақырудың қайдан, кімнен келгеніне аса мән бере бермейміз. Егер патша елші жіберіп бір адамды шақыртса, әлгі пенденің құстай ұшып патшаның алдынан табылары сөзсіз. Сол секілді патшалардың патшасы – Ұлы Жаратушы иеміз Өзінің талаптары мен бұйрықтарын білдіретін Құран атты пәрменін Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбардың қолына ұстасып, оны жер бетіне елші етіп жіберген. Міне, сол «*Құран*» атты кітаптың сексен жеті жеріндегі құлдарына бес уақыт намазды тікелей бұйрырып, ғибадатқа шақырған. Ал енді жердегі пәни патшаның шақыруына бей-жей қалмайтын пенденің Ұлы Иесінің осы бір «ұлы шақыруына» салғырт қарап, бұйрықтарын елеместен бей-жай жүре беруі немесе «*жүргегім таза, ешкімге жаманышылым жоқ*» деп өзін алдап бұлғақтауы дұрыс па?

Ендеше, «*жүргегім таза, ешкімге зияным жоқ, маган намаз оқып не керек*» деген тәрізді сөздердің астарында Құдайдың қасиетті Құранын, сол кітаптағы Ұлы Иесінің талабын жетік ұғынбау жатқан секілді. Бұл намаздың мәнін, мағынасын түсінбеуден туындаған салмақсыз, әшейін айтылған сылтау болса керек.

Көп адамдардың он екі мүшесі сау болғанмен кейбіреулердің мүгедек, кемтар болып туылатындығы яки кейіннен түрлі себептермен мүгедектікке ұшырап жататын жайттары өмірде көп-ақ. Кей адам бұл өмірден еш қиналыс көрмей рахатқа батып өтеді де, кей жандар өмір бойы тауқымет тартып, қынышылықтан коз ашпай өтеді. Мұны Ұлы Жаратқанның әділдігі тұргысынан қалай түсінуге болады?

«Таршылық адамды шынықтырады,
Барышылық адамгершілікті ұмыттырады»
Нақыл сөз

Біріншіден, Алла Тағала – бәріміздің Ұлы Иеміз. Терен үңілер болсақ, біз денеміздегі ешбір мүшемізді өзіміз жаратпадық, еш жерден сатып та алмадық. Бұлардың бәрі бізге Ұлы Шебер тарапынан тегін берілді. Сондықтан, біз – Ұлы Жаратқанның басыбайлы мүлкіміз. Ендеше, Ұлы Иеміздің өз мүлкімен нендей қатынас жасауы Өз қалауында. Ауыртады, кейін «Шафи» есімімен көмектесіп шипа береді. Құлын ашықтырады да, кейін Өзінің тендерессіз «Раззак» екендігін, яғни рызық беруші екендігін сездіртеді.

Екіншіден, Ұлы Жаратушымыз өте әділетті. Ол еш-бір құлына титтей де қиянат жасамайды. Әділдік дегеніміз не? Әділдік деп негізінен жүктің қоржынның екі жағына тен артылуына айтылады. Яғни, берілген нәрсеге қарай қарымының қайтарылуына әділдік

делінеді. Берілген нәрсенің қарымы кем болса, «қалғаны қайда?» деп жетпегенін сұрауға қақымыз бар. Бірақ тегін берілген нәрсеге аз бердің яки көп бердің деп реніш білдіруге, «әділдік қайда?» деп аттан салуға ақымыз жоқ. Мысалы, бай адам бір ауылға барып тегін көмір, ұн таратып, екінші бір ауылға барып тек қана ұн таратса, сонда еншілеріне тек қана ұн тиғен екінші ауыл әлгі адамға рақмет айтудың орнына «*бізге ұн гана бергенің не? барып тұрган әділетсізсің*» дей ала ма? Әрине, жоқ. Себебі, тегін берілген нәрсеге «аз» яки «көп» деп шағым жасау әділетсіздіктің нақ өзі болмақ.

Керек десеніз, Жаратқанның тегін берген әрбір мүшеміздің қайтарымына біз не бердік? Бір ғана мүшениң қарымын төлеңдер десе өтей алар ма едік? Ұлы Жаратуышыны әділетсізге балап, «*екінши көзімді бер*» деп қатаң талап ететіндей біз Оған не беріп едік?

Әрине, егер тілек тілеген сэтте шағымдану емес, Оған деген мұқтаждығымызды сезініп, құдіретіне бас иіп сұрасақ, ол басқа мәселе.

Үшіншіден, өмірде кездесетін әр түрлі қыншылықтар, айықпас дертке шалдығу, бір мүшениң кем болуының адам үшін дүниелік кішігірім зияны болғанымен, оның рухани өмірімізге ақыреттік пайдалары өте көп. Жанын құтқару үшін гангрен (ірінде, шіріген) болған саусағының кесілуіне ешкімнің қарсы шықпасы анық. Яғни кішігірім зиян үшін үлкен пайдаларға ешкім тоскауыл болмайды. Оттың өртке себеп болуын желеу етіп оттың бар пайда сын жоққа шығарып, жалпы от атаулыны «жаман» дей алмаймыз ғой. Міне, дүниеде құлдың басына келетін әр түрлі қыншылықтар мен аурулардың да дүниелік зияны болғанымен оның ақыреттік пайdasы өте зор. Адамның рухы өмірдегі қыншылықтар арқылы таза-

рып, кемелдікке қарай қанат қағады. Әр түрлі ауруларға, қыншылықтарға тап болған адам үнемі өзінің әлсіздігін әрі Раббысына деген мұқтаждығын сезінеді. Әрдайым Оны ойлап, Оған қол жайып медет тілейді. Раббысымен үнемі байланыста болып, Жаратушысына қарай жақындаған сайын жақындаған дәрежесі артады. Өмірдің пәннилігін түсініп ақыретке, мәңгілік өмірге ынтық келеді. Себебі, жағдайы жақсы, өмірі қыындық көрмеген жандар көбіне Раббысына деген мұқтаждығын, өзінің әлсіздігін ескермей, ұмыт қалдырады. Дүниені, бойындағы күш-куатты, жастықты мәңгілік деп есептегендіктен, мына дүниені өлердей жақсы көріп, ақыретті естен шығараады. Құлшылық міндетіне салғырт қарап, күнәсіне бейғам келеді. Міне, басқа түскен қыншылықтар мен әр түрлі аурулар адамды осындағы ақыретке деген бейғамдықтан сақтап, күнәға қарсы сергектігін оятады.

Аурулар мен қыншылықтар сабыр етіп, ақыретте Раббысының беретін сый-сияптын ойлаған жанның күнәларына кәффарат¹²⁴ болады.

Хадисте: «*Алла Тағала мұсылманың душар болған ауру, шаршау, дерт, қайғы тіпті уайымдаған уайымы арқылы кейбір кінәларын кешіреді*»¹²⁵ дедінеді.

Бұған қоса, душар болған аурулары мен өмірде кездесер түрлі қыншылықтарға сабыр ете білген адамның бір сағаттық ғибадаты, бәлкім, өзгелердің бір күндік ғибадатына, тіпті бір минуты бір күндігіне тең болады. Осылайша қысқа ғана өмірдің берекесі тасып, ғұмыры ұзара түседі. Бәлкім, сабыр ету арқылы өзге жандардың түні бойы намаз оқып ала алмаған сауабына кенеледі.

Алла Тағала күдсі хадисте: «*Мен кімнің (мына дүниеде) екі көзін соқыр етіп сынасам және құлым бұған*

¹²⁴ Күнәлардың кешірілуі.

¹²⁵ Бухари, Марда/1, Муслим, Бирр/52.

сабыр етсе, ол құлымға екі көзінің орнына ақыретте Жәннатты беремін»¹²⁶ дейді.

Бұл дүниедегі басына түскен қыншылықтар мен душар болған ауруларға сабыр еткен адамның ақыреттегі сауабын көрген өзге жандар «біз де дүниеде сан түрлі қыншылыққа душар болып, бүгін мынандай мәңгілік сауапқа кенелгенімізде гой» деп қызыға қарайды.

Пайғамбарымыз бір хадисінде: «Мұсылманның іci (өмірі) мені қатты қайран қалдырауды. Оның әрбір іci ол үшін қайырлы әрі жақсылық. Бұл тек мұсылманга ғана тән. Ол бір қуанышқа тап болса, шүкір етеді, (сауапқа кенеледі) сөйтіп, оған бұл қуаныш жақсылық болып жазылады. Ал егер басына бір қыншылық түссе, сабыр етеді де, (сауапқа кенеледі) сөйтіп, оған қыншылық та жақсылық болып жазылады»¹²⁷ деп, қыншылықтарға сабыр ету арқылы мол сауапқа кенелетінімізді білдірген. Дене мүшелеріне зиян келген, әр түрлі ауруларға шалдыққан адамдар әрбір мүшенің, денсаулықтың қадірін жақсы түсінгендей, дене мүшесі сау өзгелерден гөрі Раббыларына көбірек шүкір етеді. Әрбір мүшесінің бағамен өлшенбейтіндей құнды сый екенін өзгелерге де ұқтырғаны үшін сансыз сауапқа кенеледі. Оларды көрген өзге жандар да тәубелеріне келіп, Раббыларына шүкір етеді. Сөйтіп, басқалардың да Раббыларына бет бүруларына, Оның берген нығметтерінің қадірін түсінуіне себеп болғандықтан, «Бір іске себепкер – сол істі істегенмен бірдей» демекші, ақыретте күтпеген жерден сансыз сауапқа белшеден батады.

Іә, Алла Тағаланың құлдарына берген уайым-қайғы, ауру-сырқау, әр түрлі қыншылықтар – өткен өмірлеріндегі

¹²⁶ Тирмизи. Бухари, Марда/7.

¹²⁷ Әбу Зәкария Мухиддин Иахия ӘнНәуәүий, музнатулМуттақин, 1 том, 49бет. МуәссисатурРисәлә, Байрут 1991ж. (Муслимнен).

күнәларына кешірім, қазіргі өмірлері үшін сарап, келешек
ғұмырына ғибратты дәріс әрі ескерту. Міне, құл осыны
түсінсе, өмірге деген көзқарасы әп-сәтте өзгеріп, ойындағы
қалың қайғыдан, бойындағы ауыр сезімнен арылады.



*Алла Тағалага сенбеген, бірақ жүртқа
жасақсылық жасап өткен адам жәннәтқа кіре
ме?*

Барша діндердегі құқықтар мен қазіргі таңдағы қолданатын зандар бойынша, барлық адамдар заң алдында бірдей, сот құзырында тең дәрежеде қаралады. Ешбір адам өзінің бойындағы ерекшеліктері мен кейбір қасиеттерін алға тартып, жалпыға арналған заң ережелерінен тысқары қала алмайды. Қазақтың мәдениетін әлемге танытуда еңбегі сіңген яки белгілі бір спорт саласында әлемдік деңгейде үлкен дәрежеге жеткен белгілі тұлға мен ондай дәрежеге жете алмаған өзге жандар заң алдында пары-пар. Мысалы, Олимпиядада бірінші орын алғып, Қазақстанның көк байрағын әлем алдында желбіретіп, елдің мереін үстем еткен спорт шебері кісі өлтіріп, «*Мені түрмеге жаба алмайсыңдар*», - деп, сот алдында өзін жалпыға арналған заңдан тыс ұстай алмайды. Егер әрбір адам қоғамға істеген ігі істерін сылтауратып, мемлекеттен тек өзіне арналған жеке заң талап ететін болса, қоғамда заң деген түсініктің де мәні қалмас еді.

Енді негізгі сұрақтың жауабына оралайық. Мысалы, Эдисон сияқты электр энергиясын тауып, халыққа пайдалы тиғен жандардың ақыретте жағдайы қалай болмақ?

Егер Эдисон бұл иғі ісін Алланың ризалығы үшін істеген болса, Алла Тағала ақыретте ниетіне қарай сауабын береді. Ал егер бұл иғі ісімен ел алдында атак-абыройға кенелуді, тарихта атының қалуын көздеген болса және бойындағы ерекше зеректік пен таланттын Алла Тағала емес, табиғат берді десе, Алла Тағала оған сұраған атак-

абыройын мына дүниеде береді. Ал жұмақтағы көз көріп, құлақ естімеген, ақыл ойлап елестете алмаған ғажайып сый-сияпты өздері мына дүниеде иман келтірмеген Алла Тағаладан емес табиғаттан сұрасын. Мына дүниеде Алла Тағаланы мойында майарғы дүниеде Жаратушыдан сый-сияпта күту ақылға сыйымсыз болса керек.

Жәннаттағы сый-сияп – иман етіп, ізгі іс істеген адамдарға ғана арналған. Иман еткен жандар мен иманға келмеген пенделерді тең дәрежеде бағалап, бәріне бірдей жәннатты беру – әділетсіздік. Себебі, нағыз әділеттілік – иманды жанға иманының, салиқалы амалдарының қарымы ретінде жәннатты беру, ал иманнан бас тартып, құпірлікті таңдаған адамға да жазасын беру.

Мына пәни дүниенің өзінде кез-келген мемлекет өзінің зандарына бағынғандарды мемлекеттік жалпы мүмкіншіліктерден пайдалануға жағдай жасап, құқығын қорғауда. Ал мемлекет зандарына қарсы іс-әрекет еткен адамдарды бірнеше жылға немесе қылмысының үлкендігіне қарай мәнгілік абақтыға жабуда. Қазіргі таңдағы бұл занға ешкім қарсы шығып, әділетсіздікке ба-лап, қаралай алмайды. Ендеше, Ұлы Жаратушының ұлы зандарын адамдардың шығарған зандарынан төмен санап, әділетсіздікке тенеу ақылды адамның ісі болмаса керек.

Олай болса, Ұлы Патшаның да мына «*дүние*» деген мемлекетінде қойған өзіндік ереже-қағида, зандары бар. Ол – Өзіне иман етіп, бұйырған бұйрықтарын орындаپ, тыйған тыйымдарынан тыйылған құлдарын жәннаттық ғажайып сый-сияптаң марапаттая. Ал, керісінше, Ұлы Патшаның өзін де, салтанатты патшалығын да мойында май: «*Сен сияқты Ұлы Патша жоқ әрі Сенің билігінді де, патшалығыңды да мойында маймын*», - деп даңдайсып иманнан бас тартып, Құдайлық зандардан қашқандарды тозағында жазалау.

Иә, Ұлы Жаратушиның бар екенін қабылдамаған адам мына қысқа ғұмырында күпір делінген бір ғана күнәні істегенімен, сол күпірлік арқылы шексіз қылмыс жасайды. Өйткені, Ұлы Жаратушины жоққа шығару – оның жаратқан мына ғажайып сұлу да үйлесімді әрі сан сырлы мағынаға ие жалпы жаратылысты жоққа санау. Олай дейтініміз, кәпір адам қуллі жаратылысты бостан босқа, еш мағынасыз әйтеуір кездейсоқ жаратылыс ретінде бағалағандықтан, олардың бойындағы терең мән-мағынаны жоққа шығарып, аяққа таптайды. Әрбір жаратылыстағы Ұлы Жаратушы жүктеген арнайы міндеттерді көре алмағандықтан, оларды қорлаған боп саналады. Мысалы, Құн ешбір мақсатсыз, кездейсоқ әлемге сәулесін шашып тұр. Жер өз-өзінен әйтеуір бостан-босқа шыр көбелек айналып тұр, сиыр да бекергеге кездейсоқ сүт береді деп пайымдағандықтан, олардың қадір-қасиетін төмен түсіріп, мән-мағынасын аяққа таптайды. Жаратушиның оларға жүктеген ұлы міндеттеріне киянат жасап, қорлаған саналады.

Бұған қоса әрбір жаратылыстың бойындағы керемет жүйені, үйлесімділікті, мән-мағынаны жоққа санау – олардың әрқайсысының өз болмысымен Хақ Тағаланың бар екендігін паш еткен күзілктерін жалғанға шығару болып есептеледі.

Иә, ғаламдағы триллиондаған әр түрлі жаратылысқа жасалған мұнша күнәнің жазасы берілуге тиіс. Себебі, Алла Тағаланың әділдігі осыны талап етеді. Мысалы, белгілі бір мемлекеттің елтаңба, әнұран, байрақ секілді қасиетті рәміздерін рұқсатсыз өзгертуге яки қорлауға болмайды. Олай жасаған адам мемлекет алдында жауап береді. Ендеше, Алла Тағаланың қастерлеген киелі ұғымдарын аяққа таптап, қорлағысы келген пенделер де жазаға тартылуы тиіс.

Ғаламдағы әрбір жаратылыста мөрленген Алла Тағаланың ғажайып нақыштарын мәнсіздікке балап, көзді тарс жұмып оларды көрмеу – Хақ Тағаланың «теңдессіз жаратушы», «гажайып шебер», «толассыз рызық беруші», «шексіз ілім иесі» тәрізді сансыз ұлы сипаттарын мәнсіздікке теңеу, тіпті оларды жоққа шығару болғандықтан күнәсі де ауыр, тіпті шексіз. Себебі, бұл күнә жай ғана бір адамның құқығына емес, Алла Тағаланың өзіне, ұлы сипаттарына жасалуда.

Иә, адам баласының Ұлы иесін танымай, Оның тегін берген сансыз жақсылығы мен ырыс-берекесін мойында-май мына дүниеден өтуі – өзіне жүктелген негізгі міндетін, адамдығына сай асыл борышын, мына өмірге жіберілудегі «иман ету» миссиясын орындауы болып саналады.

Озін ерекше ақыл-ой, әр түрлі үстем қабілеттермен безендіре жаратқан Ұлы Иесін танымай, «мұның бәрін табиғат жасады» деп, опасыздық жасаған құл Ұлы Иесінің ақыретте дайындаған сый-сияптына лайық па? Әрине, жоқ. Бірақ, Ұлы Жаратушыға сенбеген барлық пенделердің ақыреттегі жазалары бірдей болмайды. Олардың мына дүниеде істеген күнәлары мен жақсылықтарының тозақтағы жазаларына да өзіндік әсері болары сөзсіз.



«Жақсылықты да, жамандықты да Алладан» деп білуді қалай түсінеміз?

Жақсы яки жаманды, иман немесе күпірді қалайтын, таңдайтын – біз. Ал, сол істі қаласа, жарататын – Алла Тағала. Мысалы, біз бидайды ектік, сосын жаз бойы арам шөбін жойып, суын құйып қарадық делік. Ал оны осыдан кейін өсіретін, өсу ісін жарататын, нәтижесін беретін Алла Тағала болмақ. Бидайды өсіруді біз қаладық, бірақ бидайды өсірген біз емес. Қалай дейсіз бе? Бізге ақыл беріп, бидай егуді үйреткен – Алла Тағала емес пе? Ал, бидайдың дәнін жаратып, оны адамға сыйлаған кім? Бидайдың өсіп-жетілуі үшін қажетті топырақты, топырақтағы әр түрлі минералдарды, құнді, ауаны, суды жаратқан кім? Тіпті оны егіп, суын құю үшін қолымызды қимылдатқан кім? Біз тек қимылдатуды қалаймыз. Қозгалтуға шешім қабылдап, бел байлаймыз. Ал, оны қимылдатып, қолға күш беретін, барлық клеткаларды бір-бірімен жалғайтын, қолдағы сіңірлеріміз бен бұлшық еттерімізді іске қосатын – Ұлы Алла Тағала. Егу, суару, қосыту істерінен кейін ешқайсымыз бидайымның бірінші сабағын өсірейін, сосын жапырағын шығарайын, құйған суымды әр дәнегіне жеткізейін, бидайға мына минерал керек, ал, мынауы көрек емес деп басымызды қатырып жатпаймыз. Бұлардың бәрі біздің араласуымыздан тыс Алла Тағаланың қалауы және жаратуы арқылы іске асып жатады.

Қысқасы, жақсы, жаман әрбір ісімізді істеуге ниет ету, таңдау – біздің еншімізде, ал оны жарату – Ұлы Жаратушының қалауы мен құдіретіне тапсырылады.

Абай атамыз: «*Ауруды жаратқан Құдай, ауыртқан Құдай емес*»¹²⁸, – деп қандай тамаша айтқан. Яғни, бір адам Құдайдың қойған заңымен жүрмей, қыста терлеп тұрып, желең далаға шығып ауырса, «*Құдайым-ай, бұл ауруды қайdan гана беріп едің?*» деуге ақысы бар ма? Ауруға себеп болған – өзі, бірақ сол ауруды жаратқан – Алла Тағала.

Біздің әрбір қалаған ісімізді Алла Тағала қаласа ғана жүзеге асырады дедік. Себебі біздің қалауымыз Алланың қалауынан рұқсат алмайынша қолы байлаулы қалмақ. Сөз түйіні, Алланың қалауынсыз ешнәрсе жүзеге аспайды, қалауынан тыс жапырақ та сыйдырламайды.

Алла Тағала «*Кәһф*» сүресінде былай дейді: «**Не нәрсені де «Мен мұны ертең істеймін» деме. Тек Алла қаласа ғана істеймін де...**»¹²⁹

Хадисте: «*Алла Тағала нені қаласа сол болады. Ал Оның қаламаганы ешқашан жүзеге аспайды*»¹³⁰, - деділінеді.

Ұлы Жаратушымыздың жақсы істерге ризалығы бар, ал жаманына жоқ. Құранда: «*Алла құлдарының күпірге кіруіне разы болмайды*»¹³¹, «*Алла Тағала ысырап етушілерді жақсы қөрмейді*»¹³² - деп, жаман істерге ризашылығының жоқ екендігін білдірген.

Бірақ бұл дүние сынақ әлемі болғандықтан, адам баласы өз еркімен жаманшылықта ниет етсе, Алла Тағала қаласа оны да жүзеге асырады. Кейде адам жаман істеге ниет етеді. Бірақ Алла Тағала құлдының бұрын істеген кейбір жақсылықтарын яки келешекте істейтін

¹²⁸ Абай, Қара сөз, Поэмалар. Жиырма сегізінші сөз, 62-бет, «Кітап» баспасы, 1992 ж.

¹²⁹ Кәһф сүресі/22-23.

¹³⁰ Әбу Дәәуд, Әдаб/106.

¹³¹ Зұмар сүресі/7.

¹³² Әнгам сүресі/141.

ізгіліктерін ескеріп, құлының істеуге ниет еткен жаман ісін болдыртпауы мүмкін. Ниет еткен жаман ісіне арнайы тосқауыл қойып, құлы енді сүрініп, күнәнің тұңғиғының қарай құлдилап бара жатқанда Жаратқаны көмек беріп, күнәнің батпағынан аман сактап қалуы мүмкін. Мұны тек Ұлы Жаратушының құлына деген арнайы рақымдылығы мен мейірімділігі деп түсінген жөн. Сондай-ақ, кейбір істеген күнәларымыздың нәтижесінде Алла Тағала басымызға небір пәлекеттерді беруі де мүмкін.

Жақсылық та, жамандық та адамның таңдауына қарай Ұлы Иеміздің қалауы мен құдіреті арқылы жүзеге асатындықтан, «*жақсылық та, жамандық та Алладан*» деп иман етеміз. Себебі жарату ісі тек қана шексіз құдірет иесі Ұлы Жаратушы – Аллаға ғана тән.

Құранда Алла Тағала: «*Алла Тағала сендерді және істейтін амалдарыңды жаратты*»¹³³ десе, Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір хадисінде: «*Істеуішіні және оның ісін жаратушы – Алла Тағала*»¹³⁴, - деп біздің істеуге бел байлаған әрбір ісіміздің Ұлы Жаратушы тара-пынан жаратылатындығы білдірілген.



¹³³ Саффат сүресі/96.

¹³⁴ Кәнзул-Уммал, 1/263

Пайғамбарымыздың хадисінде: «Бақытты адам анасының құрсағында бақытты, бақытсыз адам да анасының құрсағында бақытсыз»¹³⁵ дегінген. Бұл хадисте айтылған адам баласының иманды болып, бақытқа кенелетіні немесе имансыз болып бақытсыздыққа ұшырайтыны мына дүниеге аяқ баспай жатып, анасының құрсағында жазылып қоятынын қалай түсінуге болады?

Іә, әрбір адамның бақытты болу-болмауы анасының құрсағында жатқан уақытта жазылып қояды. Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли сияқты заңғар сахабалардың иман нұрымен нұрланып, екі дүниеде де бақытты болатыны және Әбу Жәһил, Әбу Ләһәб секілді имансыз жандардың бақытсыз болатындығы аналарының құрсақтарында жатқан уақытта жазылған. Бірақ бұл олардың мына дүниедегі ниеттері мен қалаулары есепке алынбастан жазылмайды. Яғни, Алла Тағала әзәли ілімімен барлық адамның мына дүниеде не істейтінін, қалауларын қай бағытта қолданып, иманды яки имансыз болатындықтарын алдын ала білгендіктен солай жазып қояды. Олар Алла Тағала жазғаны үшін бақытты, не бақытсыз болмайды. Керісінше, олардың бақытсыз яки бақытты болатынын Алла Тағала әу бастан білгендіктен тағдырларына солай жазған.

¹³⁵ Нәйсами, Мәжма'уз-зәуәид. VII. 193.

Доңыз еті неліктен харам?

Доңыз ең әуелі бүкіл әлемдердің Раббы Алла Тағала «жемеңдер» деп тыйғаны үшін харам. Мұсылмандар Алла Тағаланың тыйған тыйымдарының астарлы хикметін, зиянын білмесе де «неліктен, неге?» демесстен дереу бойцынуға тиіс. Себебі, оны бұйырып тұрган ұлы иеміз Алла Тағала. Мына дүниеге біздер сынақ үшін жіберілгенбіз. Алла Тағаланың адаптациялық әрекеттері шекіз, санасан ғана бітіре алмайсың. Ал, керісінше, харам еткен нәрселері санаулы әрі шекті. Солай бола тұра, кейбір адамдар осыншама адаптациялық әрекеттерінде қойып, Алла Тағаланың сынақ үшін харам еткен санаулы нәрселеріне барып ұрынады. Құдды ол харамды же месе яки ішпесе аштыққа ұрынатындай. Бойцынудың ең ұлысы ھем ең сауаптысы – істің зияны мен пайдасын есепке алмастан, тек бүкіл әлемдердің раббы – Алла Тағала бұйырғаны үшін ғана орындау. Мұнымен қоса, Алла Тағаланың тыйған кез-келген тыйымдарында бұл дүниелік ھем арғы дүниелік пайдалар бар екені де сөзсіз. Доңыз етінің харам болуының да әр түрлі хикметтері бар. Оларды қыскаша қайыратын болсаң:

1. Доңыздың денесінде улы заттар бар. Доңыз еті өте майлы келеді. Бұл май жеген адамның қанына сіңеді. Сөйтіп, қан май түйіршіктеріне толып қалады. Қандағы өлшемінен көп бұл май артерия тамырларының қатаюына, қан қысымының көтерілуіне және жүрек талмасына себеп болады. Бұған қоса, доңыз майының құрамында (sutoksin)

«сутоксин» делінген улы зат бар. Денеге енген бұл улы заттың сыртқа шығарылуы үшін лимфа бездерінің шамадан тыс жұмыс істеуі қажет. Ал бездердің бұлай шамадан тыс жұмыс істеуі, әсіреле, жас балалардың лимфа бездерінің асқынуына және ісінуіне әсерін тигізеді. Ауруға ұшыраған баланың тамағы қатты ісігендіктен, доныз кейпін елестетеді. Міне, сондықтан бұл ауруға медицина тілінде «доныз ауруы» (skrofuloz) делінеді. Ауру қатты асқынған жағдайда лимфа бездері жарақатқа айналып, қатты ісінеді. Аурудың ыстығы көтеріліп, қатерлі жағдайға душар етеді.

2. Доныздың денесінде көп мөлшерде күкірт болғандықтан, оны жеген адамның организмінде өлшемнен тыс күкірт пайда болады. Ал организмдегі өлшемнен тыс күкірттің болуы шеміршек, бұлшық ет және сінірлерге сініп, буындарда тұз жиналу және омыртқаның жылжуы сияқты ауруларға себеп болуы әбден ықтимал. Доныз еті жиі желінген жағдайда денедегі қатты шеміршектер сол доныз етінен келетін бөлшектердің әсерінен тым жұмсарып, дene ауырлығына шыдамайтын халғе келеді. Бұл буындардың босаңсуына әкеліп соғады. Доныз етін жейтін адамдардың қолдары ісіп, денелерінде май қабаттары пайда болады. Мысалы, ол адам спорtpен айналысқан күннің өзінде жалқау, жайбасар халғе енеді.

3. Донызда өсу гармоны да көп мөлшерде кездеседі. Бірнеше жұз грамдық салмақпен ғана туылған торайлар алты айдың ішінде жұз килога жетеді. Торайлардың мұншалықты тез өсіп, үлкеюі доныздың денесіндегі өсу гармонының өте көп мөлшерде болуына тікелей байланысты. Бұл гармондар доныздың етін жеген адамдардың денесіне де өтетіндіктен, ол адам организміне кері әсерін тигізеді. Денедегі тканьдардың ісіну мен қабынуына әкеліп соғады. Мұрын, жақ, қол, аяқ сүйектерінің табиғи

қалыптан тыс үлкейіп, өсуіне және жалпы дененің майла- нуына себеп болады. Гормандардың ең үлкен зияны – де- неде қатерлі ісіктің (рактың) пайда болуына жағдай жасай- ды. Мал дәрігерлері ерек доңыздардың белгілі бір жастан кейін қатерлі ісік ауруына көптеп шалдығатындықтарын айтуда.

4. Доңыз етінің құрамындағы хистамин (histamine) және имидазол (imidazole) делінетін заттар адамның терісінде қышу тудырады, есекжем, бөртпе (экзема), дер- матит сияқты тері ауруларға себеп болады. Бұған қоса, бұл заттар соқыр ішек, өт жолдары, тамыр ауруларына да көп жағдайда себеп. Сондықтан дәрігерлер жүргегі ауыра- тын адамдарға доңыз етін жемеуге кенес береді.

5. Доңыздың етін жеу салдарынан адамда пайда бола- тын тағы бір ауру – трихина ауруы. Доңыздар бұл ауруды трихина атты құрттары бар тышқандарды жеу арқылы өздеріне жүктყырады. Доңыздардың денесінде бұл құрт көптеп кездеседі. Бірақ трихина ауруы доңыздарға қатты әсер етпейді. Ал адамдар үшін бұл ауру өміріне қауіп төндіретіндей қатерлі ауру болып саналады. Трихина құрттары асқазан және ішектер арқылы қанға өтеді. Сосын барлық денеге тараиды. Трихина құрттары, әсіресе, жақ, тіл, мойын, жұтқыншақ және көкірек бұлшықтарының тканыдарында орналасады. Сондықтан осы мүшелердің бұлшықтарының тартылып қалуына (сал болуына) себеп болады¹³⁶. Бұған қоса, қан тамырларының бітелуіне, ме- нингит және мидаң асқынуына әкеп согады. Трихина ау- руы кей жағдайда адам өліміне де себеп. Бұл аурудың тағы бір жаман жағы нақты емінің болмауы. Трихина көбінесе батыс елдерінде кеңінен етек алған. Мал дәрігерлерінің қатты қадағалауына қарамастан, Швейцария, Англия

¹³⁶ Мустафа Зарқа, Фәтәәуа, 221-бет. «Дарул-қалам» баспасы, Димашк. 2001 ж.

және Польшада трихина ауруы кең тараған. Ал, мұсылман елдерінде бұл ауру жоқтың қасы.

Медицинағының дамығаннан кейін ғана доңыз етіндегі трихина сияқты зиянды құрттар мен микроптардың, улы заттардың бар екенін білудеміз. Ал Құран сан ғасыр бұрын доңызды «*харам*» деп кесіп үкім берген. Сондықтан доңыздың денесінде әлі де біз біле білмейтін, ғылым дәлелдей қоймаған зиянды нәрселердің жоқ екендігіне кім кепіл?¹³⁷

6. Адамдар мен жан-жануарлардың табигаты мен мінездерінің қалыптасуында жеген коректерінің де рөлі бар. Мысалға, арыстан, қасқыр сияқты етпен коректенетін аңдар жыртқыш болып келсе, керісінше сиыр, қой, қоян сияқты шөппен коректенетін жануарлар жуас болып келеді. Көбіне қекеністермен коректенетін адамдардың табигаты жұмсақ, биязы болып келетіндігі, ал етті көбірек жайтін адамдардың табигатының қаттылау болып келетіндігі анықталған. Қазақта адам мінезін суреттеген кезде жылқы мінезді, қой мінезді деуі де осы айтқандарымызды айқындаі түседі. Доңыз – өзінің ұрғашысын қызғанбайтын, мейірімсіз хайуан. Сондықтан доңыз етін көптең пайдаланатын адамдарда жарына, тіпті анасына деген бөгде еркектердің арам пиғылына қарсы намыс, қызғаныш сезімдері әлсірейді екен. Мұнымен қатар, мейірім, қанағат секілді қасиеттеріне айтарлықтай қаяу түсетіні байқалған. Француз ойшылы Саворин коректенудің маңыздылығын түсіндіре келе «Маган не-мен коректенгенінді айт, сенің кім екенінді айтайын» деген екен.

¹³⁷ Махмуд Закзук, Хақайкул-Ислам фи муажаһати шубұнатил-мушаккин, 649-бет. Каир қаласы, Мажлисул-ағла ли шуунил-Исламия. 2004 ж.

*Шайтан не үшін жаратылған? Елді
адастыратын ондай азғыруышының керегі
не? Өзінің тозаққа баратынын біле тұра ол
неліктен кінәсін мойында, тәубеге келмейді?*

Алла ешбір жаратылысты бекерден-бекерге я болмаса жаманшылық жасау үшін жаратпаған. Шайтан әу баста шайтан болып жаратылмаған. Ол – періштelerдің арасында ғұмыр кешкен жаратылыс. Алайда ол Алла Тағаланың алғашқы сынағынан-ақ сүрінді. Сүрінгенде жай сүріну емес, омақасып онбай құлады. Оған берілген сынақ, Алла Тағаланың «**Адамға сәжде ет!**» деген бұйрығы еді. Шайтан осы бұйрыққа қарсы шығып, қырсықтан үстіне қырсығып, тәқаппарлана түсті. Панданып, Алланың бұйрығына қарсы шығуышың салдарынан, Жаратушының шексіз рақымынан қуылды. Мұның бәрін ол өзінің дербес қалауымен жасады. Яғни, ол өз қалауымен шайтан болды. Шайтан алғашында періштelerдің арасында жүріп, Алла Тағалага құлшылық жасады. Бірақ шайтанның періштelerдің қатарында жүруі – оның өзіндік іс-эрекетінің, үздіксіз қүрес, тынбайтын еңбегінің нәтижесі емес еді. Бәлкім, бұл Алла Тағаланың арнайы шарапаты әрі оның шынайы дәрежесін анықтайдын сынаққа түспеуінің арқасында болған-ды. Сондықтан болар, ол Жаратқаның алғашқы сынағында-ақ өзінің кім екенін байқатып, шынайы бет пердесін ашып берді. Ендеше, шайтанның әу баста періштelerмен бірге болуы – оның абырайлылығына ешқандай да дәлел бола алмасы хак. Ал оның періштelerдің жанында жүріп жасаған құлшылығына келер болсақ, оның осы құлшылығы шынымен-ақ Алла Тағалага бойысынуы ма, жоқ әлде та-

ғы да өзіне ұнамды болғандығы үшін бе? О жағы бізге белгісіз. Бірақ алғашқы сынақта көрсеткен қылышы – оның Аллаға емес, өз нәпсісінің құлыш болғандығын білдіретіндей.

Шайтан жәнненнан, Ұлы Жаратушының рақымынан Адам үшін қуылғандықтан, ол әрқашан адам ұрпақтарына қас дүшпан. Сондықтан адам баласы әрқашан өзінің осы қас дүшпанына сақ болып, негізгі жаратылу мақсатына сай ғұмыр кешуге тырысқан уақытта ғана өзінің ішкі дүниесіндегі құнға қарсы барлық қорғаныс механизмдері қүшійе түседі. Бейне бір белгілі бір вируска сан рет душар болған жанның денесіндегі ішкі қорғаныс механизмінің іске қосылып, иммунитетінің қуаттанып, автоматты түрде қорғаныска түсіу секілді.

Шайтанның сан түрлі азғыруына сақ жүрген жанның бойындағы «*парасаттылық*», «*қырагылық*» секілді сипаттары артса, оның сан алуан айлаларына қөнбей, қекірегін керіп, қарсы тұрган жанның бойындағы «*сабырлылық*», «*төзімділік*», «*қайсарлылық*» секілді қасиеттері дамып, шындала түседі. Олай болса, шайтан адам баласының мына дүниеде өте сақ боп ғұмыр кешуіне, бойындағы қорғаныс жүйесінің жетілуіне, табиғатындағы ашылмаған көптеген асыл қасиеттерінің кемелденуіне басты себепші екеннін де есте ұстауымыз керек.

Бұл дүние – адам баласының сынаққа түсер ұлы майданы. Алла Тағала адамдарды әр түрлі себептермен сынға салуда. Сөзсіз, шайтан да сол себептердің ең бастысы. Шайтан арқылы адамдар арасындағы жақсысы мен жамаңы, осалы мен қайсары, жәннат пен тозаққа лайықтысы ажыратылуда.

Әр түрлі химикалық тазарулардан өткеннен кейін асыл тастың алтынға айналатыны секілді шайтанның да азғыруына құлақ аспай, сан-алуан айлаларына қарсы

тұрып, өмір бойы оны қас дүшпаны санап өткен жандар, рухани жетіліп, кемелдене түседі. Сөйтіп, жәннатқа лайық дәрежеге жетеді. Ал, керісінше, шайтанның арбауына көніп, әр түрлі азғыруларына қуана келісіп, оның шабуылына ак туды көтеріп, еш қарсылықсыз беріліп, жаманшылық атаулыны шімірікпей жасап, құнәларға белшесінен батқан пенде, бара-бара өзі де адам бейнесіндегі шайтанға айналып, тозаққа тән кейіпке енеді. Міне, шайтан адамның рухани жетілуіне, жәннатқа лайық жаратылыс дәрежесіне көтерілуіне яки құнә істеп, тозақтық болуына себеп болғандықтан, оны бостан-босқа хикметсіз жаратылған, не болмаса оның жаратылуы мұлдем қажетсіз дей алмаймыз.

Мысалы, пышақты түрлі пайдалы іс үшін қолдануға болатыны секілді, онымен адам өлтіріп құнәға батуға да болады. Сол себепті, пышақтың өзін жаман, керексіз дей алмаймыз. Ендеше, шайтанның да жаратылуы жамандық емес. Алла Тағаланың құлдарына еш жаманшылық қаламасы хақ.

Ал енді шайтанның Алла Тағаланы біле тұра істеген құнәсін мойындал, тәубеге келмеуіне тоқталайық. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, шайтан Адам ата жаратылmas бұрын ерекше дәреже-абыройға ие дара жаратылыс еді. Оның есімі әрдайым періштелердің жанында қатар аталатын. Алла Тағала періштелердің өзі сәжде ететініндей дәрежеге ие ардақты «*Адам*» делінген жаратылыс жаратты. Алайда шайтан мұны қатты қызғанды. Өйткені, ол өзін жаратылғандардың ішіндегі ең ардақтысы деп білетін. Енді міне, Ұлы Жаратушының көптеген сипаттарының көрсеткіші іспетті өзінен де артық зат жаратылып отыр. Шайтан мұны көре алмай, қызғанды. Ішін өрт шалған шайтан үшін осы «*Адам*» алдында сәжде жасау өте қыын еді. Бүгінгі құні де өзінен асып бара жатқан

ИМАНИ ГУЛ

өзгелерді көре алмай, аяқтан шалушылықтар осы бір шайтани мінездің адамдағы айқын көрінісі.

Еврейлер мен христиандар арабтарды өздерінен төмен санайтын. Сол себепті, олар соңғы пайғамбардың араб ұлтынан келуін мулде елестете алмайтын. Алайда, соңғы пайғамбар араб ұлтынан келген сәтте олар мұны көре алмады. Қызғанды. Сондықтан олар араб ұлтынан шыққан Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) бойындағы барлық ерекшеліктерді қасиетті кітаптарында білдірілген сипаттамаларға дәл келсе де, «*бұл біз күткен пайғамбар емес*» деп тайқып шыға келді. Құранда: «**Бізден кітап берілгендер (еврейлер мен христиандар) оны (Мұхаммедті) өз балаларындай анық таниды**»¹³⁸ дедінеді. Олардың соңғы пайғамбарды біле тұра, оны қабылдамауының астарында қызғаныш пен тәқаппарлық жатыр еді. Міне, осы сияқты көптеген оқиғалар шайтаның «*Адамды қызғану*» оқиғасын көз алдымызда жандандыра туғаседі.

Алла Тағала «**Адамды**» жаратқаннан кейін барлық перштelerмен қоса шайтанға да «**Адамға сәждे етіндер**» деген бүйрығын берді. «**Сәжде ету**» термин ретінде маңдайды сәждеге қойып, құлышлық жасау. Ал бұл жердегі «**сәжде ету**» Адамды (а.с.) мойындау, оған ізет, құрмет білдіру мағынасында келген. Шынайы құлышлық мағынасындағы сәжде тек Алла Тағалаға ғана жасалады.

Шынтуайтында, бұл «**сәждесе**» Адамға салынған сәлем мен оған жасалған құрметтен бұрын, Ұлы Жаратушының бүйрығына әрі «*Адам*» секілді ғажайып жаратылысты жаратқан Оның құдіреті мен тендессіз шеберлігіне жасалған сәжде еді.

Перштeler Адамға сәлем салып, ізет білдіріп Ұлы Жаратушының бүйрығына сәжде етті. Тек шайтан ғана

¹³⁸ Әли Фимран, 146 аят.

тәкаппарланды. Алла Тағаланың бұйрығынан бас тартып, қарсы шықты. Алла Тағала: «**Менің бұйрығыма қарамастан, адамға сәждे етуге не нәрсе бөгет болды?**» деді. Шайтан: «**Мені оттан, оны топырақтан жараттың. Мен, әлбетте, одан қайырлымын, артықпын, қалай оған сәжде етпекпін, менен артық жаратылыс бар ма?**» деп тәкәппарланды. Шайтан ішіндегі қызғанышы мен тәкаппарлығының салдарынан бұйрықтың Ұлы Жаратушыдан келіп тұрғанына да қарамады. Шайтан бұл жауабы арқылы Алла Тағаланың өзінен де артық жаратылыс жаратат алатын құдіретіне қарсы шығуда еді. Тіпті мұның астарында: «**Сен менен асқан артық жаратылыс жаратат алмайсың?**» деген «менмендік» пиғыл бар.

Шынтуайтында, шайтан тәмен санаған топырақ аса қайырлы еді. Себебі, топырақ өмірдің қайнар көзі. Барлық тіршілік топырақтан өрбиді. Сондықтан топырақта Алла Тағаланың «**тендессіз жаратушы**», «**толассыз рызық беруши**», «**шексіз шебер**» сияқты есімдері мен сипаттары көрініс табуда. Яғни, топырақ – Ұлы Жаратушының сансыз көркем есімдері мен сипаттарының айнасы іспетті.

Шайтан қатесін түсініп, тәубеге келудің орнына қасарысқан сайын қасарысып, тәкаппарлана тұсті. Сөйтіп шайтан Алла Тағаланың: «**Ендеше, дереу ол жерден тұ!** **Сенің ол жerde тәкаппарланып, пандануыңа жол жоқ.** **Қанеки, тез шық!** **Сөзсіз, сен қорланғандардансың!**» деген сөзімен құзырынан қудаланды. Сонда Ібіліс: «**Маган қайта тірілетін күнге дейін мұрсат бер!**» деп, Алла Тағаладан қиямет күніне дейін өмір сұрады. Алла Тағала: «**Сен мұрсат берілгендердің қатарындасың**» деді. Ібіліс «**Ендеше, Сен мені қаңғыртып, адасуға душар еткенің үшін мен де олардың тұра жолға түсүіне барынша бөгет жасаймын.** **Олардың алдынан, артынан, онынан, солынан келіп азғырамын.** **Сөйтіп,**

Сен олардың азын ғана Өзіңе шүкір еткендердің қатарынан табасын»¹³⁹ деп, адамға деген дұшпандығын айтып салды. Иә, Ибіліс адамға қас. Себебі, сол үшін өзінің бар абырайынан, күллі атағынан айрылып, Алланың рақымынан мәңгілікке қуылды. Өзінің күллі атақ-абырайынан айрылып, қорланғанына, ал керісінше «Адамның» Алланың сүйікті құллы болып, күллі жаратылыс атаулының алдында абырайға кенелгеніне шыдай алмады. Енді ол осы Адамға және оның қияметке дейін келетін бүкіл үрім-бұтағына дүшпан болмақ. Қандай жолмен болса да, оны азғырып, Алланың рақымынан қуылдып, абырайынан айырылуын қалады. Қалайша Адам абырайлы күйде, ал менің жағдайым мынау. Жоо-жок, мен мұны көтере алмаймын дегендей ішін қызғаныш кеміріп, тәқаппарланған сайын тәқаппарлана түсті. Сол күннен бастап Адамды азғырумен болды. Адам ата мен Хая анамыздың жәннattan кудалануын тіледі. Сан қылы айла жасап, осы арам пиғылын жүзеге асыру үшін небір қулықтарға барды. Ақыры Адам мен Хауаның Алла Тағаланың **«жақындаушы болмандар!»** деп бүйірған жемісін жегізіп тынды. Сөйтіп, Адам атамыз бер Хая анамыз шайтанның азғыруына алданып, тыйым салынған жемісті жегені үшін жәннattan жерге түсірілді. Яғни, жәннат мекенінен шығарылды. Шайтан айласын асырганына айран-асыр қуанды. Алайда, Адам мен Хая дереу қателерін түсініп, **«Раббымыз, біз өзімізге зұлымдық жасаушыларданбыз. Егер сен бізді рақымыңа бөлеп, күнәмізді жарылқамасаң, сөзсіз, біз ұтылғандардан боламыз»¹⁴⁰** деп кешірім тілеп, тәубе етті. Тәубелері қабыл болды. Шайтан одан әрі ызалана түсті. Шайтан енді Адаммен қоса оның ұрпактарын азғырумен

¹³⁹ Аграф сүресі, 12-17 аяттар.

¹⁴⁰ Аграф сүресі, 23-аят.

болды. Адам пайғамбардың ұрпақтары хақ жолында жүрген сайын оны ашу кернеп, азғындығы асқына тұсті. Пұт атаулыны құл-талқан етіп, жер жаһанға Хақты жаяр соңғы пайғамбар Мұхаммед (с.а.у.) дүниеге келгенде, сірә шайтан қатты ашуланып, терісіне сыймаған болар.

Міне, осылайша тұла бойын ашу билеп, ішін қызғаныш өрті шалған Ібіліс айықпас тәкаппарлық ауруына шалдықты. Алланың рақымынан қуылып, болмысындағы тәубеге деген барлық жолдарды бітеді. Жүргі қарайған сайын қарайғандықтан енді хаққа қарай қайтуы да мүмкін емес-ті.

Үнемі адамдарды қойشا бауыздап қырып жүретін қатіге адамның жүргегінде мейірімділік сезімінің мұлдем өшетіні секілді шайтанның да бойындағы тәубе етуге, Хаққа бет бұруға деген қасиеттері мұлдем өшіп, оның орнын тек ыза мен кек қана басқан.

Шыдамы таусылған момын адамның ашу үстінде ешқандай үгіт-насихатты тындармай, өршелене түсіп, алдындағы адамның кім екенін де ажыратып жатпай небір сорақы іс-әрекеттерге баратыны секілді шайтан да мәнгілік ашу үстінде. Адам ұрпағының әрбір жетістігі оны ашуға булықтырып, қызғаныштың қызыл отына көмгендіктен ол өзінің кінәсын мойындалп, тәубе етуді бір сәт болсын ойламақ емес. Өйткені, оның болмысындағы игілікке, ізгілікке деген барлық жақсы сезімдер мен қасиеттер өшіп, өзі қызғаныш пен тәкаппарлықтың айықпас дертіне шалдықкан. Адам ұрпақтарының әрбір жетістіктерін көрген сайын ашуға булығып, ал керісінше адасуларынан ләzzат алышп, жаны жай табады. Міне, шайтан осындаі кеселге ұрынғандықтан оның жүргі мөрленіп, көзі переделенген. Бойын ашу кернеп, Хақтың рақымынан алшақтаған сайын алшақтай түсуде.

Дұрысын Алла біледі. Ұлы Жаратқан бізді шайтанның кесірінен сақтап, әрдайым тәубешіл құлдарынан болуды нәсіп етсін!



«Жиһад» деген не? Оның терроризммен байланысы бар ма?

«Жиһад» сөзі араб тілінде белгілі бір нәтижеге, мақсатқа жету үшін яки бір істі істеу үшін бар қажыр-қайратың мен ынта-жігерінді төгу, тырысу, күресу деген сияқты мағыналарды білдіреді.

«Жиһад» ұғымының аясы өте ауқымды. Бұғінгі таңда теріс бағыттағы ақпарат салдарынан көптеген адамдар жиһадтты қару алғы соғысу деп біржақты түсінеді. Эрине, мұндай түсінік жиһадтың мағынасын шектейді. Құранда «жиһад» сөзі 35 жерде өткенімен төрт жерде ғана тікелей соғыс мағынасында келген. Құранда соғыс ұғымы «харб», «мухарабә», «маграка», «қитал» терминдерімен білдірілген. Бірақ, жиһад сөзі соғысты да қамтығандықтан, көпшілік жиһад делінген кезде тікелей соғысты түсінеді.

«Жиһад» – адамның Алла Тағаланы тануына кедергі келтіретін барлық тосқауылдарды жою. Жаратушы мен адамның арасындағы бөгеттерге сауатсыздық, әлеуметтік жағдайдың төмендігі, ерік-ойға, санаға жасалған шектеулер жатады. Ендеше, «Жиһад» деп осы бөгеттерді жою үшін жасалатын барлық іс-шара, күреске айтылмақ.

Алла ризалығы үшін істелген әрбір іс-қарекет «жиһад» саналады. Қандай да болсын қын жағдайларға қарамастан күн сайын үздіксіз бес уақыт намаз оку, кейде аптаға ми қайнатар ыстықта ораза ұстау, Алла Тағаланы өзге жандарға түсіндіру үшін істелген әрбір іс, қоғамдағы

кейбір керітартпа келенсіздіктерді¹⁴¹ түзету үшін атқарылған ұлкенді-кішілі барлық шара исламдағы жиһад ұғымының аясына кіреді.

Жиһад – ең әуелі өзінді түзету. Ишкі дүниенде, жүргінді тазарту. Болмысынды қызғаншақтық, қанағатсызыңық, сабырсызыңық, жалқаулық, тәкаппарлық секілді күллі жаман қасиеттерден арылтып, олардың орнын көркем қасиеттермен толтыру. Қысқасы, нәпсіңмен әрдайым үздіксіз құрес. Себебі, әуелі өз басын түзете алмаған адам, нәпсің жеңіп, кәміл адам болу жолына түспеген жан өзгені қалай түзетіп, тұра жолға қалай шақырмақ.

Сыртқы құрестен бұрын ішкі құресті қолға алудың маңыздылығы айтпаса да түсінікті. Себебі, адам өзінде жоқ нәрсені басқаға қалай бермек? Пайғамбарымыз бірде соғыстан шаршап, шалдырып келе жатқан сахабаларына: «*Біз қазір кіші жиһадтан үлкен жиһадқа қайттық*» деген кезде, сахабалары: «*Ya, Расулуллаң, «үлкен жиһад» деген не?*»- деп, таң қала саяул қойды.

Пайғамбарымыз: «*Ол – өз нәпсіңмен құрес*», - деп жауп қайырды. Міне, көрдіңіз бе? Неге? Өйткені, нәпсімен құрес қолға қару алып дүшпаннан соғықаннан да қын. Олай дейтініміз, сыртқы дүшпанның кім екені, қайда екені, қашанға дейін болатындығы белгілі. Сондықтан онымен құресу оңай. Ал, нәпсің болса, олай емес. Ол сенің ішінде. Қай жақтан, қалай келіп айласын асыратыны да белгісіз. Оның дүшпандығы белгілі бір уақытпен шектелмейді, әрдайым сенімен бірге. Міне, сондықтан Пайғамбарымыз сыртқы дүшпанмен құресті «*кіші жиһадқа*» жатқызса, нәпсімен құресті «*үлкен жиһадқа*» балаған.

¹⁴¹ Қазіргі таңда кең етек алған болмашы себептермен ажыр - су, тастанды бала, жемқорлық, иманнан бейхабар ғұмыр кешу сияқты келенсіздіктерді түзету үшін жасалған әрбір салиқалы іс, қажырлы құрес жиһадқа жатады.

Пайғамбарымыз басқа бір хадисінде: «*Назың жиңінад жасауышы кісі – өзінің нәпсісімен күресуши*» деп, нәпсімен күрестің маңыздылығын тағы бір рет айшықтай түскең.

Жиңад ұғымы адамға, қоғамға, жағдайға қарай түрленіп отырады. Бір дәрігердің өз саласында кәсіби деңгейге қол жеткізу үшін тынбай талпынуы мен ізденуі, экономика маманының мұсылмандардың әлеуметтік жағдайларының түзелуі үшін жұмсаған қажыр-қайраты, мұғалімнің сауатты түрде бала оқытуы – мұның бері жиңадқа жатады. Мұсылмандардың керекті қаржыны тірнектеп жинап, өздеріне мешіт, медресе түрғызыу; жоқ-жітіктерге көмектесіп, жетім-жесірлерге қарайлассқан қалталы азаматтардың бұл істері де Хақ жолындағы күреске – жиңадқа жатады.

Пайғамбарымыз бір хадисінде: «*Жесірлер мен міскіндер үшін жұмыс істөуіші кісі Алла жолында жиңінад жасауышы адамға тең*»¹⁴² дейді.

Кейде нағыз сөз саптайтын ұрымтал тұста бір ғана кесімді сөз айту да, сөздің кері әсер ететін тұсында сабыр сақтап, тілінді тістеу де жиңадқа саналады. Тіпті, кейде қажеттілігіне қарай тек қабағынды шыту яки құлімсіреудің де жиңадқа саналуы ғажап емес. Қысқасы, істелетін әрбір істің Хақтың ризашылығына қарай реттелуіне «жиңад» делінеді.

Жиңад мәжбүр жағдайда қарумен де болады. Барлық дипломатиялық байланыстар нәтижесіз аяқталып, келіссөздерден толықтай үміт үзілген шакта отанды қорғау үшін қолға қару алып жиңад жасауға рұқсат.

Пайғамбарымыздың дәүіріндегі жиңадқа, яғни мұсылмандардың Хақ жолындағы күрестеріне назар

¹⁴² Бухари, китабун-нафакат. Және қараңыз Әбу Зәкария Мұхиддин Иахия ӘнНәүүий, узнатулМуттакин, 1том, 227бет. Мұәссисәтур-Рисәлә, Байрут 1991ж.

аударсақ, жоғарыда айтылған жиһадтың барлық түріне күә боламыз.

Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбарлығының алғашқы үш жылында исламды жасырын насиҳаттады. Мұсылмандардың бұл кезеңдегі жиһадтары дүшпандардың көзіне түспестен, пайғамбарымызбен жасырын түрде кездесіп тұруы болатын.

Пайғамбарлықтың төртінші жылынан бастап, Адамзаттың ардақтысы (с.а.у.) елді жаңа дінге жария түрде шақыра бастады. Міне, осы кезде Мекке мұшріктері иман келтіріп, жаңа дінге кірген ат төбеліндей аз ғана мұсылмандарды келеке, мазақ етіп, сан-алуан қынышылықтарға душар етті. Осы кезеңдегі мұсылмандарға тиесілі жиһад – мұшріктердің жан шыдатпас азаптарына сабыр етіп, жаңа дінді насиҳаттауды тоқтатпау болатын. Эз сахабалар мұны ең керемет түрде атқара білді.

Мұшріктердің жан түршігерлік азабына душар болған кейбір мұсылмандарға пайғамбарымыз (с.а.у.) Эфиопия еліне көшуді бұйырды. Жағфар және басқа да онымен бірге барған бірқатар ардақты сахабалар Эфиопия патшасы Нәжашыға жаңа дінді жеткізіп, оның иманға келуіне себеп болды. Осылайша бұл көш жай ғана көш емес, Жағфар сынды әз сахабалардың үлесіне тиген сол кездегі дін жолындағы жиһадтың нағыз өзі болатын.

Мұшріктер мұсылмандарды азаптаптауда жаңа бір айлаға көшті. Мұсылмандарды өзге халықтан бөлекtekеп, сауда-саттық секілді жалпы адами барлық қатынастарына тыйым салып, оларды қоғамнан оқшаулап, саяси-экономикалық байкот жариялады. Тоз-тоз болып, аш-жалаңаш күй кешкен мұсылмандар бұл қыын кезеңде де сабыр сақтап, жаңа діндерін тастанасстан, өздеріне жасалған зұлымдықтарға табандылық танытты. Осындай

қын кезенде Хадиша анамыз қолындағы бар дүниесін мұсылмандарға үлестіру арқылы өзіне тиесілі жиһад міндетін атқара білді. Исламнан бұрын Меккенің аса ірі байларының санатына жататын Хадиша анамыз бар байлығын Ҳақ жолына жұмсағандықтан, өзі қайтыс болған кезде ақыреттік кебініне бір орам бөз де табылмаған еді.

Сол қын кезендерде Әбу Бәкір өз үйінде Құран оқитын. Бірак Құранды ішкі бөлмелерінде емес, ел жүретін жаққа қарайтын сыртқы бөлмеде оқитын. Көшеден ары-бері өткен адамдар Әбу Бәкірдің тебіреніп оқыған Құранынан әсерлене бастады. Әбу Бәкір арқылы Құранмен табысқан көптеген адамдар мұсылмандықты қабылдап жатты. Міне, Әбу Бәкір қын заманда өзінің бір ғана Құран оқуымен де жиһад міндетін атқара білді.

Мұшріктердің жан шыдатпас ауыр азаптары күн санап артып жатты. Осындан кейін мұсылмандар ғибадаттарын емін-еркін атқарып, жаңа діннің қанат жаюын қамтамасыз ету үшін Меккедегі туған жерлерін, бар дүние-мұлік, туған-туистарын тастан, Мәдина қаласына хижрет етті (көшті). Сөйтіп мұсылмандар Мәдинада екі жылдай ғұмыр кешті. Мекке мұшріктері олардың Меккеде қалған бар мал-мұліктерін талан-таражға салып, өртейтінін өртеп, құртатынын құртты. Қалған дүниелерін үлкен керуендермен Шамға, Сирияға сатуға жіберді. Мұсылмандар бұлардың бәрінен хабардар еді. Енді олар Мәдина қаласының маңайынан өтіп бара жатқан мұшріктердің керуенінен өздерінің мал-мұліктерін қайтарып алушы ниет етті. Алайда, мұны білген Меккелік мұшріктер мұсылмандарға карсы үлкен әскер жіберді. Яғни мұсылмандардың ниеттері соғыс емес, өздерінің талан-таражға түсken дүниелерін қайтарып алу болатын. Бірак мұшріктер соғысты қалады. Міне, Алла Тағала осыдан кейін ғана мұсылдандардың рухын көтеріп, әлсіздер

мен қорғансыздарға қорған болу мақсатында күн санап қиянат жасауда шектен шыққан кәпірлердің шамасын көздеріне көрсету үшін соғысқа алғашқы рет мына аят арқылы рұқсат берді. «**Өздеріне қарсы соғыс ашылған мұсылмандарға (мұшрітермен) соғысуға рұқсат берілді. Өйткені олар зұлымдыққа ұшырап, жәбір көрді. Әлбетте, Алла Тағала оларға жәрдем беруге толық күші жетеді. Олар ешбір себепсіз тек «Раббы-мыз – Алла» дегендері үшін отандарынан қуылды...»¹⁴³**

Демек, өздеріне ешбір себепсіз зұлымдық жасап, сан-алуан қыншылықтарға душар етіп, елінен-жерінен кетуге мәжбүрлеп, мал-мұліктерін талан-таражға салған адамдарға қарсы соғысуға тек он бес жылдан кейін ғана рұқсат етілді.

Исламда негізгі ұстаным – бейбітшілік. Бұл туралы Алла Тағала былай дейді: «**Егер олар сендерден аулақ тұрса, әрі сендермен соғыспаса, тіпті сендермен бейбіт тұруды ұсынса, онда Алла Тағала сендердің оларға шабуыл жасауларыңа ешқандай жол бермеді**»¹⁴⁴.

Алла Тағала өзге дін өкілдерімен бейбіт ғұмыры кешуді былай қойғанда, мұсылмандардың оларға жақсылық әрі әділдік танытуларына қарсы еместігін білдірген.

«**Дін турасында сендермен соғыспаған әрі сендерді өз отандарынан қызып шыгармаган адамдарға жақсылық жасауларыңа және оларға әділетті болуларыңа Алла Тағала қарсы емес. Өйткені, Алла Тағала әділеттілік жасағандарды жақсы көреді**»¹⁴⁵.

Соғыс – дипломатиялық жолдар түгелдей іске аспаған жағдайларда ғана амалсыз барылатын ақырғы шара. Ал бейбітшілікке, келісімге қайтадан мүмкіншілік туған жерде соғысқа жол жоқ. Яғни, қарсы жақ соғысты

¹⁴³ Хажж сүресі, 39-40 аят.

¹⁴⁴ Ниса сүресі, 90-аят.

¹⁴⁵ Мұмтахина сүресі, 7-аят.

тоқтатып, келіссөз сұраса, мұсылмандар да соғысты тоқтатып, келіссөзге жүгінудері абзал. «Егер олар келісөзге, бейбітшілікке (ниет білдірсе) жақындаса, сен де жақында»¹⁴⁶.

Исламда қарулы соғысқа тек мынандай жағдайларда ғана рұқсат етіледі:

1. Қорғану мақсатында. Шабуыл жасаған жауға қарсы соғысу. Құранда: «Сендермен соғысқандарға қарсы сендер де Алла жолында соғысындар. Бірақ шектен шықпаңдар. Алла Тағала шектен шыққандарды жақсы көрмейді»¹⁴⁷ -делінеді.

2. Өзіңе шабуыл жасайтыны нақты анықталған дұшпанға соғыс тактикасы бойынша бірінші болып шабуыл жасауға рұқсат етіледі.

3. Жазалау мақсатында.

4. Тұрлі зұлымдықтарға жол бермеу мақсатында.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) барлық соғыстарына көз жүгіртсек, тек осы айтылған себептерге ғана сүйенгенніне күе боламыз. Ендеше, соғыс – тек Алланың ризалығы үшін Оның рұқсат еткен жағдайларда ғана болуға тиіс.

Жай кезді былай қойғанда, соғыс жағдайында да Ислам озбырлық әрекеттерге жол бермейді. Айтальық, соғыста әйелдерді, жас балаларды, соғысқа катыспаған қарт кісілер мен ешкіммен шаруасы жоқ монахтарды өлтіруге қатаң тыйым салды. Өсіп түрған ағаштар мен егін алқаптарын өртеуге, түье, сиыр сияқты малдарды өлтіруге, эр түрлі өзге діннің гибадатханаларын қиратуға жол бермедин. Дұшпан әскерлерінің өлі денелерін тілгілеп, көздерін ойып, мұрындарын кесуге де қатаң тыйым салды. Пайғамбарымыз соғысқа кетіп бара жатқан қолбасшыларына мынандай ескертулер жасады:

¹⁴⁶ Әнфал сүресі, 61-аят.

¹⁴⁷ Бакара сүресі, 190 аят.

«Алланың атымен жолға шығыңдар. Алла жолында күресіңдер. Соғысатын адамдарыңмен арапарыңда келісімдер бар болса, оны қадагалаңдар. Шектен шықпаңдар, соғыс кезінде өлтірген адамдарга «мұсле» (өлі денелерін тілгілеп, көздерін ойып, мұрындарын кеспендер) жасамаңдар. Балаларды, әйелдерді, қарт кісілерді, гибадатханалардагы адамдарды өлтірмеңдер»¹⁴⁸

Пайғамбарымыз (с.а.у.) тіпті өзіне қарсы соғысып жатқандарды қарғауы былай тұрысын, оларға «Алла Тағалам, олар Сенің құлдарың, біз де Сенің құлдарыңбыз...», «Алла Тағалам, олар білмейді, Сен оларды кешіре ғөр!» деген кең пейіл игі тілекте болған. Пайғамбарымыздың өміrbаяның атақты жазушысы Қади Мұхаммед Сүлеймен әл-Мансұрдың «Сира турахматан лил-аламин» атты кітабындағы келтірген санақ бойынша һижри жыл санауымен II-IX жылдар аралығында болған барлық соғыстарда дүшпан әрі мұсылман қатарынан бар болғаны 1018 кісінің ғана көз жұмғаны төнірегіндегі мәліметтерді ескерер болсақ, соғыс деп әй-шәй жоқ қан төге берудің де дұрыс емес екендігін аңғарамыз. Ал 1914-1918 жылды болған Бірінші дүниежүзілік соғыста 21 миллион адам жараланып, олардың 7 миллионы өмірмен қош айттысканы белгілі¹⁴⁹.

Жоғарыда да айтылғандай, соғыс – тек бейбіт шешу жолы түгелдей таусылған кезде барылатын соңғы жол. Рұқсат етілген бұл соғыстың өзін жекелеген адамдар, яки белгілі бір топ бұйрық беріп бастата алмайды. Соғысқа қатысып-қатыспауды шешетін, «жисіад!» деп аттан салатын, «соғысыңдар!» деп бұйрық беретін тек қана мемле-

¹⁴⁸ Ахмед ибн Ханбәл, Мұснәд, 1/300. әбу Дәуід, Жихад, 82.

¹⁴⁹ Идрис Шенгул. Куран кайнаклы һошғөрі ве һүрриет. Иени умит журналы, 24-бет. №47, 2000 ж. Стамбул.

кет болуы тиіс. Әйтпесе, кез-келген соғысқұмар адамның ашқан соғысы жиһадқа жатпайды.

Әлемде болып жатқан террорлық әрекеттермен Исламның ешқандай байланысы жоқ. Ислам сөзі «бейбітшілік, амандық-есендік» деген мағынаға саяды. Ислам діні – жер бетінде бейбітшілік пен тыныштықты орнату үшін жіберілген Құдайлық соңғы дін. Міне, сондықтан әр мұсылман, тіпті, сәлем бергеннің өзінде қал-жағдай сұрап емес, «бейбітшілік пен тыныштықты тілеп амандасады. Мұсылмандардың сәлемдесуде айтатын «әссәламу алейкум» сөзі «сөндерге Алланың бейбітшілігі мен есендігі, тыныштығы болсын!» деген мағынаны білдіреді. «Ислам», «сәлам», «мұсылман» сөздерінің барлығының түбірі бір. Яғни, бейбітшілік пен тыныштықтың мағынасын қамтитын сөздер. Ислам бейбітшілікті уағыздайтын дін болса, мұсылман баласы сол бейбітшілікті өзінің отырып-тұруында, сәлемі мен сөйлеуінде, өзгелермен қарым-қатынасында, қысқасы, әрбір іс-әрекетінде іс жүзінде көрсетуші тұлға болмақ.

«Бейкүнә бір адамды өлтіру – күллі адамзатты өлтірумен тең»¹⁵⁰ Бұл ереже қасиетті Құранда айтылған. Олай болса, қаншама бейкүнә адамның, періштедей бүлдіршін сәбілердің жаңын қиған лақестік әрекеттер исламға, Құранға, мұсылманшылыққа жата ма? Тіпті, адам өлтіру былай тұрсын, малды қорқытудың өзі Исламға теріс. Сойылатын малдың көзінше пышагын қайраған сахабасына Алланың соңғы елшісі Мұхаммед (с.а.у.) қатты кейіп: «*Сен малды неше рет өлтірмексің? Пышагыңды малды жатқызбас бұрын қайрамадың ба?*»¹⁵¹ деп ескерту жасаса, тағы бір хадисінде: «*Қаруды қалжыңдан болса да өзгеге кезенбе!*» деп, адамды өлтіру былай тұрсын,

¹⁵⁰ Маида сүресі, 32-аят.

¹⁵¹ әл-Мустадрак алас-саҳихайн лил-Хаким, 17-том, 422-бет.

өзгенің көңіліне аз да болса үрей салудың өзі исламға, шынайы мұсылманға жат әрекет екенін түсіндірген.

Беліне бомба байлаپ, өзгелердің жанын қиу үшін өзіне де қол жұмсаған жанкештілер өздерін «шейітпіз» деп есептейді. Шейіттік мәртебе бейкүнә жандарды өлтірумен келетін оп-оңай нәрсе емес.

Өзін-өзі өлтіру – исламда үлкен күнә. Құранда «**Өздеріңе өздерің қол жұмсамаңдар!**¹⁵²»¹⁵² делінген.

Біз дінімізді қасиетті кітап Құраннан әрі оны түсіндіруші соңғы пайғамбар Мұхаммедтен (с.а.у.) үйренеміз. Ал енді осы мұсылманшылық қағидаларының қайнар көзі саналған Құран мен Пайғамбарымызың өмірінде өзіне қол жұмсап, бейкүнә жандарды қыру бар ма? Тіпті, соғыс жағдайында да соғысқа қатыспаған адамдарды өлтіру – дінімізде харам саналып жатса, жай уақытта күнде құбылмалы саяси ойындар үшін жүзденген бейбіт жатқан күнәсіз жандардың жанын қиодың қандай ауыр күнә екені айтпаса да түсінікті.

Қоғамның пайдасы үшін болса да исламда қандай да бір адамның құқы аяқ асты етілмейді. Жалғыз ғана адамның құқы – жалпы қоғамның құқындай қымбат.

Исламда мақсат қандай ұлы, таза болса, оған апара-тын жолдар да сондай таза, ұлы болуы тиіс.

Террорлық әрекеттер арқылы ешбір проблема қазірге дейін шешілмеген әрі бұдан кейін де шешілмейді.

Барлық лаңкестік әрекеттер – ислам үшін жасалған күрес емес, керісінше, исламға қарсы қиянат.

Кейінгі кезде Ислам мен терроризмің бірге айтылуы – тырнақ астынан кір іздейтін ислам дұшпандары үшін таптырмайтын олжа болды. Сондықтан қандай қыын жағдайға душар болса да мұсылмандар исламның атына кір келтіретін лаңкестік әрекеттерден аулақ болуы

¹⁵² Ниса сүресі, 29-аят.

керек. Себебі, белгілі бір жағдайлар, дағдарыстар мен саяси ойындар күнде өзгереді. Ал діннің ұстаным, ереже-қағдилары мәнгілік. Өтпелі жағдайлармен діннің атына кір келтіруге болмайды.

Қазіргі таңда болып жатқан барлық жарылыс, лаңкестік әрекеттерді ислам дініне жабу кең етек алды. Алайда, солардың барлығын істеп жатқан мұсылмандар ма? Бұған «иә» деп жауап беру, әрине, қыын. Мұсылмандықты бет-перде етіп, лаңкестік әрекеттерге барып жатқандар кімдер? Кей жағдайда олардың қатарында соғыстарда әке-шешесінен, туған-туыстарынан айырылған, немесе басқа да рухани күйзелістерге түскен адамдар да болады. Ондай адамдар қеудесін кернеген ішкі ыза-кек пен күйіктің салдарынан барлық іске баруы мүмкін. Мұндай адамдар психологиялық тұрғыдан алғанда, діннің рұқсат етпеген нәрселерін де жасауға бейім тұрады. Өз істеріне шарифттан әлсіз болса да негіз іздей бастайды. Я болмаса кейбір өзгелердің ойыншығына айналып, бопса тұзағына іліккен мұсылмансымақ адамдар. Бұған қоса, мұсылманның атын жамылған әлдебір ұйымдар, тіпті алпауыт мемлекеттер саяси мақсаттары үшін шала сауатты кейбір дүмбілездерді арнайы дайындал, Құрандағы кейбір аяттардың бас-аяғын қырқып монтаждап, «*шейіт болып, жұмақта кіресің*» деп лаңкестік әрекеттерге айдақтауы да мүмкін. Яғни, зомбиге айналған адамдар.

Бүтінде кейбір арнайы дәрілерді ішкен адамдардың өлімнен де қорықпай, өз жандарын қыспа та жіберетіндігі белгілі болды. Мысалы, Шриланка аралында өсетін бір шөптің жойылуы үшін Дүниежүзілік денсаулық сақтау үйімі (WHO) 110 миллион қаржы бөлді. Бұл шөпті же-ген жастарда өлімнен қорку сезімі жоғалып, өздеріне опонай қол жұмсайды екен. Тіпті «Lsd» атты дәріні белгілі

бір адамға арнайы лагерлерде күнде тамағына қосып беру арқылы миындағы өзіндік ойларын өшіріп, орнына қалаған пікірінді құйғаннан кейін «*ecstasy*» секілді химикаттар арқылы 8-10 сағаттық лаңкестік әрекеттерді орындауға болады¹⁵³. Мұндай дәрілер арқылы өлімнен қорқу деген сезімі өшірілген, тіпті өлімді аңсайтын мәнгүрт адамдар арқылы кез-келген лаңкестік әрекеттерді жүзеге асыруға болады.

Осындай жолдардың түрлі-түрлісімен жасалып жатқан лаңкестік әрекеттерді Ислам дініне жауып, оны «*террористтік дін*» етіп көрсету – оған жасалған тарихта бұрын-соңды болмаған ауыр қиянат. Терроризмнің діні, ұлты болмайды. Жапонияның Токио қаласындағы метро да бірқатар адамның өліміне себеп болған «*Аум Сенрике*» сектасының жасаған лаңкестік әрекетін ешкім «*Будда терроризмі*» деген жоқ қой. 2000-2004 жылдар аралығында болған Испанияның Мадрид қаласында орын алған бірнеше лаңкестік әрекеттерді «*Христиан терроризмі*» деп тірі жан айыптаған жоқ. Ендеше, мұсылмандың атын жамылған кейір лаңышыл адамдардың жасаған террорлық әрекеттері неге бейбітшілікті уағыздайтын Ислам дініне жабылуы тиіс? Бұл тек күн санап көркейіп, өсіп келе жатқан дінімізге жаны қас дұшпандардың жапқан жаласы мен жаққан күйесі ғана.

Құрандағы: «Оларды (мұшріктерді) қайда көрсөндөр сол жерде өлтіріндер»¹⁵⁴ аятын лаңкестер өз істеріне актау ретінде қолдана алмайды. Себебі, бұл аят соғыстың қызып түрған кезінде қолына қару алып, мұсылмандарды өлтіру ниетімен соғыс майданына шыққан дұшпан әскерін «*сендер де өлтіріңдер*»

¹⁵³ Құрастырган: Ергун Чапан, Ислама гөре терөр ве интихар салд - рылары, 98, 103-беттер. Станбул. 2005 ж.

¹⁵⁴ Бақара сүресі, 191-аят.

деген мағынаны білдіреді. Әйтпесе, бейбіт жатқан кез-келген өзге діндегілерді «*қайда көрсөңдер, сол жерде өлтіріңдер!*» деген мағынаны білдірмейді. Исламда мұсылман өлкесінде тұратын өзге дін өкілдерін өлтіру былай тұрсын, оларға мұсылман болмаганын желеу етіп, титтей де болса әділетсіздік жасау дұрыс емес. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) бір хадисінде: «*Кім де кім бір зиммиға (мұсылман елінде тұратын өзге дін өкілдері) қынышылық көрсететін болса, мен ол адамның дүшинанымын. Ал мен кімнің дүшинаны болсам, онымен ақырет күні жеке есептесемін*», - делінген.

Басқа бір хадисте: «*Кімде кім біздің қарамагымыздагы зиммиді өлтірсе, жәннаттың иісін де иіскемейді*», - деп, келісім бойынша мұсылман өлкесінде тұрып жатқан басқа дін өкілін өлтірген адамның жәннаттан макұрым қалатындығын білдірген. Міне, дініміздің осы кеңшілігінің арқасында ғасырлар бойы мұсылман елдерінде христиандар бейбіт ғұмыр кешуде. Олардың діни рәсімдері мен жеке істеріне мұсылмандар араласпаған. Оларға пікір, және сенім бостандығы берілген. Қазірге дейін Мысыр, Түркия, Сирия сияқты мұсылман мемлекеттерінде шіркеулердің мешіттермен қатар терезелері тең тұр. Бұл исламның өзге дін өкілдеріне деген толеранттық көзқарасының айқын көрінісі. Исламда мұсылманшылықты қабылдамағаны үшін адам өлтіру деген ұғым жоқ. Исламға әркім өз еркімен сана-лы түрде кіруі тиіс. Алла Тағала Құранда бұл туралы «*Дінде зорлық жоқ*»¹⁵⁵ деп кесіп айтады. Ғасырлар бойы мұсылмандардың Құранның осы бір өміршең қағидасынан айнымағанына тарих қуә. Бұл ақиқатты батыстың өзі мойындайтындығына айғақ ретінде С. Арнольдтың

¹⁵⁵ Бакара сүресі, 256-аят.

мына сөздерін келтірейік: «Мұсылмандардың христиандарды жеңгеннен кейінгі жасаған толеранттық қарым-қатынастары ауыз толтырып айтуга тұрарлық жайт. Олардың бұл қарым-қатынастары кейінгі үрпақтарда да жалгасын тапты. Шындығын айтар болсақ, хрис-тиан тайпалары кейіннен исламга кірген уақытта өздерінің дербес ерік-қалауларымен кірген еді. Бүгінге дейін мұсылмандардың арасында христиандардың гұмырын кешуі – олардың осы толеранттық әрекеттерінің айқын көрінісі». Мысырдағы мұсылмандардың жеңісіне күә болған Никоу епископы Джон (694 жылда өмір сүрген) мұсылмандардың сол кездегі қолбасшысы Амр ибн Астың өзге дін өкілдеріне көрсеткен құрметтің былай деп тілге тиек етеді: «*Ол шіркеулерден еш нәрсе алмады. Талан-таражға салмады. Тіпті, шіркеулердің мұлкіне қол тигізбеді де*»¹⁵⁶.

Міне, осы сияқты тарихи дәлелдер кейбіреулердің айтқанындағы исламның жер жүзіне қылыштың жүзімен емес, айдай анық ақиқаттары мен оны ұстанушы мұсылмандардың адамгершілігі мен толеранттық ұстанымдарының арқасында жайылғандығын білдірсе кепек.

Мұсылмандар ғасырлар бойы қол астындағы өзге дін өкілдерін алаламастан оларға жақсылық жасап, қошемет көрсеткені соншалық, Рим императорлығы Сирияны қайтадан қайтарып алуға қалың әскер жинап келе жатқанда, сол жердегі христиандар шіркеулерге жиналып, мұсылмандар үшін қол жайып тілек тілеп, мінәжат еткен. Егер мұсылмандар қол астындағы өзге дін өкілдеріне қысастық жасап, исламға кірулері үшін күштегендे, олар

¹⁵⁶ Идрис Шенгул. Куран кайнаклы һошғөрі ве һүрриет. Иени умит журналы, 24-бет, №47, Стамбул, 2000 ж

жалына-жалбарына осылай мұсылмандардың тілеуін тілер ме еді?¹⁵⁷

Қазіргі таңдағы ең үлкен жиһад – сауатсыздықпен күрес. Мұсылмандардың соңғы ғасырларда артта қалуларының, көптеген саяси ойындардың құрбанына айналуларының, экономикалық күйзеліске ұшырауының бірден-бір себебі – сауатсыздық, кедейлік пен ішкі алуыздық. Білім мен дін – бір-бірін толықтыратын егіз ұфым. Дінсіз ғылым ақсақтық болса, ғылымсыз дін соқырлыққа тең. Сондықтан мұсылмандар үшін ең қатерлі дұшпан – сауатсыздық, білім деңгейінің төмендігі, біліктіліктің аздығы, жаңа технологияны ойлап табуды былай қойғанның өзінде өзгелердің технологиясын да сауатты қолдана алмаулары. Осының бәрі – мұсылмандардың дамымай артта қалуларының негізгі себептері. Ендеше, бүгінгі таңдағы жиһад қылыштан гөрі қаламға, сойылдан гөрі ғылымға сүйенбек.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) бір хадисінде: «*Махшар күні сөгиста ағызылған шейіт қаны мен ғылымга жұмсалған ғалымдардың сиясы таразыға тартылған сәтте ғалымдардың сиясы басым түседі*» делінеді.

Қазіргі өмір талабына сай озық құралдармен жабдықталған білім ордаларын ашып, ол жерде сауатты білім беру, үлкен зертханалар құрып, ғылыми жаңалықтар ашу, қысқасы, жүректері діни тағлыммен, ұлттық құндылықтармен тәрбиеленген, рухани біліммен нәрленген, ал ақыл-ойлары қазіргі озық ғылыммен сусындаған еңсесі биік ұрпақ жетілдіру – міне, қазіргі мұсылмандардың кезек күттірмей іске асыратын ең үлкен жиһады болмақ. Бұл жолда қолымыздагы бар мүмкіншілігімізді сарп етуіміз ләзім. Бай байлығын,

¹⁵⁷ М. Абдулғәттах Шанин, Шупнелер ве чыкыш иоллары, 3-том, 101-бет. Файл баспасы, Станбул. 1990 ж.

мұғалім білімін, тәрбиеші тәлім-тәрбиесін берсе, лауазымды орындықта отырған кісілер де қолдарынан келген барлық қолдауларын көрсетсе, қысқасы, ел болып әркім өз үлесіне тиғен міндеттін, мүмкіншілігін Алла ризашылығы үшін атқарса, міне, сонда ғана мұсылмандар өз проблемаларын сауатты шеше алады. Әлдебіреулердің саяси ойыншығы болудан, пікір бодандығынан, экономикалық тәуелділіктен құтылады. Сонда ғана мұсылман әлемі қүшейіп, әлемдегі барлық озбырлық әрекеттер мен әділетсіздіктерге батыл қарсы тұра алады. Сонда ғана мұсылман әлемі мемлекеттер арасындағы тепе-тендіктің сақталуына, әлемде бейбітшіліктің орнығына тарихтағы орны толmas өз үлестерін тағы да көрсете алмақ.



«Кәңф» сүреспінде «Алла кімді тура жолга салса, ол тура жолга түседі, ал кімді адастырса, оны тура жолга салатын көмекші таба алмайсың» деген аят бар. Сонда адамды тура жолга салатын да, адастыратын да Алла Тағаланың өзі болса, мына дүниедегі сынақтың, ана дүниедегі жұмақ пен тозақтың қажеті не болғаны?

Аятқа теренірек үнілсек, онда айтылған тура жолға салу мен адастыру түсінігі – белгілі бір іс-эрекет мағынасына саяды. Ал әрбір істі жарататын Алла Тағаланың өзі екенін «Жақсылық та, жамандық та Алладан» дегенге қатысты сауалға берген жауабымызда кеңінен айтып өттік. Тура жолға салуды да, адастыруды да болғызатын, жарататын – Алла Тағала. Бірақ Алла Тағала ешкімді күштеп иман еткізіп, еркінен тыс адастырмайды. Алла Тағала тура жолға, иманға апарар себептерді ынғайлап, адамдарды тура жолға шақырган.

Құранда бұл жайлы мынандай аят бар: «Біз әр пайғамбарды (акиқатты толық) түсіндіруі үшін өз қауымының тілімен жібердік. (Тура жолдың себептерін жіберіп, ескерткеннен кейін) Алла Тағала қалағанын адастырады, қалағанын тура жолға салады. Ол – шексіз құдірет иесі – Азиз, әр істі орынды істейтін, еш нәрсені бекер жасамайтын – Хаким»¹⁵⁸. Яғни, Алла Тағала жер бетіне тура жолды түсіндіретін пайғамбарлар мен кітаптар түсірген, арнайы ғалымдар жіберген. Құлдарының арасынан кім осы тура жолдың себептерін ұстанса, ақиқатты үйреніп, білу ниетімен мешітке барып уағыз тыңдаса,

¹⁵⁸ Ибраһим сүресі /14.

арнайы кітаптар оқып, ақылға жүгініп, имандылыққа бет бұрса, Алла Тағала да ол құлышың жүргегіне иман нұрын құйып, тұра жолға салады. Дүниенің қызылына қызығып, тұнгі клубтар мен сыраханалардан шықпай, күнәлардан бас алмаса, нәпсісіне ұнамды күнәларды тыяды деп Құранға, дінге қарсы шығып, жүрек тілімен «тура жолды қаламаймын» десе, Алла Тағала ол құлыш адастырады. Қысқасы, тұра жолды немесе адасуды қалайтын, тілейтін – біз, ал Алла Тағала сол қалауымызға қарай бізді тұра жолға салып, жүргегімізге иман нұрын құяды немесе адастырып, қараңғылыққа салады.



Әзірәйіл періште дүниенің әр жерінде бір уақытта қайтыс болатын адамдардың жаңын алуға жалғыз өзі қалай үлгереді? Оның олім аузында жатқандарға үрейлі яки ұнамды, турлі кейіпте көрінуін қалай түсінуге болады?

Әзірәйіл – Алла Тағаланың адамдардың рухын алуға міндеттеген періштесі. Ажалы жеткен адамдың жаңын ол тікелей өзі алады. Немесе Әзірәйіл періштенің бүйрығына бағынатын көптеген көмекші періштелері арқылы да алуы мүмкін. Құнәшар, кәпір адамдардың рухын алатын періштелердің бір басқа, ал мұсылман жандардың рухын алатын періштелердің бір басқа екенін Құранның кейір аяттар мазмұнынан анғаруға болады¹⁵⁹.

Дүниенің әр жерінде бір уақытта қайтыс болған адамдардың жаңын Әзірәйіл періштенің өзі тікелей алу мәселесі бір қарағанда мүмкін емес сияқты. Алайда, бұл пікір өзіміздің шектеулі ақылымыз берілгенде мүмкіндігін өзімізбен салыстырудың нәтижесінен тұған пайым.

Жалпы дүние болмыстарына қарай олардың шағылышулары да әр қылыш.

1. Мәселен, заттық, қатты, тығыз нәрселердің көрініс, шағылыштарын алалық. Біз жүз айнасы бар бөлмеге кірер болсақ, айнаға шағылышқан көрінісіміз арқылы біз

¹⁵⁹ Бұл жайлы «Назигат» сүресінің алғашқы аяттарындағы Аллаһ Тағаланың серт еткен: «суырып шығарушы» сөзіне ғұламалар «кәпірдің, құнәшардың жаңын суырып алушы періштелер» деп түсінік берсе, «акырын шығарушы» сөзін «мұсылмандардың жаңын оңай алушы періштелер» деп тәспірлеген.

жұз тал болып көрінеміз. Бір қолымызды қозғасақ, жұз қол қозғалады. Бірақ материалдық, заттық денеміздің шағылысынан туған көрініс болғандықтан рухымыз, сезімдеріміз, тәніміз ол жерде толықтай барлық болмысмызбен көрініс таппайды. Айналарға шағылысқан денелерімізде өмір жоқ болғандықтан, олардың бәрі өлі, рухсыз.

2. Заттық, бірақ нұрлы нәрселердің көрініс, шағылыстары. Мысалы, күн әйнек тәрізді заттарға өз бойындағы жеті түрлі реңі, жылуы сияқты барлық қасиеттерімен бірге өтеді. Яғни, әрбір күн сәулесіне шағылысқан әйнек, су тәрізді жылтырып нәрселер бейнебір күннің өзі сияқты көрінеді. Мысалы, лупаны күнге қарату арқылы кез-келген нәрсені құйдіруге болады. Қолымызға күнге шағылысқан бір айнаны алып, қараңғы бөлмеге қарату арқылы ол жерге жарық беруге болады. Міне, Күн барлық нәрседен ұзақ болуымен қатар, барлық нәрсеге өте жақын да. Сәулесін күллі теңізге төккені тәрізді әрбір су тамшысына, барлық жылтырақ заттарға да төге алады. Бір уақытта барлығына бірдей нұрын шаша береді. Біреуімен шағылысуы екінші бірімен шағылысына бөгеттік етпейді. Бірақ, күн заттық әрі сәулелі болғандықтан көбіне шағылысқан нәрселерге тек сәулелі, нұрлы жағын ғана өткізе алады.

3. Заттық емес, нұрлы–рухани нәрселердің көрінісі. Мысалы, періштелердің шағылысы барлық болмыстарымен бірге тұтастай көрініс табады. Бірақ періште шағылысқан айналардың қабілет, болмыстарына қарай көрінгендіктен, құллі ақиқаттарымен барлық жерде көріне бермейді. Мысалы, Жебірейіл періште пайғамбарымызға (с.а.у.) аса сымбатты сахаба Дихиә келбетінде көрінген сәтте Алла Тағаланың құзырында ғибадат жасап жатуы да мүмкін. Әзірәйіл періште де нұрлы болмыс болғандық-

тан, бір сәтте бірнеше жерде болу мүмкіншілігіне ие. Бір істі істеу екінші бір істі істеуіне бөгет бола алмайды. Міне, сондықтан Әзірейіл періште дүниенің бір жеріндегі белгілі бір адамның жанын алған сәтте басқа жердегі екінші бір адамның жанын да оп-оңай ала алады¹⁶⁰. Мұны тағы бір мысалмен айқындаі түсейік. Мысалы, белгілі бір жерден радио толқындары арқылы хабар жіберілсе, сол толқынды ұстайтын жиіліктегі (частота) барлық құралдар да дәл сол хабарды сейлей кетеді. Ал орталықтан хабарды бір ғана түймені басу арқылы тоқтатса, сол толқынды ұстайтын жиіліктегі барлық радио, т.б. басқа құралдар да тоқтай қалады. Дәл осы секілді Әзірейіл періште де өлім жиілігіне қарасты барлық адамның жанын бір уақытта неге ала алмасын?!

Өлер алдындағы адамға Әзірейіл періштенің қорқынышты яки ұнамды болып түрлі кейіпте көрінуін қарапайым ғана айнаны мысал ете отырып түсіндіріп көрейік. Мысалы, бөлмедегі жұз айнаның біреуі шағылысқан заттарын қара-көк, ұзын-қысқа, ал енді бірін жуан-жіңішке, етіп көрсететін болса, бөлмеге кірген бір ғана адам жұз айнада жұз түрлі кейіпте көрінеді. Міне, сол сияқты Әзірейіл періште де рухын алатын кісінің иман, ғибадат, мінез-құлықтарының рухани айналарындағы жағдайына қарай түрлі бейнеде көрінеді. Күнәшар адамға үррейлі, айбатты, ал такуа адамға ұнамды кейіпте көрініп, рухын майдан қыл суырғандай оп-оңай алуы мүмкін.

Асылында, бұл жерде келтірілген барлық мысалдар сұрақтың жауабын жеңілдету үшін берілді. Періштелерді ешбір өзгеріссіз дәл мысалдардағыдан деуден мұлде аулақпыз.

¹⁶⁰ Савфет Сених, Шұпнелер үзеріне, 60-бет. Т.О.В. баспасы, Измир.
1988 ж.

Мұхаммед пайғамбар (с.а.у.) неліктен көп әйел алған? Мұны һәпсікұмарлыққа жатқызатындарга не деуге болады?

Ежелден құні бүгінге дейін адамзат тарихына қарасақ, қарама-қайшы пікірде екі қоғам бар екенін байқаймыз. Бұлардың біріншісі – Ұлы Жаратушыға иман келтірген жандар болса, екіншісі иман келтірмей құпірлік жолын ұстанғандар. Иманнан мақұрым қалғандар әрдайым иманды жандарға сан түрлі жолдармен шабуыл жасап, олардың қастерлеген киелі ұғымдарын тілдеп келген. Осылайша олар өздерінің ішкі дүниелеріндегі арам пиғылдарымен қоғамдағы пәк адамдардың санасын улауға тырысада. Енде, бүгінгі таңда да арам пиғылды қара ниеттілердің болуы табиғи нәрсе. Өйткені, әркім өзінің ішкі дүниесіне қарай әрекет етеді. Осылайша Ұлы Жаратқанның «**Уа, пайғамбарым, әркім өз мінез-құлқына қарай әрекет етеді-де**¹⁶¹» деген баянының туралығын растайды.

Міне, сондықтан бүгінгі таңда пайғамбарымыздың толық өмірбаянын былай қойғанда, аты-жөнін де дұрыс білмейтін жандардың Оның (с.а.у.) көп әйелмен некелескенін қозғай беруі – дін дүшпандарының жайған жалған жалаларының нәтижесі екені сөзсіз. Мұндай пікірлерді жаюға тырысқан адамдар ешбір дінге сенбейтін имансыз жандар да болуы мүмкін. Ал, бұл адамдар пайғамбарымыз жайлы қоздатып келген бұл қитұркы істі өздері ешбір шектеусіз, ешбір зансыз жасырын түрде істеуде. Енді осы әйелдермен бірге болу мәселесінде

¹⁶¹ Испа сүресі, 84-аят.

осыншалықты нәпсілерінің құлақкесті құлдарына айналған бұл кісілердің пайғамбарымыздың әр түрлі мақсаттар мен хикметтер үшін Алла қосқан ақ некелілері турасында оны қаралап, айыптауға, одан есеп алуға ешбір арлары да, беттері де жоқ. Яки бұл тақырыпта Оны (с.а.у.) қасакана қаралауға тырысқандар исламға жаны қас еврей және христиан дінін ұстанатын кейбір адамдар. Ал, бұл дінге сенетін адамдардың да бұл әрекеттері ақылға да өздері сенген Тәурәт, Інжіл секілді кітап ұстанымдарына да қайшы. Себебі, олардың өздері қастерлейтін бұл кітаптарда көптеген пайғамбарлардың көп әйелмен некелі екендіктері баяндалған. Мысалы, Тәуратта Ибраһим, Дәүіт, Сұлеймен сияқты пайғамбарлардың көп әйелмен шаңырақ құргандығы айтылған. Ендеше, өздері сенетін пайғамбарлардың көп әйел алуына ешбір кінә тақпаған еврейлер мен христиандардың соңғы пайғамбар Мұхаммедке (с.а.у.) келгенде жалғаннан жала жауып, күйе жағуға тырысулары дұшпандықтан басқа ештеңе де емес¹⁶².

Сондай-ақ бұл жайлы күмәнді ой өрбітіп, тілдерін босқа бұлғап жүргендер – ислам дінін жетік білмейтін, пайғамбарымыз жайлы жазылған кітаптарды оқымастап, өзгелердің өтіріктен өрген өсек өрмегіне ілінген адамдар. Егер олар пайғамбарымыздың өмірбаянын бастан-аяқ дұрыстап оқып шығып, оның әрбір ісін зерделер болса, аталмыш күмәндарынан сейіліп, ақиқатқа көз жеткізер еді.

Ғаламның рақым нұры – Мұхаммедтің (с.а.у.) көп әйелмен некелесуіндегі асыл хикметтер мен ұлы мақсаттарды түсіндірмес бұрын дін дұшпандары

¹⁶² Мухиддин Акгұл, пейғамберимизин ханымлары ve евлиликлери - деки хикметлер – 1. Иени үміт журналы, №12, 31-бет. 1999 ж.

айтқандай Оның (с.а.у.) «нәпсікұмар, әйелқұмар» емес екенін дәлелдеуіміз қажет. Ол үшін пайғамбарымыздың өмір сүрген дәуірі мен қоғамын жетік білуіміз ләзім. Иә, ол дәуірдің «надандық, қараңғылық» дәуірі делініп, тарихта қара таңбасымен орын тепкені бәрімізге мәлім. Надандық пен қараңғылық үстемдік еткен бұл қоғамда зинақорлық ашықтан-ашық жасалды. Тіпті, зина жақауышы осы ұятынан халық алдында мақтанып, атақ-абыройға кенелді. Ата-тек, шежіре шатасып, көптеген балалар өз әкесінен бейхабар-ды. Осыншалықты бұзылған қоғамда Пайғамбарымыз – өзінің ар-ұятына зәредей кір жуытпаған абыз тұлға. Ол өзінің алғашқы отауын жиырма бес жасында тіккен еді. Пайғамбарымыз күш-жігердің бойда тасып тұрган осы бойдақтық шағында да ұяты істерге маңайламады. Нәпсісін тежеп, өзінің ерік-жігеріне ие бола білді. Егер пайғамбарымыз осы жасына дейін әлдебір әйелмен заңсыз байланыста болған жағдайда, тырнақ астынан кір іздегіш дін дүшпандары мұны жерден жеті коян тапқандай аттан салып күллі әлемге жар салар еді. Алайда, пайғамбарымыздың пәк өмірі мұндай лас істерден пәк болғандықтан, дін дүшпандарының діңкесі құрып, бұл туралы жақ аша алмауда. Демек, Мұхаммед (с.а.у.) – пайғамбарлық шағына дейін де нәпсікұмарлық пен әйелқұмарлықтан аулақ болған, ар-ұятына қылаудай дақ түсірмеген абыройлы жан¹⁶³.

Жиырма бес жасында өзінен он бес жас үлкен Хадиша анамызбен шаңырақ көтерді. Пайғамбарымыз Мекке қаласындағы, тіпті, дүниедегі ең сымбатты әрі ең сыйлы жан бола тұра өзінен он бес жас үлкен Хадиша анамызбен некелесті. Дін дүшпандары айтқандай,

¹⁶³ Махмуд Хамди Закзук, Хақайқул-Ислам фи муажаһати шубуһаатил-мушаккиин, 354-бет. Кайр қаласы, Мажлисул-ағла ли шуунил-Исламия. 2004 ж.

Пайғамбарымыз нәпсікүмар біреу болғанда, өзінен он бес жас ұлken әйелге үйленер ме еді? Хадиша анамыз бай болғандықтан үйленді деген ой тіптім орынсыз. Себебі Пайғамбарымыз (с.а.у.) Хадиша анамызben үйленгеннен кейін барлық байлығын дін жолында кедейлерге таратып, өздері күнкөрісі қарапайым халықтан да төмен жұпның өмір сүргенін ұмытпайық. Байлық үшін үйленген адам өзі әрен жеткен байлықты мұқтаждарға осылай онды-солды таратар ма еді?!

Хадиша анамызben көтерген бұл киелі шанырақтың дәм-тұзы жиырма бес жыл жарасты. Хадиша анамыз о дүниелік болғаннан кейін де пайғамбарымыз (с.а.у.) бес-алты жылдай бала-шағасымен жалғыз қала берді. Егер пайғамбарымыз әлгілер айтқандай әйел құмар болса, осыншама жыл қалай ғана ешбір ұятын істің көлеңкесіне де маңайламастан бойдақ жүре алды? Пайғамбарымыздың бұдан кейінгі барлық некелесулері әйелге деген құмарлық сезімнің азаятын шағында басталды. Яғни, 53-54 жасында. Бұған қоса, Айша анамыздан өзге некелескен жарларының барлығы да үлбіреген жас қыздар емес, жастары әжептеуір ұлғайған жесір әйелдер еді. Тіпті, көбінің бүрынғы күйелерінен бірнеше баласы да өздерімен ере келген болатын. Ал енді пайғамбарымыздың барлық некелесулері әйел құмарлықтан, нәпсікүмарлықтан туындаған болса, пайғамбарымыз қалыңдыққа жасы ұлғайған жесір әйелдерді емес, он екі де бір гүлі ашылмаған үлбірген жас қыздарды таңдар едіғой.

Күннен-күнге өрістеп кең етек алып бара жатқан жаңа дінді тоқтату үшін не істерлерін біlmей абдыраган құрайыштықтар Пайғамбарымыздың немере ағасы Әбу Тәліпке келіп: «*Біз оған қалаган байлығын берелік, қаласа, Меккениң бар билігін қолына ұстатаіық, әйел қаласа*»

са, ең әдемі қызымызга үйлендірейік, ауруға шалдықса, дүниенің ең атақты дәрігерін шақыртып емдемейік. **Тек ата-бабамыздың дініне қарсы шықпасын. Мына жаңа дінін тастасын**, – деп ұсыныс тастаған еді. Әбу Тәліп құрайыштықтардың бұл ұсынысын Алла елшісіне жеткізді. Пайғамбарымыз ұсыныстарын естір-естімес: «*Алла Тағалага ант етейін, егер менің оң қолыма күнді, сол қолыма айды ұстатса да мен бұл дінімді уағыздаудан бас тартпаймын*», – деп жауап берді. Егер нәпсісін тояттату үшін үйленер болса, Мекке мұшріктерінің бұл ұсыныстарына пайғамбарымыздың (с.а.у.) берер жауабы жоғарыдағыдан болар ма еді?!

Демек, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) көп әйелмен некелесуінің астарында нәпсіқұмарлық емес, басқа биік мақсаттар мен ұлы хикметтердің жатқаны есті адамға айдан анық. Бұл хикметтерді қысқаша түсіндірейік:

1. Тәлім-тәрбие және үйретуге байланысты. Ислам діні – ең ақырғы дін. Сондықтан бұл дін күллі адамзаттың қажеттілігін өтейтіндей ерекшелікке ие болуы ләзім. Міне, сондықтан тіршіліктің қай қырын болса да қамтитындей ереже-қағида, зандар әкелуге тиісті. Адамзат қөкейіндегі кез-келген сұрақтарына жауап таба алуы үшін Пайғамбарымыздың (с.а.у.) үй тіршілігі, жанұя өмірі, тұнгі өмірі, үй ішіндегі қарым-қатынастары т.б. бөгде ешкім хабардар бола бермейтін іс-әрекеттерінің бәрі нақты түрде бүге-шігесіне дейін түсіндірілуі керек. Олай болмаған жағдайда қияметке дейін жалғасатын ақырғы бұл дін түсініксіз, жабық қүйінде қалмақ. Ал ондай діннің әлемдік дін болуы есте мүмкін емес.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) көп адамға беймәлім жанұя тынысының толық білініп, адамзатқа жеткізілуі үшін Оның отбасында бірнеше жанның болуы ләзім. Міне,

осындағы ұлы мақсаттың жүзеге асуы үшін Пайғамбарымыз (с.а.у.) бірнеше әйелмен некелескен болатын.

Пайғамбарымыздың әрбір сөзі ғана емес, әрбір іс-әрекеті – үмбетіне темірқазық іспепті жол көрсетер ереже-қафидан. Оның түнде тұрып оқыған намазын, мінәжат, ғибадаттарын бізге осы пәк жұбайлары жеткізбегендеге, пайғамбарымыздың бұл тұстары үмбетіне мұлде беймәлім күйде қалар еді. Барлық хадис кітаптарына назар аударар болсақ, Ҳақ Елшісінің (с.а.у.) тұнгі намазы, үйдегі қарым-қатынасы, басқа да бөгде адамдар көре бермейтін іс-әрекеттерінің бәрін Айша анамыз сияқты пәк жұбайлары риуаят еткеніне күә боламыз. Тіпті, Айша анамыз хадистерді жеткізіп қана қоймай, қай хадистің қандай жағдайда айттылғанын да жақсы білуші еді. Әбу Муса әл-Әшғари (р.а.): «*Бізге (сахабаларга) бір хадис түсініксіз болса, оны Айшадан сұрап білемін едік*»¹⁶⁴ -деп, пайғамбарымыздың пәк жұбайларының исламды түсіндірудегі ерекше орнын білдірген.

Әйел баласына қатысты сан алуан үкімдерді үйретуде пайғамбарымыздың ақ некелілері мұсылман әйелдер мен пайғамбарымыздың арасында дәнекерлік қызметін атқарды. Пайғамбарымыздың әйелдерінің бірнешеу болуының арқасында әйел заты өздеріне қатысты ислам үкімдерімен оңайырақ танысу мүмкіндігі туды. Ислам дініндегі әйелдерге байланысты хайыз, нифас секілді кейбір ұялты мәселелерді пайғамбарымыздың әйелдерге тікелей түсіндіруі дұрыс емес-ті. Міне, сондықтан пайғамбарымыздың ақ некелілерінің әрқайсысы әйелдерге осы мәселелерді емін-еркін түсіндіретін.

Алла елшісінің жұбайларының арасында жас, орта жастагы және жасы егде тартқан әйелдер бар еді. Себебі,

¹⁶⁴ Хадисті имам Тирмизи жеткізді.

әр жас мөлшерінің өзіне тән жеке мәселелерінің болатыны да сөзсіз. Міне, осы мәселелер пайғамбарымыздың ошағын-да іс жүзінде, Алла елшісінің көз алдында болғандықтан, жауабы мен шешімдері де дер кезінде беріліп отырды. Пайғамбарымыздың әр жас ерекшелігіне тән мәселелерге берген жауаптары мен шешімдерін үмбетіне жеткізуі осы пәк жұбайларының арқасында жүзеге асты.

Пайғамбарымыздың шаңырақ көтерген ақ некелілері арабтың түрлі рулатын болатын. Тіпті, олардың арасында сол аймақтағы еврей сияқты басқа да ұлт өкілдері де бар еді. Олар пайғамбарымыздың көзі тірісінде әрі бақылық болғаннан кейін де өз рулаты мен қауымдарына ислам дінін үйретуге атсалысты. Пайғамбарымыздың әр жұбайы өз рулатының ортасында ұстаздық қызметін атқарды. Тәспір, хадис секілді білім салаларының тарауында үлкен үлес қосты.

2. Қоғамға қатысты хикметтері:

А) Пайғамбарымыздың әйелдерінің басым көвшілігі пана тұттар ешкімі жоқ әрі жетім балаларымен жалғыз қалған жесір әйелдер болатын. Пайғамбарымыз жаңа дінді уағыздай бастағанда мұсылмандар мұшріктерден қатты жәбір көрді. Оларды сан алуан азаптарға душар етті. Ислам діні жаңа тараій бастағандықтан бір отбасында кейбіреулердің әйелдері мұсылмандықты қабылдағанымен күйеулері қарсы болатын, енді біреулерінің қыздары мұсылман болып, әкелері исламнан бас тартты. Мұсылман болған әйелдерге ең алдымен күйеулері, сосын әкелері қарсы шығып, жаңа діннен қайтуы үшін оларды аяусыз таяқтың астына алып, шырқыратып жан шыдатпас азаптарға салатын. Бір жолын тауып күйеулерінен қашқан қорғансыз мұсылман әйелдерді пайғамбарымыз кейде сахабаларына кей тұстарда Алланың әмірімен, өзіне не-

келеп, оларды мұшріктердің азабынан құтқарып, оларға пана бола білді.

Бір жанғыда кейде әйелі де, күйеуі де мұсылмандықты бірдей қабылдап жатты. Ерлері түрлі себептермен о дүниелік болған мұсылман әйелдер әке-шешесінің, ағайынтуысының жаңына барған жағдайда оны дереу өлтіретіні яки жан шыдатпас азапқа душар ететіндері сөзсіз еді. Осындай қорғансызың қалған жесір әйелдерді мұшріктерге корлатпай аман алып қалу үшін пайғамбарымыз (с.а.у.) оларды өз ұсыныстары бойынша сахабаларға яки Алла Тағаланың әмірімен өзіне некелейтін. Міне, осындай қыын жағдайға тап болған мұсылман әйелдердің жаралы қөңілдеріне медеу болып, жетімдерінің басын сипау үшін пайғамбарымыз үйлену сияқты қыын істі кейде өз жауапкершілігіне де алатын.

Пайғамбарымыздың хазіреті Сәуда, Хафса, Мәймуна аналарымызбен үйленуінің астарында осындай мақсаттар жатыр.

б) Алла елшісінің көп әйелмен некелесуінде сол кездегі қоғамға тән кейбір ерекшеліктер назарға алынған. Мысалы, сахаба Әбу Бәкір, Омардың қыздарымен үйленуі арқылы Құрайыш руымен туысқандық байланыс құрды. Арабтарда туыстық қатынастар өте қуатты еді. Міне, осы туыстық сезім, байланыс арқылы құрайыш руының жаңа дінге жақындай түсулеріне себеп болды.

3. Саяси мақсаттар:

Алла елшісі Мұхаммедтің (с.а.у.) некелесуінің бір қыры саяси мақсатқа да сүйенді. Бұл арқылы пайғамбарымыз көптеген рулардың ислам дінімен танысуына себеп болды. Бір адам белгілі бір румен яки ұлтпен қызы алысқанды ол ру яки ұлтпен табиғи түрде жақындық байланысы қүшейе түсетіндігі белгілі. Яғни, құдалық-құдандалық байланыс арқылы араларындағы

ыза-кек, дүшпандық жойылып, сыйластық бой көтереді. Міне, адам табиғатының осы бір қырын жақсы білген пайғамбарымыз (с.а.у.) мұны ислам дінін жүртқа жеткізуде шебер қолдана білді. Мысалы, Харис қызы Жубәйра, Хуйай қызы Сафия және Әбу Суфиян қызы Рәмләлармен некелесуінде осындай астар бар. Аталмыш үш анамыз да сол қоғамда әжептеуір ықпалы бар кісілердің қыздары еді. Жубәйра мен Сафияның әкелері еврейлердің басшыларының санатында болатын. Бұлармен некелескеннен кейін еврейлермен туысқандық қарым-қатынас орнап, көптеген адамдардың Исламмен танысып, мұсылман болуына мүмкіншілік туды. Ал, Рәмлә анамыздың әкесі Әбу Суфиян Мекке басшыларының бірі болумен қатар мұсылмандардың азулы дүшпаны еді. Мұсылмандарға көрсетпегені қалмаған Әбу Суфиян қызы Рәмланың Пайғамбарымызбен үйленуінен кейін әжептеуір жұмсарып, кейіннен Ислам дініне өз еркімен кірді¹⁶⁵.

Құдаласу арқылы ара-қатынас, байланысты жақсарту тәсілі кейінгі ғасырларда да көп қолданылды. Мысалы, қазақ хандары қалмактар секілді көршілес елдермен де қыз алысқан. Мақсат – қарым-қатынасты қүшетту, олардың ішкі саясатынан хабардар болу, елге төнер қауіптің алдын алу болған. Бір өкініштісі, бұл тәсіл кейіннен мұсылмандарға қарсы да қолданылған. Тарихта кейбір үлкен мансапқа қол жеткізген мұсылман басшылардың жұбайларын зерттеген уақытымызда олардың да ағылшын, француз, неміс, еврей сияқты өзге ұлттардан болғандығын көреміз.

¹⁶⁵ Мухиддин Акгұл, пейгамберимизин ханымлары ve евлиилкл - риндеки хикметлер-1. Иени үміт журналы, №12, 31-бет. 1999 ж.

Алайда пайғамбарымыз бұл тәсілді игі мақсатта қолданған. Адамзаттың исламмен танысып, екі дүниеде де бақытты болуын көздеген.

Иә, Пайғамбарымыз (с.а.у.) жасаған, тарихта бұрын-соңды болмаған әрі ескірмейтін, тозбайтын рухани, ғылыми, саяси, мәдени төңкерістерінің ешбірін елемей, Алланың бүйірігімен жоғарыда айтылған ұлы мақсаттар мен асыл хикметтер үшін Оның (с.а.у.) көп әйелмен некелесуін жамандыққа балап, жарықтан қашқан жарқанат тәрізді иләһи нұрдан, исламнан қашқан жандар үшін Алла Тағаладан тек қана тұра жол тілеп, жүректерінің иман нұрымен нұрлануын қалаймыз!



Ислам дінін ұстанған мұсылмандардың бүгінгі күні ғылым-білімде артта қалуы неліктен?

Ислам – адамзатты екі дүниенің бақытына жетелер Алла Тағаланың ақырғы діні. Оның дәлелі – Құранның нұрлы аяттарын өмірлерінің сан саласына шамшырақ ете білген мұсылмандар. Иә, Құран қағидаларын берік ұстанып, аяттардың қасиетіне бас иген алғашқы мұсылмандар мәдениетте, ғылымда күллі әлемге ұстаздық етіп, үлгі бола білді. Себебі, Құранның алғашқы аяты «*иқра*», яғни «*оқы!*» деп түскен. Бұл бұйрық тек Құранды жатқа оку емес, жаратылыс сырларын оку, адамды оку, жалпы ғаламды зерттеп-зerdelep оку еді. Құран аяттары мен Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбардың хадистері мұсылмандарды әрдайым білімге, ғылымға үндеді. Тіпті, Пайғамбарымыз (с.а.у.) «*ғылым үйрену – әрбір мұсылман ер кісіге де, мұсылман әйелге де парыз*» деп, ғылым үйренуді әйел-ерек деп бөліп жатпай, әрбір мұсылман баласына парыз етті. Ғылым іздеуді мектеп, университет сияқты білім ордаларымен, докторлық, профессорлық тәрізді ғылыми дәрежемен яки өмірдің белгілі бір кезеңімен ғана шектемей «*ғылымды бесіктен көрге дейін ізде!*» деп, үлкен талап қойып, бүкіл өмірді қамтитын нысананы мензеді. Исламда әрбір ғылым саласы Алла Тағаланың құдіретін, ұлылығын, шеберлігін, шексіз білімін паш етіп, құлды Жаратушыға бір табан жақындаататын болғандықтан, мұсылмандар ғылымға жай ғана ізденіс, өзінің атын шығаратын әуестік емес, гибадат, құлшылық ретінде қараған. «...*Білетіндер мен білмейтіндер тен*

бе?...»¹⁶⁶ деп келетін Құран аяттары билетіндер мен білмейтіндердің, сауаттылар мен сауатсыздардың сөз сөйлеуде, өзгелермен қарым-қатынаста, ел басқаруда, бала тәрбиелеуде, жалпы қай қырынан болмасын тең еместігін, тіпті, Алла Тағаланың алдында да бір дәрежеде болмайтындығын ашық ұқтырды. Құран иман еткен жандарды әрдайым «**ақылға салмайсындар ма?**», «**ойланатын ақыл иелері үшін жаратылыста гибраттар бар**», «**пікір өрбітпейсіндер ме?**» деген секілді көптеген аяттарымен қашан да оймен саралауға, ақылға жүгініп, терең пайымдауға, салмақты пікірге шакырды. Тіпті, бір сағат ғылым-білім үйрену исламда бір жылдық нәпіл гибадаттан да артық санауды¹⁶⁷. Ислам әркімге енбегіне қарай несібесі берілетіндігін айтып, Құдайға сеніп қам-қарекетсіз қол қусырып жатудың дұрыс еместігін түсіндіріп, еңбекке, ізденіске шакырды. Мұсылман әрбір ісін Алла Тағаланың назарына ұялмай ұсынардай тиянақты, сапалы істеуі тиіс. Себебі, Құран аяты осыны талап етуде. «**Еңбен етіндер! Себебі, істерінді Алла Тағала, оның елшісі, жалпы мұсылмандар көреді!**¹⁶⁸.

Дініміздің адамзатты ғылымға қызықтырып, еңбекке құлышын тұнқанын жете түсініп, Құранның әрбір аятын өмірлеріне шамшырақ ете білген мұсылмандардан әр түрлі ғылымның негізін қалаған көптеген ғұламалар шығып, күллі әлемге сара жол қалдырды.

«*Жер домалақ па, төрт бұрышты ма, жоқ әлде мидай жазық па? Жер күнді айнала ма, жоқ күн жерді айнала ма?*» деп аражігін ажырата алмай, батыс ала шапқын болып жатқан кезде жердің домалақ екендігін VIII ғасырда-ақ тәпсір ғалымдарымыз анық айтып кет-

¹⁶⁶ Зумәр сүресі, 9-аят.

¹⁶⁷ Кашфул-хафа, 1-том, 310-бет. Тахриж ахадисил-Ихия, 9-том, 291-бет.

¹⁶⁸ Тәуба сүресі, 105-аят.

кен болса, XI ғасырда Әл-Бируни сынды мұсылман ғалымдарымыз ғылыми түрғыдан дәлелдеген болатын. Ал батыс елі XI ғасыр емес, XVI ғасырдың орта шенінде де жердің домалақ екендігін дәлелдемек болған Коперник, Галилео Галилей сынды ғалымдарын Інжілдің қағидаларына қайшы деген қатігездікпен шіркеудің инквизиция сотына салып, өртейміз деп қорқытып, пікірлерінен айнуға мәжбүр етті. Ал Италияның ғалымы Бруноны пікірінен қайтпағаны үшін аяусыз тірідей өртеп жіберді. Орта ғасырлардағы батыстың ғылымға деген осындай жабайы көзқарасына қарамастан, соңғы ғасырларда ғылым мен технологияда үлкен жетістіктерге жеткендіктерінің арқасында философия мен тарих көбіне euroцентристік көзқараста жазылып, бүкіл мәдениет пен философияның «бастауы» европалықтар болып шыға келді. Бұл көзқарасты қалыптастырығандықтары соншалық, қай қоғамда болмасын әлі күнге осы жаңсақ пікір жетегінде жүргендер баршылық. Мәдениет, білім, тарих кітаптарында мұсылман ғалымдарының аттары тіптен ескерілмеді. Мұсылман мәдениетінің ең бір гүлденіп, шарықтау шегіне жеткен алтын дәуірі әдейі бүркемеленіп, орта ғасырды европалықтар «қараңғылық дәуірі» деп атады.

Қазіргі таңдағы ғылымның дамуына батыстың қосқан үлесін ешкім жоққа шығара алмайды. Алайда, батыстың осындай деңгейге көтеріліп, ғылым мен технология саласындағы көптеген жаңалықтарға қол жеткізуіне мұсылман ғалымдарының үлесі өте зор болғандығы анық. К.В. Бодлейдің айтқанындағы: «*Қазіргі батыс мәдениеті ренессансқа, ренессанс өз кезегінде исламга қарыздар*».

Тарихқа үнілсек, мұсылмандардың батыс ғалымдарынан бұрын көптеген ғылымның негізін қалап, талай-талай жаңалықтарды ашқанына күә боламыз. Алғашқы

күн сағатын ойлап тапқан ортағасыр астрономия және математика ғалымы Жабир ибн Әфлах та мұсылмандардан еді. Ол Батыста «*Geber Filius Afflae*» есімімен танымал. Химия саласының атасы Жабир ибн Хайян (721-805): «*Материяның ең кішкентай бөлшегі атомда тығыз энергия бар. Грек ғалымдарының айтқанындағы атом бөлінбейді деу дұрыс емес. Бұл да бөлінеді. Ал, бөлінген жағдайда Багдаттың күл-талқанын шыгаратындағы күш пайды болады. Бұл – Алланың құждіретінің нышаны*» деп, атом бомбасы жайлы алғаш түсінік берген. Зоология ғылымының алғашқы ұстаздарынан Жаһиз (негізгі аты Әбу Осман Амр ибн Баҳр) және сегіз ғасыр бұрын автоматтық жүйені алғаш ойлап тапқан Жәзари (1136-1206), европалықтардан 400 жыл бұрын «*Хайатул-Хайаун*» атты зоологиялық энциклопедия кітабын жазған Демири (1349-1405) (негізгі аты Мұхаммед ибн Муса), европаға математиканы үйреткен Әбу Камил Шужаъ (?-951), Тригонометрияға тангенс, котангенс, синус және косинус заңдылықтарын косқан математик Әбул Уәфа (940-998), ең алғаш «*мәд жәзір*» (теңіз суының көтеріліп-тусуі) заңын ойлап тапқан ғалым Әбу Мағшар (785-886) да мұсылман ғалымдардан еді. Сондай-ақ, алғаш рет жүйелі әрі кең көлемді «*Әл-Жабр уәл-Мұқабала*» атты алгебра кітабын жазып, батысқа алгебраны үйреткен ғалым әл-Хорезми (780-850) болған. Әлі күнге дейін бұл ғылым сол кісінің жазған «*әл-жабр*» атты кітабымен аталғандықтан, «*Алгебра*» делінуде. Батыста жеті ғасыр бойы кітабы қолдан түспеген астрономия ғалымы Ферғани (негізгі аты Әбул-Аббас Ахмед ибн Мұхаммед) батыста «*Alfraganus*» делінеді, агроном саласында ортағасыр бойы тек мұсылмандар арасында емес, жалпы дүниеде теңдесі жоқ «*Китабул-фәлах*» атты кітапты жазған Ибн Аууам (XII ғасыр), жиырма тоғыз

жыл бойы көптеген елдерді, құрлықтарды тынбай арапап зерттеген саяхатшы Ибн Баттута (1304-1369), он екі ғасыр бұрын алғашқы қағаз фабрикасын құрган уәзір Ибн Фазыл (739-805), Wright, Wilbur және Orville атты ағайындылар европада тұнғыш рет 1903 жылы ұшақ жасап, ұшуға қол жеткізе, бұдан шамамен 1000 жыл бұрын, яғни, 880 жылы ұшақ жасап, ұшуға қол жеткізген Ибн Фирнас (?-888), тарихты ғылыми негіздең, жүйелеген алғашқы ғалым Ибн Халдун (1332-1406), туберкулез миқробын R. Kochтан 150 жыл бұрын ашқан атақты дәрігер Камбур Уәсим (?-1761), дүниенің диаметрін алғаш өлшеген үш ағайындының бірі Мухаммед ибн Муса, алгебрадағы «Бином» формуласын тапқан Омар Хайям (?-1123), 400 жыл бұрын қазіргі дүниежүзі картасына өте жақын кейіпте дүниежүзі картасын сыйған Пири Рейс (1465-1554), тұнғыш рет компасты ойлап тапқан Кабажаки (XIII ғасыр), химия саласында Кантитаф тәсілін ашқан Әбул-Касым әл-Каши (?-1436), 1000 жыл бұрын майда тамырларды тауып, алғаш рет рак ауруына операция жасаған ғалым Али ибн Аббас (?-994) секілді жүздеген ғалымдар мұсылман еді¹⁶⁹.

Иман – адамда ең киелі де қастерлі нәрсе болса, ислам дінінде сол иманның жартысы – тазалық. Ардақты Пайғамбарымыз (с.а.у.) хадисінде: «*тазалық – иманның жартысы*» деген. Тазалыққа мұнша көніл бөлгендіктен ибн Сина, әр-Рази, Абдулқәнир және Сахир Ибн Насруллаң секілді ислам ғалымдары жуынудың адам денсаулығына пайдасын егжей-тегжейлі зерттеген. Емханаларда жуыну үшін арнайы орындар бөлінген. Көптеген үйлердің жанында моншалар болған. Ал европада болса, монша ұғымы деген тіптен жоқ еді. Европалықтардың IX ғасырда жуына бастағаны белгілі. XVII ғасырларда Испанияның инкви-

¹⁶⁹ Шабан Дәген, Мұсылман илім Өнжүлери ансиклопедиси. Стабул, 1984 ж.

зияция сотында мұсылман испандықтар мен христиандар тазалығына қарап ажыратылатын болған.

Сабынды да алғаш қолданған мұсылмандар еді. Сондықтан мұсылман елдерінде базарларда сабынның хош иісі аңқып тұратын. Батыс тілдерінде сабынға «*savon*» дедінсе, ағылшын тілінде «*soap*» дедінүде. Бұл батысқа сабынның мұсылмандардан өткендігінің белгісі болса кепрек.

Ислам пайғамбary Мұхаммед (с.а.у.): «*Ей, Алла Тагаланың құлдары, емделіңдер! Құдай түсірген кез-келген дерптің дауасы бар. Теккәріліктің дауасы жоқ!*¹⁷⁰» деп, емі жоқ аурудың жоқ екенін білдіріп, мұсылмандарды емделуге, ем іздеуге шақырды. Сондықтан исламда дәрігерлік, емхана саласы ерте дамып, басқа адамдарға жол көрсетіп, бағыт берді. Онының ғасырдың орталарында бір ғана Кордова қаласында елуден астам емхана болған. Біз қазір қолданып жүрген әлемдік терминдегі «медицина» сөзі Ибн Синаның атымен тікелей байланысты деген де көзқарас бар. Бұл көзқарас бойынша «Медед» арабтың «көмек» деген сөзі, ал оның артына қосылған «Сина» сөзі Ибн Синананың аты. Сонда «*Синаның адамзатқа көмегі*» деген мағынаны білдіреді. Ибн Синаның медицина саласы бойынша жазған «*Шифа*» атты кітабы әлемнің әр түрлі тілдеріне аударылып, алты ғасырдан дәрігерлердің қолдарынан түспейтін дерек көзіне айналды. Тіпті, әлі күнге дейін батыс сөздіктері Ибн Синаға «*дәрігерлердің патшасы*» деген түсінік беруде. Кейінгі дәрігерлік саласы дамығанға дейін батыста Ибн Сина теңдессіз ұстаз қабылданды.

¹⁷⁰ Мусаннафу Ибни Әби Шәйба, 5-том, 421-бет. Қосымша мына кітаптарға қараңыз: Сунану Ибни Мәәжә, әл-Мустадрак аласахихайн, әл-Мүғжамул-қабир лит-Табарани, Шуғабул-иман лил-Бәйһаки.

Батыста психикалық ауруға шалдыққан адамдарды «ішіне шайтан кіріп алған, жын иектеген» деген түсінікпен абақтыларға қамалып, тоқпақтау арқылы емделетін. Тіпті, Інжілге қарсы келетін сөздері үшін оларды өлтіруге дейін баратын. Ауырып жатқан адам дін адамының алдында құнәсін айтып, мойында маса, ол адам өлмеші халде болса да, оны дәрігерлердің емдеуіне қатаң тыйым салатын. Емдеген жағдайда христиан дінінен шығарылатын. Поптардың түсінігі бойынша, дәрі – тәнірігे деген құпірлікке жетелейтін жол. Бұл жайлы шіркеу мұғалімі Татиан былай дейді: «*Дұниелік дәрілерге, шөп пен тамырларға сенім арту – тәңірғе деген сенімсіздік. Адамдарды тәңірден алыстапқысы келетін шайтандар мен лас рухтар иманы әлсіздерді алдауда*»¹⁷¹.

Кейіннен батыс елі мұсылмандардан көп нәрсе үйренеді. Батыста орын тепкен Андалусия ол кезде мұсылмандардың қолында еді. Қазіргі Испания ол кездері мұсылмандардың ғылым мен мәдениет орталығы болатын. Бар ғылым мен мәдениет батысқа ашылған осы мұсылман өлкесінен тарайтын. Андалусияның Кордова қаласының бір ғана кітапханасында 600 000-ға жуық қолжазба кітаптар бар еді. Ал IX ғасырда батыстың ең бай деген Сенегалдағы кітапханасында 400 дей ғана кітап бар болған көрінеді. Кейіннен батыс мұсылмандардан әсерлене бастаған шақта Сен Венсан кітапханасында кітап саны 11000-ға жетті. Мен бұларды батысты жамандай үшін емес, тек тарихи шындықты жеткізу мақсатында айтып отырмын. Шіркеудің ғылымға деген осындай қараңғылығының салдарынан батыста ғылым мен мәдениет едәуір артта қалған еді. Бірақ батыс XVIII ғасырда шіркеудің үстемдігін құлатып, саналарын

¹⁷¹ Шабан Дөген, Мұслұман илим Өнжүлери ансиклопедиси, 32-бет.
Стамбул, 1984 ж.

билиген шектеуден азат болғаннан кейін ғана ғылым көкжиегіне еркін қанат қақты. Бұғінгі таңда батыс ғылым мен технологияда алдыңғы қатарда. Дейтүрганмен, дінсіз ғылым да өзінің кері нәтижесі мен кемшіліктерін байқатпай қалған жок.

«Ғылым деген бұл болса – адыра қалсын,

Демеске бара жатыр ішім толып»¹⁷²-деп Шәкәрім Құдайбердіұлы жырлағандай дінсіз, руханиятсыз ғылым адамға кейбір тұстарда қасірет әкелді. Ол атом бомбасы боп жарылып, оқ боп бейқұнә жандарға атылды. Руханиятсыз ғылым өзгелерді қанауға қолданылды. Сонында «клоңдауды» шығарып, жаратылысты жаратуға адамның да құдіреті жетеді дегендей құпірлікке барды. Ол – ол ма? Оны адам деген киелі жаратылысқа да қолдануға шақ қалды. Қолдан ұрықтандыруды дамыта келе ешбір шектеусіз оны адамға да қолдана бастады. Сөйтіп, ер адамдардың спермалары сатылатын сперма банкалары пайда болып, әйелдер тұрмысқа шықпай-ақ жүкті болу мүмкіншілігіне ие болды. Нәтижеде әйелдер «куйеу» деген Құдай қосқан жұбынан айрылды. Тіпті, оларды керек те қылмайтын болды. Балалар болса тумай жатып жетімдік көріп, дүниеге әкесіз келді. Киелі ұғым, ата-тек әбден шатасты. Ежелгі қастерлі ұғымдар бұғінде «ескінің сарқыншағы», «керімартпалық» саналса, небір сорақы әрекеттер «ғылым, мәдениет, даму, әйел еркіндігі» деген ұранменен көкке аспандатылды. Міне, мұның бәрі руханиятсыз ғылымның жемісі екені сөзсіз. Бұғінгі таңда батыстың ғылымда, технологияда өркендеғенімен рухани азғындал, тығырыққа тірелгені баршаға мәлім. Дінсіз жерде ғылым құлды Құдайға жақыннатудың орнына, керісінше, оны алшақтатты. Адамды «мен жасасадым, мен

¹⁷² Шәкәрім, Өлеңдер мен поэмалар, 139-бет. Жалын баспасы, Алматы 1988 ж.

бүйттім» деген тәқаппарлыққа тәрбиелеп, азғындауға душар етті. Атақты ғалым Эйнштейн: «Діңсіз ғылым – ақсақ болса, ғылымсыз дін - көр», – деп бекер айтпаса кепрек. Қысқасы, дінсіз жерде ғылым, ғылымсыз жерде дін болмайды. Құранның алғашқы аятына назар аударсак, «Оқы, жаратқан Раббыңың атымен!» делінеді. Яғни, Ұлы Құдіретті танытудан ада, Оның ризашылығы жоқ оку – ғаламға пайдалынан гөрі зиянын тигізбек. Ыбырай Алтынсариннің:

«Бір Құдайға сыйынып,

Кел, балалар, оқылық!»-деп, окудын жанына жаратуышы иеміз Алла Тағаланы да қосуы, ақын Мұқағалидың:

«Қол қусырып Құдайға,

Ғылым мен дін бірге бар!»¹⁷³-деуі де бекер болмаса керек-ті.

Өкінішке орай, кейбір адамдардың «Батыс діннен алишақтағанда гана ғылымда қайта өрлеу дәуірі басталды, дамуышылық белең алды. Мұсылмандар да діндерінен алишақтар болса, бәлкім, артта қалудан құтылар ма еді» дегенін де құлақ естіп жүр. Алайда, батыс бізге өлшем емес. Батысты мұсылмандармен салыстыруға мүлде болмайды. Себебі, сол кездегі шіркеу ғылымға қатты қарсы болғандықтан, батыстың одан құтылған шакта дамуы табиғилық. Ал, ислам діні ешқашан ғылымға қарсы болмаған. Тіпті, әрдайым қолдап отырған. Сондықтан дінді жақсы түсініп, Құранға құлақ асқанда ғана мұсылмандар ғылымда шарықтап, мәдениетте өркендеген. Әлемге ғасырлар бойы ұстаздық еткен. Алайда, Құран қағидаларынан алшактап, өзгелерге ес-түссіз еліктеп, өз тектерінен адасып, қастерлі ұғымдарды аяқасты еткен кездері еріксіз кері кетушілік бой көрсетті. Ғылымда

¹⁷³ Мұқағали шығармалары, 2-том, 26-бет. «Жалын» баспасы, 2001ж.

артта қалып, саутасыздықтың шынырауына құлады. Ендеше, мұсылмандардың артта қалуы Ислам дінінің көрітартпалығынан емес, керісінше олардың өз діндерінен алшақтауында, Құранның өміршең қағидаларын жаңа өмірге сай дүрыс түсіне алмауларында жатыр. Содан барып жақсы мен жаманның парқын білмейтін, дос пен дүшпанды ажырата алмайтындей мешелдікке ұрынды. Өз құндылықтарын мақтан ете бойын тік ұстаудың орнына, өзгелердің жылтырақ мәдениетінің алдында бүгежектеп өздерін төмен санаудан аса алмады. Ынтымак-бірліктеріне сызат түсті. Талқыланатын қашшама маңызы зор мәселелер бола тұра түймедей жайттар түйедей етілді. Сол болмашы нәрселерге бола бір-бірімен қызыл кенірдек боп айтысып-таласып, жаға жыртысуға дейін барудан тайынбады, береке-бірліктен айрылды. Ал береке-бірлік кеткен жерде даму емес, тек кері кетушілік қана болады.

Іә, бұл айтылғандар мұсылмандардың артта қалуының негізгі себептері. Бұған қоса, кешегі тарих беттеріндегі шытырман оқиғалар да мұсылмандардың сергелденге түсіп, сансырауына себеп болды. Бұған орта Азияның ғылым мен мәдениет ошағы Отырады, сан ғасырлар бойы мұсылмандарға ғылым-білімде орталық болған Бағдат шаһарын жалмап жұтқан монгол-татар шапқыншылығын, бүкіл батыстың шоғырланып мұсылмандарға ес жигызбай неше қайтара жасаған «крест жорығын», ғылым мен өнерде құллі адамзаттың мақтанышына айналған «Андалусияның» мұсылмандардың уысынан шығуын, «Осман империясының күйреуін» жатқызуға болады.

Андалусияны (қазіргі Испанияны) христиандар жауап алған уақытта, мұсылмандардың мәдениетін,

ғылымы мен білімін ойрандай етіп¹⁷⁴, кітапхаларындағы бар құндысын талан-таражға салып, өз елдеріне әкетті¹⁷⁵. Сөйтіп, Андалусия батыстың қазіргідей ғылым-білімде дамып-жетілуіне жағдай жасады.

Кешегі, ғасырлар бойы төрткул дүниені аузына қаратып, мәдениет пен ғылымда өзгелерден оқ бойы озып шығып, оларға жетекшілік еткен ата-бабаларында боламыз десе, бүгінгі мұсылмандар да Құранның нұрлы аяттарын өмірлерінің әр саласына шамшырақ ете білуі керек. Құран аяттарын заманға зайдеп, жорамалдай білуі қажет.



¹⁷⁴ Бір ғана Гырнатаны қолға түсірген уақытта қаланың ортасында мұсылмандардың 80000-ға жуық кітабын өртеп жіберді.

¹⁷⁵ Ахмет Гүркан, Ислам құлтұрунұн гарбы меденилештирмеси, 230-бет.

Рухтың денеден денеге өтүі, яғни, «реенкорнация» сенімі дұрыс па?

Рухтың бір денеден екінші денеге өтуі ғылымда «реенкорнация» немесе «тәнасадұх» (ислами) деп аталады. Бұл жаңсақ наным-сенім бойынша, рух қонған денелердің барлығы оның сыртқы шапаны іспетті. Өмір – үлкен мектеп. Бұл өмірге қайта келіп, кем-кетігінді толықтыруға болады. Рух өзінің кемел дәрежесіне жеткенше денеден-денеге өтіп, үлкен мектепті тәмамдайды екен.

Бұл сенімнің негізінде өлімнен қорқу, жер бетінде мәңгі өмір сұруге деген құштарлық, дүниеде кездесетін жаманшылықтарды өзінше түсіндіру сияқты психологиялық себептер жатыр. Яғни, өлуді қаламайтын адамдар бұл сенім арқылы өздерінің мәңгілік өмір сұруге деген құштарлықтарын қанағаттандырмак болған.

Реенкорнация сенімінің нақты қай жerde бастау алғаны белгісіз. Кейбір деректер бойынша, бұл көзқарас көне Мысырдан бастау алған. Тарихшы Геродот та осыны мақұлдаған. Өйткені, көне Мысырда өлген адамның жаны жануарлардың, әсіресе, құс немесе жыланның денесіне өтіп, сол жерде өмірін жалғастырады-мыс деген наным болған. Ежерлігі мысырлықтар дене өле сала, рух құрлықта болсын, мейлі суда болсын бірнеше жан-жануардың денесін аралаганнан кейін қайта айналып адам денесіне қонады деген пікірге сенген. Перғауындар заманында Пирамидалардың салынуына да осы бір түсініктің ықпал еткені мәлім.

Ал басқа дерек көздеріне сүйенсек, бұл жалған сенім Мысырда ғылыммен айналысқан Пифагор арқылы гректерге, осылайша батыс әлеміне жеткен.

Шығыста тәнасұх сенімінің ең көп тараған жері – Үндістан. Ганга және Сент өзендерінің бойында өмір сүрген тұрғындар адам өлгеннен кейін жаны құсқа барып қонады, сол арқылы тіршілігін үзбейді деген пікірге иланған.

Бұл сенім түрлі қоғам мен мәдениеттердің ерекшеліктеріне, уақыттың етуіне қарай әр түрлі сипат алып, өзгерістерге ұшырап отырған. Сондықтан бұл жалған көзқарас қоңе Греция, Мысыр, Үндістан, Қытай, Иран елдерінде әр түрлі. Айталық, тәнасұх пікірі Үндістанда жалпыға ортақ кейіпте болса, Будда мен Брахман діндерінде аңыз ретінде сипатталады. Тіпті мынадай ой қалыптасқан: «*Тазарған күнәсіз рухтар Нирванага қол жеткізеді, ал күнәнәр рухтар болса, тазарғанға дейін аңдар мен айуандардың денелерінде көшіп жүреді*».

Көне мысырлықтар реенкорнацияны адамнан жануарға, жануардан қайтадан адамға өту деп түсінген.

Иранда болса, тәнасұх мәселесі пәлсападан гөрі діни негізде қолға алынған. Бұл пікірді Зороастризм мен Мәздақы секілді діни топтар арасынан қолдағандар да шыққан. Көнеден келе жатқан бұл жарамсақ пәлсапа Иранда Ғұлат секілді кейбір Шиилік ағымдарға да араласқан¹⁷⁶.

Жинақтап айттар болсақ реенкорнацияның негізгі басты-басты сенімдері мыналар:

1. Рухтар бір денеден екінші денеге мәнгілік өтіп жүре береді. Буддада кемелденген рухтар «Нирванага» жетеді.

¹⁷⁶ Mehmet Kyrykynjy, Рух недир? 74-бет. Зафер иайынлары, Стамбул. 1993 ж.

2. Адам үшін жұмақ пен тозақ ақыретте емес, осы дүниеде әр түрлі денелерде болады. Олардың түсінігінше, Жұмак – бұл дүниеге сау-саламат, қуанышты әрі бай болып келіп, рахаттанып өмір сұру болса, Тозақ – ауру-сырқау, мүгедек, жетім болып келіп, қиналып, бар ауыртпалықтарды бастан кешу ғана. Қиямет – кісінің өлімі, қабір – ана жатыры, ал өлгеннен кейін қайта тірілу болса, тенасұх жолымен қайтадан дүниеге келуді білдіреді.

3. Жақсы іс істегендер келесі келулерінде әдемі, сұлу денелерде, ал жамандық істегендер жағымсыз денелерде келеді. Жаман адамдар жазаларын түрлі жан-жануар, өсімдік және жансызы нәрселерге көшу арқылы тартады.

4. Адам және барлық жан-жануарлар – жауапкершілік иелері. Яғни, Алланың бүйрықтарын орындауға міндettі. Жан-жануарлармен қоса барлық жан иелеріне пайғамбар келген әрі келуде.

Реенкорнация сенімінің исламдағы негізгі ұстанымдарға және жалпы қысынға қайшы жақтары төмендегідей

1. Ислам діні бойынша әрбір адам жеке өзінің өмірінен, істеген істерінен жауапқа тартылады. Ал мындаған денеге кіріп шыққан рух – біреуінде жақсы, екіншісінде жаман, үшіншісінде тағы жақсы болды делік. Сонда ол қай денеде атқарған істері бойынша сұраққа тартылады?

2. Ислам діні және басқа да Құдайылық діндер бойынша, адамдардың барлығы мына дүниеде істеген әрбір ісінің қарымын ана дүниеде алады. Ал енді бір денеде істеген жаманшылығы мен жақсылығының қарымын алу үшін екінші бір денеге кіретін болса, онда тозақ пен жәннат кім үшін? Арғы дүниеде адам рухының рахатқа бөленіп, байыз табатын Жәннат мекені болмаса денеден-денеге өтіп рухани тазарудың қандай пайдасы бар?

3. Денеден-денеге өткен сайын рухтың сатылай жоғарылап тазара түсетіндігі айтылады. Егер шынымен-ақ адам рухы бір денеден екінші бір денеге көшу арқылы тазарып отыратын болса, адамзаттың жағдайы қазіргідей болмас еді ғой. Миллиондаған жылдан бері мындаған денилерге кіріп-шығып жүрген адам рухтары тазарған сайын тазарып, күллі пендешілікден арылып, жалпы әлем мейірімділік пен бейбітшіліктің, адамгершіліктің шуағына шомуга тиіс еді. Алайда, қазіргі таңда әлемде керісінше соғыс, қатігездік, зұлымдық, зинақорлық, ішімдікке салыну, өзімішлідік, жалпы рухани аштық күннен-күнге арта тусуде.

4.Рухтың денеден денеге өту сенімі ақыл-ой, қисынға да сай келмеуде. Өйткені, егер ондай көзқарастың шынайы өмірдегі ғылыми астары қалың болса, онда ол бүкіл адамзат баласына ортақ болуы қажет еді. Айталақ, әркім-ақ әуелгі денелерін, бастан өткен оқиғаларын еміс-еміс еске түсіре алуы керек еді. Алайда, бірнеше жас балалар мен психопаттардың және кейбір адамдардың гипноз кезінде айтқан сандырақ әңгімелерінен басқа ешкім бұл тура-сында жақ ашпауда. Осы уақытқа дейін басқа денелерде өмір сүргендіктерін айтып келген алты-жеті жастағы үш-төрт кішкене баланың сөздері құқықтық әрі ғылыми тұрғыдан ешқандай дәлел бола алмайды. Өйткені, әлі қиял мен шындықты ажырата алмайтын кішкене жастағы балалардың бөгде біреулердің психологиялық ықпалынан шыға алмауы әбден мүмкін. Рeenкорнацияшылардың мықты дәлелі – әр нәрсенің басын бір шала әңгімелеген осы балалар ғана. Психопаттарға келсек, бұлардың ақыл-есінде ақау болғандықтан, айтқан сөздерінде де қарама-қайшылықтар жиі ұшырасуда. Дәрігерлік емге зәру бұл кісілердің айтқан уәжіне тоқтау, сірә, ақыл-есі бүтін адамға жараса қоймас. Сондықтан бұлардың айтқандары

да құқықтық түрғыдан дәлел бола алмайды. Ал кейбір адамдардың гипноз сеансы кезінде ес-түссіз жағдайда гипноздаушы адамдардың ықпалымен өткен өмірлеріне байланысты айтқан әңгімелері реенкорнацияның шындығына қалайша ғылыми дәлел бола алмақ? Неліктен барлық психиатрлар реенкорнация сенімін қолдаушылар сияқты гипноз кезінде айтылған сандырақтарды реенкорнация сеніміне дәлел ретінде қарамауда? Керісінше, барлық психиатрлар бұл адамдарды психологиялық (dissosyetif бұзылу) ауруға ұшыраған деп, реенкорнациышылардың дәлелін бірауыздан жокқа шығаруда.

5. «Рухтар өткен өмірлерін неге естеріне түсіре алмайды?» деген сауалымызға бұл сенімнің жақтаушылары адам үшін өткен өмірлерін білмеулері тиімді деп, мынандай дәлелі әлсіз мысалды алға тартады: «*Өткен өмірлерінде арапарында келеңсіз жайттар болып, бірбірімен дұшпан болған екі ағайынды екінші өмірлерінде де бір шаңырақтың астында дүниеге келулері мүмкін. Мұндай жағдайда олардың бұрынғы өмірлерін білулері олардың бұрынғы дұшпандықтарын естеріне түсіріп, ыза-кең, дұшпандықтарын қоздыра түсүі мүмкін. Сондықтан бұрынғы өмірлерін естеріне түсіре алмаулаты олар үшін әлдеқайда тиімді*». Берілген бұл жауаптарына қанағаттану эсте мүмкін емес. Себебі, өткен өмірлеріндегі қателіктерін білмейтін адамдардың қазіргі өмірлерінде сол жіберген қателіктерін түсініп, түзетуі мүмкін бе? Ендеше, өткен өмірлеріндегі қателіктерін білмеген адамдардың сол жіберген қателіктерін түзету үшін мына дүниеге кайта келулерінде қандай мән бар? Өткен қателерін мұлдем білмейтін адамдардың қайтадан сол қателерге ұрынбауына кім кепіл?

6. Егер реенкорнацияшылардың айтқанындаид адамдардың рухы жан-жануар, өсімдіктерге, сосын

өсімдіктерден қайта адамға өте беретін болса, бұрынғы өмірлерінде адам болған қазіргі триллиондаған жанжануарлар мен өсімдіктерде неліктен адамның кейбір ерекшеліктері мен оған тән іс-әрекеттері қылаң бермейді?

7. Бұл сенім адамдардың арасындағы қарым-қатынасқа да психологиялық түрғыдан кері әсерін тигізеп сөзсіз. Жаңа туған пәк сәбидің денесінде мына дүниеге сан рет келіп, әр түрлі істерді жасаған қария рух жатқандықтан, ата-ана жаңа туған сәбілерін құшактап тұрып: «бұл сәби кезінде қандай құнәлар мен қылмыстарды жасады екен» деген үрейлі ойға батып, өз сәбілерінен өздері қорқып, бойларын балаға деген сүйіспеншіліктен ғорі суық сезім билеуі әбден мүмкін.

8. Рeenкорнация сеніміндегідей егер рух бұрынғы өмірлеріндегі кейбір қабілеттері мен жеткен жетістіктерін басқа денеге қайта қонған кезде бірге ала келетін болса, неліктен жаңа туға сәбиді оқытып, тәлім-тәрбие беріп, өте қарапайым нәрселердің өзін қайыра үретуге мәжбүрміз? Әлемде неліктен баланың өмір сахнасына дайындалуы үшін қыруар қаржы жұмысалуда?

9. Рeenкорнация сенімі бойынша рухтар бірнеше рет келіп, кемелдену дәрежесіне жеткеннен кейін бұл дүниеден мұлдем келмеске кетеді. Будда діні бойынша «Нирванага» жетеді. Ал енді миллиондаған жылдан бері көптеген рухтар кемелденіп, мына дүниені тәрк етіп келмеске кеткені рас болса, жер бетіндегі адамдардың саны ғасырдан ғасырға азаюға тиіс еді ғой. Алайда жер бетіндегі адамдардың саны керісінше құннен-құнге арта түсude.

10. Мына дүниеде берілген бір ғана шектеулі өмірде адам баласының рухани кемелдікке жетуіне толық

мүмкіндігі бар. Ислам тарихында исламды қабылдамай тұрып пүтқа табынып, өз қыздарын өз қолдарымен аяусызы өлтіріп, зұлымдыққа белшесінен батқан көптеген жандар Ұлы Жаратушыға иман етіп, Құран қағидаларын ұстанғаннан кейін жалпы адамзатқа ұлғі боларлық кемел тұлғаларға айналғаны баршаға мәлім. Олай болса, рухани жетілу үшін біресе адамның, біресе өсімдік, жанжануардың денелеріне сан рет кіріп-шығудың қандай қажеттілігі бар? Тіпті, реенкорнация сенімі адамдарды рухани жетілдіру былай тұрысын, керісінше, міnez-құлқының құлдырап, адами қасиеттерден ажырауына әкеліп соғады. Себебі, бұл сенімге иланған адам «мына дүниеге мыңдаған рет келіп, өзімді түзетін, кемелденуіме әбден мүмкіндігім бар» деп пайымдағандықтан небір соракы іс-әрекеттерге баруы ғажап емес. Ал, керісінше, өмірге бір-ақ рет келіп, барлық істеген іс-әрекеттері бойынша ана дүниеде есепке тартылатынына иланған адам рухани жетілуге бар ынташынласымен ұмтылары сөзсіз. Өйткені, ондай сенімдегі адам үшін мына дүниеге қайта келіп, қатесін түзету мүмкіншілігі жоқ¹⁷⁷.

11. «Өткен өмірде болған Маркс, Андрей, Григорий сияқты мулде танымайтын адамдардың істеген күнәларының салдарынан неліктен мен осы өмірімде жасап шегіп, қынышылықтарға душар болуым керек? Еміс-еміс болса да есімде жоқ алдыңғы өмірдің күнәсін неліктен мен арқалауым керек? Алғашқы өмірім мен күнәларым кіммен басталды және қашан басталды?» сияқты сұрақтарға қанағаттанарлық жауап табу мүмкін емес. Құранда: «Ешкім ешкімнің күнәсін арқаламайды. Ақырында барлықтарыңың қайтар жері – Раббыларың болады. Сөйтіп, Ол сендерге не істегендерің жайлы толық

¹⁷⁷ Аднан Бұлент Балаоглу, Ислама гөре текرار догуш Реенкарнас - он. 190-198 бет. Китабиат баспасы, Анкара, 2001 ж.

хабар береді. Шұбәсіз, ол жүректеріндегіні толық білуші»¹⁷⁸ дедінген.

12. Ренкорнация сенімі бойынша, рухтардың барлығы әзәли, яғни, бастауы жоқ, жаратылмаған. Ал ислам діні бойынша әзәли – барлығының бастауы жоқ, жаратылмаған, ол тек қана – Ұлы Жаратушы Алла Тағала. Оның әзәлилігінің жаңында екінші бір әзәли болмыс жоқ әрі бола да алмайды.

Түйін:

Бұл сенім ислам сеніміне, тіпті, басқа да бұрынғы Құдайлық діндердегі жәнннат-тозақ сеніміне түбекейлі қайшы. Өйткені, исламда әрбір адамға жеке рух берілген. Әрбір кісі бұл дүниеде атқарған жақсы-жаман ісіне қарай ақыретте Хақ алдында есепке тартылып, жәннатта сыйыяптың яки тозақта жазасын тартады. Көз жұмған адам екінші рет мына дүниеге сынақ үшін қайта келе алмайды.

Құранда: «Олардың әрбіріне өлім келген сәтте: «Раббым! Мені дүниеге қайтар! Мүмкін мен дүниеге барып жақсы іс істермін» - (деп жалынады) Әсте олай емес. Рас, бұл олардың айтқан бос сөздері ғана. Өйткені, олардың артында қайта тірілетін күнге дейін бөгет бар»¹⁷⁹ - делінсе, басқа бір аятта: «Олар (кәпірлер) сол жерде (тозақта) жәрдем сұрап былай деп шыңғырады: «Ей, ұлы Раббымыз! Бізді мына жерден дүниеге қайтадан шығара ғөр! Біз бұрынғы істеген істерімізден басқа салих, ізгі амалдар істейік». (Алла Тағала оларға былай деп жауап береді:) Біз сендерге түсініп, ғибрат алатын адамның өміріндегі мерзім бермедік пе? Әрі сендерге пайғамбар да келіп ескертті. Олай болса, азаптарыңды татындар! Залымдарға ешқандай көмекші жоқ»¹⁸⁰.

¹⁷⁸ Зұмар сүресі, 7-аят.

¹⁷⁹ Мүминун сүресі, 99-100-ші аят.

¹⁸⁰ Фатир сүресі, 37-аят.

Реенкорнация пікірі көне қауымдарда қате, жаңсақ сенім күйінде жалғаса келді. Қазіргі таңда бұл сенім кейбір адамдардың денесіне енген жын-шайтандардың олардың жүрек пен ақылдарына тікелей әсер етіп, өктемдік етуінің салдарынан болуы бек мүмкін. Пайғамбарымыздың хадисінде: «*шайтан адам баласының қан тамырында жүреді*» делінеді емес пе? Ендеше, жын-шайтан адам баласының жүрегі мен ақылына тікелей әсер етуі арқылы реенкорнация сияқты еш негізі жоқ нәрсені бардай етіп көрсетуде.



Алла Тағала құранда: «Маган дұға етіңдер, сендерге жауап беремін» деп, құлдарының дұғаларын қабыл ететіндігін айтқан. Алайда біздің жасаған дұға, тілектеріміз көбінесе қабыл болмайды. Мұны қалай түсінуге болады?

Іә, Құранның «Fafir» сүресінің 60-аятында Алла Тағаланың «**Маган дұға етіңдер, сендерге жауап беремін**» деген уәдесі бар. Алла Тағала құлдарының жасаған барлық дұғаларына жауап беруші. Алайда, дұғаға жауап беру бір бөлек те, оны қабыл алу бір басқа. Аятта Алла Тағала өзіне жасалған барлық дұға-тілектерге жауап беретінін айтуда. Ал дұғада сұралған нәрсенің беріліп-берілмеуі яғни тілектің қабыл болып-болмауы Алла Тағаланың хикметі мен қалауына қарай жүзеге асады. Қарапайым бір мысал келтіре кетейік, бір сырқат адам дәрігерді көмекке шакырса, дәрігер оған «иә, не болды, не сұрайсың?» деп, оның шақыруына ілтипат білдіріп жауап береді. Бірақ, дәрігер сырқаттың өзі сұраған барлық дәрі-дәрмегін дереу бере салмайды. Ауруын қарағаннан кейін, оның сұраған дәрісі шынымен-ақ ауруына шипалы болса ғана береді. Сұраған дәрісі ауруына, яки басқа бір ағзасына кері әсерін тигізер болса, ол дәрінің орнына басқа бір шипалы дәрі беруі мүмкін.

Міне, дәл осы тәрізді Ұлы Жаратушымыз да құлдарының барлық жасаған мінәжат, дұға-тілектеріне жауап береді. Бірақ сұралғаның берін қабыл ала бермейді. Себебі, біз көбіне мына пәни дүниенің өткінші пайдасын ғана күйттеп, мәңгілік дүниемізге кері әсері тиер нәрсені сұраймыз. Сұраған нәрсеміз кейбір жалған сезімдеріміздің яки асығыс қабылдаған шешіміміздің нәтижесі болуы

ықтимал. Кейбір жақсылық деп пайымдаған нәрселеріміз біз үшін аяғында жамандық болуы мүмкін.

Құранда: «Жек қөрген нәрселерің сендер үшін қайырлы болуы мүмкін. Ал жақсы қөрген нәрселерің сендер үшін жаман болуы мүмкін. Алла біледі, сендер білмейсіндер»¹⁸¹, - делінеді. Сондықтан кейбір сұраған нәрселеріміз берілмеген жағдайда дұғам қабыл болмады дегеннен гөрі, тілегімнің орындалмауы мен үшін қайырлы шығар деп Жаратқанның жазғанына риза болған жөн.

Кейде асығыстық жасап, әлі пісіп жетілмеген нәрселерді уақыты келмей жатып шикілей жинап алуды қалаймыз. Алла Тағала осындаі көнілі мен сезімдеріне ұнамды әр нәрсені сұрай беретін құлына ненің керекті, ненің қажетсіз, дүниесі мен ақыретіне қай нәрсенің пайдалы, қайсының зиянды екенінің жақсы білгендіктен, оның тілегін Өзінің хикметіне қарай береді яки сұрағанынан да аbzалын нәсіп етеді. Мысалы, біреу Алла Тағаладан ер бала тілеуі мүмкін. Ал Алла Тағала оған қатардағы қарапайым ер баладан да қайырлы қыз бала нәсіп етуі мүмкін. Имранның әйелі Жаратушыдан ұл бала тілейді. Алайда, Ұлы Жаратқан оған ұл баладан да қайырлы қыз сыйлайды. Олай дейтініміз, ол болашақ Иса пайғамбарды дүниеге әкелетін Мәриям анамызды босанған болатын.

Дұғаның негізгі мақсаты – ғибадат пен құлышылық. Сондықтан кейде оның қарымы ақыретте сауап ретінде беріледі. Дұға жасаған құл өзінің әлсіздігін, мұқтаждығын мойындаған, Жаратушсының өзінің сол мұқтаждығын көріп, дұғасын естіп түргандығына көміл сенгендіктен, иман дәрежесі арта түседі. Әрі бүкіл әлемді құдірет қолында ұстаган Ұлы Сүйенішті паналагандықтан, құлазыған көнілі байыз табады. Құл дұға жасаған уақытта өзінің әлсіздігін, әлжуаздығын, ал Жаратушсының

¹⁸¹ Бакара сүресі, 216-аят.

құдіреттілігін түсінгендіктен, оның өзі бір ғибадат. Кез-келген ғибадатта осы мағыналар көрініс береді емес пе? Мысалы, құл басын сәждеге қойған уақытта өзінің тәмен, әлсіз екенін іс жүзінде көрсетіп, ал Алла Тағаланың құдіретті, ұлы екенін паш етеді. Пайғамбарымыз хадисінде: «*Дұға – ғибадаттың мәйегі*» деген¹⁸². Енде-ше, дұға жеке басына құлшылық саналғандықтан, оның негізгі жемісі мен қарымы ақыретте берілмек.

Дұғаның қабыл болуы үшін мына дүниенің өзіндік зандары мен себептерін ешбір ақаусыз атқаруымыз қажет. Дұғаның өзі екіге бөлінеді. Біріншісі «*фигели дұға*». Яғни, өзіміздің ісіміз арқылы Ұлы Жаратушыдан тілеу. Мысалы, жер жыртып, дән сеуіп, оны жаз бойы суғарып, оның есіп-жетілуі үшін керекті барлық іс-шараларды атқару. Мұндай дұға Алла Тағаланың қойған зандары мен себептерін орындау арқылы жүзеге асатындықтан көбіне қабыл болады. Ал екінші дұға «*қаули дұға*» – сөзben не жүрекпен тілеу арқылы болатын дұға. Қаули дұға мен қатар фигли дұға жасалуы керек. Іс істемей жатып жасаған барлық дұғаларды Алла Тағала қабыл ала беретін болса, елдің бәрі жатып-ішер жалқауға айналар еді. Ал Алла Тағала құлдарының жалқау болуын, әлбетте, қаламайды.

Сондай-ақ, жасаған әрбір дұғамызы Алла Тағала қабыл ала беретін болса, дүниедегі тепе-тендік бұзылар еді. Мысалы, жүрттың көпшілігі бай болуды, бастық болып, мөр басуды қалағандықтан, олардың осы тілектерінің бәрі қабыл болар болса, жұмысты кім істеп, кім-кімге басшы болмақ?

Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір хадисінде былай дейді: «*Алла Тағала өзінен тілек тілеген барлық адамның дұғасына жауап береді. Оның құлдарының дұғаларына*

¹⁸² Суннәт эт-Тирмизи.

жасауап беруі – дұға жасаған адамга сұраганын беруі арқылы, яки дұғасының сауабын ақыретке жинауы немесе тілеген тілегінің көлемінде күнәсінің кешіруі арқылы жузеге асады¹⁸³. Бірақ кісі күнә нәрсені тілемесе немесе туысқандық қатынастың бұзылуын сұрамаса ері жасаған дұғам қабыл болмады деп асығыстық жасамаса болғаны¹⁸⁴.

Дұғалардың қабыл болуының басқа да шарттары бар. Мысалы, дұғаны ықыласпен жасау, ешбір харам аспен қоректенбей сияқты.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір хадисінде «*Адамдар дұғам қабыл болмайды деп шагым жасайды. Алайда, оның ішкен-жегені, киген киімі харам болса, дұғасы қалай қабыл болсын?*» десе, басқа бір хадисінде: «*Біліп қойыңдар! Алла Тағала құлышыз жүрекпен жасалған дұғаны қабыл етпейді!*»¹⁸⁵ деген.



¹⁸³ Тирмизидегі басқа бір риуаятта: «Тілеген тілегінің көлемінде күнәсін кешіруі арқылы» дегеннің орнына «жасаған дұғасының көлемінде жаманшылықтан сақтау арқылы» дедінген.

¹⁸⁴ Тухфатул-ахуази Шарху Жамуғут-тирмизи, 2-том, 2426-бет. «Дәрүл байтул афкария» баспасы.

¹⁸⁵ әл-Хаким, әл-мұстадрак алассахихайн, 1-том, 670-бет. «Дәрүлкутубил илмия» баспасы, Бэйрут, 1990 ж.

Жалпы пайғамбарлардың саны қанша? Әйел затынан неге пайғамбар келмеген?

Жер жүзіне көптеген пайғамбарлар келген. Пайғамбарымыздың бір хадисінде жалпы пайғамбарлардың саны жайлы 124 мың делінсе, басқа бір хадисте 224 мың делінуде. Бірақ, бұл хадистердің әлсіз хадистердің қатарына жататынын да естен шығармағанымыз жөн. Сондықтан жалпы жер бетінен жіберілген пайғамбарлардың нақты саны бізге беймәлім. Құранда жиырма сегіз пайғамбардың аты аталғанымен, үшеуінің пайғамбар болып-болмауына қатысты ғалымдар арасында әр түрлі пікірлер бар. Пайғамбарлар тек қана араб түбегіне келмеген. Барлық жерге, әр түрлі қауымдарға арнайы пайғамбарлар жіберілген. Адамзаттың жаратылу мақсаты «Ұлы Жаратушыны тану, оған гибадат етіп, өзіне жүктелген төл міндеттін түсіну» сияқты құрделі тақырыптар болғандықтан, бұларды түсіндіру үшін адамзатқа пайғамбарлардың жіберілуі үлкен қажеттілік. Себебі, жаратылыстағы осы ұлы мақсатты адам баласының жалаң ақылымен қатесіз тауып, хақ пен нахақты уахидің көмегінсіз ажыратып түсінуі әсте мүмкін емес. Адамның бүгін турға дегені ертең қате шығып жататындығы да, міне, сондықтан.

«Исра» сүресінде былай делінеді: «Біз пайғамбар жібермейінше (ешбір қауымды) азаптаушы емеспіз»¹⁸⁶. Яғни, пайғамбар жіберілмеген қауымдарды азаптау –

¹⁸⁶ Исра сүресі, 15-аят.

Ұлы жаратушының шексіз рақымдылығына қайшы. Алла Тағала арғы дүниеде әрбір жаманшылықтың есебін алыш, күллі ізгіліктің сый-сыяпат, қарымын беретін болғандықтан, барша адамзатқа арнайы пайғамбар жіберген. Құранда: «Ескеरтуші пайғамбар келмеген ешбір үмбет жоқ»¹⁸⁷ -делінеді. Демек, Адам атадан бастап көптеген елшілер пайғамбарлық міндетімен жер бетін нұрландырып, адамзатқа ақиқаттың пердесін ашып отырған. Кейбір зерттеушілердің сөзіне құлақ салсақ, Африканың мәдениеттен, білімнен бейхабар, тіпті араларындағы кәрі кісілердің етін жеуді әдетке айналдырған кейбір қараңғы тайпаларының сенімдерінде «Алла жалғыз, Оның серігі жоқ. Егер екі Құдай болса, алыш жүйе бұзылады», «Жаратуши тумады да туылмайды» сияқты, Құран білдірген ақиқаттарға сайма-сай ережелердің бар екенін айтуда. Демек, мұндай жалаң ақылмен біліне бермейтін ұлы ақиқаттарды бір уақыттарда сол тайпаларға жіберілген пайғамбарлар жеткізген болса керек.

Әйелден пайғамбар келіп-келмеу мәселесіне тоқталар болсақ, «әңлі-сұннет уәл-жәмагат» ғалымдарының көпшілігі әйел затынан пайғамбар келмегендігі жайлыш бір көзқараста¹⁸⁸.

Құранда: «Сенен бұрын да біз уахи етілген тек еркектерді пайғамбар етіп жібердік. Егер білмесендер білім иелерінен сұрандар» - делінеді¹⁸⁹.

Себебі, әйел тегінен пайғамбардың келгендігін білдіретін шариғи нақты дәлел жоқ. Негізінде, әйел затынан пайғамбардың келмейі оларды кемсіткендік емес. Хақ

¹⁸⁷ Фатир сүресі, 24-аят.

¹⁸⁸ Әхлу сунниттік кәләм фалымы Әшғари бойынша, әйелдерден де пайғамбар жіберілген.

¹⁸⁹ Өнбия сүресі, 7-аят.

Тағала жаратылыстағы барлық нәрсені бір-бірін тәмамдап, толықтыратындаған кейіпте жаратқан. Тең құштер әрдайым бір-бірін теуіп, итеретіндігі де зандылық. Сондықтан әйелдің мейірімділігі мен нәзіктігі еркектің күштілігі мен қуаттылығы әрдайым бір-бірін толықтырып, оң және теріс зарядтар тәрізді бір жерде бірігулеріне жағдай жасауда.

Соңғы ғасырларда қолдан әйел болмысын ереккек айналдыру – оның өз еріне бағынбай, қарсы шығуына әкеп соқты. Сөйтіп, басшысыз қалған отбасында бақыт байрағы жерге құлап, жанұя мүшелерінің сансырауына себеп болды.

Шынтуайтында, жанұямен қатар қоғамда әйел затының өз жаратылысы мен болмысына сай қасиетті де киелі орны бар. Дүниеге сәби әкелу – еркектің қолынан келер іс емес. Ол – тек әйелдің еншісіне бұйырган қастерлі міндет. Ұрпаққа керекті тәлім-тәрбиені беріп, қоғамға пайдалы азамат өсіруден артық та абзал міндет жоқ. Міне, осы міндет те – тікелей ананың мойнынадағы қасиетті борыш. Әйел заты өз болмысына жарасымды міндеттін ұмытып, ереккек ұқсауға тырысқан күннен бері ұрпақ саны азайып, тіпті сол аз ғана ұрпақтың өзі тәрбиеден алшақтап, қоғамда келенсіз жайттар көптеп орын ала бастады.

Ендеше, әйел затына пайғамбарлық міндеттің жүктелмеуі – оның адами деңгейінің төмендігінен емес, керісінше, ерекше жаратылысы мен нәзік табигатына тікелей байланысты.

Иә, әйел баласы әр ай сайын хайыз¹⁹⁰ мерзімінің келуіне байланысты оншақты күн пайғамбарлық міндеттін атқара алмайды. Мұндай кезде әйел адам Хақ Тагаладан уахи алып, хабарласу былай тұрсын, жай мұсылманның атқаратын ораза, намаз сияқты ғибадаттарды да атқара

¹⁹⁰ Етеккір.

алмайды. Бұған қоса, оның жүкті болу жағдайы, сәбиді дүниеге әкелгеннен кейін қырық құндей нифас мерзімі тағы бар. Жаңа туған нәрестеге қарау сияқты әйел ғана атқара алатын маңызды істер оның пайғамбарлық міндегіне ақау келтіреді.

Пайғамбарлық – өте ауыр міндегі. Пайғамбарлық жүктелген жан қашанда қауіп-қатер мен небір киыншылықтардың бел ортасында жүреді. Ол – соңынан ергендерге әр істе өнеге болып, жол көрсететін көшбасшы көсем тұлға. Ол – керек кезінде атқа мініп, жауға қарсы шабатындай тайсалмайтын батыр, майданда стратегиялық шұғыл шешім қабылдап ел қорғайтын дана қолбасшы. Мұның бәрі үйде отырып атқаратын шаруа емес. Пайғамбарлық біргана отбасындағы балаларды тәрбиелеу емес, жалпы адамзатты тәрбиелеу болғандықтан әйел тегінен пайғамбар келмеген.

Сөз түйіні, әйел тегінен пайғамбар келмегенімен барша пайғамбарлар мен ұлы тұлғаларды дүниеге әкелгендердің әйелдер еkenі даусызы.



Мұсылман емес мемлекеттерде түүп-оскен адамдардың ақыреттегі жағдайы қалай болмақ?

Ислам діні – Құдай Тағаланың жер бетіне жіберген ең ақырғы діні. Ақырғы дін келгеннен кейін бұрын келген барша діндердің үкімі жойылды. Алла Тағала Құранда: «Кімде кім исламнан өзге дін іздесе, қабыл болмайды...»¹⁹¹ деген.

Дінімізде ислам дініне кіру бақытына кенелменген жандардың бәрі жаппай тозаққа барады деп кесіп айтылған нақты үкім жоқ. «Әхлус-суннет» ғалымдары бұл мәселеде әр түрлі көз қараста. Мысалы, Әшгари бойынша ешбір дін, ешбір құдайылық баян жетпеген адамдардың барлығы, мейлі атеист болсын ақыретте сұраққа тартылмайды. Алла Тағала «*Исрә*» сүресінде дін жетпеген ешбір қауымды азаптамайтынын білдірген: «...Біз пайғамбар жібермейінше (ешбір қауымды) азаптаушы емеспіз»¹⁹². Алла Тағала мұндай жандарды өзінің жәннат нығметінен белгілі бір дәрежеде құр алақан қалдырылмайды.

Ал Матурудилер бойынша, барлық адамдар пайғамбар келсін-келмесін, дін жетсін-жетпесін Ұлы Жарауышының аты мен есімін, кітаптары мен пайғамбарларын білмесе де, Оған иман етулері керек. Мұндай жандар ақыретте ғибадат тұрғысынан сұралмаса да, иман тұрғысынан сұраққа алынады. Себебі, адамның ақылы ақ пен қараны, жақсы мен жаманды ажырата

¹⁹¹ Әли Имран сүресі, 85-аят.

¹⁹² Исрә сүресі, 15-аят.

алатындаі кейіпте жаратылған. Табиғаты да Ұлы Жаратушыны табуға әрі Оған иман келтіруге бейім. Бұған қоса, әлемдегі әрбір жаратылыс бойындағы ғажайып нақыштарымен Ұлы Жаратушының бар екендігін паш етуде. Аспан әлеміндегі жымындаған жарық жүлдіздар, жер бетіндегі құлпырган тамаша өсімдік әлемі, жаратылыстарында ешбір міні жоқ сансыз жан-жануар – бәрібәрі Ұлы Жаратушыны мензейді. Шөлде ғұмыр кешкен шопанның өзі Ұлы Құдіретті тапқандығы хадисте риуаят етілген. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) құзырына келген бәдауден Ұлы Жаратушыны қалай тапқаны жайлы сұраған уақытта, ол былай деп жауап берген: «Бір жердегі түйенің тезегі ол жерден түйенің өткенін, ал аяқ ізі де сол жерден біреулердің жүргендігін мензейді емес пе? Ендеше, мына таңғажайып жүйемен жаратылған аспан әлемі, мына ғажап әдемілікке толы жер беті – шексіз білім иесі һәм барлық нәрседен толық хабардар Ұлы Құдіретті қалайша менземесін?!». Демек, қарапайым түйешінің өзі әлемдегі барлық нәрсені жаратып, оны керемет жүйемен еш ақаусыз басқарып түрған Ұлы Құдіретті таба білген. Олай болса, иман мәселесінде ақыл-ойдың рөлін толықтай жоққа шығара алмасымыз ақиқат. Осы түрғыдан алғанда, ғалым Матуруди «*адам ақыл-ойымен-ақ Ұлы Жаратушыны таба алады*» деген¹⁹³.

Қорытындылар болсақ, Ислам діні мүлдем жетпеген яки жетсе де, өзінің шынайы келбетінде емес, бұрмаланған түрде жеткен әрі оны дұрыс тану мүмкіншілігі мүлде жоқ қоғамда өмір сүріп жатқан жандарды Алла Тағала өзінің рақымына бөлейді деп үміттенеміз. Ал ислам діні толық жеткен әрі онымен танысу мүмкіншілігі бола тұра оған салғырт қарап, қырсықтық пен тәкаппарлықтың

¹⁹³ М, Абдулғәттах Шанин, Шупхелер ве чыкыш иоллары, 3-том, 57-бет. Файе баспасы, Станбул. 1990 ж.

шырмауынан шыға алмай, ақиқатқа көз жұмған ақ пен қараны ажырата алатындаң ақыл-есі бар жандар ақыретте азапқа душар болады. Тек шет мемлекеттегі адамдарға емес, исламның қайнап тұрган жеріндегі адамдар да пайғамбарымыздың әкелген ақырғы дініне құлақ аспай, Жаратқанның жіберген соңғы нұрына жарықтан қашқан жарқанат тәрізді көз жұмып, иманнан аласып, қүпірлікке жүгірер болса, тозаққа барады. Бұл мәселеде Алланың рақымынан артық рақымшылық ойлау өзіміздің шамамызды білмеу әрі Ұлы Жаратқанды қатігезге теңеу болғандықтан өте сақ болғанымыз жөн.

Алла Тағала әр пендесін өзіне берілген мүмкіндіктегінде қарай сұраққа тартатыны ақиқат. Сондықтан мұсылман емес мемлекеттердегі адамдардың жеке жағдайы мен мүмкіншіліктерінде қарай бұл сұрақтың жауабы да әр түрлі болмақ. Олай дейтініміз, мұлде дін жетпеген, қаранды қоғамда өмір сүрген адам мен хак діннің ортасында туып-өсken адамның ақыреттегі жауапкершілігі бірдей болмасы анық. Бәлкім, ешбір дін жетпеген жапан даладағы бір адамның жан жүргімен «*Ya, Жаратқан!*» деп бір рет айтуды – ақыретте исламның қайнаған жерінде туып өсken адамдардың мың рәкат нағызынан асып түсуі әбден мүмкін.

Міне, сондықтан біз мұсылман емес мемлекеттерде туып-өсken жандардың бәрін бірдей дереу кәпір деп, «*олардың бараЯ жері тозақ*» дей алмаймыз¹⁹⁴. Үлкен ақида ғалымдарының жоғарыдағыдан кейін, біздер бұл тақырыпта өте абай болғанымыз жөн.

Мәселенің бізге қатысты жағын қозғар болсақ, біз исламды сахабалар тәрізді әлемнің түкпір-түкпіріне дұрыс

¹⁹⁴ Себебі, «кәпір» деп: ислам толық түсіндіріліп, оны қабылдамаған адамға айтылады. Мустафа Зарқа, Фәттәәуа. «Дарул-қалам» баспасы, Димашк. 2001 ж.

жеткізе алдық па? Исламды өзінің шынайы келбетінде насихаттап, нағыз мұсылманшылықты тазалығымен, білімімен, экономикасымен, бірлігімен, тірлігімен, қысқасы, күллі асыл қасиеттерімен іс-жүзінде көрсете білдік пе? Бұл сұрақтарға «иә» деп жауап бере алмасымыз айдан анық. Ендеше, ғылымнан артта қалып, саятсыздық жайлаган, экономикада басқаларға тәуелді, саясатта тізгінді басқаға ұстактан, өз арасындағы бірлігі бұзылған қазіргі ислам әлемін қай батыс елі үлгі алып, «мұсылманшылық па, шіркін, қандай керемет» деп исламға жүгірсін? Әрине, біз бұл жерде ислам әлемінің қазіргі жағдайы олардың хақ дінді іздемеулеріне толықтай сұлтана бола алады деуден де аулақпрыз.

Дей тұрганмен, өз жағдайымыз осындағы болғандықтан, мұсылман емес мемлекеттердегілердің бәрін тозаққа толтыру сияқты тар түсініктен аулақ болғанымыз жөн. Басқа мемлекеттерде шалашарпы, тиіп-қашып жүйесіз жасаган мардымсыз насихаттарымызға иек артып, олардың исламға жаппай бет бұрын күтуіміздің жөні жоқ.

Олай болса, ақыретте өзгелерден бұрын біз мұсылмандар «сендер неге жеткізбедіңдер» деген сұраққа тап боларымыз ақиқат. Сондықтан бар мүмкіншілігімізді әлемге хақ діннің жайылуы үшін, мұсылманшылықты шынайы келбетін іс-жүзінде таныту үшін сарп етуіміз ләзім.

Бір күні, иншалла, ислам әлемі дүниедегі өзінің бұрынғы тұғырына қайта оралады. Алла Тағала Құранда өзінің соңғы дінін тәмамдайтынын уәде еткен. «**Сөзсіз, Алла Тағала өз нұрын (дінін) кәпірлер қаламаса да тәмамдайды**»¹⁹⁵. Міне, сол кезде жер-жаянның бәрі мұсылмандарды еріксіз тыңдайтын болады. Бұған еш

¹⁹⁵ Саф сүресі, 8-аят.

күмәніміз жоқ. Себебі, ислам – задында жоғары, тендессіз қасиеттерге ие құдайылық соңғы дін. Исламның адамның дүниесін, ақыретін, рухын һәм тәнін қанағаттандыратын асылдығын түсінген көкірегі ояу жандардың оны қабылдары сөзсіз. Тіпті, бұл қазір басталып та кетті. Күннен күнгө батыста ислам дінін қабылдаған жандардың санының арта түсі осының дәлелі. Бүгінде батыстың зияллылары, ойшыл ғалымдары исламның сөнбейтін нұрын, солмайтын гүлін көріп жақындай түсуде. Иә, бір күні адамзат исламға бас иеді. Бірақ, мұны жасауға се-бепкер болатындар жүректері дін ғылымымен сусын-дап, ақылдары дүниенің озық ғылымымен нәрленген, пенделік қасиеттерден барынша арылған «дінімді қалай жеткіземін?» деп түн ұйқысын төрт бөліп уайымға батқан сахаба тәріздес қаһарман жандар болмақ.



*Алла Тағала жалғыз, дара бола тұра Құран-
ның көптеген жерінде неліктен «біз» деген?
Мысалы, «қадір» сүресінде «Сөзсіз, Біз құранды
қадір тұні түсірдік» деген аят бар.*

Құранда Алла Тағаланың жалғыз, дара, бір екендігіне байланысты көптеген айқын аяттар бар. Мысалы, бәрімізге мәлім «Ікылас» сүресінде «**Алла жалғыз**» делінсе, басқа бір аятта: «**Сөзсіз, Мен – Алламын, менен басқа ешбір тәнірі жоқ. Сондықтан маған ғана ғибадат ет! Мені еске алу үшін намаз оқы!**¹⁹⁶» делінген. Ал кейбір сүрелердегі Ұлы Жаратушының өзін «**біз**» деуінің астарында араб тілінің ерекшелігі жатыр. Мысалы, орыс тілінде екінші жақтың жекеше түріне «**ты**» делінеді. Алайда кейде адамға деген құрметті, ізеттілікті, сыпайылықты білдіру үшін жалғыз адамның өзіне екінші жақтың көпше түріне қолданылатын «**вы**» сөзі қолданылады. Сол секілді араб тілінде де «**біз**» делінген уақытта Алла Тағаланың ұлылығы мен жаббарлығын білдіру үшін қолданылады. Арабша «*Мұғжамул-усасит*» және «*әл-Му'жамул-арабил-әсәси*» сөздіктерінде былай делінеді: «*нахну*», яғни «**біз**» сөзі екі және үш адамға көпше түрінде қолданылатыны секілді кейде ұлықтау мақсатында бір адамға да қолданылады¹⁹⁷.

¹⁹⁶ «Таха» сүресі, 14 – аят.

¹⁹⁷ Әл-му'жамул-арабил-әсәси сөздігі, 1179-бет.

Алла Тағала құлдарынан кімнің жәннатқа, кімнің тозаққа баратынын о бастан біледі дөлінуде. Ендеше, Алла Тағала мына дүниеге құлдарын сынақ үшін жібермей-ақ бірден жұмақтықтарды жұмаққа, тозақтықтарды тозаққа жібере салмаган?

Іә, Алла Тағаланың барлық өткен-кеткен, қазір болып жатқан әрі келешекте болатын барлық нәрселерді бүге-шүгесіне дейін білетіні хақ. Себебі Алла үшін өткен шақ, осы шақ, келер шақ деген уақыт өлшемдері жүрмейді. Рас, Алла Тағала құлдарының бұл дүниеде жақсы, жаман не істейтіндерін әрі кімнің тозақтық, кімнің жұмақтық екенін біле тұра, оларды мына дүниеге сынақ үшін жіберген. Хақ Тағаланың құлдарын сынаққа алуы олардың ақыреттік жағдайын білмегендіктен емес. Бұл мәселенің біз бірден байыбына бара бермейтін басқа да астарлы тұстары жетерлік.

1. Егер Алла Тағала адам баласын жаратқаннан кейін оларды екіге бөліп, бірін жұмаққа, екіншісін тозаққа жіберер болса, тозаққа кеткен адамдар Алла Тағалаға «*Ya, Жаратушымыз, бізді тозақта азаптау үшін жараттың ба?*» деп шағым жасап, біздің күнэміз не дегендей тозақтық болғандықтарына ашынар еді. Міне, сондықтан әркім мына дүниеде өзінің барап жеріне лайық істерін жасап, әрбір жасаған әрекеттері періштeler тарапынан мына дүниеде бүге-шігесіне дейін жазылғаннан кейін мұндай шағым жасап, желеу айта алмасы анық. Себебі, әркім өз қолымен жасаған іс-әрекеттерінің жауапкершілігінен қаша алмайды.

2. Екіншіден, мына өмірде көз көріп, құлақ естімеген, ақылмен ойлап елестете алмайтын ғажайып сый-сияпатпен жәннатта марапатталу үшін адам баласының мына дүниеде соған лайық дәрежеге жетуі керек. Яғни, рухани болмысы сол жұмаққа сай дәрежеге өсуі тиіс. Бойындағы әр түрлі асыл қасиеттердің дәндері көркейіп, жайқалып өсіп, бейне бір жәннатқа кірер адамның бойында табылуы тиіс қасиеттерге айналуы ләзім. Дәл осы секілді тозақтық адамдар да мына дүниеде баар жерлеріне сай қылышқа жасап, бейне бір тозақтық кейіпке енеді. Тозаққа сай дәрежеге құлдилайды.

Алла Тағала мына таңғажайып ғаламды өзінің тендессіз құдіреті мен шеберлігінің, шексіз білімі мен ұлылығының т.б. ұлы сипаттарын танытар көрме іспетті жаратқан. Құлдарының назарына ұсынған. Адам баласы осынау ғажайып көрмені аралай жүріп, ондағы сан алуан туындыларды тамашалай отырып, Ұлы Жаратушсын тану «магрипатына» қол жеткізеді. Сөйтіп, Раббыларының ұлылығына тәнті болып, таң қала құлшылық жасау арқылы өздері де рухани жетіліп, кемелдене түседі.

3. Алла Тағала өзінің көркем есімдерінің құлдарында әрі жалпы жаратылыста көрініс тапқанын қалайды. Әр түрлі көркем есім, сипаттарымен танылуды қалайды. Құл мына дүниеде күнә істесе, Ҳак Тағала өзінің «Гаффар», яғни аса кешірімді есімімен кешіріп, есіркейді. Рызыққа мұқтаждарға «Раззак» есімімен рызық-несібесін жеткізеді. Ауруға шалдыққан құлдарына Алла Тағала өзінің «Шафи» есімімен жәрдемін беріп, шипа дарытады. Осылайша Ұлы Раббымыз осы дүниеде құлдарының дәрежесіне қарағ өзінің көркем есімдерінің көрініс табуын қалайды.

Әйел мен ереккөңбай?

«Әйел тәңдігі» мәселесін қанша даурықтырганмен, шындағанда келгенде, жаратылыс тұрғысынан әйел мен ереккөңбай емес. Әрқайсысы өзіне тән қасиеттерімен ерекшеленеді. Егер бір-бірінен ешбір айырмашылығы жоқ өзара тәң жаратылыс болғанда, Құдай Тағала ереккөңбай етіп бөліп жатпай, бәрін біркелкі әйел яки ереккөңбай етіп жаратар еді ғой. Ереккөңбай әйел табиғатындағы өздеріне тән ерекшеліктерімен екеуі бір-бірін толықтыра түседі. Қазақ «Екі жарты бір бүтін» деген. Әйел мен ереккөңбай минус пен плюс занұлдылықтары іспетті. Әйел денедегі жүрек болса, ереккөңбай сол денедегі ақыл іспетті. Жүрек ақылсыз, ақыл жүрексіз ғұмыр сүре алмайды. Жүректі ақылдан жоғары яки ақыл жүректен артық деп айтуда мүмкін емес. Екеуі өз міндеттерін атқарған кезде ғана дene дұрыс қызметін жалғастыра алады. Ендеше, әйел ереккөңбай жоғары яки тәмен деу, жалпы алғанда, дұрыс айтылған сез емес. Әрқайсысының қоғамда өзіндік қызметі бар. Әрбірі соны дұрыс атқарған кезде ғана мінсіз қоғам пайда болады.

Сыр өнірінің ақыны Тұрмағанбеттің:

Әйел көктен түскен жоқ,

Ол – еркектің баласы.

Ереккөңбай шыққан жоқ,

Әйел – оның анасы,- дегеніндей, екі жыныс өкілінің де қоғамда өзіндік міндеттері бар. Кей түстарда ереккөңбай асып түскен әйел, кей түстарда одан тәмен тұрады. Мыса-

лы, ерекек қанша тырысса да әйелдер секілді дүниеге бала әкеле алмайды. Өйткені, тоғыз ай қабырғасы қайысып құрсақ көтерудегі сабырлылық, толғак кезіндегі өліммен арпалысқан қайсарлылық – тек әйелдердің ғана қолынан келетін ерлік. Ер кісі сәбиге әйел секілді түн үйкысын төрт бөліп қарай алмайды. Бала тәрбиесінде де әйелдегі мейірімділік пен ептілікті ер адам көрсете алмайды. Балабақшалардағы тәрбиешілікке көбіне-көп әйелдердің алнынуы – осының айғағы. Міне, әйелдер өз табиғатындағы осындай қасиеттерімен еркектен жоғары болмақ.

Ал, еркектер әйелдерге қарағанда дene бітімі жағынан ірілеу әрі күштілеу келеді. Міне, сондықтан жауға қарсы шауып, ел қорғау секілді басқа да ауыр жұмыстарды ер кіслер атқарады. Дер кезінде шешім қабылдау жағынан да еркектер әйелдерден анағұрлым алда. Бұған мысал ретінде әйелдер көлік айдал келе жатып, кенеттен бір жағдайға тап болса, көбінесе рулді жіберіп, бетін басады еken. Ал еркектер болса, салқынқандылықпен сол жағдайдан шығудың амалына көшеді. Сондықтан да болар «әйелдер теңдігі» деп аттан салып жатқан батыстықтарда ғасырға жуық уақыт етсе де әлі күнге дейін ұшақ айдайтын әйел заты жоқтың қасы. Неге? Өйткені, ұшқыштық – дер кезінде шешім қабылдауды, ерлікті қажет ететін аса қиын іс. Сондықтан, әйелдер ұшқыш емес, көбінесе жолсеріктікте таңдайды. Әлем басшыларына қарасақ та, көбінесе еркектер көзге түседі. Міне, осының өзі табиғи көрсеткіш. Мұндай істерді әйел адам мүлде істей алмайды деуден де аулақпыз. Кейбір еркектерді он орап алатын әйелдер де кездеседі. Біз тек жалпы жағдайды тілге тиек етіп отырмыз.

Әйелдерден ерекек жасағысы келетіндер мынаны ескерсе еken. Әйелдердің табиғаты тым нәзік, сезімтал. Осыған сай оның өзіндік міндеті бар. Әйелдер сырт-

тан гөрі ішкі шаруаларға бейім. Егер әйел баласы өз міндетіне салғырт қарап, есіл-дерті далада болса, қогам өмірінде кейбір келенсіз жайттардың бой қотерері даусыз. Мысалы, саясатпен айналысатын әйелдің отбасында бала тәрбиесі аксап, қүйеуімен арада салқындық пайда болуы мүмкін. Мансап (карьера) құған әйел көбіне бала туудан саналы түрде бас тартады. Өйткені, мансабын жарты жолда тастағысы келмейді. Мысалы, «Әйел тенденция» желеулеткен батыста бүгінде бала саны мұлдем аз. Тіпті, демографтардың пікіріне құлақ түрсек, келешекте батыстықтардың ұрпақсыз қалатын түрі бар. Сондықтан болар, батыста «*бала мәселесі*» Парламент деңгейінде талқыға түсіп, оны көбейтудің жолдары қарастырылуда. Иә, әйелдер саясаткер боламын, биліктің бір тұтқасын мен ұстаймын деп желпінгеннен гөрі биліктің тұтқасын ұстайтын мықты азамат дүниеге әкеліп, елін, халқын ойлайтын ұрпақ тәрбиелесе, биліктің тұтқасын ұстады деген сол емес пе?! Қазақ «*әйел бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді*» деп қандай әдемі айтқан.

Осы «*Әйел тенденция*» мәселесі қайдан шықты? Батыста XIX ғасырдың орта шеңіне дейін әйелді адам құрлы көрмеген. Өйткені, олар өз діндеріндегі жаңсақ сенім бойынша Хая ана Адам атаға тыйым салынған жемісті жегізіп, бүкіл адам баласын жұмақтан шығарған. Сондай-ақ қияметке дейін келетін барша адамзаттың күнәларына себепкер болған Хая ана деп иланады. Сондықтан батыс жалпы әйелдерді лағынеттеп, оларды жек көрген. Міне, осы қорлыққа намыстанған әйелдер, еркектердің алдында тұқырмадың жолын қарастырып, «*феминизм*», «*әйел тенденция*» деген ұғымдар мен ұрандарды шығарды. Ал бізге оның түкке де керегі жоқ еді. Біз әрдайым әйел баласын,

ананы қадір тұтып, құрметтей білген елміз. Батыс бүгінде мұның зардабын тартудай-ақ тартып отыр.

Иә, «менің еркектен қай жерім кем, өзімді өзім асырай аламын, еркектің маған қажеті шамалы, тіпті, мына ғылым дамыған заманда ерексіз-ақ балалы бола аламын» деп желігіп жүрген әйелдер де кездеседі. Ал мұндай әйелдердің қүйеуіне бағынбасы айдан анық. Бағыну былай тұрсын, тәуелді болмаймын деп дала кезеді. Жұмысбасты болып үйдің тірлігінен қол үзеді, бала тәрбиесіне де салғырт қарайды. Ондай отбасылар көбінесе ажырасып тынады. Кешке жұмыстан шаршап келгенде, алдынан құлімдеп әйелі, еркелеп бала-шағасы шықпаған отбасында қандай береке болсын?! Өз жаратылышына сай емес істермен әуреленіп жүрген нәзік жанды әйелдерде бара-бара ерек мінезділік пайда болады. Ислам дінінде әйелдің еркекке ұқсауына, еркектің әйелге ұқсауына қатаң тыйым салынған. Сондықтан әйелдер қоғамдағы әр түрлі іс-қызыметтерде де бала тәрбиесі мен отбасының істерін қатар алып жүре алатындей өз болмысина сай жұмыстарды таңдағаны жөн. Бірақ қажеттіліктің күн санап артқан қазіргі мына заманда әйел баласы жануя экономикасына өз үлесін қосып, ерінің бір жағынан шығу үшін түрлі жұмыстарда істеуде. Мұндай жағдайда әйелдің үйдегі жұмыстары мен бала тәрбиесіне ері көмек көрсеткені жөн. Бұл жатырқап қарайтындей жат нәрсе емес. Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбар да қат-қабат шаруалар мен сан-алуан оқиғалардың бел оргасында жүріп, үй шаруаларында жұбайларына үнемі көмек көрсетіп, бір жағына шығысқан.

Ал әйеліне сыртта жұмыс істетіп, өздері масыл боп үйде бос жатқан еркектерді пайғамбарымыз (с.а.у.) өз хадисінде қатаң сөккен.

Жоғарыда әйелмен ерек минус пен плюс зарядтасы тәріздес бір-бірін толықтырып, бір-біріне үйлеседі дедік. Ал екеуі де минус яки плюске айналған жағдайда араларындағы үйлесімділік жоғалып, бір-бірін кері тебе бастайды. Бұның арты сөзсіз ажырасуға соқтырып жатады.

Бір мемлекетте екі президент, бір көліктегі екі рөл, екі жүргізуші болмайтыны секілді кішігірім мемлекет – отбасында да бір ғана басшы болуы тиіс. Әйтпегенде, үйдің берекесі қашады.

Құранда: «Еркектер әйелдерге пана, қамқоршы, жауапкер, қорған, басқарушы»¹⁹⁸ деген. Ендеше, осы жауапкершілікті арқалаған ерек отбасының тізгінін өз қолына алып, парасаттылықпен, үлкен жауапкершілікпен басқаруы тиіс. Ерек отағасы екенмін деп дөрекілікке, «мен айттым болдыға» салынбай, бар мәселені өзара түсіністікпен, үнемі ақылдасумен шешкені жөн. Әйелдер де еріне бағынуы тиіс.

Іә, әйел болмысы басшылық не қаттылыққа емес, көрісінше, мейірімділік пен ұяттылыққа, инабаттылық пен ізеттілікке бейім. Ал еркектердің болмысы дөрекілік пен қатігездікке емес, жауапкершілікке, отбасына қамқоршы, қорған болуға бейім.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір хадисінде «Сендердің ең ізгілерің – әйелдерімен жақсы мәмледе болғандарың» десе, басқа бір хадисте «Артында қалған күйеүі өзінен разы болған күйде жсан тапсырган әйелдің барап жері – Жұмақ» деп, ер мен әйелді өзара рухани түсіністікке шақырған..

Ұлы Жаратушиның алдында пендеган баласы ереккесе әйел болғандығымен, байлық, мансабымен емес, иманының деңгейімен өлшенбек. Олай болса, ереккесе

¹⁹⁸ Ниса сүресі, 34-аят.

әйелден, оларға Жаратушы тарарапынан асқан хикметпен берілген асыл міндеттердің қаншалықты атқарылғандығы да сұралмай қалмақ емес.



Ислам дінінде әйел адамдарға орамал тагу, ұзын киім киу парыз ба? Орамал тагу арабтың, түріктің әдем-гұрпы деп түсінушілер де бар. Осының ара жігін ажыратып берсөңіз.

Орамал тағып, ұзын киім киу үрдісі – тосырқап, таңдана кейде түсінбей, тіпті жатырқай да жақтырмай да қарайтын тосын құбылыс емес. Ең алдымен, киім киодің бұл үлгісі – ислам діні әкелген жаңалық емес. Бұл үрдіс еврей мен христиан дінінде де, корей, жапон секілді көне мәдениеттерде де бар. Мысалы, еврей хахамы Менахем М. Брейер («Йешива» университетінде киелі кітап әдебиетінің профессоры) еврейлік дін құқығы бойынша әйелдерінің орамал тағуға тиісті екенін айта келе, кейбір танымал раввиндерінің мынандай сөздерін келтірген: «Еврей қыздарына орамалсыз сыртқа шығу жасастайды», «Әйелдерінің орамалсыз жүргүйнерүқсат еткен ереккетерді қарғыс атсын!», «Ереккетерге ұнау үшін басын ашип жүрген әйелдер жоқшылық әкеледі». Әйелдің орамалсыз жалаңбас жүруі жалаңаш жүрумен тең саналғандықтан, иудаизм орамалсыз жүрген әйелдің жаңында дұға сияқты ғибадаттарды жасауға тыйым салады. Еврей діні бойынша, орамал тағу әйелдің абыроны мен беделін, әлеуметтік жағдайын білдіреді. Сондықтан төменгі таптағы әйелдер жоғарғы таптағы әйелдердің қатарында көріну үшін орамал тағуға тырысатын. Орамал тағу тектіліктің нышаны саналғандықтан, байыргы Израйлде зинақор әйелдердің орамал тағуына рұқсат берілмейтін. Сондықтан, зинақор әйелдер өздерін абыройлылардың санатында көрсету үшін

арнайы орамал түрін тағатын. Европадағы еврей әйелдері сол жердің тұрақты мәдениетімен араласа бастаған XIX ғасырға дейін орамал тағып келген. XIX ғасырда европа қоғамы басты ашып жүргүре мәжбүр еткендіктен кейбір еврей әйелдері орамалдың орнына парик киіп жүруді шығарды. Ал бүгінде еврей әйелдері синагогадағана орамал тағады. Еврей дінінің «*Hassidism*» бағытын ұстанушылар орамалға балама ретінде әлі күнге дейін парик тағуда.

Ал христиан дінінде орамал тағу мәселесі қалай? Католик шіркеуіндегі монах әйелдердің 1000 жылдан бері орамал тағатындығы белгілі. Тертуллиян атты христиан ғалымы бойжеткендердің шашын жабуға байланысты баяндамасында былай дейді: «*Бойжеткендер, көшеде жүргенде бастарыңа орамал тағыңдар, шіркеуде, бөгөд адалдардың жасында және өз ер бауырларыңыздың жасында бастарыңды ашиқ ұстамаңдар....*».

Бүгінгі Католик шіркеуінің ата заңдарында шіркеуде әйелдерді бастарына орамал тағуға міндеттейтін арнайы бабтар бар. Амиш және Меннонилер сияқты кейбір христиан ағымдары әлі күнге дейін әйелдердің орамал тағуын талап етуде¹⁹⁹.

Алысқа бармай-ақ орыс халқының ұлттық киіміне, назар аударсақ, олар да орамал тағып, ұзын киім киген. Демек, орамал тағу ислам діні әкелген жаңалық емес.

Жаһанданудың арқасында біз бүгінгі таңда батыс мәдениетінен барынша әсерлендік. Әсерленгеніміз соншалық, оған ес-түссіз беріліп, жақсы-жаманың ажыратып жатпастан, залалы мен пайдасын сараламастан оларға қатты еліккедік. Сондықтан, біздің қоғамда әйел адамның етек-женін қымтап журуі, жартылай жалаңаштанудан

¹⁹⁹ Шәріп Мұхаммед, Ислам ве дегер геленеклерде кадын. Иени үміт журналы, №14, 2002 ж.

да тұрпайы көрінуде. Қоғамда заман талабына ілесудің өлшемі «жалаңаиттану» сияқты көзқарас қалыптасты. Ал орамал тағып, ұзын киім киіп жүрген жандар замана көшіне ілесе алмай, қатардан қалып кеткен ескішіл адамдардай бағалануда.

Бүгінде әйел баласы бір зат секілді әркімнің ойына келген арам пиғылдарына ойыншық болуы өкінішті-ақ. Мысалы, әйелдің жалаңаш тәні өзгелердің назарын тарту үшін кәсіпкерлердің тауарларын жарнамалайтын жарнама құралына айналды. Эйтпесе, газет жарнамасында, көліктің дөңгелегінің жаңында жалаңаш тәнімен тұрған әйелдің оған қандай қатысы бар?

Алла Тағала әрбір жаратылысқа өзіндік ерекшеліктер тарту еткен. Әйел адамның қоғамдағы, жанұядағы орны, жалпы болмысы, тәні ер адамдарға қарағанда мұлдем ерекше. Әйел адам осы ерекшеліктерін қорғай білген кездеғана, қоғамдағы биік мәртебесін сақтай алады. Әйел адам өзінің аналық мейірімімен, күйеуіне деген ізеттілігімен қымбат. Ол осы қасиеттерімен әрдайым жоғары тұрады. Осы тұрғыдан алғанда орамал тағу, ұзын киім киу – әйел адамның нәзік болмысы мен әдемілігін бөтен адамдардың арам пиғылынан, сүқ көзінен сақтайтын бірден бір қорған. Әрі әйел затын мейірімділік, нәзіктік, ар-ұяттылық сияқты тағы басқа әйелге тән асыл қасиеттерімен танытар нышан. Әйелдердің басын жауып, ұзын киім киоі – Құранның тікелей бұйрығы.

«Нұр» суресінде: «Мұмін әйелдерге айт, өздеріне харам етілген нәрселерге қарамасын, ұятты жерлерін зинадан, құнә атаулыдан қорғасын, мәжбүр көрінген жерлерінен (бет, екі қол, тобықтан төмен екі аяқ) тыс әдеміліктерін көрсетпесін. Орамалда-

рын жағаларының ойықтарын жабатындай етіп тақсын...»²⁰⁰ -делінеді.

Жартылай жалаңаш киінген әйелдер еркектерді еліктіріп, нәпсікүмарлығын қоздырады. Бұл жағдай бүгінде көптеген шаңырақтың шайқалуына, көшілік бюджеткендердің абырайдан айрылуына себеп болып отыр. Нәтижесінде көзі жәутенденген мындаған пәк сәбілер тастанды болып, жетімханаларға тоғытылса, жылына қаншама қызы баласы қолдан түсік жасатуда²⁰¹.

Пайғамбарымызға бірде бір сахаба келіп «*Ya, Алланың Елисі, мені жұмаққа жетелер бір амал айтсаңыз*», - дейді. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «*Ашуланба! Ашуыңды жең, ашудың жетегінде кетпе*», - деп қысқа да нұсқа жауап берді.

Іә, ашу атусті қарайтын жеңіл мәселе емес. Себебі, ашуга бой алдырған адам санаға сыймайтын үлкен күнәларға да оп-оңай барып жатады. Мысалы, ашуга булыққан адам бір сәттік өзін ұстай алмай мылтықтың шүріппесіне басып кеп жіберу кесірінен жылдар бойы түрмеде отырады. Сөйтіп, ғұмыр бойы өкінумен өтеді. Міне, ашудың осындай кесірлі нәтижесін білгендіктен пайғамбарымыз (с.а.у.) кейбір сахабаларына «*ашуыңды жең, ашуга салынба, ашудан аулақ жүр*» деген ескертүлер жасаған.

Ал енді ашу дегеніміз тек қана жүйкенің тырысумен ғана болатын құбылыс емес. Ашудың «*жыныстық ашу*» дейтіні де болады. Ол – адамның нәпсікүмарлық сезімдерінің өршіп, шәһуатының қозып, өз-өзін ұстай алмай ақылға сыйымсыз қылыштарды жасайтындай көзсіз

²⁰⁰ Нұр сүресі, 31-аят.

²⁰¹ Қазақстанда қазіргі таңда 100 мың тастанды бала, 600 балалар үйі бар. 2003 жылғы есеп бойынша 127200 аборт жасалғаны ресми тіркелген. Ал ресми тіркелмеген қанша екені тағы белгісіз.

соқырға айналуы. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір хадисінде «*құмарлық сезімі қозған кезде адам ақыл-есінің түгелі немесе үштен екісі кем*» деген. Яғни, мұндай адам ақыл тізгініне ие бола алмай, құмарлыққа алданады. Соқыр адамша шайтанның тұзғына оп-оңай түсе кетеді. Құмарлық сезімі өршіп, нәпсісі қозған адам ақылға да, зандарға да, ар-ожданға да қарамай небір арам істерге барады²⁰². Сондықтан еркектердің осы бір осал тұстарын тұртқилемеу үшін әйел адамдар ашық-шашық киінбеуі кепрек. Эйтпесе, нәтижесі өзіне де, өзге де абырой әкелмесі ақиқат. Мысалы, «*Queens әйелдер бюросы*» жетекшісінің мәлімдемесі бойынша, Канадада әр 6 минут сайын 1 зорлау оқиғасы тіркеліп, әрбір үш әйелдің біреуі әйтеуір өмірінің бір кезеңінде зорлау оқиғасына тап болады екен. Тағы бір ірі мемлекетте 1998 жылы 49280 зорлау оқиғасы ресми тіркелген көрінеді²⁰³.

Міне, сондықтан әйел адамға ашық-шашық киінбеуді ислам оны төмен санағандықтан емес, қайта оны қорғау, абырой-беделін көтеру мақсатында бұйырған. Әйел өзінің орамалымен көрікті. Жарасымды ғып ұзын киінуімен ибалы. Қазақтың «*Есмі қызы етегін қымитап ұстайды*» деуі де бекер емес. Құнделікті өмірде біз құнды, асыл заттарды қоғамдағы бұзық ниеттілердің арам пигылынан қорғаудың сан түрлі жолын іздейміз. Ендеше, әйел заты да құндылардың құндысы, асылдардың асылы, нәзіктердің нәзігі. Олай болса, оның да жат адамдардың алдында ашық-шашық жүргені құптарлық емес.

Орамал тағудың физиологиялық түрғыдан да әйелдерге пайдасы бар. Әрине, бұл өз алдына жеке зерттеуді қажет ететін болек мәселе. Десек те, С. Асфен-

²⁰² Ахмед Шаһин, иени айле илміхалы, 245-бет.

²⁰³ Шәріп Мұхаммед, Ислам ве дегер геленеклерде кадын. Иени үміт журналы, №14, 2002 ж.

дияров атындағы Мемлекеттік медицина университеті Емдік гигиена кафедрасының менгерушісі, медицина ғылымының докторы, профессор Қарлығаш Тоғызбаева бұл жайлы былай дейді: «*Ер адамдар көбіне қоқтен, әйелдер жерден қуат алады. Сондықтан да болар, әйелдің шашы магнит тәрізді ауадағы кір-лас қуатты жинағыш шеледе. Бұл да оның, әсіресе, бас ауруына үшінген асер етеді. Осы жолдың авторының өз тәжірибесіндеге кездескендей, орамал тартқаннан кейін «басының сақинасы», т.б. дерптінен жазылып кететіндер аз емес. Бұған қоса, ашиқ-шашық жүрген әйел қоқтен өзіне қажет емес артық қуат алады, сөйтіп, онда ерекктерге тән гистостерон гормоны пайдада болады, нәтижесінде ағзаның гормональды бұзылуы етек алып, жыныс органдарындағы қатерлі ісік, т.б. ауруларға жол ашады»²⁰⁴.*

Исламда әйел өз көркін бөгделерге емес, тек өзінің некелі еріне ғана көрсетеді. Сондықтан, шаригат әйелдердің некелі ерлерінің алдында барынша әдеміленип журу, күйеулерінің назарын көшедегілерге емес, өздеріне қаратуға әрекет етуді салиқалы амалдардың қатарына жатқызады. Әдемілігі мен тәнін жүргіңде көрсетуге тырысу – әйел адамды мақтаншақтық пен риашылдыққа тәрбиелейді. Ондай адамның табигаты әрдайым көрсекқызарлық пен бәсекелесуді қалап тұрады.

Құранда әйел адамның киетін киімінің нақты формасы айтылмаған. Тек әйел баласы өзінің дене бітімін қатты кескіндемейтіндей көндікте, жүзі, екі қолы, тобықтың төменгі жағынан тыс басқа барлық жерлерін жабатындей кез-келген кім үлгісін таңдалғанда кисе болғаны. Бұл шарттар орындалғаннан кейін, сәнді әрі өзіне жарасымды жалпы эстетикаға сай киім киүоге ислам діні қарсы емес. Сауд арабиясы мен Ирандағы әйелдер сияқты қара киіп журу

²⁰⁴ Мұсылман журналы, 25-бет. №1/ қантар айы, 2004ж.

Үрдісі барша мұсылмандарға парыз киім үлгісі емес. Ондай киім үлгісі олардың өз әдет-ғұрыптары мен қоғамына қарай таңдалған. Сондықтан Құран өлшемдерінен шықпау шартымен әр қоғам киім үлгісін өзінің менталитеті мен әдет-ғұрыптарына, заманына қарай әрі өмір сүрген жерінің климатына ынғайлы етіп таңдай алады. Мысалы, қазақ жерінің әр өніріне тән әйел кимешегі болған. Тіпті, әйелдердің жас ерекшеліктеріне қарай кимешек үлгілері тігілген. Ата-бабаларымыз «ғұрпымызда орамал тағу жоқ» деп, Құран қагидасына қарсы шықпаған. Керісінше, оны ғұрпымен сабактастырып, ою-өрнегімен көркемдеп, өзінің төл киім үлгісіне айналдыра білген. Бүтінгі таңда да Құран өлшемдеріне әрі заман талабы мен ұлттық түсінігімізге сай әр түрлі киім үлгілерін тігуге неге болмасын? Осылай істер болсақ, бәлкім, орамал тағып, ұзын киім кио – ананың, мынаның ұлттық киімі дегендей таяз түсініктерден арылар едік.

Мәселенің тағы бір маңызды жағы – діни сауаттылығы төмен қоғамға ең әуелі орамалды емес, иман мәселелерін, сенім негіздерін насиҳаттау қажеттілігі. Пайғамбарымыз (с.а.у.) ең әуелі орамалды емес, иман мәселелерін кеңінен түсіндірді емес пе? Иман мәселесі шешілген қоғамда исламның кез-келген тыйымдары мен бұйрықтарының да оп-онай шешілтері сөзсіз. Иманнан бұрын орамалды насиҳаттаудың – уықсыз шаңырақ көтерmek болған әурешілікпен тең болары сөзсіз.

Ислам діні көп әйел алуға неліктен рұқсат еткен?

Қазіргі таңда қоғамда бұл тақырып өте өзекті мәселеге айналып отыр. Осы түрғыда айтарымыз, көп әйел алуға мұлдем болмайды деп үзілді-кесілді қарсы шығу да, көп әйел алуды діннің негізгі талабы іспетті жаппай уағыздау да астамдық екені. Көп әйел алу – батыста қатты сынға ұшыраған тақырып. Алайда көп әйел алушылықты алғаш ойлап тауып, заңдастырған ислам діні еместігі ақиқат. Ислам келгенге дейінгі, әлемдегі әйел затының жағдайы баршаға мәлім. Ол кезде әйел затша саудаланатын, қанша әйелмен үйленем десе де еркектерге шек қойылмайтын. Әйелді қалаған уақытында қалаған адамына сатып немесе айырбастай салатын. Тіпті, көне Грек және Рим мәдениеттерінде әйелді адам деп те есептемеген. Еплатонның пікірінше, әйел бір колдан екінші бір қолға өтіп жүре беретін ортақ мұлікке жатады. Ежелгі қытай мәдениетінде әйел заты адам саналмағандықтан, оған айдар тағып, ат та қойылмайтын болған. Тіпті, батыс философтары «Әйел заты жалпы адам ба, жоқ па? Адам болса, оның жасы бар ма, жоқ па? Бар болса, оның жасы ер адамдардың жасында ма, жоқ әлде жсануарлардың жандарына ұқсас па?» деген тәрізді адам шошитын ой-пікір таластарын да тудырған²⁰⁵. Міне, әйел баласының жағдайы осындай жан түршігерлік қорлыққа толы бір заманда Ислам діні әйелдердің абзал жаратылыс

²⁰⁵ Емине Шеникоглу, Генчлерин иманыны сорыларла чалдылар, 118-бет.

екенін түсіндіріп, оған ерекше баға берді. Оны заттықтан адамдыққа, қорлықтан ардақты денгейге көтерді. Тіпті, «*Жұмақ – аналардың табанының астында*» деген сыры терең, сыны биік ұстанымға бас идірді. Жоғарыда айтқанымыздай, ислам келмес бұрын әйелдермен үйленуде шектеу жоқ еді. Ер кісі қанша әйел алам десе де өз еркінде еді. Ислам осы шексіздікті төртеумен шектеді. Өзінің сыршыл құрделі талаптарын қойды. Олай болса, бұл да исламның әйел баласына жасаған жақсылығы де-сек артық айтқандық емес.

Екіншіден, төрт әйел алудың діндегі орны парыз яки уәжіп емес. Яғни, әрбір мұсылман ер кісі көп әйел алуға міндетті емес. Көп әйел алу, бар болғаны, кей жағдайларға байланысты адамдарға берілген рұқсат қана. Бұған қоса көп әйел алудың өзіндік құрделі шарттары мен талаптары бар. Мысалы, екі әйел алғысы келетін кісінің ең әуелі оларды бағып-қарайтында жағдайы болуы тиіс. Мұнымен қоса, әйелдерінің арасында қара қылды қак жарапдай әділдік тең қарым-қатынас құруы керек. Яғни, біреуіне жылы шырай танытып, екіншісімен сүйк қарым-қатынас жасау, біреуінің жанында көп болып, екіншісініңде аз уақыт қана болу секілді көнілдеріне кірбің салар әділетсіз араластықта болу дұрыс емес. Біреуіне жағдай жасаса, екіншісіне де жағдай жасауы керек. Ал мұндай талаптарды орындаі алатындардың саны өте аз екені айтпаса да түсінікті. Ардақты Елші (с.а.у.): «Екі әйелі бар кісі әйелдерінің береуімен артығырақ қарым-қатынас жасап, әділетсіздікке жол беретін болса, ондай адам ақырет күні бір иығы төмен салбыраған күйде келеді», - деп әйелдерінің арасында әділетсіз қарым-қатынас жасаған еркектің ақыреттегі аянышты жағдайын білдірген. Алла Тағала «Ниса» сүресінде: «Егер әйелдер

арасында әділдік жасай алмаймын деп қорықсандар онда біреуі жеткілікті...» деген.

Ал енді ислам дінінің көп әйел алуға рұқсат етуінің өзіндік бірқатар себептеріне тоқталайық. Ер адамдардың саны әйел адамдарға қарағанда әжептеуір аз. Оның бір себебі, ер адамдардың қазалы оқиғаларға көптеп душар болуында. Мысалы, соғыстарда, жол апаттарында, тағысын тағы басқа жағдайларда ер адамның көптеп қаза табатыны сөзсіз. I-II дүниежүзілік соғыста миллиондаған ер адамның қаза тапқанына тарих қуә. Қаза тапқан бұл ер кісілердің артында көзі жәутендерген бірнеше баласымен аңыраған жас әйелдері жесір қалды. Осы мындаған, миллиондаған жесір қалған әйелдердің де үйленіп жануя құратын ер адамның, жас бұлдіршіндеріне қамқорлық көрсетер әкениң қажет екені сөзсіз. Екі әйел алуға рұқсат жоқ жағдайда бұл мәселе қалай шешілмек? Қорғансыз аналар мен бұлдіршіндер кімге аманат?

Қазіргі таңда көптеген елдерде соғыс болмаса да, әйел санының ер адамдардан әлдеқайды басым екені белгілі. Осының салдарынан көптеген бойжеткендер уақытында үйлене алмай үйде отырып қалуда²⁰⁶. Әрине, бұл қыздардың да үйленгісі келетіні, ана болуды аңсары, белгілі біреудің қамқорлығын, өмірдегі тірегін іздері хақ. Ал бұл мәселелер заңды түрде әрі жауапкершілік шеңберінде шешілмеген жағдайда қоғамда түрлі келенсіз жайттардың етек алары сөзсіз.

Бұлардан да жиі кездесетін бір жағдай – ер адамның екі әйел алуға мәжбүр болу жағдайы. Перзент сүйгісі келетін ер азамат некелескен әйелі дүниеге бала алып келе алмайтын бедеу болған жағдайда не істейді? Бірінші әйелімен ажырасып, басқамен үйлене ме? Яғни, сәби

²⁰⁶ Қазақстанда қазіргі таңда 182700 әйел баласы жастары отыздан асса да әлі тұрмысқа шыға алмаған. (2006 ж)

дүниеге әкеле алмағандығы үшін онсыз да жарым көніл жүрген әйеліне опасыздық жасап, оны талақ етіп, басқа біреумен қол ұстасып кете бармақ па? Жоқ әлде әйелін де далаға тастамай, оған күйеу әрі сүйеу болып екінші бір әйелмен некелесе ме? Әрине, бұл тұста ақылға да, арқыданға да қонымдысы екінші таңдау екені сөзсіз. Осы жерде бірінші әйелімен де ажыраспасын, екінші әйел де алмай жүре берсін деген ой туындауы мүмкін. Алайда, бұған барлық азамат көне алмайды гой. Әр адамның өзінше бір әлем екені де ақиқат. Өмірде өз белінен перзент сюо сияқты арманы бар адам мақсатына жетпей байыз таппасы және белгілі. Тіпті, екі-үш бала емес, ұрпағының көп болғаның қалайтын еркектер де кездеседі.

Сондай-ақ, адам баласы өмірде әр түрлі жағдайға тап болады. Мысалы, әйелі айықпас дертке шалдырып, күйеуіне дұрыс қарай алмайтында жағдайға душар болса, ер азаматтың тағы да екінші нұсқаны таңдағаны абзal емес пе?

Жоғарыда айтылған жағдайлар болмаған күннің өзінде де көп әйел алуға ислам діні рұқсат етеді. Олай дейтініміз, бірінші әйелін жақсы көрумен қатар көнілі басқа әйелге де бұрып тұратын адамдардың да кездесері сөзсіз. Себебі, барлық адамның табиғаты, жаратылысы бірдей емес. Кейбір азаматтардың жыныстық қабілеті мен құмарлығы артықтау келеді. Бұған қоса, бірінші әйелі көнілінен шықпай қалуы да әбден мүмкін. Көп әйел алуға тыйым салған жағдайда мұндай қүйдегі адамдар әйтеуір бір жолын тауып алғашкы жұбайымен ажырасып тынуы немесе жасырын көнілдес тауып, шаригат тыйған зина сияқты харам істерге баруы бек мүмкін. Сөйтіп, Жаратушының алдында – күнәшар, ал бала-шағасының алдында екіжүзді болады. «*Bіреу біліп қоя ма?*» деген күдікті ойдан құтыла алмағандықтан, психологиялық тұрғыдан

мазасыз болады. Ол ол ма, көңілдес әйелдерді тек өткінші төсек ләззаты үшін ғана пайдаланғандықтан, олардың да абыройы айрандай төгіліп, әркімнің қол жаулығына айналары белгілі. Екі ортада тірі жетім қорғансыз сәбілер мен олардың қорланған шешелері қалады. Бұгінде көп әйел алуға үзілді-кесілді тыйым салған европа бұнысымен қаншама әйелдермен жасырын түрде төсектес болуға, яғни көңілдестік пен ойнастықтыққа, жезөкшеліктің етек алудына, мыңдаған балалардың әкесіз дүниеге келуіне, қолдан сансыз түсік жасалуына көз жұмып қарауда.

Бұл шындықты батыстық ғалым Густав Ли Вон: «*Мұсылмандардың көп әйелмен некелесуі – заңды түрде бір әйелмен некелесіп, жасырын түрде көп әйелмен көңілдес болып жүре беретін европалықтардан алдеқайда артық*»²⁰⁷ деп ашық мойындаған.

Негізінде, көп әйел алу ислам дінінде парыз да, уәжіп те емес. Тек рұқсат етілген кеңшілік жол ретінде ғана қарастырылады. Жоғарыда айтылғандай, көп әйел алушың өзіндік құрделі шарттары мен арнайы талаптарын ескерер болсақ, көп әйел алушың әркімнің батылы жете бермейтін жауапкершілігі зор іс екенін байқаймыз. Бұған қоса, ер кісінің екі немесе бірнеше жанұяны бірдей басқаруға қабілеті жеткіліксіз болса немесе екінші әйел алған жағдайда бірінші жанұяның шаңырағы шайқалар болса, мұндай іске барудың өзі қатерлі әрі жауапкершілігі де ауыр. Сондықтан үйленетін адам өз жағдайын, жанұясының әрі қоғамының ахуалын, тыныс-тіршілігін есепке алмастан мұндай қадамға баруы мүлдем дұрыс болмаса керек-ті.

²⁰⁷ Проф. Др. Ибраһим Жанан, Күтүб-и сittе, 2-том, 274-бет. «Ақчаг» баспасы, Стамбул.

Музыка тыңдау харам ба?

Эннің де естісі бар, есері бар,
Тыңдауышының құлагын кесері бар.
Абай

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) ән, музыкаға рұқсат ететін де²⁰⁸, тыйым салатын²⁰⁹ да көптеген хадистері бар. Музыкаға байланысты дәлелдердің әр түрлі болуына байланысты ғұламалардың кейбіреуі жалпы музыканы харам десе, енді біреулері адамға пайдалысы халал деп фәтуа берген²¹⁰.

Пайғамбарымыздың музыкаға байланысты хадистерінің әр түрлі болуының астарынан тыйым салынған немесе рұқсат етілген нәрсенің тікелей музыка

²⁰⁸ Мысалы, риуаятта Әбу Бәкір (р.а.) қызы Айша анамыздың үйіне кіреді. Ол жерде екі жәрияның «бұғас» соғысина байланысты ән айтып жатқанын көреді де: Пайғамбардың үйінде шайтанның мизмары (шайтанның әуен аспабы) ма?—деп кейіс білдіреді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) болса: «Уа, Әбу Бәкір, оларға тиіспе! Бүгін мейрам құні гой!» деді. Осы секілді басқа да хадистерге сүйенген кейбір ғұламалар: «Егер ән айту жалпы харам болғанда, пайғамбарымыз (с.а.у.) өз үйінде оның айтылуына мұлде рұқсат бермес еді» деп, зияны жок музыка, әндерге рұқсат беретін фәтуалар шығарған.

²⁰⁹ Мысалы, хадисте: «Ән, өлең жүректе екіжүзділікті өсіреді» дедінген. Осы секілді хадистерге караған кейбір ғұламалар жалпы музыка, әндерге харам деп фәтуа берген. Толығырақ мәлімет үшін қараңыз: Қ. Жолыбайұлы, Дін мен діл, 97-бет. «Дәуір» баспасы, 2010 ж.

²¹⁰ ал-Имамул-әкбар Махмуд Шәлтут, Әл-Фәтаая. 355-бет. Дәрушшурук, Египет. 2004 ж.

аспаптары емес, олардың қалай қолданылуы, сондай-ақ, тындаушы мен орындаушының түпкі ниетіне байланысты екенін аңгарамыз.

Себебі, кез-келген музыка аспабының жақсыжаман әркелкі тартылуына, бұған қоса, айтылатын ән мазмұнының әр алуан болуына байланысты оның адамға тигізер әсері де әр түрлі болады. Міне, сондықтан харам-халал үкімін музыка аспабынан ғөрі оның қалай қолданылуын негізге алып қарастырған жөн.

Мысалы, сірінкені бейкүнә біреудің үйін өртеу тәрізді қастандыққа да, от жағып үй жылыту, ас пісіру сияқты иглікті істер үшін де қолдануға болады.

Адам табиғаты, ішкі сезімдері, жан дүниесін ерікті-еріксіз көптеген нәрселерді қалайды. Мысалы, көркем табиғат көріністерін тамашалағанда бойы сергіп рахаттанады. Өзеннің сылдырап ақкан үні өне бойына ерекше әсер етеді. Теніздің буырқанып тасуы, ормандағы тоты, бұлбұл секілді жыршы құстардың сайрап ән салуы да жан дүниесін рахатқа бөлеп, дем алдырады. Сондықтан адамның жан дүниесі, ішкі сезімдері әрдайым көркем табиғатты тамашалауды, судың сарқыраған дауысын естіп, құстар салған әсем әндерді естуге құмартып тұрады. Ислам діні адам баласын өз табиғатындағы осындай сезімдеріне тұсау салып я болмаса тамырына балта шауып мұлдем жоқ ету үшін келген жоқ. Керісінше, оларды реттеп, орта жолға бағыттау үшін келді²¹¹. Ендеше музыка – егер адам баласының уақытын босқа өткізіп ғибадаттарына кедергі жасаса, нәпсісін қоздырып, ойына харам нәрселерді салып, жаман пиғылдарға жетелейтін болса, даңғырығының қаттылығынан мидагы клеткаларды өлтіріп, адам мінезін ұшқалақтыққа тәрбиелесе онда

²¹¹ әл-Имамул-әкбар Махмуд Шәлтут, Әл-Фәтаая. 355-бет. Дәрушшурук, Египет. 2004 ж.

— харам. «Пайғамбарымыздың кейбір хадистеріндегі музыкаға байланысты тыйымдар осындаі теріс бағытқа жетелейтін музыкаларға байланысты болса керек»- дейді XI ғасырда өмір сүрген тақуалығымен танымал ханафи ғалымы Абдул-Ғани ән-Нәбулуси өзінің «*Идахут-дәлалат фи самағил-әәләәт*» (музыка аспаптарын тындауға байланысты дәлелдерді баяндау) атты кітабында²¹².

Ал егер саз бен әуен керісінше адам бойындағы мұлгіп жатқан жақсы сезімдерін оятып, рухы мен миына тыныштық сыйласа, шаршаганда жүйкесін дем алдырып, ойна көркем пікірлер салатын болса, онда неге харам болсын?!

Абайдың: «Құлақтан кіріп, бойды алар

Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсөн, менше сүй», - дегеніндей кейбір әуендер мен әуездер ешбір сөз айтылмаса да, адамның ішкі дүниесіне ағыла құйылып, өзінше бір әлемге жетелеп терең ойға шомдырады. Мысалы, қазақтың кейбір күйлері орындалған уақытта көз алдыңа кең байтақ жер мен ондағы әсемдіктер елес береді. Көктемдегі көңіл-күйді білдіретін, жауған жаңбырдың тырсылын елестететін, көңілінді сергітіп, керемет ойға жетелейтін жұмсақ та нәзік әуендердің бар екені баршаға белгілі. Отанды, бірлікті, ерлікті уағыздайтын, ата-ананың қасиетіне байланысты, адам баласын адамгершілік пен имандылыққа баулытын музыка мен әндерді тындау әрі айту неліктен харам болсын?

Соғыста әскердің жау алдындағы рухын көтеру әрі кейбір әскери бүйректарды білдіру мақсатында

²¹² әл-Имамул-әкбар Махмуд Шәлтут, Әл-Фәтаая. 355-бет. Дәруш-шурук, Египет. 2004 ж.

мұсылмандардың барабан аспабын қолданғандары²¹³, тіпті кейбір психикалық ауруларды музыка арқылы емдегендіктері тарихтан белгілі²¹⁴. Мұндай жақсы істер үшін қолдануды кім болса да құптары сөзсіз.

Ең әсем әуен Құран екені сөзсіз. Алайда қоғамдағы адамдардың дәрежелері мен болмысы, табиғаты мен ішкі сезімдері бірдей емес екені шындық. Олай болса, музыканы жалпылай харам санап, барлық адамға «*Тек Құранды ғана оқы әрі тыңда!*» деп күштей алмаймыз. Себебі, қоғамда Құран оқып, басқа да өзіне міндеттелген ғибадаттарын толық орындаумен қатар, өзі ұнатқан пайдалы музыкаларды тыңдағысы келетін адамдар тағы бар.

Сондай-ақ адам жан дүниесі үздіксіз ғибадат жасаудан, яки үнемі салмақты нәрселермен шұғылданудан жалығуы ықтимал. Сондықтан адамның табиғаты мен болмысы анда-санда көңілін көтеріп, рухын дем алдыратын нәрселерді қажетсінеді.

Хазірет Алидің (Алла Тағала одан разы болсын):

«Тәннің шаршайтыны тәрізді жүрек те шаршайды. Сондықтан оны қызық хикметтермен дем алдырыңдар!», «Жүректеріңді анда-санда дем алдырып тұрыңдар! Себебі, жүрек зорықса, тас соқырга айналады»²¹⁵ дегені риуаят етілген.

Музыка тыңдауды ұнататын адамдарға біз егер жақсы музыканы тыңдауға болатынын айтып жән сілтемесек, тіпті көркем мағыналы әрі әуендей әндердің шығарылуына бағыт-бағдар беріп реттемесек, ол адамның бара-бара жаман музыкаларға ұрынбасына кім кепіл?

²¹³ Фатауа Мустафа Зарқа, 349-бет. Дарул-қалам, Димашқ. 2001 ж.

²¹⁴ Нейет, Мұслұман Илим Өнжүлери, 149-бет. Стамбул, 2005 ж.

²¹⁵ Мұхаммед Абдур-Рахман әл-Марғашли, әл-Гина уәл-мәғазиғ фил-иғламил-мугасир уә хукмуһә фил-ислам, 229-бет. «Дәрүл-мағрифа» баспасы, Бәйрут. 2006 ж.

Егер музыканы жалпылама харам десек, онда мұсылмандардың мәдениеті, өнері артта қалары сөзсіз. Мысалы, ғибратқа толы ұлан-асыр тарихымызды бейнелейтін киноларымызға ешбір музыка аспабы қосылып, керекті жерінде эффекті берілмесе, ол киноны кім ерекше әсермен тамашалай алады? Онда жастарымыздың өзгелердің өте тартымды, әсері күшті, бірақ мағынасы улы киноларының соңына түсіп кетері сөзсіз. Сол сияқты телеканалдарда бір бағдарламадан екінші бағдарламаға өту кезеңдерінде, басқа да көрермендердің назарын аударап жағдайларда музыка аспаптарының рөлінің маңыздылығын кім жоққа шығара алады?!

Сөз соңы, музыка белгілі бір мән-мағынаны жеткізу де қолданылатын «сөз» іспетті. Сөзben пайдалы нәрсені насиҳаттауға да, зиянды теріс мағынаны жеткізуге болатыны секілді музыканы да жақсы-жаман түрлі бағытта қолдануға болады дей келе Әбу Насыр әл-Фарабидың басынан өткен мына бір оқиғаны бере кетуді жөн көрдім.

Әл-Фараби бабамыз ән-күй десе ішкен асын жерге қоятын жан болған екен.

Бір күні өзінің бір ұстазынан ән-күй жайын сұрады. Ұстазының айтуынша, сырнай-керней, әуен – жыншайтанның ісі болып шықты. Адамды алаң қылып аздырады, ісінен қалдырып, күнәға кіріптар етеді екен.

Бұрын ән-күйді жақсы сүйтін Әбунасыр осыны естігеннен кейін қолына күй аспабын алмайтын болды. Ән-күйді сүйіп ойнайтын Әбудың бір қымбатты кимас жолдасы жоғалып қалғандай күй кешеді де мынандай ойға батады. Әсем ән деген адамды жадырататын, көнілді көтеріп, жүректің мейірімін оятатын бір қасиетті өнер ғой. Ендеше, ол қалай сайтанның меншігі болады?

Осы сауалын ол екінші бір ұстазынан сұрайды. Ол ұстазы: Әсем саз – ол қасиетті нәрсе емес пе? Мұнда аспанның сырь бар, әлемнің үні бар. Қолыңдан келсе бұл өнерден жириенбе...», - дейді. Мұны естіп Әбунасыр қатты шаттанады. Алайда ол үлкен ұстаз Әбу Мәлік хазіреттің өзінен сұрамаққа бекінді. Әбу Мәлік ұстаз былай деп жауап берді:

– Ол да дұрыс, ол да дұрыс. Екі айтушының екеуі де дұрыс айтады... Я, солай... Жамандық та, жақсылық та адамның өз бойындағы қасиетке сүйенеді. Азғындық пен ізгілік ежелден егіз емес пе? Ән-күйдің әуеніне еріп, басқа өнер-білімнен қол үзсөн, сонымен өмірінді қапыл өткізсөн өкініш емей немене. Әсем әуен алпыс екі тамырды бірдей қозғайтын кереметті, құдіретті нәрсе. Оның сені билеп әкетуі ғажап емес. Алғашқы айтушы сені сонан сақтандырады. Құдіретті өнерді керекті жерінде өлшеумен ұстап, тізгінді ақыл-ойға беріп ізгілік іске қоссақ, онан келер пайда тағы көп. Көкірек кеңіп көңіл оятар, қиял қоздырып қайрат берер тағы сол... Ғылымның ата тегі әр ненің өлшеуін білуде емес пе?! Сен ән-күй үйренсең онан менің қаупім жоқ. Құдіретті күйдің сиқырлы үнін тежеп отыруға сенің ақыл-қабілетің мол жетеді²¹⁶.



²¹⁶ Ағжан Машанов, әл-Фараби. Жалын баспасы, 1970 ж.

*Арнайы медициналық тұтікшелерде қолдан
ұрықтандыру арқылы сәби дүниеге әкелуге,
әсіресе, суррогаттық тәсілге (курсақ ана)
дініміздің үкімі қандай?*

Қолдан ұрықтандыруға қатысты дініміздің үкімін айтпас бұрын қолдан ұрықтандырудың не екендігі жайлыштырманға қысқаша түсіндірме бересе кетейік.

«Қолдан ұрықтандыру» – табиғи жолмен өздігінен ұрықтана алмаған жағдайда, әйел жұмыртқа клеткалары мен ереккі ұрық клеткасын сыртқы ортада арнайы медициналық тұтікшелер көмегімен біріктіріп ұрықтандыру тәсілі. Ұрықтандырылған бұл зигота²¹⁷ артынша әйел жатырына салынады.

Бұл тәсіл XX ғасырдың алғашқы жартысында ең әуелі жан-жануарларда қолданыла бастады. Бір ғана ереккі малдың ұрығымен мындаған ұргашы малдар қолдан шағылыштырылды. Бұл ғылыми жаңалық мал шаруашылығына айтарлықтай экономикалық тиімділік әкелді. Мындаған сиырларға бір ғана бұқа салу қындық туғызатындықтан, шаруа иелеріне бұрыныракта көптеп бұқа ұстау, оларды арнайы құту, бағу керек болатын. Енді жаңаша мына тәсіл арқылы оларды құтуғе жұмсалатын шығын азайды. Оған коса, бұқаларды көптеп ұстаганнан кейін қартайған бұқалардың етін өткізу де қолайсыз болатын. Жаңа тәсіл арқылы санауды ғана бұқа ұсталатындықтан басқа ереккі малдарды жас кезінде сойып етке өткізу де экономикалық пайдада.

²¹⁷ Зигота – әйелдегі жұмыртқалық клетканың ереккі ұрығымен ұрықтандыранған кезі.

әкелді. Оның үстіне, бұқалардың ұрықтарын зертханада зерттеу арқылы олардың ішінен аурудан таза, етті, ең мықтылары таңдалып, ұрықтандыруға қажетті бұқалар іріктелетін болды. Сейтіп, жоғарғы сапада мал төлдеть мен мал түрлерін көбейтуде бұл тәсіл таптырмайтын мүмкіндік сыйлады.

Кейін келе-келе бұл тәсіл табиғи жолмен ұрықтанада алмайтын адамдарға да қолданыла бастады. 1978 жылы Эдвардс және Стептоу атты дәрігерлер, Джон Браун, Луиз Браун атты ерлі-зайыптылардың ұрықтарын түтікшеде ұрықтандырып, оны қайтадан Луиз Браунның жатырына салады. Сейтіп, 1978 жылы 25 тамызда Лесли Браун атты алғашқы сәби дүниеге келген.

Қолдан ұрықтандыру екі тәсіл арқылы жүзеге асады:

1. Қолдан іштей ұрықтандыру тәсілі. Бұл тәсілде ер кісінің спермасы алынып, әйел жатырының қолайлы жеріне қойылады.

2. Қолдан сырттай ұрықтандыру тәсілі. Бұл тәсілде ер кісінің спермасы мен әйелдің жұмыртқа клеткасы алынғаннан кейін оларды зертханада арнайы түтікшелерде ұрықтандырып, артынша оны әйелдің жатырына орналастыру арқылы жүзеге асады.

Осы негізгі екі тәсілге тән қолдан ұрықтандырудың алты түрі бар. Олардың екеуі ішкі ұрықтандыру тәсілі арқылы, қалған төртеуі сыртқы ұрықтандыру арқылы жүзеге асады.

Іштей ұрықтандыру тәсілі:

Біріншісі, үйленген ер кісінің ұрығы алынып, оны әйелінің жатырының ыңғайлы түсінә орналастыру арқылы жүзеге асады. Сонда барып еркектің спермасы табиғи жолмен әйелдің жұмыртқа клеткасымен ұрықтанады. Бұл еркектің спермасы өздігімен табиғи

түрде әйелінің жатырына жете алмаған жағдайда қолданылады.

Екіншісі, ер кісінің спермасын өз әйелі емес, басқа бір әйелдің жатырына салу арқылы болады. Бұның әуелгіден айтартықтай көп айырмашылығы жоқ. Айырмашылығы – ер адамның спермасы өз некелісінің жатырына емес, басқа әйелдің жатырына салынады.

Сырттай ұрықтандыру тәсілі:

Біріншісі, ерлі-зайыптылардың спермасы мен жұмыртқалары алынып, арнайы тұтікшелерде ұрықтандырылғаннан кейін жұмыртқасы алынған әйелдің жатырына қайта орналастырылады. Ұрықтандырылған зигота жатырға жабысқан жағдайда өз дамуын ары қарай жалғастырады. Бұл әйелдің жұмыртқалық жолдары бітеп калған жағдайда қолданылады.

Екіншісі, ер адамның спермасы мен бөгде әйелдің жұмыртқасын тұтікшеде ұрықтандырылғаннан кейін оны әйелінің жатырына орналастыру арқылы болады. Бұл жол әйел адамның жұмыртқалығында ақау болса әрі жатыры зиготаны қабылдай алатындей сау жағдайда қолданылады.

Үшіншісі, бөгде ер-әйелдің спермасы мен жұмыртқасы тұтікшеде ұрықтандырылғаннан кейін оны басқа бір тұрмыстағы әйелдің жатырына салу арқылы жүзеге асады. Бұл тәсілге жатырына зигота қойылған әйелдің жұмыртқалығының жұмыс істемеуі әрі күйеуінің спермасы жарамсыз болған жағдайда жүгініледі.

Төртіншісі, ерлі-зайыптылардың спермасы мен жұмыртқа клеткалары тұтікшеде ұрықтандырылғаннан кейін, оны жүкті болып босанып беруге келісім берген басқа бір әйелдің жатырына орналастыру арқылы болады. Яғни, суррогаттық тәсіл арқылы жүзеге асады. Босанып беруші анаға – «құрсақ ана» делінуде. Бұл жолға ерлі -

зайыптылардың сперма, жұмыртқалары болғанымен, әйелдің жатыры жарамаған яки түгелдей жоқ жағдайда немесе бала көтеріп, тууды қаламаған жағдайда жүгініледі.

Қазіргі таңда әлемде жоғарыда айтылған барлық тәсілдер кеңінен қолданылуда. Қолдан ұрықтандыруды біреулер тек ақша табу мақсатында пайдаланса, енді біреулері үйленбей-ак балалы болу үшін немесе ерлі-зайыптылардың біреуіндегі яки екеуіндегі жүкті болуға бөгет келтіретін кей ақауларға байланысты кеңінен қолдануда. Бұғынгі таңда танымал яки белгісіз адамдардың спермаларын сақтап, сосын оны қажетсінген адамдарға сататын арнаіы әлемдік сперма банкалары көптеп құрылған.

Ислам ғұламалары «Рабитатул-аламил-ислам» (Әлем мұсылмандарының өзара байланысы) ұйымы ұйымдастырған фіқіх (ислам құқығы) мәжілісінің VIII кезекті отырысында жоғарыда айтылған қолдан ұрықтандырудың барлық түрлері мен жолдарын зерттеп мынандай пәтуалар шығарған:

1. Ерлі-зайыптылардың спермасы мен жұмыртқа клеткалары табиги түрде ұрықтана алмаған жағдайда, оларды қолдан ұрықтандыруға шарифат рұқсат етеді. Яғни, жүкті болуға қажетті «сперма, әйелдің жұмыртқа клеткасы және жатыр» бәрі бірдей бір ерлі-зайыптылардікі болған жағдайдаған қолдан ұрықтандыруға рұқсат. Ал бұған жоғарыда айтылған сырттай және іштей ұрықтандырудың бірінші жолдарыған сай келеді.

Рұқсат етілген бұл жолдың өзінде де мынандай шарттар орындалуы тиіс:

- Әурет жерін көрсетуге тыйым салынғандықтан, әйелдің жұмыртқасын алу немесе ұрықтанған зиготаны жатырына қайта салу істерін мүмкіндігінше сенімді мұсылман әйел дәрігер яки басқа әйел адам, әйтпесе,

мұсылман ер дәрігер, ол да мүмкін болмаған жағдайда басқа кез-келген сенімді ер дәрігер атқарады. Бірақ, жаңында басқа туысқандары бірге болуы керек.

- Ұрықтардың ауысып, шатастырылмайтындығына нақты көз жеткізілуі керек.

- Қолдан ұрықтандыру күйеүінің көзі тірісінде жасалуы керек. Өлгеннен кейін рұқсат жоқ.

- Ерлі-зайыптылардың бұл іске бірдей рұқсаты болуы керек.

2. Қолдан ұрықтандырудың қалған барлық түрі шариғат бойынша – харам. Бұл жолдардың кез-келгені зинаның бір түріне жатады²¹⁸. Өйткені, бұл тәсілдерде сперма мен жұмыртқа бірдей ерлі-зайыптыға тиесілі емес яки тиесілі болған күннің өзінде жатыр оларға еш қатысы жоқ бөтен біреудікі. Мұндай жолдар ата-тектің шатасуына, көптеген келеңсіз жайттардың етек алуына әкеп соғары сөзсіз. Аталмыш тәсілдердің ішіндегі кең тараған суррогаттық (құрсақ ана) тәсілмен балалы болуға оң көзben қарайтын адамдар да кездесіп жатады. Алайда, оның да өзіндік қауіп-қатері мен кері нәтижелері болатындығын ескермей болмайды. Айталық, олардың кейбірі:

- Батыста туылған сәбиді құрсақ ананың зигота иелеріне қайтармау оқиғасы жи кездеседі. Расында да, ұрық басқа біреудікі болғанмен өз қанымен қоректендіріп, тоғыз ай бойы қиналып көтерген, жан алыш - жан берісіп барып толғатып дүниеге әкелген бауыр еті баласын кім басқа біреуге көзі қылп бере салсын? Қайтарған күннің өзінде бұл жағдайдың ананың ішкі жан дүниесіне, психологиясына қалай әсер ететінін дүниеге сәби әкелген аналар жақсы түсінер. Ана баласын табыстағаннан кейін

²¹⁸ әл-Имамул-әкбар Махмуд Шәлтут, Әл-фәтәәуа, 281-бет. Даруш-шурук, Каир, 2004 ж.

өмір бойы оны санасынан өшіре алмасы анық. Ғұмыр бойы рухани күйзеліске түседі. Бала мен ана арасында өзара рухани тығыз байланыс болатындығын ешкім де жоққа шығара алмайды. Себебі, жаратылысының негізгі кезеңдерін бала ананың жатырында тәмамдайды. Рухы ананың жатырында беріледі. Құранда былай делінеді:

«Расында, біз адамды нағызы (сүзілген) балшықтан²¹⁹ жараттық. Сосын оны шәуеттің бір тамшысы қүйінде мықты жерге орналастырдық. Сосын ол тамшыны алақаға (жабысқа ұрықтанған клеткаға) сосын оны мудғаға (бір тістем ет бейнесіндегі жаратылысқа) сосын мудғаны сүйектерге айналдырыдық, сосын сүйектерді етпен қаптадық, сосын оны басқа бір жаратылыс жасадық. Алла – ең керемет Жаратушы»²²⁰.

Құранда баланың анасы ұрығын берген әйел емес, оны дүниеге әкелген жан екені айттылады: «Олардың аналары – оларды дүниеге әкелгендер ғана»²²¹. «Біз адамдарға әке-шешесіне жақсылық жасауды өсінет еттік. Анасы оны қындықпен құрсағында көтеріп, сондай ауыртпашылықпен дүниеге әкелді...»²²². «Әлсіреген үстіне әлсіреген күйде анасы оны көтерді»²²³.

- Сәби өскеннен кейін әке-шешесіне қарсы шығып, өзін тапқан құрсақ анасына қайтамын деп қиғылық салған жағдайда не болмақ?

- Бұған қоса, баланың пікірімен санаспастан оны туған анасына емес, жұмыртқа иесі әйелге тапсырылуы-

²¹⁹ Бұл жерде Адам атамыздың әу баста балшықтан жаратылғандығы яки адам денесінің топырактағы элементтерді қамтитындығына ишарат етілуде.

²²⁰ Муминун сүресі, 12-14-аят.

²²¹ Мужадэла сүресі, 2-аят.

²²² Ахкаф сүресі, 15-аят.

²²³ Тафсиурль-мунир, 13-т, б. 347

на кім рұқсат берді. Яғни, әр сәби өзін тұған анасының құшағында өсуге, ақ сүтін емуге құқылы емес пе?

• Құрсақ ана алдын ала берілген қаржыны қанағат тұтып, өзгесін керек етпей ішіндегі баласын әдейі түсік қып тастаса ше?

• Ал баланың түр-әлпеті ұнамаса немесе дене бітімінде бір ақау кездесе қаласа, тіпті, ешбір себепсіз балаға тапсырыс берген ұрық иелері баладан бас тартқан жағдайда баланың және құрсақ ананың жағдайы қалай болмақ?

• Құрсақ ана өз өмірінде бірнеше жанұяның ұрпағын туып берсе²²⁴, кейіннен ол балалары ер жете келе бір-бірімен үйленіп жатса қалай болады? Яғни, шешелері бір аға-қарындастар бір-бірімен тұрмыс құрып жатса қалай болғаны? Олай дейтініміз, құрсақ ана бәрінің бірдей анасы емес пе?

• Құрсақ ана үйленбеген қызы болған жағдайда оның тұрмысқа шықпастан жүкті болғанын көрген ел не ойлайды? Бұл бәлкім діні бұзылған батыста ерсі болмағанмен, біз секілді зинаны үлкен күнә санайтын мұсылман елдерінде өте жиіркенішті қылыш.

• Батыста суррогаттық ананың өз күйеуінен жүкті болып қалу жағдайы да кездесуде. Германияда бір әйел суррогаттық ана болуға келісім берген. Сөйтіп, жатыры-

²²⁴ Мысалы, Ұлыбританияның 38 жасар тұрғыны құрсақ ана - Керол Хорлок осымен қатарынан сегіз рет өзгелердің баласын босанып, енді тоғызынышының аяғы ауыр. Ол - Childlessness overcome through Surrogacy (ұрпақсыздыққа қарсы бөтен кіслердің нарестесін көтеру) ұйымында жұмыс істейтін көп әйелдердің бірі. Өздігінен сәби көтере алмайтын жанұяларға жалдамалы құрсақ аналарды іздеу мақсатында 1990 жылы құрылған бұл ұйымға Керол Хорлок 1994 жылы келген. Ол жыл сайын бір нәресте көтеріп келеді. АҚШ-та бұл үлкен бизнес көзіне айналған. Заң жүзінде төлемнің ең жоғарғы мөлшері белгіленбеген. Алайда, Sunday Times – тың хабарлауынша төлем мөлшері 12 мен 18 мың евро көлемінде өзгеріп отырады. (бұл мағлұмат Mednovosti.ru сайтынан алдынды.)

на келісілген шарт бойынша ерлі-зайыптылардың зиготасы қойылғаннан кейін аяғы ауырлайды. Алайда, уақыт өте келе оның сол зиготадан емес, өз күйеуінен жүкті боп қалғаны анықталады. Бірақ, ол алдын ала 8000 АҚШ долларын алып қойғандықтан, әлгі ерлі-зайыптыларға күйеуінен жүкті болған өз баласын табыс етуге мәжбүр болған. Кейбір адамдар өз балаларын ақшага осылай сатуда. Міне, бұл – дінсіз, рухсыз ғылымның жетістіктері²²⁵.

• Қазір батыста табиғи жолмен өзі босануға денсаулығы жете тұрып, әйелдің баланы кестіртіп алдыруы сәнге айналды. Себебі, толғатып, қиналып туғанша кестіріп алдыра салу әлдеқайда оңайырап. Бірақ қиналмай әкелген баланың анасына деген құрметтықыласының қаншалықты болары тағы белгісіз.²²⁶ Себебі, ана мен баланың арасында рухани байланыстың бар екені сөзсіз. Ол ғылыми зертханада білінетін нәрсе емес. Ананың аналығы да, қаһармандығы да оны тоғыз ай бойы қабыргасы қайыса көтеріп, қиналып босануында емес пе? Ал енді суррогаттық тәсілдің де бара-бара еріккендердің ермегіне айналмасына кім кепіл? Бала көтеріп қиналышы келмейтін кей әйелдер баласын тауып беретін басқа біреуді жалдауды әдетке айналдыруы мүмкін фой. Бұл – батыста кең етек алған ауру. Қазіргі күннің өзінде елімізде «Мен бала туып дене-бітімімді бұзғым келмейді», «жасым қырықта, баламды басқа біреу туып берсе... Өйткені, мен үшін жұмысым маңыздырақ» деп, орталыққа келетіндердің бар екендігін Қазақстандағы «Экомед» клиникасының бастығы Салтанат Берденқызы да айтуда²²⁷. Сонда әйел ана болудан қашса, күйеу бөгде

²²⁵ Мұхаммед Али әл-Баарр, Дин ве тып ачысындан тұп бебек. 80-81 бет. Ауд: Адил Бебек. Несил иайынлары, Стамбул, 1989 жыл.

²²⁶ Әрине, мәжбүр жағдайда кестіріп алу басқа жағдай.

²²⁷ «Қазақстан заман» газеті, 11 қараша 2005.

еркектің ұрығын өзінің әйелінің жатырына қойылуына намыстанбаса, оны ұят деп қабылдамаса, ағасының баласын қарындасы немесе анасы тағысын тағы жақын туысқандары туып беріп жатса бұл адам баласының азғындауы емес пе?

• Жоғарыдағыларға қоса, сперма мен жұмыртқаны тутікшеде ұрықтандырғаннан кейін оны үшінші бір әйелдің жатырына қою жолымен дүниеге келген баланың жаратылыс, болмыс, мінез-құлық, психология, ақылесінің ақаусызы болатындығына ешкімнің кепілдік бере алмасы және хақ²²⁸. Мұны алдағы уақыт көрсетеді. Бұл өз алдына зерттеуді қажет ететін тақырып.

Қысқасы, суррогаттық тәсілмен дүниеге бала әкелу мейлі діни тұрғысынан болсын, мейлі адамгершілік жағынан болсын құптарлық іс емес екені айқын. Ислам ғұламалары бірауыздан қолдан ұрықтандырудың бұл тәсіліне «харам» деп анық пәтуа берген.

Іә, өмірде бала сүодің қандай бақыт екені баршаға аян. Алайда, міндettі түрде бала сую керек екен деп шарифат тыйымдарын аттап, адамгершілікке жат қылықтарға бару дұрыс емес. Бұл тұрғыда батыстық экспериментер мен адасулар бізге үлгі бола алмайды. Батыста үйленбей-ақ балалы болуды қалайтын әйелдер арнайы құрылған сперма банкаларынан белгілі бір мөлшердегі қарожатқа қалаған адамының ұрығын сатып алып балалы бола береді. Белсіз азаматтар өз әйеліне осы сперма банкаларынан танитын яки танымайтын еркектердің ұрығын пайдалануына рұқсат етуде. Бедеу әйелдер күйеулеріне өзі мүлдем танымайтын бөтен әйелдің жұмыртқа клеткаларын қолдануына разы болуда. Керек десеңіз, шешесі қызының баласын, қызы

²²⁸ Мұхаммед Барада Фазиули, әл-ихсабус-синағи мин манзуриң исламии.

шешесінікін, қарындасты ағасының баласын босанып беретін жайттар да кездеседі.

Бүгінде батыста құрсақ аналар мен баласыз ерлі-зайыптылар арасында бизнестік мақсатты қөзделеп дедалдық жасайтын мекемелердің, әйелдердің жұмыртқа клеткалары мен ер адамдардың спермаларын саудалайтын орталықтардың кең тарағандығы баршаға мәлім. Бұлардың қай-қайсысы болмасын біздің адамгершілігімізге сыйыспайтын, келер ұрпақ алдындағы адалдығымызға нұқсан келтірер жиіркенішті істер екені сөзсіз. Сұрақтың жауабын Шәкәрімнің:

«Ғылым деген бұл болса – адыра қалсын,
Демеске бара жатыр ішім толып»²²⁹- деген даналық сөзімен тамамдайын.



²²⁹ Шәкәрім, Өлеңдер мен поэмалар, 139-бет. Жалын баспасы, А - маты 1988 ж.

*Пайгамбарға салауат айту деген не? Біздің
салауат айтуымызға пайгамбарымыз мұқтаж
ба?*

«Салауат» сөзі араб тілінде «береке», «құрмет көрсетү», «тілек» сияқты мағыналарды білдіреді. Ал діни терминде болса, салауаттың айтушыға байланысты мағыналары да өзгеріп отырады. «Ахзаб» сүресінде: «Сөзсіз, Алла Тағала және Оның періштелері әрдайым пайғамбарға салауат етеді. Ей, иман еткендер! Сендер де Оған (Мұхаммедке) салауат айтып, жандунилеріңмен сәлем жолдандар!»²³⁰ делінеді.

Жоғарыдағы аятта білдірілгендей, Пайғамбарымызға тек адамдар ғана емес, Алла Тағаланың өзі де және Оның періштелері де салауат етеді. Сондықтан салауат Алла Тағаладан болған жағдайда «рақым ету, дәрежесін көтеріп, мерейін үстем ету, берекеге кенелту» мағыналарын білдіреді. Ал періштеден айтылған жағдайда «ізгі дұға және кешірім тілеу» мағынасында қолданылады. Ал мұсылман үмбетінің салауат айтуы – ардақты Пайғамбарымыздың (с.а.у.) Алла Тағаланың ерекше рақымына бөленіп, асқақ дәрежесінің одан әрі биіктеп, мерейінің үстем болуын тілеуі болмақ. Яғни, үмбетінің пайғамбарына деген ізгі тілегі. Салауат туралы қыскаша осылай түсінік бергеннен кейін жоғарыдағы сұракқа қайта оралайық.

Онсыз да Алла Тағаланың рақымы мен берекетіне бөлленген, абырай-дәрежесі жоғары Пайғамбарға (с.а.у.) салауат айтып, жақсық тілеу не үшін қажет?

²³⁰ Ахзаб сүресі/56.

Біріншіден, ақырғы пайғамбар Мұхаммедке (с.а.у.) салауат айтуымыз – мойнымыздың қарызымыз. Оның (с.а.у.) алдындағы жақындығымыз бен сүйіспеншілігіміздің белгісі. Оған деген алғысымызды тілек ретінде білдіріп, жүрек жарды сағынышымыз бен құрметімізді салауат түрінде жеткізу болмақ.

Егер пайғамбарымыз жіберілмегендеге, біз Ұлы Жаратушыны барлық кемел сипаттарымен танып, қатесін түсіне алатын ба едік? Пайғамбарымыз келмес бұрын адамзат ай, жұлдызға, жансыз, тілсіз, меніреу, қолдан жасалған пұттарға Құдай деп табынғаны баршаға белгілі. Ендеше, адамзатқа таухид дінін үйретіп, Раббынызбен табыстырған ардақты елші хазреті Мұхаммедке (с.а.у.) салауат айту – әрбір мұсылмандың пайғамбары алдындағы адап борышы. Пайғамбарымыз (с.а.у.) өзіне білдірілген ақиқаттарды жан шыдатпас қыншылықтармен қырқыса жүріп адамзатқа жеткізді. Сол жолда малын да, жанын да аямады. Сол үшін апталап емес айлап аш қалды. Мұшріктердің: «Әбдімұттәліптің жетімегінен басқа пайғамбарлыққа адам табылмай қалып па?!» дейтіндей қорлық сөздерін естіп, келеке-мазағына душар болды. Мұбәрак жүзіне дұшпандары сан рет түкіріп, ғибадат жасап жатқан кезде түйенің қан-жынын әкеп төбесіне қотарып, айыздары қана алшаң басып кете барған кездері де болды. Жаңа дінге қарсы шыққан Мекке мұшріктері Пайғамбарызды өлтіруге ант ішіп, мұбәрак өмірін қауіп-қатерге кіріптар етті. Жакын туыстары мен жоражолдастарын өлтіріп, мал-мұліктерін талан-таражға салды. Бірақ, хақ діннің адамзатқа жетуі үшін пайғамбарымыз (с.а.у.) осының бәріне мойымай шыдады. Пайғамбарымыз бұл жан түршігерлік қыншылықтарға қияметке дейін келіп-кетер жалпы адамзаттың бақыты үшін душар болды. Иә, ол ақырғы дін исламды бізге жеткізбегендеге, ак

пен қараны, дүние мен ақыретті, тозак пен жұмақты, адамдықтың асыл қасиеттері мен құндылықтарын, Ұлы Жаратушының бізді екі дүниеде де бақытты ететін, адамзатты тура жолға бастайтын ескірмейтін зандарын қайдан біліп, кімнен үйренетін едік? Осының бәрін бізге тұнық қүйінде үйреткен хазіреті Мұхаммедке (с.а.у.) салауат айту – біздің Оған деген шексіз алғысымыз берілгеншілгіміздің рәмізі.

Салауат – сан ғасырлар бойы жалғасып келген әрбір үмбетінің «*Уа, Пайғамбарым! Мен де сенің үмбетіңмін*», - деп көкірек кере қуаныштан жар салуының көрінісі.

Салауат – сан ғасырды артқа тастаса да, үмбетінің Пайғамбарына деген түгесілмес сағыныш сазының әуені.

Салауат – үмбетінің Оған (с.а.у.) бір қадам болса да өзін жақын сезінуінің шарасы болса керек.

Екіншіден, үмбетінің әрбір істеген жақсылығының сауабы Пайғамбарымыздың да амал дәптеріне жазылып отырады. Сол себепті, Оның «*махмуд мақамы*» биіктеген сайын биіктеп, ақыретте көптеген үмбетіне шапағат ете алатын болады. Салауат арқылы Пайғамбарға Алла Тағаладан береке, ракым тілеп, асқақ дәрежесінің одан сайын биікке көтеріліп, мейірімінің ұstem етілуін сұрау – Оның (с.а.у.) ақыретте шапағатына кенелуімізге себеп болады. Үмбеті Оған салауат айтқан сайын оның биіктегі дәрежесі одан әрі асқақтап, шапағат ету ауқымы кеңеіле түседі.

Хақ Елшісі Мұхаммед (с.а.у.) хадисте: «*Қиямет күні адамдардың маган ең жақыны – мына дүниеде маган көп салауат айтқан адам*»²³¹ - деген. Пайғамбарына салауат айтып, сәлем жолдаған құл, иншалла, ана дүниеде пайғамбарға анағұрлым жақын тұрады. Сөйтіп Хақ алдында есебімді қалай беремін деп ақ тер, көк терге

²³¹ әт-Тирмизи. Салат/357.

түсіп абдыраған құл күтпеген жерден пайғамбарының кең шапағатына ие болады. Сондықтан салауат айтудың пайдасы Пайғамбарымыздан бұрын Оның ұмбеті, бізге тиеді. Шындақ келгенде, салауат айтуға Ол емес, біз мұқтажбыз.

Үшіншіден, біз пайғамбарымызға салауат айтқан сайын Алла Тағала бізге он рет салауат айтады. Он күнәміз кешіріліп, дәрежеміз он есе көтеріледі.

Әнас атты сахаба риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: «*Кімде-кім маган бір рет салауат айтса, Алла Тағала оған он салауат айтады. Әрі он күнәсі кешіріліп, дәрежесі он есе көтеріледі*»²³².

Демек, Ұлы Жаратушының рақымына бөленіп, күнәларымыздың кешіріліп, дәрежеміздің өсуіне себеп болар салауатқа Пайғамбарымыз емес, керісінше біз зәруміз.



²³² Ән-Нәсайй. Сәхы/55.

ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай Құнанбаев, Өлеңдер мен поэмалар. «Ғылым» баспасы, Алматы – 1977 ж.
2. Абай, Қара сөз, Поэмалар. «Кітап» баспасы, 1992ж.
3. Абдул Мәжид Азизул-зандани, Китабу Тәухидул-Халиқ. Дарус-Салам, Египет, 1994 ж.
4. Абдуллаһ Аймаз, Кадер Илми Исбаты. Силм матбасы. Измир, 1983.
5. Абдул-Фаттах Әбу ғудда, Әр-Расулул-Му'аллим уа Әсалибуһу фит-та'лим. Дарул-Башаирүл-Исламия, Байрут, 1997 ж.
6. Адем Татлы, Мерак еттиклеримиз. Жиһан иайынлары, Станбул.
7. Адем Якуп, Куран Мужизелері. Несил Матбажылық, 2003 ж.
8. Али Жума Али, әл-Кәлимут-таййбу фәтәәуа асрия. «Дәрус-сәлам» баспасы. Египет, 2005 ж.
9. Афиф Әбдул-Фаттаһ Таббара, Рухуд-динил-Исламий. Дарул-ғилм Лилмәлайин, Байрут. 1995.
10. Ахмад ибнү Али ибни Хажарил-Асқалани, Фатхул-Бәри ли шархил-Бухари. Дәрул-Фикр, Бәйрут. 2000 ж.
11. Ахмед Шәхин, иени айле илмихалы. Жихан иайынлары.
12. Әбу Зәкария Мұхиддин Иахия әнНәүәүий, Нуздатулмұттақин, «Муәссисәтуррисәлә» баспасы, Байрут 1991ж.

13. әл-Имамул-әкбар Махмуд Шәлтүт, Әл-фәтәәуа. Даруш-шурук, Каир, 2004 ж.
14. әш-Шәйх Мухаммед Мутауалли әш-Ша'рауи, әл-Фәтәәуа. Дәрул-фәтх ли-и'ламил-араби, Каир, 1999 ж.
15. Бухари, Әбу Абдуллаһ Мухаммед ибн Исмайл, Әс-Сахих. Байрут.
16. Гуфран Койунжу, Герчеге дөгру-13, 10-бет. Станбул, 1996 ж.
17. Емине Шеникоглу, Генчлерин иманыны сорыларла чалдылар, «Мектуб» баспасы, 1993 ж.
18. Ергун Чапан, Ислама ғөре терөр ве интихар салдырылары, Станбул. 2005 ж.
19. Жұсіп Баласағұн, Құтты Білік. Жазушы баспасы, Алматы, 1986 ж.
20. Зафар Ахмад әт-Тәхауани, Иглаус-сунан. Дарул-кутубул-ғилмия, Байрут. 1997 ж.
21. Құдайбердіұлы Шәкәрім, Шәкәрім шығармалары. «Жазушы» баспасы, Алматы 1988 ж.
22. М. Букайлеев, Китабы Мукаддес, Куран ве билим. ауд: Суат Иылдырым. Т.Ә.В. иаяныневи.
23. М. Фатхулла, Ән-нуурул-халиду Мухаммадун мағхаратул-инсания, Муассисатул-Рисәлә, Бәйрут.
24. М. Фатхуллан, Әсилатул-асрил-мухайира. «Дәруннил» баспасы. 2002 ж.
25. Махмуд Хамди Зақзуқ, Ҳақайқул-Ислам фи муажаһати шубуһаатил-мушаккикин, Кайр қаласы, Мажлисул-агла ли шуунил-Исламия. 2004 ж.
26. Мехмет Айдын, Мусбет илим ве Аллан. Шамил иаяныневи. Станбул, 1976 ж.
27. Муслим, Әбул-Хусайн ибн Хажжаж. Әс-Сахих, Байрут.
28. Мустафа Зарқа, Фәтәәуа. «Дарул-қалам» баспасы, Димашқ. 2001 ж.

29. Мустафа Сайдул-Хан, Мухиддин диб-мусту, Әл-акидатул-Исламия. Дарул-Кәлимут-таййб, Дару ибни Кәсир, Байрут, 1996 ж.
30. Мұқағали шығармалары, «Жалын» баспасы, Алматы, 2001ж.
31. Мұхаммед Абдул-Гани Ибраһим Халил, Саддул-фажуа уәссулма байнал-ихуати уәл-умма. Сауд Арабия, Әл-Мадинатул-мунаууара.
32. Мұхаммед Ғимара, «Хира» журналы, №1, 2005 ж, Каир қаласы.
33. Сайд Хая, Аллан. Дәрус-Сәлам, Египет, 1998 ж.
34. Сафвет Сених, Шубнелер үзерине. «Т.Ө.В.» баспасы, Измир, 1988 ж.
35. Үәһбатуз-Зухайли, әт-Тафсирул-мунир. Димашқ, «Дәрүл-фикр» баспасы, 2003 ж.
36. Һәйет, Мұслұман Илим Өңжүлери. Стамбул, 2005 ж.
37. Чарльз Дарвин, Түрлерин көкені. Онур Иайынлары, Анкара 1996.
38. Шабан Дәген, Мұслұман илим Өңжүлери ансиклопедиси. Стамбул, 1984 ж.
39. Шәкәрім, Өлеңдер мен поэмалар, 139-бет. Жалын баспасы, Алматы 1988 ж.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
АҚИҚАТ ШУАҒЫ	14
ҰЛЫ ЖАРАТУШЫҒА ИМАН	15
Алла Тағаланың бар екендігінің дәлелдері	16
Ар-оқдан дәлелі	16
Кімнен жәрдем сұрайды?	17
Кейіннен пайда болу дәлелі	18
Жаратылыстағы өзара жәрдемдесу дәлелі.....	19
Әлемдегі тенденсіз жүйе дәлелі.....	20
Аспан әлемі	21
Жер шары	23
Экология.....	25
Жыл мезгілдері.....	25
Гүлдер әлемі	27
Көбелектер	29
Бал арасы	31
Бал арасы	31
Жарқанат	32
Ауаның құрамы	33
Шаш, қас, кірпіктеріміз	33
Қар	35

ИМАНИ ГҮЛ

Өсімдіктер.....	36
Тістеріміз	36
Дұрсілдеген жүрек	37
Неліктен?	38
Дарвинизмнің жалғандығы	39
Жансыз материя қалай жан иесі болды?.....	40
Ескі қаңқалар дарвинизмнің қателігін әшкерелейді	41
Қазіргі өмір сүріп жатқан жан иелері мен олардың ежелгі қаңқалары	43
Эволюционерлердің қаңқаларды ғылыми негізсіз жорамалдан, халықты алдауы	45
Эволюция – ғылым емес, алдау	47
Өмір дегеніміз қырқыс, күрес пе?	49
Әр жан иесінің еркек-ұрғашысы қалай пайда болды?	50
Табиғат және табиғат заңдары жаратушы бода алмас.....	51
Табиғат заңдары мен нәтижелері және жаратылыс- тағы себептер мен салдарлары	51
Табиғат заңдары мен себептердің өзі де басқа себеп- терге мұқтаж	52
Алла Тағаланы тану.....	53
Ұлы Алланың сипаттары.....	53
Сәлби сипаттары	54
Субути сипаттары.....	59
ПАЙҒАМБАРЛАРҒА ИМАН	67
Құранда аты аталған пайғамбарлар	68

Адамзаттың пайғамбарға мұқтаждығы.....	69
Пайғамбар сипаттары	72
Ақырғы пайғамбар – Мұхаммедтің (с.а.у.) хақ екендігінің дәлелдері	74
Оның (с.а.у.) адамзатты тәнті еткен көркем мінез-құлқы – пайғамбарлығына дәлел.....	74
Оның (с.а.у.) нұрлы жүзі – пайғамбарлығына дәлел.....	80
Оның (с.а.у.) ерекше өмір салты – шынайы елшілігіне дәлел.....	86
Оның (с.а.у.) ерекше сабыры – хақтығына дәлел..	89
Әр сала өз тілімен Оның (с.а.у.) пайғамбарлығын паш етеді	91
Тәрбиенің төрт тірегі	93
Кеселден қорғаушы	99
Әр буынға бір садақа	103
Мұғжизалар – пайғамбар дәлелі	111
Пайғамбарымыздың (с.а.у.) келешекке байланысты хабарлары.....	113
Тәурат пен Інжіл де ақырғы пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.у.) келетінін сүйіншілеген	114
Тәурат сүйіншілері: Ысмайл нәсілі	115
Інжіл сүйіншілері: Фарақлит	115
КИТАПТАРГА ИМАН.....	118
Құран Қәрімнің Алла Тағала тарапынан жіберілгендігінің кейбір дәлелдері.....	121
Құран және ғылым	125
Желдің ұрықтандыру қызметі.....	126
Аспан әлемі үнемі кенеюде	127

Жердің домалақтығы	128
Жердің айналу бағыты.....	130
Теңіздердің бір-біріне араласпауы.....	130
Таулардың қозғалуы.....	131
Адам баласының дүниеге келуі	132
Шәуекттің бір тамшысы.....	133
Шәуектегі қоспа сұйықтар	134
Сәбидің жынысы	134
Құрсаққа ілініп тұратын ет.....	135
Сүйектердің бұлышық етпен қапталуы	136
Биікке көтерілген сайын қеуденің қысылуы.....	137
Жаңбырдағы өлшем	138
АҚЫРЕТКЕ ИМАН.....	141
Өлілерді қайта тірілту құдіреті шексіз Алла үшін қиын емес.....	144
Шіріген сүйектерді кім тірілтеді?.....	145
Рухымыз.....	146
Рухымыздың мәңгілікті аңсауы	148
Айналамызда болып жатқан қайта тірілудің үлгілері	149
Жеген қорегіміз де денемізде қайта тірілуде.....	151
Ұлы Патшаның әділдігі ақыретті талап етеді ..	152
Алланың көркем есімдері ақыретті талап етеді ..	154
Адам өзін «бостан-босқа жаратылдым» деп ойлай ма?	155
О дүниеге біреу барып келіп пе?	156
Ибраһимнің қиссасы	157

Өлгеннен кейін қайта тірілуге иман келтірудің пайдалары	160
Ақ киім	163
Ақырет әлемі	165
Қабір немесе Барзах әлемі	166
Қабір азабына себеп болатын кейбір күнелар	168
Қиямет күні	169
Қиямет немесе ақырзаман көріністері	170
ПЕРИШТЕЛЕРГЕ ИМАН	173
Періштелердің ерекшеліктері	174
Періштелердің міндеттері	176
Періште тұрлери	176
ТАҒДЫРГА ИМАН	182
Жалпы жаратылысқа байланысты тағдыр	182
Адамға байланысты тағдыр	184
2. Адамның қалауына байланысты жағы	185
Тағдырды сылтау ету дұрыс па?	187
Тағдырдан тағдырга қашып барамын...	188
Тәуекел	189
Рызық	190
Тағдырдағы әділдік	191
Ажал	192
Тағдырға байланысты тартысуға неліктен тыйым салынған?	194
Тағдырға иман келтірудің пайдалары	196
АДАМНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТІ	201
Хақ тағалаға деген құлшылықтың мәні	203

Шүкіршілік	207
Мінәжат	210
КҮДІКПЕН КҮРЕС	214
Күллі жаратылысты Алла Тағала жаратқан, ал Алла Тағаланың өзін кім жаратты?.....	215
Алла Тағаланы неге көзбен көре алмаймыз?.....	219
Алла тағала неге адамдарды бай-кедей ғып жаратқан. Оның сыры неде?	221
Алла Тағала біздің ғибадатымызға зәру ме? Неліктен біздің ғибадат етуімізді талап етіп, орындағандарды азаптайтынын ескертуде?	229
Намаз, азан сияқты ғибадаттар неге тек қана араб тілінде орындалады? Әр ұлт өз тілінде орындаса бол- май ма?	233
«Ең бастысы, жүргегім таза, ешкімге қиянатым жоқ» деп намаз окуға салғырт қарайтындарға не деуге болады?	237
Көп адамдардың он екі мүшесі сау болғанмен кейбіреулердің мүгедек, кемтар болып туылатындығы яки кейіннен түрлі себептермен мүгедектікке ұшырап жататын жайттары өмірде көп-ақ. Кей адам бұл өмірден еш қиналыс көрмей рахатқа батып өтеді де, кей жандар өмір бойы тауқымет тартып, қыншылықтан көз ашпай өтеді. Мұны Ұлы Жаратқанның әділдігі тұрғысынан қалай түсінуге болады?	240
Алла тағалага сенбеген, бірақ жүртқа жақсылық жасап өткен адам жәннатқа кіре ме?	245
«Жақсылықты да, жамандықты да Алладан» деп білуді қалай түсінеміз?	249

Адам баласының иманды болып, бақытқа кенелетіні немесе имансыз болып бақытсыздыққа ұшырайтыны мына дүниеге аяқ баспай жатып, анасының құрсағында жазылып қоятынын қалай түсінуге болады?.....	252
Доңыз еті неліктен харам?	253
Шайтан не үшін жаратылған? Елді адастыратын он- дай азғырушының керегі не? Өзінің тозаққа бараты- нын біле тұра ол неліктен кінәсін мойындал, тәубеге келмейді?.....	257
«Жиһад» деген не? Оның терроризммен байланысы бар ма?.....	265
«Кәһф» сүрресінде «Алла кімді тұра жолға салса, ол тұра жолға түседі, ал кімді адастырса, оны тұра жолға салатын көмекші таба алмайсың» деген аят бар. Сонда адамды тұра жолға салатын да, адасты- ратын да Алла тағаланың өзі болса, мына дүниедегі сынақтың, ана дүниедегі жұмақ пен тозақтың қажеті не болғаны?.....	281
Әзірейіл періште дүниенің әр жерінде бір уақытта қайтыс болатын адамдардың жанын алуға жалғыз өзі қалай үлгереді? Оның өлім аузында жатқандарға үрейлі яки ұнамды, түрлі кейіпте көрінуін қалай түсінуге болады?	283
Мұхаммед пайғамбар (с.а.у.) неліктен көп әйел алған? Мұны нәпсікүмарлыққа жатқызатындарға не деуге болады?	286
Ислам дінін ұстанған мұсылмандардың бүгінгі күні ғылым-білімде артта қалуы неліктен?	296
Рухтың денеден денеге өтуі, яғни, «реенкорнация» сенімі дұрыс па?	307

Алла Тағала құранда: «Маған дұға етіндер, сендерге жауап беремін» деп, құлдарының дұғаларын қабыл ететіндігін айтқан. Алайда біздің жасаған дұға, тілектеріміз көбінесе қабыл болмайды. Мұны қалай түсінуге болады?	316
Жалпы пайғамбарлардың саны қанша? Әйел затынан неге пайғамбар келмеген?	320
Мұсылман емес мемлекеттерде туып-өскен адамдардың ақыреттегі жағдайы қалай болмақ?	324
Алла Тағала жалғыз, дара бола тұра Құранның көп-теген жерінде неліктен «Біз» деген? Мысалы, «қадір» сүресінде «Сөзсіз, Біз құранды қадір тұні түсірдік» деген аят бар.	329
Алла тағала құлдарынан кімнің жәннатқа, кімнің тозаққа баратынын о бастан біледі делінуде. Ен-деше, Алла тағала мына дүниеге құлдарын сынақ үшін жібермей-ақ бірден жұмақтықтарды жұмаққа, тозақтықтарды тозаққа жібере салмаған?.....	330
Әйел мен еркек тең бе?	332
Ислам дінінде әйел адамдарға орамал тағу, ұзын киім киу парыз ба? Орамал тағу арабтың, түркітің әдет-ғұрпы деп түсінушілер де бар. Осының ара жігін ажыратып берсеңіз.	338
Ислам діні көп әйел алуға неліктен рұқсат еткен?	345
Музыка тыңдау харам ба?	350
Арнайы медициналық тұтікшелерде қолдан ұрықтандыру арқылы сәби дүниеге әкелуге, әсіресе, суррогаттық тәсілге (құрсақ ана) дініміздің үкімі қандай?	356

ИМАНИ ГҮЛ

Пайғамбарға салауат айту деген не? Біздің салауат айтуымызға пайғамбарымыз мұқтаж ба?	366
Пайдаланылған әдебиеттер	370



ЕСКЕРЫ ҮШІН

ЕСКЕРУ ҮШІН

ИМАНИ ГҮЛ

ҚАЙРАТ ЖОЛДЫЗАЙҰЛЫ

Редактор: Ноғаев Асылбек

Корректор: Құттиев Кеулімжай

Дизайнер: Алымуддинұлы Абдилазиз

Кітапқа қатысты пікірлеріңіз бен ұсыныстарыңызды
kairatz@gmail.com адресіне жолдауларыңызға болады.

www.muftyat.kz